Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

ӘОК:94 [070](574) Қолжазба құқында

**БИМАҚАНОВА ЗЫЛЫЙХА ШАХМЕТҚЫЗЫ**

# Қазақ жастары мерзімді баспасөзінің тарихы (ХХ ғасырдың басы - 1940 жж.)

07.00.02 – Отан тарихы
(Қазақстан Республикасының тарихы)

Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін
дайындалған диссертация

Ғылыми жетекшісі: тарих
ғылымдарының докторы,
А.Т. Қапаева

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2010

## МАЗМҰНЫ

**ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕУЛЕР**. . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . .3
**КІРІСПЕ**. . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . .4

**І ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ЖАСТАР МӘСЕЛЕСІ**

1.1 ХХ ғасыр басы баспасөзіндегі жастар мәселесі. . . . . . ............. 22
1.2 Ұлттық жастар ұйымдары мен олардың алғашқы басылымдары . . 41

**2 1920-1940 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЖАСТАР БАСПАСӨЗІ: ТАРИХЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ**

2.1. Жастар баспасөзін қалыптастырудағы БК(б)П мен Кеңес үкіметінің саясаты . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . .53
2.2. Жастардың ұлттық басылымдарының дамуы мен қызметі . . . . . . . . 75

**3 ЖАСТАР БАСПАСӨЗІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ӨМІРІ**

3.1 Жастар баспасөзіндегі Қазақстанның экономикалық жағдайы. . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 87
3.2 Жастар басылымдарындағы республиканың мәдени құрылыс мәселелері. . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 102

**ҚОРЫТЫНДЫ** . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 121
**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ** . . . . . . . . . . . . . . . . . . 119

## ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕУЛЕР

АКСР – Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы
Ашкөм – Аштарға көмек
БК(б)П – Бүкілресейлік Коммунистік (большевиктік) партиясы
БЛКЖО – Бүкілодақтық Лениншіл Коммунистік Жастар Одағы
БОАК – Бүкілресейлік Орталық Атқару комитеті
Главлит – Главное управление по делам литературы и издательства
Госиздат – Государственное издательство
ГПУ – Государственное политическое управление
губатком – губерниялық атқару комитеті
губком – губерниялық комитет
губкомиссия – губерниялық комиссия
Компомгол – Комитет помощи голодающим
КСРО – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
КСР – Кеңестік Социалистік Республикасы
КУТВ – Коммунистический университет трудящихся Востока
ҚазКСР - Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы
Қазмембаспа – Қазақ мемлекеттік баспасы
Қазревком –Қазақ революциялық комитеті
ҚК(б)П – Қазақстан Коммунистік (большевиктік) партиясы
ҚР ОММ – Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты
ҚР ПМ – Қазақстан Республикасы Президент Мұрағаты
КСРО – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
ҚКСР – Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы
ЛКЖО – Лениншіл Коммунистік Жастар Одағы
МемБаспа – Мемлекеттік Баспа
ОАК – Орталық Атқару Комитеті
обком – облыстық комитет
РК(б)П – Ресей Коммунистік (большевиктік) партиясы
САГУ – Среднеазиатский государственный университет
ХАК – Халық Ағарту комитеті
Халком – Халық комитеті
ХКК – Халық Кеңесінің комитеті
ШКМ – Шаруа жастар мектебі
ІІХК – Ішкі Істер Халық Комиссариаты

# КІРІСПЕ

**Жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Зерттеу жұмысында ХХ ғасырдың басы-1940 жж. аралығында Қазақстанда жастардың қазақ тілінде жарық көрген мерзімді баспасөзі тарихы мәселесі қарастырылады. ХХ ғасыр басындағы қазақ мерзімді басылымдарында көтерілген жастар мәселесі, қазақ жастары ұйымдары мен олардың алғашқы басылымдары, Кеңестік жастар баспасөзін қалыптастырудағы БК(б)П саясаты КСРО үкіметі, жүргізген іс-шаралары, ұлттық жастар басылымдардың дамуы мен қызметі, баспасөзде көтерілген Қазақстандағы экономикалық және мәдени реформалар мәселелері сараланады.

**Зерттеу жұмысының өзектілігі.** Қоғамдық дамудың әртүрлі сатыларына қарай дамып келе жатқан кез-келген халықтың жүріп өткен жолының сүрлеу – соқпағына зер салатын болсақ, төл тарихына, мәдениетіне, сөз құдіретіне ерекше мән беріліп, ғылыми бағаланып келгенін аңғарамыз. Ғасырлар бойы үздіксіз жалғасып келе жатқан бұл үрдіс адамгершілік жөніндегі ұлы ғұндардың тарих сахнасына шығуына мұрындық болып, өркениеттілікке ұмтылған талай ұрпақтың жігерін қайрап келеді. Қай кезеңде болмасын қоғамдық санаға барынша ықпал ете отырып, адамзатты белгілі бір ортақ ұлттық мүдде жолында қызмет етуге үндейтін құрал –ақпараттық басылымдар, баспасөз болып табылады. Өйткені, баспасөздің маңызы мен қоғам дамуындағы атқаратын рөлі оның санымен емес, ұлттық мүддеге, ұлттық құндылықтарымызды насихаттауға бағытталған қызметімен өлшенетіндігінде.

Баспасөз тарихын зерттеген әдебиетші ғалым Т. Қожакеев: «Баспасөзіміздің тарихы – біз үшін қымбат тарих. Әсіресе, Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында-ақ жарық көріп, жарты ғасырға жуық күрес жолымыздың өн бойында халқымыздың жоқшысы, мұңшысы, парасатты ақылшысы газет, журналдарымыздың тарихы ерекше қымбат. Солардың жолын дұрыс зерттеп, кейінгі ұрпаққа бұрмаламай дұрыс жеткізу – үлкен парыз», - депті. Зерттеушлер үшін мерзімді баспасөз материалдарының аса маңыздылығын көрсетіп берген еді [1].

Баспасөз – адамдарды тәрбиелейтін құрал ғана емес, онда жарық көріп жататын әдебиет, тарихи материалдар дүниені өзінше пайымдауға үйрететін, ұлттық болмысты қалыптастыратын киелі құдірет. Міне, осыған орай өз ұлттық болмысымызды жан-жақты танып, үйренуде алдыңғы кезекте төл тарихымызға, ана тіліне, діл мен дінімізге құрметпен қарап, халқымыздың бүкіл адамзаттық өркениетке қосқан үлесін әлемге таныту отандық тарих ғылымының кезекті міндеті болып табылады. Бұл міндеттің келелі үдесінен шығу үшін өткенімізге жаңа көзқарастар тұрғысынан зер салар болсақ, онда ең алдымен баспасөз тарихына баса көңіл бөлгеніміз қажет. Өйткені, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ қоғамына біртіндеп еніп, кейіннен сол қоғамның ажырамас біртұтас бөлігіне, өмір айнасына айналған ұлттық баспасөз қазақ тарихында ең бір күрделі кезең – ХХ ғасырдың дүбірлі саяси-экономикалық, мәдени оқиғалары туралы нақтылы мағлұматтар мен дерек көзі. Бүгінгі таңда халқымыз өткен тарихи жолдарды саралау, оның ұлттық

құндылықтарын бағамдау мақсатында Елбасымыздың тікелей басшылығымен (2004 жылғы 13 қаңтардағы № 1277 Жарлығына) сәйкес Үкімет қабылдаған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының маңызы зор. Осы бағдарламаға сәйкес ел тарихы тұтас ұлттық таным, төл рухани құндылықтармен біртұтас үйлесілімділікте қарастырылып, деректерді ғылыми айналымға енгізу әрі насихаттау ісі жалғастырылуда. Ұлттық мерзімді басылымдар, яғни баспасөздің, оның ішінде қазақ жастары басылымдарының өз тарихымызды саралауда басты тарихи дереккөз болып табылатыны анық.

Сондықтан да диссертациялық жұмыста қазақ тілінде шығарыла бастаған «Жас қайрат», «Жас азамат», «Өртең» мерзімі жастар баспасөздегі материалдардың мазмұнын ашумен ғана шектелмей, олардың жазылуының оқырмандарға тартымды болуы да назардан тыс қалмайды.

ХХ ғасырда баспасөздің қоғамдық-саяси өмірдегі белсенділігі арта түскені мәлім. Алғашқы жарық көрген ұлттық баспасөздің рөлін оның санымен емес, ұлттық мүддеге негізделген қызметімен өлшеу қажеттілігі жылдар өткен сайын сезілуде. Баспасөз – сан ғасыр бойы отаршылдық тепкінің астында қалған халқымыздың мүддесіне сай аумалы-төкпелі заманда жанында болып, жаңа құрылысты өмірге жөн сілтеді, сол жолда бағдар - бағыт берді.

Осы қарастырылып отырған мезгілде қазақ жастары үшін арнайы жарық көрген газет-журналдар болған жоқ. Дегенмен, қазақ жастарын оқу-білімге шақырған, өзге елдің мәдениетін, ғылымын үйренуге насихаттаған, оларға қатысты өзге де мәселелерді көтерген басылымдар қатарында 1907 ж. бастап «Ульфат» газетіне қосымша ретінде шыға бастаған «Серке» газеті, 1911 ж. наурыздан – «Қазақстан», 1911-1915 жж. шығып тұрған «Айқап» журналы, 1913-1918 жж. – «Қазақ», 1913 ж. қыркүйек-желтоқсандағы – «Есіл даласы» газеттері жатады. Сондықтан да болар «Жұртқа жол көрсететін, жұртты қайғыртатын, болашақ күнін болжауға тырыстыратын һәм басқа да істерді тексеретін баспасөз, яғни басылып шыққан газет, журналдар мен кітаптар. Білімпаз, жұрттан асып кеткен... жұртқа білімімен қарасайын десе, олардың білімін жұртқа шашып, таныс қылатын баспасөз», – деп «Айқап» баспасөз құру, ұлт баспасөзінің алдына қойылатын міндеттері мен жалпы қазақ қоғамы алдындағы маңызы туралы ашық жазады [2].

Қазақ тілінде алғашқы газет ХХ ғ. басында, дәлірек айтқанда 1913 жылы «Қазақ» деген атпен дүниеге келіп, 1918 жылға дейін шығып тұрды. Газет бірден жастар мәселесіне айрықша көңіл бөле бастады, талапкерлерді төңірегіне топтастыра білді. Онда жастарды білімге, өнерге шақыруға, жалпы ұлттық мектептің жай – күйі, жас өрендерді тәрбиелеу, мәдени саладағы өзекті мәселелерді көтеріп отырды. Қазақ халқын өркениетті елдер қатарына қосатын өзекті де өткір мәселелерді қозғады. Қазақ баспасөзі жастар мәселесінің бір тармағы ретінде әйел теңдігі аясында қазақ қыздарының болашағы туралы мәселелерді қозғап, олардың білім алып, оқу-ағарту, ғылым ісіне араласуына жөн сілтеді.

Қазақ жастары баспасөзінің ең алғашқы қарлығаштары саналған «Садақ» пен «Балапан» қолжазба журналы ХХ ғасырдағы алғашқы он жылдығында

жарық көріп, онда жастардың өз қаламынан туған әдеби шығармалары басылып отырды. Бұл журналдар мұсылман жастары арасында ғана таралды.

Аталмыш журналдардың жалғасы ретінде Қазан төңкерісінен кейін «Жас азамат» газеті дүниеге келді. Газет ұзақ жылдар патша езгісінде болып келген қазақтарға бостандық таңы атқандығын қуана хабарлаған, төңкерісшіл қазақ жастарының басын біріктірген басылымға айналды.

Жастар мәселесі 1916-1918 жылдар аралығында шығып тұрған «Алаш», «Бірлік туы», «Сарыарқа» атты ұлттық бейресми басылымдарда көтерілді. Аталған басылымдар осы жылдары Қазақстанның қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдениетінің дамуымен тыныс-тіршілігін көпшілікке таныстырып, билік пен халық арасын жалғаған көпірі болды.

ХХ ғасырдың екінші он жылдығында қазақ жастарына арналған бірнеше басылымдар өмірге келді. Олардың әрқайсысының өзіндік заңдылықтары, алғышарттары және даму ерекшеліктері болды. 1917 ж. бастап жарық көре бастаған «Жас азамат», 1920-30 жж. - «Жас қайрат», «Жас қазақ», «Лениншіл жас» газеттері саяси-әлеуметтік оқиғаларды, қоғамдағы өзгерістерді, мәдени-тарихи үрдістерге қазақ жастарының араласуын, олардың заман ағымына сәйкес іс-әрекетінен хабардар етіп отырды. Анығырақ айтар болсақ, газет-журналдар қай қоғамның, қай биліктің болмасын шынайы жылнамасы болып табылатындығы анық. Осыған орай М. Дулатовтың «Әр жұрттың, әр мемлекеттің мәдениет майданында ілгері-кейінгінің қатасыз бір өлшеушісі – баспасөз болады. Қай жұрттың баспасөзі күшті болса, сол жұрттың өзі де күшті, өзі де өнерлі екендігі көрінеді» [3],- деген тұжырымдамалық пікірі ХХ ғасырдың алғашқы жартысындағы ұлттық басылымдардың мақсаты мен міндетін, олар көтерген жүктің салмағы, жауаптылығымен, ақпараттық ауқымын, дәл көрсетеді.

ХХ ғасыр басындағы азаматтық тартыс пен кеңестік кезеңнің алғашқы жылдарында дүниеге келген баспасөз негізінен жастардың қоғамдық ой-санасын оятушы, әрі тың көзқарастарды қалыптастырушы, ағартушылық мақсатта бой көтерген еді. Ал таптық идеология үстемдік құрған кеңестік кезеңде басапасөз биліктің үгітшісі, насихат құралы болып келгені тарихи шындық. Себебі, өз заманының билігін діттеген идеологияның қатаң қалыбына түсірілген баспасөзде шынайы қазақ қоғамының бейнесі көрінбеді.

Біз зерттеп отырған кезеңде жарық көрген басылымдар арқылы өткен тарихымызды сараптай отырып, елдегі қоғамдық-саяси жаңарудың бірнеше кезеңдерден, сұрыптаудан өткендігін бағамдаймыз. Газет-журналдардың басында жүрген ұлт зиялылары мен қоғам қайраткерлері өз ойларын ортаға салу арқылы, ұлт өмірінде болып жатқан оқиғалардың барлығына араласып, шешуін күткен өзекті мәселелерді дер кезінде байқап қана қоймай, қоғамдық пікір тудырған мәселелердің дұрыс шешілуіне тікелей ықпал етіп отырған. Осы тұрғыда 1900-1940 жылдар аралығында жарық көрген баспасөз құралдары қатарындағы жастар басылымдарының сарғайған беттерін саралағанда жаңа қоғам құру жолында халқымыз небір дауылды да дүбірлі, кезеңдерден өткендігінен хабардар боламыз.

Газет-журнал беттеріндегі хабарлар арқылы өткенге көз жүгірткенде қазақ жастарының білімге деген құштарлығы мен ғылымдағы алғашқы табыстарымен қоса тоталитарлық жүйе, қатаң идеологияға тәуелді бола тұра жастар баспасөзінің көтерген мәселелерінің бүгінгі өскелең ұрпаққа сабақ болар тарихи тағлымдарын зерделеу арқылы диссертациялық жұмыстың өзектілігі замана талаптарымен ұштасып жатқандығын ашып көрсету болды.

**Тақырыптың зерттелу деңгейі.** Қазақ жастары баспасөзінің өткен жолына қатысты қалыптасқан ой-тұжырымдар қазақ журналистикасының тарихына арналған зерттеулер мен оқулықтарда үзік-үзік кездеседі. Мұндай туындылардың авторлары алдарына қазақ жастары басылымдарының тарихын зерттеуді мақсат етіп қоймағандықтан олардың төл шежіресі толымды түрде ашылмай келеді.

Қазақстандық зерттеушілер мен ұлт зиялылары арасында қазақ және орыс баспасөзінің тарихына арналған еңбектер баршылық. «Ұлт ұстазы» болуымен қатар қазақ баспасөзінің негізін қалаушылардың бірі А. Байтұрсынов «Қазақ» газетінің оқырмандарына арнау сөзінде былай жазды: «1907 жылғы санаққа қарасақ, Ресейде сол жылы 2173 есімді газет пен журналдар шыққан екен. Оның 1396 рус тілінде, 867 басқа тілде деген деректер бар» [4]. Мәселеге қатысты М. Дулатов «Еңбекші қазақ» газетінің 1923 жылғы 5 мамырдағы нөміріндегі «Баспасөз үммесі» атты мақаласында: «Төңкерістің алдында Россияда 2500 шамалы газет, журнал шығатын еді. Орыстан өнерлірек жұрттардың газет, журналы мұнан да көп еді, ...қазағы, қырғызы бар Қазақстан, Түркістанды қоса санағанда бұл күнге шейін шығып, тоқтаған һәм шығып тұрған газет, журналдар мыналар», - дей келе, 42 басылымның атын атайды [3]. Осылайша, қазақ баспасөзінің тарихына арналған алғашқы зерттеулерге ден қойғандар да ұлт зиялылары болды. Себебі, олар қазақ баспасөзінің аяғынан тік тұрып, қазақ қоғамы үшін қызмет ету жолында аянбай еңбектенді. Сол басылымдардың ұйымдастырушысы да, редакторы да, авторы ретінде ауқымды жұмыстар атқарды. Алғашқы қазақ басылымдарының хал-ахуалы, бағыт-бағдары, көтерген мәселесі, халық арасына таралымы туралы М. Дулатов бірнеше мәрте қайыра жазды [3].

Осылайша, қазақ баспасөзінің тарихын зерттеуге алғаш ден қойғандар ұлт зиялылары болды. Себебі, олар қазақ баспасөзінің аяғынан тік тұрып, қазақ қоғамы үшін қызмет ету жолында аянбай еңбектенді. Ең алғашқы болып жастар баспасөзі туралы мәселе көтерген ұлт зиялыларының арасынан М. Дулатов, С. Сәдуақасов, М. Әуезовті атаймыз. М. Дулатов «Еңбеші қазақ» газетіне жариялаған «Баспасөзіміз не күйде» атты мақаласында Қазақстанда шығатын газет-журналдардың арасынан жастардың «Өртең» газетін атап, жалпы баспасөзді дамытудың әдіс – амалдарын көтерсе [5], С. Сәдуақасов өзінің ғылыми-публицистикалық «Жастарға жаңа жол» деп аталатын еңбегінде Қазан төңкерісіне дейін жастардың «Бірлік» ұйымының «Балапан» жазба журналын шығарғандығы жөнінде мәліметтер келтіреді [6].

Баспасөздің рөлін арттыру үшін РК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің секретариаты мен ұйымдастыру бюросы 1925 ж. наурыз және қазан айларында, 1926 ж. 2 сәуірде «Жетекші қазақ баспасөзі» деп аталған қаулы

қабылдайды. Соның негізінде партия органдары баспасөзге басшылық жасап, газет, журнал редакцияларына партияның саясатын насихаттауға қабілетті қоғам қайраткерлерін топтастырды.

1926 ж. 10 мамырда өлкелік партия комитетінің жаңадан құрылған баспасөз бөлімінің меңгерушісі болып Т. Рысқұлов тағайындалғаннан кейін, ол Қазақстанда баспасөз саласын дамыту жайында бірқатар мақалалар жазып, жастар баспасөзін дамыту мәселелерін жан – жақты талқылады [7].

Қазақ халқы тарихының кейбір мәселелерінің баспасөзде көтерілуі, жастарды білімге, өнерге баулып, олардың рухани дүниесінің кеңеюіне ұлт зиялылары, ағартушылар, озық ойлы ақын-жазушылар өз үлесін қосып отырған. Бұл туралы С. Мұқановтың «Қазақ халқының мақтанышы» - атты мақаласында қазақ халқының өнер-білімге жетудің, оны меңгерудің жолын сызған қазақ тарихында Шоқан, Абай, Ыбырай деп көрсете отырып, солардың қалдырған өсиеті – жастардың оқу-білімге үйреніп, жаңа заман жаршысы болуға шақырды. «Біздің заманда өнерлі, білімді болам деген адамға, соған апаратын жол атаулының бәрі де жарқын, даңғыл» - деп С. Мұқанов жастарды білімге, өнер шыңына өрлеудің жолын көрсетеді [8].

Қазақстанның журналистика, тарих салаларында  баспасөз тарихын зерттеу проблемасы тек 40-жылдың соңында ғана қолға алынып, әдебиетші ғалым Қ. Бекхожин «Дала уалаяты» - қазақтың тұңғыш газеті» атты кандидаттық диссертация қорғап, 1888-1902 жылдар аралығында шығып тұрған бұл газеттің көтерген мәселелерін айқындап берді [9].

Ұлттық баспасөз тарихының білгір маманы Б. Кенжебаевтың қазақ баспасөзінің тарихына арнап 50-жылдардың басында «Қазақ баспасөзі тарихынан» атты еңбегінің маңызы айрықша екендігі даусыз. [10, 9 - б.]. Бірақ бұл еңбек шығысымен бірден сынға ұшырап қуғындалды. Сынға ұшыраған қазақ баспасөз тарихына арналған басқа да ғылыми еңбектер аз болмады. «Социалистік Қазақстан» газетіне жарияланған мақалада «Қазақ баспасөзінің тарихын зерттеудегі өрескел қателіктер» атты мақала жарияланды: «Бұл еңбектер халқымыздың таңдау - талғамына сай емес, тарихи шындық бұрмаланған, бұқпа-жалтағы көп, маркстік-лениндік тұрғыдан баяндалып жазылмаған құнсыз еңбектер» - деді оның авторлары Б. Қорқытов пен Ә. Досбаев,- «Қазақ баспасөзінің тарихын зерттеудегі мұндай қателер мен бұрмалаушылықтарды ақырына дейін шешіп, идеология майданын зиянды шығармалардан батыл тазарту керек» - делінген онда [11]. Авторлардың осындай кереғар көзқарас кесірінен ұлттық баспасөз тарихын обьективті тұрғыдан зерделеудің оңай болмағаны айқын. Осындай қатаң қадағалаудың кесірінен ұлттық баспасөз тарихын обьективті тұрғыдан зерделеу мүмкіндігі жабылып, зерттеушілер әкімшіл-әміршіл жүйе, кеңестік идеология аясынан шыға алмады. Саяси партиялық бақылаудың қатаң болуы идеологиялық шектеулікке ұшыраған көптеген қазақ газет – журналдары мен олардың редакторлары жариялаған материалдарға «ұлтшылдық бағытта» деген негізсіз айып тағылды.

Дегенмен, Қ. Бекхожин мен Б. Кенжебаевтың бұл саладағы еңбектері ерекше мәнге ие болды.

1950 – жылдың соңы мен 1960 – жылдың басында Қазақ баспасөзі тарихын зерттеген бірнеше еңбектер жарық көрді. Оның қатарынан Т. Амандосовтың «Верныйдағы большевиктік тұңғыш қазақ газеті» атты еңбегін атауымызға болады. Автор бұл еңбегінде Верный қаласында шыққан «Көмек», «Ұшқын» және т.б. басылымдардың көтерген мәселелері мен осы газеттерді ұйымдастырушылар туралы мәліметтер келтіреді. Газеттерде Кеңес өкіметінің ішкі және сыртқы жауларына қарсы күрес барысы туралы мақалалар үнемі жарияланып тұрғандығын хабарлайды. Бірақ автор өз еңбегінде жастар проблемасы аталмыш басылымдарда қалай көтерілгені жайлы нақты жазбайды [12].

Мерзімді басылым беттерінде баспасөз саласының қалыптасуы мен дамуына қатысты материалдар жарияланып тұрды. Мәселен, Қ. Бекхожинның баспасөз күніне орай Қазақ баспасөзінің кеңес өкіметін орнату және нығайтудағы рөлін саралаған мақаласы жарияланды. Алайда бұл еңбекте де жастар мәселесі жеке қарастырылмайды [13].

Қазақ баспасөзінің материалдарын, әсіресе «Дала уалаяты газетін» мен «Айқап» журналының бұрынғы нөмірлерін топтастырып, жинақ етіп шығаруға Ү. Сұбханбердина көп күш салды [14].

Ү. Сұбханбердинаның бұл еңбегінде: «Революциядан бұрын қазақ тілінде шыққан басылымдар «Түркістан уалаяты газетінен» басталады» - деген жаңа пікір айтты. 1962 ж. «Білім және еңбек» журналының 5-ші санында жарияланған «Түркістан уалаятының газеті» деген мақаласында автор оқырмандарды осы газеттің шығу тарихымен, оны шығарушыларымен, газет бетінде 1870-1882 жж. аралығында оның нөмірлерінде жазылған мақалалар мен онда көтерілген негізгі мәселелері және газет авторларымен таныстырады. Бұл қазақ баспасөзі тарихындағы Ү. Сұбханбердина ашқан үлкен ғылыми жаңалық еді. Ол туралы «Білім және еңбек» журналының редакциясы: «Революциядан бұрын Қазақстанда қазақ тілінде не бары 10-15 қана газет пен журнал шығып тұрған.... Көп уақытқа дейін біздер солардың ішіндегі ең тұңғышы 1888 жылдан бастап Омбы қаласында шыға бастаған «Дала уалаяты газеті» деп есептеп келген едік. Сөйтсек, бұдан бұрын да қазақ тілінде шыққан газет бар екен. Ол «Түркістан уалаяты» газеті деп аталады», - деп жазды мақалада [15, 24-26-бб.].

Ғалымның аса ыждаһаттылықпен жүргізген зерттеулері жалпы оқырманға бейтаныс болып келген қазақ басылымдары туралы құрастырылған алғашқы библиографиялық көрсеткіш екендігімен де аса құнды, деректік мазмұны тереңділігімен ерекшеленеді.

1962 жылы ғалым Т. Кәкішевтің «Октябрь өрені» атты кітабы жарық көрді. Автор 20-30-жылдары жарық көрген газет-журналдарға қысқаша тоқталып өткен. Бұл еңбекте жастардың «Өртең», «Лениншіл жас», «Еңбекшіл жастар», «Жас қайрат», «Жас қазақ», «Пионер», «Кедей айнасы» сияқты басылымдары туралы құнды мәліметтер келтіреді [16].

Нақ сол жылы Б. Кенжебаев пен Т. Қожакеевтің бірлесе жазған «Қазақ совет баспасөзі тарихынан» атты кітабы шықты. Авторлар Кеңес өкіметі орнағаннан кейін шыға бастаған қазақ газет-журналдарының тарихына

кеңінен тоқталып өтеді. Кітапқа Б. Кенжебаевтың «Жастар баспасөзі» деген зерттеуі енгізілген. Алғашқы жастар баспасөзі қатарында 1921 жылдың 22 наурызынан бастап Түркістан республикасы комсомолдарының қазақ тілінде шыға бастаған «Жас алаш» газеті аталады. Ол жастардың «Жас қайрат», «Өртең», «Жас қазақ», «Лениншіл жас» сияқты газет-журналдары туралы тыңғылықты мәліметтер келтіреді. Бұл зерттеу жастар баспасөзін өзге баспасөзден бөліп көрсеткен жеке еңбек болғандығымен маңызды.

Б. Кенжебаев пен Т. Қожакеев еңбегінде 1917 - 1920 жылдары қазақ тілінде жарық көрген 24 газет пен журналдың атауын келтіреді. Олардың ішінде жастар басылымдарынан «Жас алаш» (1917), «Жас азамат» (1919), «Жаңа өріс» (1920), «Еңбекші жастар» (1920) газеттерін атап, бұл басылымдарда көтерілген мәселелер мен онда тұрақты мақала жариялап отырған авторлардың атын атап өткен [17]. Балалар журналы «Пионердің» шығу тарихы жайында Т. Қожакеев «Қазақ әдебиеті» газетіне жариялаған мақаласында қажетті мәліметтер келтіреді. [1].

Қ. Бекхожин «Қазақ баспасөзінің даму жолдары (1860-1930)» деп аталған монографиялық еңбегінде 1860-1958 жж. аралығында шыққан қазақ баспасөзіне және әр кезеңдегі тарихи оқиғаларға байланысты көтерілген басты-басты мәселелерге тоқталады. «Туркестанские ведомости» газетінің қосымшасы «Түркістан уалаяты» газеті секілді мерзімді басылымдарда: «...қазақ халқының қамын ойлап, оның әлеуметтік – шаруашылық және мәдени – ағарту тілектерін ескергендіктен шығарылған жоқ, патша өкіметінің отаршылдық саясатын күшейте түсу, оның бұйрық – жарлықтарын шет аймақ халықтарының ана тілінде жариялап, оларды сөзсіз орындаттыру, сондай - ақ, оның ресми көзқарастарын халық арасына кең таратып, қол астындағыларды шексіз бағыныште ұстау мақсатын көздеді» - делінген оның ой-түйіні арқылы қазақ жастары баспасөзінің қалыптасуы мен оларда көтерілген мәселелер туралы құнды мәліметтер беруге тырысады [18].

Мұндай авторлар қазақ жастары басылымдарының тарихын зерттеуді алдарына мақсат етіп қоймағандықтан олардың төл шежіресі толымды түрде ашылмай келеді. Шартты түрде алғанда, «ересектерге» арналған мерзімді қазақ баспасөзінің тарихы біршама жоғары дәрежеде зерттеліп, жүйелі жазылған болса, қазақ жастары басылымдары елеусіз олардың тасасында қалып отырған. Жүре айтып өту, қосақ ішінде атау әдеттегі дағдылы жағдай болды. Бұдан қазақ жастары баспасөзінің, әсіресе, оның алғашқыларына атүсті қарау айқын сезіледі. «Ересек» басылымдардың өздеріндегі үлкен кемшіліктерімен оңай шешіле қоймайтын күрделі мәселелер, олардың тарихын зерттеу барысында күрделі қиыншылықтарымен айналысқан майталман ғалымдар Қ. Бекхожин [18], Т. Қожакеев [1], Б. Кенжебаев [10], М. Фетисов [19] т.б. жастар баспасөзіне жеткілікті назар аударуды мақсат тұтпағанға ұқсайды.

Баспасөз тарихын журналистика саласы бойынша зерттеген ғалымдар Қ.Н. Бекхожин, С.Қ. Қозыбаев, С.С. Матвиенколар еңбектерінде кеңес өкіметі орнағаннан кейін шыға бастаған орыс және қазақ тілдеріндегі газет-журналдарға тоқтала отырып, жастардың «Жас қазақ», «Екпінді жас» және

басқа басылымдардың шығуы мен оның айдарлары жайында жалпылама мағлұматтар береді [20].

Мерзімді басылымдарды Қазақстан тарихының дереккөздері ретінде қарастыратын болсақ, зерттеушілер К. Килеева–Канафиеваның [21], В.С. Толочко [22], В.Н. Алексеенко [23], Б.Б. Ермұханов [24] т.б. өздерінің еңбектерінде революцияға дейінгі орыс баспасөзінің, оның ішінде әскери басылымдардың қазақтар туралы жазылған материалдарына талдау жасайды. Мысалы, В.С. Толочконың кандидаттық диссертациясы өткен ғасырда Ресейде шығып тұрған «Военный сборник» және «Русский инвалид» журнал-газеттеріне арналған. XIX ғасырдағы Қазақстан тарихының мәселелеріне арналған В.Н. Алексеенконың диссертациялық жұмысында «Вестник Европы», «Русская мысль» және «Русский вестник» сияқты орыс журналдарында Орта Азия мен Қазақстандағы саяси және әлеуметтік-экономикалық өмір жайында хабарлар ұшырысады.

Жалпы қазақ баспасөзі тарихына байланысты, оның ішінде жастар басылымдарының өткендегісіне қатысты түрлі қайшылықтар, кателіктер, бұрмалаушылық, жалған пікір күні бүгінге дейін орын алып келеді. Философия ғылымдарының докторы М. Бурабаев қазақ жастары жетекшілерінің бірі, жастар баспасөзінің ұйымдастырушысы Смағұл Сәдуқасовтың өмірбаянын жазғанда бірқатар дәлсіздіктерге жол берген: Омбылық «Кедей сөзі» газеті «Кедей дауысы» делінеді; 1918-1919 жылдары жарық көрген «Жас азамат» газеті 1920 жылы шыққан комсомол газеті іспетті сипатталады және т.б. [25, 94 - б.].

Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізіп, төл тарихымызды обьективті тұрғыдан қайта жазуға мүмкіндіктің тууына байланысты ұлттық дерек көздеріне, оның ішінде, қазақ баспасөзіне деген жаппай қызығушылық қайта жанданды. Себебі, ұлт тарихына деген сүйіспеншілік, оның «ақтаңдақ» беттерін толтыру мақсатында мұрағат деректерімен қатар ауыр кезеңде қалыптасқан қазақ баспасөздерінде берілген материалдар тарихи қазынаны толықтыра түсетін ең құнды дерек көзі болып табылады. Ұлт тарихына, әдебиетке, өнерге, салт-дәстүрге, халықтың жаңа сипаттағы болмысына сындарлы көзқарастарға бағыт ашылды. Оны идеологиясыз жүзеге асыра отырып, қалың бұқараға жеткізу мүмкіндігі туды. Осыдан келіп, баспасөздің тәрбиелік, ағартушылық, білім таратушылық қызметтерін айқындау қажеттілігі туындады. Зерттеу жұмысына арқау болып отырған жылдары бұл міндетті жастардың ой–сана, мәдени білім дәрежесін үйлестіретін «Айқап» журналы атқарады. Қазіргі қазақ оқырманы ең алдымен баспасөздің білім, озық ой ретіндегі сан алуан қызметіне зәру екендігі рас. Ал «Серке» - қоғамдық сананы қалыптастыратын механизм, халықтық идеологияның жаршысы ретінде қызмет атқарғаны мәлім. Ол жастардың мәдени деңгейінің көтерілуіне және шығармашылық мүмкіндіктерінің дамуына ықпал ететін мәдени - ағарту жұмыстарының кепілдеме шаралары жүйесімен айқындалады, жастар арасындағы ағартушылық қызметін атқарды.

Кеңестік дәуірде ұлттық басылымдар ішінде қазақ халқының тарихына қатысты мәселелер коммунистік идеологияның сүзгісі мен қатаң талабының

салдарынан еліміз өз алдына енші алғанға дейін шынайы зерттелмей келді. Бұдан XX ғасырдың басында газет - журналдар туралы ешқандай еңбек жазылмаған деген пікір тумаса керек.

Мерзімді баспасөз - өмір айнасы және қоғам шежіресі. Қазақ баспасөзі XIX ғасырдың екінші жартысында пайда болды, ал газет пен журнал белгілі бір мерзімділікпен өткенді өзінің бетінде баяндаған жылнамалық деректерімен қымбат, немесе «көпті көрген көне көз жылнамашы» рөлін атқарары даусыз. Ғылыми маңыздылығы жағынан бұларды мұрағат қазынасының құндылығымен салыстыруға болады.

Жоғарыда аталған еңбекпен қатар сипаты мен көздеген нысанасы жағынан тақырыбымызға жақындау келетін тілшілер мен журналистер тарапынан баспасөз тарихы төңірегінде сүбелі еңбектер жазғандар Т. Қожакеев [26], Қ. Алдабергенов, Ж. Нұсқабайұлы, Ф. Оразай [27], С. Қозыбаев [28], Б. Әбдіқасымов [29] және басқа да зерттеушілер. Бұл зерттеушілер баспасөз тарихын, әлем баспасөзі тарихындағы қазақ басылымдарының алатын орны мен маңызын тіл мен журналистика ғылымы тұрғысынан қарастырады. Дегенмен еңбектерде мерзімді баспасөз беттерінде жарық көрген мақалаларда бұған дейін жеткілікті назар аударылмай келген мәселелердің мәнін–мағынасын ашуға көмектеседі, бірақ ондағы жастар проблемасы тағы да тысқары қалып келеді.

Зерттеліп отырған тақырыпқа тікелей бірқатар кандидаттық диссертациялар қорғалды. Мәселен, С.Н. Имашев «Работа Компартии по созданию и укреплению местной печати в Казахстане (1917–1925 гг.)» [30], А.И. Ыдырысов «Деятельность Компартии в Казахстане по развитию партийной и советской печати Республики в период 1926 - 1932 гг.» [31] тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады.

Аттары көрсетіп тұрғандай, олар біріншіден, орыс тілінде жазылған, екіншіден, шағын тарихи мезгілді қамтыған. Үшіншіден – ең бастысы көзге ұрып тұрған кемшілігі, - бәрі, сол кеңестік заманда қоғамның басқарушы, қозғаушы күші – Коммунистік партия идеологиясының сарынында жазылған. Бұл зерттеулерде көрсетілген кезеңдерде республика жастары баспасөзінің жайы, олардың беттерінде жас ұландардың қоғам өміріне белсенділікпен араласқаны, оқып, білім алып, сан-алуан салада қажырлы еңбегімен көзге түскендердің аты – жөні айтылып, жан - жақты қамтылған. Бұларды жоққа шығаруға әсте болмас, онда мұның өзі тарихқа жасалған кешірілмейтін қиянат болар еді. Аталған ғылыми зерттеулермен қатар, сол кезде шыққан салмақты, бағалы еңбектердегі тақырыбымызға қатысы бар фактілер қазіргі бостандық пен тәуелсіздік жағдайы кезіндегі сыни көзқараспен баяндалады. Келтірілген зерттеулерде 1918 жылдың көктемінде өкімет билігі қолында болған Қырғызревком /қазақ/ «Қазақ» газетін жауып, оның баспаханасын тәркілегені айтылмайды. Сол сияқты Мәскеулік интернационалист большевиктер шын мәнінде орыс тілді басылымдарға баса көңіл бөліп отырғаны да сөз болмайды. Қазақ басылымдарындағы деректерді сирек қолданды. Қаржы жетіспеушілігі деген сылтауымен қазақ жастарының баспасөзі бірде жабылып қалып, арада

біраз уақыт өткен соң қайтадан, басқа атпен шығарылып тұрды. Ол жайында зерттеу барысында айтылады.

Дегенмен бұл аталған зерттеулер мен монографиялық еңбектерде алғашқы және кеңестік кезеңдегі қазақ басылымдары, олардың қызметі туралы нақтылы мәліметтер келтірілгенімен, олар кеңестік заман талабына байланысты жазылғандықтан да мазмұны жағынан алғанда дәріптеу мен мадақтауларға басым жол берілгендігін ашық байқауға болады.

Айтылған пікірдің дәлелі ретінде Т. Ыдырысовтың кеңес баспасөзінің лениндік қағидалары мен дәстүрі, еңбекшілерді тәрбиелеудегі, өз үстемдігін әлемге паш еткен марксизм-лениннизм идеяларын насихаттау, коммунистік құрылыстың, партия съездерінің келелі міндеттері мен шешімдерін орындау барысындағы республика баспасөзінің 1960-70-ші жылдарындағы іс-тәжірибесін сипаттаған «Баспасөз - өмір айнасы» атты кітабын атап кетуге болады [32].

Еліміз тәуелсіздігін алған XX ғасырдың 90-шы жылдары төл тарихымыз бен тіл бен мәдениетіміз, қазақ баспасөзі жөнінде жаңа көзқараста жазылған тың зерттеулер жарық көрді.  Онда осы уақытқа дейін жазылған еңбектердегі кейбір материалдар қайта сараптан өткізіліп, уақыт талабына сай жаңа тұжырымдар жасалынды. Мысалы Т. Қожакеевтің 1991, 1992, 1995 жылдары жарық көрген жаңа монографиялық зерттеулерінде XX ғ. 20-30 жж. басылымдар тарихы, сол басылымдарды ұйымдастырушылар мен көрнекті журналистер қызметінің ұлттық баспасөз тарихымен тығыз байланыста қарастырылуы осы саладағы зерттеу методологиясын қалыптастыруға жол ашты  [26].

Тәуелсіздіктің алғашқы он жылдығы ұлттық тарихымыздың «ақтаңдақтарын», жоғалған беттерін толықтыруымен еселенген жылдар екені аян. Қазақ баспасөзінің шығу тегін, маңызы мен мәнін тілші - журналистермен қатар, оның философиялық, педагогикалық, саяси мәніне терең бойлаған еңбектердің арасында А. Сәрсенбаевтың, Л.С. Ахметованың  зерттеуін атап өткен жөн. Зерттеуші А. Сәрсенбаев өз жұмысында XIX ғасырдың екінші жартысынан бергі ұлттық идеология майданында қызмет етіп келе жатқан қазақ басылымдарының тарихына тоқталып қана қоймайды, жалпы бұқаралық ақпарат құралдарының төл тарихымыз бен ұлттық құндылықтарымызды әлемге танытатын құндылық  ретінде пайымдайды [33]. Ал Л.С. Ахметова қазақ баспасөзі өркениеттік елдер көшінен кейін қалып қоймаған, өз даму жолы мен қиындықтары бар ұлттық тарихи жәдігеріміз екенін дәлелдейді  [34].

Соңғы жылдары қазақ баспасөзін тарихи дерек ретінде, әсіресе, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстан тарихы үшін бағалы дереккөз ретінде іргелі еңбектер, деректанушы- ғалым Қ. Атабаевтың пайымдаулары өз оқырманын табуда. Оның еңбектерінде көрсетілген мерзім арасындағы ұлттық басылымдармен қатар, өңірлік газет-журналдардың атқарған қоғамдық-саяси бағыттары мен қызметі, дамуы және жағдайы, ең алдымен өзі өмір сүріп, қызмет еткен қоғам туралы қазіргі зерттеушілер үшін қазақ баспасөзінің тарихи дерек ретінде сұранысқа енгендігін жан-жақты қарастырады [35].

Автор «олардың елімізде большевиктік-коммунистік диктатураның орнау, әміршіл-әкімшілдік басқару жүйесінің қалыптасу және даму тарихының құнды дерегі ретінде деректанулық сыннан өтері күмәнсіз,- дей келе,- ... олар бір жағынан, қоғам дамуының объективті көрінісі ретінде маңызды тарихи дерек міндетін атқарса, екінші жағынан өзінің субъективті ерекшеліктерін ескеруді қажет ететіндігіне» назар аударуды ұсынады [35, 145-146-бб.].

1998 ж. «Ақиқат» журналының бірнеше санында жарияланған тарихшы Қ. Атабаевтың мақалалар топтамасында ұлттық бейресми басылымдардың көшбастаушысы болған «Айқап», «Қазақ», «Қазақстан» секілді өзге де газет-журналдарды құнды дереккөзі ретінде пайдалана отырып, ұлт зиялыларының басылым бетіндегі мақалаларын жан-жақты талдап, билік пен баспасөз аралығындағы ара-қатынас, жер, тіл мәселесі жөніндегі олардың халықты ақпараттандыру жолындағы еңбегін қарастыруда тың ой қорытындылары бар [36].

Жоғарыда тарихнамалық шолу жасалынып өткен еңбектердің барлығында да біздің зерттеу жұмысымызға арқау болып отырған жастар баспасөзі мәселесіне жете көңіл бөлінбегендігін ескергеніміз жөн. Бұл авторлардың кінәсі емес. Олардың зерттеу тақырыптары да, міндеті де біз зерттеп отырған тақырыпты арнайы қарастырмайды.

Қазақстан баспасөзін зерттеушілер түгелдей дерлік қазақ жастары баспасөзінің құрылу мерзімін Республика комсомолының алғаш қазақ тілінде шығарған газеттерінен бастау алады деп жазып келді. Бұл көзқарас тарихи шындықты бұрмалау, әрі әдістемелік тұрғыдан алғанда залалды, әрі ақиқаттан адастыратын жолға итермелейді. Барлық игілік, ізгі істердің авторы Коммунистік партия болуға тиісті заманда, ұлттық басылымдарды ұйымдастырған, шығарған Қазақ өлкелік партия ұйымы мен комсомолы делінуі зандылық еді. Бірақ қазақ тарихшылары «Жас азамат» газетінің хронологиялық жағынан комсомолдық басылымдардан әлдеқайда бұрын, 1918–1919 жылдарда шығып тұрғанын білмеді емес, білді. Солай бола тұра ондай газет дүниеде болмағандай жұмған аузын ашпай, айналып өтіп, ұлттық жастар баспасөзінің тарихын 1921 жылдан, Ташкентте шығарылған «Жас алаштан» бастайды. Ал зерттеушілер А. Ульман, Т. Митропольская РКЖО Қазақ облбюросының қазақ - татар секциясы 1920 жылдың көктемінде «Еңбекші жастар» атты газет шығаруға кіріскендігі туралы жазады [37, 112-б.]. Алайда газетті шығаруға «кірісу» мен «басып шығару» арасында үлкен айырмашылық болғанымен, авторлар оның ара жігін ашып көрсетпейді. Хаттамадағы бір ауыз сөзден басқа деректі мәліметтің табылмауы, газеттің өзін айтпағанда, бұл шешім іске аспаған деген тұжырымға жетелейді. Орысша жазылған мұрағаттық құжаттағы «издать на киргизско-татарском языке газету «Трудовая молодежь» деген сөздерге сүйеніп, мақала авторларының «приступил к изданию», деген тұжырымы негізсіз, асығыс жасалған қадам болған [38, 2-п.].

Зерттеу тақырыбымызға жақын келетін тағы бір кандидаттық диссертацияға ерекше тоқталып өткен жөн. Ташкенттік А.А. Сайфутдинов «1918-1924 жылдардағы Түркістан АКСР-де жастар баспасөзінің пайда болуы

мен дамуына» арналған диссертациясында (1973 ) ең алдымен өзбек тіліндегі газет - журналдарға ден қойған. Орыс, қазақ, қырғыз, түркімен, тәжік тіліндегі басылымдар шолу деңгейінде қалған. Кеңестік дәуірдің алғашқы жылдарында қазақ басылымдары Түркістандағы баспасөз жүйесінде жетекші орын алғанымен бұл зерттеуде оның рөлі кемсітіліп, ал өзбек тіліндегілердің бәрі мейлінше дәріптеліп көрсетіледі [39].

Комсомол тарапынан қазақ жастарына арналып комсомолдық газет 1920 жылдың шілдесінде шығарыла бастаған, РКЖО Орал губком органы ретінде қазақ–татар тілінде жарық көрген «Жас күресші» - «Яш корәшче» газеті еді. Туысқан екі халық тілінде шыққан бұл газеттің 6 саны ғана жарық көріп үлгеріп, әдеттегідей қаржы тапшылығынан жабылып қалды. Айта кету керек, қазақ–татарша, немесе таза татарша жастар газетін шығару талпынысы осы тұста Омбыда, Қызылжарда, Семейде де байқалды. Бұл – ресми биліктің жергілікті ұлт жастарына арналған алғашқы басылымдарды шығару ісі республика орталығында емес, облыс, губерниялық қалаларда басталғанын көрсетеді. Бұл жерде партия және комсомол органдарының жастарға арналып шығарылған газеттердің алдымен орысша, одан соң қазақша жарияланғанын ашып айтқан жөн. Орысша шығатын газеттердің өз оқырмандары болды. Олардың қатарында бірлі–жарым болмаса, қазақ жастары жоқтың қасы болатын. Тіпті, қазақша–татарша шыққан газеттерді де қаланың оқыған жастарының бір бөлігі, ауылдардағы сауаты бар молдалар ғана оқитын, олардың таралымы да шектеулі болды. Сондықтан ең басты мәселе – таза қазақ жастарының газетін шығару болатын.

Дегенмен, біздің ойымызша, мұндай ұлттық басылымдарға деген соңғы жылдары кең өріс алған заңды қызығушылық, келешек үлкен істің басы. Сол басылымдардың тарихын терең зерттеу және оларды тарихи дерек ретінде талдау ісінің бастамасы ғана.

Диссертациялық жұмысты орындау барысында қазақ зиялыларының түрлі көзқарастағы өкілдері жасаған ғылыми тұжырымдарынан әркилы деңгейдегі көптеген деректерді пайдаландық. Онда қазақ тарихының кейбір мәселелеріне арналған еңбектердің басты ерекшелігі - олардың көкейтестілігі, өткірлігі, өзектілігі, бір сөзбен айтқанда, өз заманына орай қоғамдық-саяси ой-пікір қалыптастыра алғандығы. Тіпті, мақала, очерк аттарының өзі оқырманды елең еткізіп, бірден өзіне назар аудартады. Тіптен кейбір зерттеушілер басылымдарға шекесінен қарап, «бесіктен белі шықпай жатып, жұртқа ақыл айтатын қайдағы бір «жас бөрілер мен аш бөрілер» шыға бастады деп жазды [40].

Бірақ жастардың мерзімді басылымдары қазақ қоғамының көкейтесті саяси-экономикалық мәселелерін көтерумен болды. Күн тәртібіндегі мәселелерді шешуде жастардың рөлін арттыруға көп күш салды. Жастардың рухын шыңдап, жағымды қасиеттерге баулып, пайдалы істерге жұмылдырылды.

Жастар шығарған газет – журналдар жас қаламгердің шығармашылық табыстары болып табылатын озық туындыларды көптеп жариялады. Бұл басылымдар өмірдің барлық саласына араласа отырып, сан - алуан тақырыпты

көтеріп, уақыт тынысын айнытпай білдіретін өз заманының бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) бола білді. Жас талапкерлерді журналистік шығармашылыққа баулып, жастар баспасөзімен ғана айналысқан алғашқы кәсіби журналист мамандардың қалыптасуына үлкен ықпал жасады.

Зерттеу еңбегімізде сол кезде шыққан басылымдардың заман ағымына қарай ұстанған бағытын анықтауды нысана етіп алдық. Өйткені, басылымдардың шыққан кезеңдерінің әрқайсысының өзіне тән мақсат–мүддесі болды. Соған орай басылым алқасы мен журналистер редакция жұмысының бағдарламасын белгіледі. Түрлі рубрикамен, айдармен, беріліп тұрған мақала, очерк, хабарлар сол кезеңнің тынысынан нәр алып, сабақтасып жатты. Қазақ жастары мерзімді баспасөзі тарихының осы және өзге де мәселелері бойынша шындықты қалпына келтіру үшін аталған тақырып арнайы зерттеуді қажет етеді.

Жұмыстың тақырыптық мазмұнын кеңінен ашу мақсатында ХХ ғасырдың соңғы жылдарында жарық көрген К. Нұрпейістің [41], Д.А. Аманжолованың [42], М.Қ. Қойгелдиевтің [43], Т. Омарбековтың [44], Ғ. Ахмедовтың [45], еңбектеріндегі және С.Ф. Мажитовтың [46], Ә. Пірманов, А.Т. Қапаевалардың [47], С.Ө. Смағұлованың [48], Р.Қ. Нұрмағамбетованың [49], А.Ш. Махаеваның [50], Т.Қ. Мекебаевтың [51], М. Құл-Мұхаммедтің [52], Ж. Әлмашұлының [53], Д. Қамзабекұлының [54] зерттеулеріндегі Алаш қозғалысына, қозғалыстың басты мақсаты, азаттық күрес жолындағы ұлт зиялыларының ұлттық басылымдар тарихына, олардың өмірлік ұстанымдары мен мүдделеріне қатысты құнды деректер келтірілуімен қатар, сол басылымдардың өздерін де дерек көздері ретінде пайдалануға тырыстық.

ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ жастарына қатысты мәселелерді көтерген Алаш және Алаш-Ордалықтар тарапынан жүргізілген шараларды таразылау барысында құжаттар мен материалдар жинағы да тақырыпқа қажетті еңбектерді толықтыра түсті [55].

Академик К. Нұрпейіс «Алаш һәм Алашорда» атты монографиясында «Жас Азамат» газетін Алаш қозғалысының тарихы бойынша үлкен деректемелік маңызы бар басылымдар қатарында екендігін атап көрсетті [41, 25-б.]. Ғалымның бұл пікірінің шынайылығына біз қазақ жастарының мерзімді баспасөзі тарихын зерттеуде бірнеше деректерді салыстыру барысында көз жеткіздік.

Сол сияқты белгілі тарихшы М. Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысы» туралы зерттеулері әдістемелік тұрғыдан біз басшылыққа алған еңбектер санатына жатады. Мәселен, К. Нұрпейістің «Алаш һәм Алашорда» кітабында «Жас азамат» газетінің жабылуы (1919 ж.) Әлихан Бөкейханов пен Алашордадағы қарсы күштердің әрекеті екендігі дәлелдесе [41, 194-б.], М. Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысы» атты монографиясында идеологиялық саяси күрестің заңдылықтары айқындалып бұл қозғалыстың қазақ топырағында тууының өзіндік ерекшеліктерін тануға көмегін тигізеді [43, 213-б.]. Зерделі ғалым М. Қойгелдиевтің жастар басылымдары аталмағанымен оның дүниеге келуіне қажетті алғышарттардың болғаны ашып көрсетілген.

Соңғы жылдары XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. 20-30-шы жж. қазақ және жастар баспасөзіндегі мәселелер, оларға саяси жағдайдың ықпалы, жалпы XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ тілінде жарық көрген мерзімді баспасөздің шығу тарихы мен деректік маңызы жөнінде зерттеулер жүргізіп келе жатқан С.О. Смағұлованың мақалалар топтамасында біршама қарастырылып келеді [56].

Сондай-ақ М.С. Сәулембекованың [57], Д.И. Салқынбектің [58], Д. Махаттың [59] диссертациялары мен монографиялық еңбектері де біздің зерттеуімізге кеңінен арқау болды. Мазмұны және әдістемелік жағынан Ү. Сұбханбердина [2; 14; 15], Л. Нұрғалиева [60], Н.Ә. Асқаров [61], Қ. Сақов [62], М. Барманқұловтың [63] жұмыстары біздің зерттеуімізге етене жақын. Алайда аталмыш авторлардың мәліметтерін ғылыми деректеме көзі ретінде алып қарағанда, біз көтеріп отырған тақырыпқа тікелей байланысы бар мәселелердің қарастырылмағаны бірден көрінеді. Тек «Қазақ» газеті ғана бірінші рет арнайы ғылыми–зерттеу жұмысының объектісі болғандығын байқаймыз.

Жұмыстың мазмұнына қарай Қазақстан тарихына, жастар және мәдениет мәселесіне байланысты кейбір жағдайларды талдау барысында А. Янушкевич [64], Е. Бекмаханов [65], Б. Сүлейменов [66] және басқа ғалымдардың пайымдаулары мен орынды айтылған пікірлері, ой – түйіндері жұмыста салыстырмалы түрде қарастырылды.

Біз қарастырып отырған басылымдардың түрлі кезеңдерде жарияланып бүгінгі күнге жеткен тарихи деректері, басқа да жазба сияқты өздерін сыннан өткізуді, талдауды кажетсінеді. Бұл жайында академик М. Қозыбаев: «... мемуарлық әдебиетке сын көз керек, ондағы деректерді ой елегінен өткізіп, басқа деректермен салыстырып отыру керек»,- десе [67, 42-б.], белгілі тарихшы М. Әбусейітова: «Следует подчеркнуть, что использование источников дает положительные результаты лишь при критическом осмыслении, глубоком анализе, установлении их достоверности и оригинальности» - деп жазды [68, 44-б.]. Әрине, мұндай пікірлердің Қазақстан тарихы ғылымының қазіргі талаптарынан туындап отырғаны айқын.

Жинақтап айтқанда, зерттеу тақырыбымызға өзек болып отырған қазақ жастары баспасөзінің тарихы мен ондағы көтерілген мәселелер мазмұнын толық ашу мақсатымен қазақ баспасөзі туралы жазылған еңбектерге жалпылама шолу жасау барысында, жастар баспасөзі және оның беттерінде көтерілген әртүрлі саланы қамтыған мақалалар өз алдына жеке қарастыруды қажет ететіндігіне, осы уақытқа дейін арнайы зерттелмегендігіне көз жеткіздік.

**Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері.** Қазақ жастары баспасөзінде жарық көрген материалдарға Отандық тарих тұрғысынан талдау жасай отырып, көрсетілген кезеңдерге, Кеңес дәуірінде қоғам өмірінен терең орын алған қатаң тоталитарлық жүйе ырқына бағындырылған идеологияның қазақ жастары баспасөзінің қалыптасуы мен дамуына тигізген ықпалын ашып көрсету жұмыстың басты мақсаты болып саналады. Осы мақсатқа орай алға мына міндеттер қойылды:

- 1900-1940 жж. қазақ жастары баспасөзі тарихының зерттелу барысында тарихнамалық тұрғыда талдау жасау;

- ХХ ғасыр басында шыққан «Серке», «Қазақстан», «Айқап», «Қазақ» және өзге де ұлттық басылымдарда көтерілген жастар мәселесінің қоғамдық маңыздылығы мен мәнін ашып зерделеу;

- Қазақ жастарының ұйымдары мен олардың алғашқы басылымдары «Балапан», «Садақ» сияқты қолжазбалық журналдардың шығу тарихы мен оларда көтерілген мәселелердің ауқымын ашып көрсету;

- 1900 -1917 жж. аралығындағы жастар мерзімді баспасөзінің даму тарихын зерделей отырып, алғашқы ұйымдастыру жұмыстарының қиыншылықтары мен ерекшеліктерін анықтау, осы бағытта қызмет еткен ұлт зиялыларының еңбегін бағалау;

- 1920-1940 жылдардағы кеңестік жастар баспасөзінің шығу тарихы мен қызметін саралай отырып, партия мен үкімет тарапынан қабылданған іс-шаралардың жүргізілу барысынжіктеп, талдау;

- Кеңестік жастар баспасөзінің әр басылымдарының ерекшеліктеріне тоқталып, қоғамдық-саяси оқиғаларға байланысты көзқарастарды салыстыру;

- Ауқымды саяси және экономикалық-әлеуметтік реформаларға сәйкес 1920-1940 жж. аралығындағы жастар басылымдарында жарияланған мақалаларды тарихтық бағыттары бойынша топқа бөлу;

- Ұлттық жастар баспасөзінде көтерілген Қазақстанның саяси, экономикалық жағдайы мен мәдениет мәселелерінің Отан тарихы үшін маңыздылығын саралап көрсету.

Аталған міндеттерді жүзеге асыру барысында «Серкеден» бастап, «Жас қайрат», «Жастар дауысы», «Бостандық туы», «Жеткіншек», «Өртең», «Жас алаш», «Лениншіл жас», «Екпінді жас», «Балапан», «Садақ», «Қазақстан пионері», «Октябрь балалары» басылымдарында жарияланған материалдар мен топтамалар жан-жақты зерделенді.

**Зерттеу жұмысының негізгі нысаны** – Қазақ ұлттық жастар баспасөзі тарихы. Осыған сәйкес ХХ ғасырдың бас кезінде қалыптасып, қазақ қоғамының айнасына айналған баспасөздің ұлттық тәуелсіздік жолындағы күрестің, қоғамдық саяси өмірдің, әлеуметтік жағдай мен рухани дамудың қозғаушы күші болуымен қатар, сол жүріп өткен тарихи сүрлеудің жанды куәсы болғандығын алғашқы жастар баспасөзі беттерінде жарияланған материалдар мен мақалалар арқылы ұлт жастарының қоғам дамуында алар орнын анықтау болып табылады.

**Зерттеу пәні.** 1900-1940 жж. Қазақстандағы жастар басылымдарының тарихын жан-жақты зерделеп, оған объективті тұрғыдан баға беру, көпшілікке беймәлім деректерді ғылыми айналымға енгізу.

**Тақырыптың хронологиялық шеңбері.** Диссертацияның қаралып отырған тақырыбына сәйкес оның қамтылу аймағы мен уақыты нақты белгіленді. ХХ ғасырдың басы 1940 жылдар аралығы - қазақ жастары баспасөзінің қалыптасуының алғышарттары, оның негізгі атқарған міндеттері мен онда көтерілген мәселелердің өзектілігіне қарай қарастырылады.

**Зерттеу жұмысының деректік негізі.** Зерттеліп отырған тақырыптың деректемелік негізі оның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес мұрағаттық құжаттар, басылымдарда жарияланған түрлі материалдар, кеңес үкіметі мен партияның шешімдері мен қаулы-қарарлары, құжаттар мен материалдар жинақтарынан және мерзімді басылымдарына қатысты баспасөз қызметкерлерінің жарияланған жинақтары мен мемуарлық еңбектерінен тұрады.

Жұмысты орындау барысында негізінен мынандай мұрағат қорлары ғылыми айналымға енгізілді: Қазақстан Республикасы Президенттік мұрағатының (ҚР ПМ) 880-қорының 1-тізбесінде ҚазАКСР-ның Халық ағарту комиссариаты жанындағы баспасөз бөлімінің 1900-1940 жж. арасындағы жинақтаған мәліметтері, РК (б)П Қырғыз өлкелік партия комитетінің 139-қор, БК(б)П Қазақ өлкелік партия комитетінің деректері 141-қор, 142-қор, 160-қор; Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатының 81- қоры 1-тізбесіндегі ҚАКСР-і қайраткерлерінің жеке парақтары, мәжіліс хаттамалары мен қаулы-қарарлары, Қазмембаспаның жұмыс жоспары, журналдардың көшірмесі, анкеталар, мерзімді басылымдардың, коллегиясының циркулярлары, 1873-қор, 5-қор; Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатының 1634- қор 1-тізбесі. «Бостандық туы» газеті редакциясының құжаттары.

Деректердің басым бөлігін 1900-1940 жж. Қазақ өлкесі баспасөзіндегі жастар мәселесіне қатысты жарық көрген хабарламалар, ғылыми-танымдық, публицистикалық материалдар құрайды.

Сонымен қатар 1900 -1917 жж. аралығында шығып тұрған қазақ тіліндегі мерзімді баспасөз материалдары, «Садақ», «Балапан» және «Жас азамат» басылымдарының, 20-жылдың басынан 30-жылдың аяғына дейін шыққан жастардың «Лениншіл жас», «Жас қайрат», «Өртең», «Пионер» және т.б. басылымдардың қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді көтерген материалдары да дерек ретінде қолданысқа енгізілді. Жастар баспасөзі мәселелерін талқылауда А. Байтұрсынов, М. Дулатов, С. Сәдуақасов, Т. Рысқұлов және т.б. ұлт зиялыларының мақалалары мен еңбектері пайдаланылды.

**Диссертацияның ғылыми жаңалығы.** Отандық тарих ғылымында алғаш рет қазақ жастары баспасөзінің тарихы қазіргі тарих ғылымына қойылатын талаптарға сай және объективті тұрғыда жан-жақты талданды. Зерттеудің мынандай ғылыми жаңалықтарын көрсетуге болады:

- Алғаш рет 1900-1940 жж. жастар баспасөзінің тарихы мұрағат, баспасөз материалдары және ғылыми әдебиеттермен тарихнамалық тұрғыда жан-жақты зерделенді;

- ХХ ғасыр басында шыққан ұлттық басылымдарда көтерілген жастар мәселесінің қоғамдық маңыздылығы алғаш рет кең ауқымды, тарихи тұрғыда сараланды;

- ХХ ғасырдың алғашқы он жылдығында құрылған жастар ұйымының «Балапан», «Садақ» сияқты қолжазба басылымдарының шығу тарихы мен көтерілген мәселелері айқындалып, оның маңыздылығына тиісті баға берілді;

- қазақ жастары баспасөзінің пайда болуының алғышарттары анықталып, оның атқарған басты міндеттері көрсетілді. Жастар баспасөзін қалыптастырудағы ұлт зиялыларының еңбегі нақтылы зерттелінді;

- XX ғасырдың 20-40 - жылдарындағы кеңестік жастар баспасөзінің шығу тарихы мен қызметіне партия мен үкіметтің қаулы-қарарлары арқылы талдау жасалынды;

- ұлттық жастар баспасөзінің даму барысы мен әр басылымның ерекшеліктері қарстырылып, жастар баспасөзін көтерудегі көзқарастарға баға берілді;

- жастар басылымдарында жарияланған Қазақстанның саяси және экономикалық-әлеуметтік жағдайына қатысты материалдар сұрыптап алынып, ғылыми айналымға енгізілді;

- ұлттық жастар баспасөзінде көтерілген Қазақстанның саяси-экономикалық жағдайы мен мәдени құрылыс мәселелерінің Отан тарихы үшін маңыздылығы сараланып көрсетілді.

- тұңғыш рет Қазақстан жастарының мерзімді басылымдарындағы еліміздің қоғамдық–саяси ахуалы мен шаруашылықты жетілдіру, мәдени құрылыс пен әлеуметтік-экономикалық мәселелерге қатысты материалдары кешенді түрде зерделеніп, Қазақстан тарихы үшін маңыздылығы анықталды және ғылыми айналымға енгізілді.

**Зерттеу жұмысының методологиялық негізі мен зерттеу әдістері** ретінде қазақ жастары баспасөзі тарихының, онда көтерілген кейбір мәселелер әр қырынан қарастырылып, терең зерттелінді, тың тұжырымдармен толықтырылды. Бүгінгі таңдағы отандық тарих ғылымында қалыптаса бастаған жаңа-тұжырымдар мен зерттеу әдістері басшылыққа алынды. Диссертациялық зерттеу мұрағаттық деректер, баспасөз материалдары, ғылыми, ғылыми-танымдық әдебиеттерді талдау, сараптау, салыстыру және жүйелеу әдістерін қолдана отырып, қалыптасқан методологиялық жүйелілік, объективтілік пен тарихилық қағидаларына негізделді.

Тақырыпты зерттеуге еліміздің жетекші тарихшы-ғалымдарының ой - пікірлері мен олардың жаңа тарихи көзқарасы тұрғысынан жазылған еңбектері, диссертациялық зерттеулері методологиялық негіз ретінде алынды.

**Зерттеу жұмысының қорғауға ұсынылатын тұжырымдары.**

- XX ғасыр басынан 40-ж. аралығына дейінгі аралықтағы қазақ жастары баспасөзінің қалыптасуы мен даму барысы қоғамдық-саяси сананың оянуына ықпал етті;

- «Серке», «Қазақстан», «Айқап», «Қазақ» және тағы басқа ұлттық басылымдарда көтерілген жастар мәселесі жан-жақты айқындалып, олардың тарихи құндылығы нақтыланды;

- «Балапан», «Садақ» қолжазбалық журналдардың шығу тарихы мен бұл журналдарды шығарудағы қазақ жастарының үлесі айқындалды;

- 1917-1920 жж. аралығындағы жастар мерзімді баспасөзінің даму тарихын зерделей отырып, алғашқы ұйымдастыру жұмыстарының қиыншылықтары мен ерекшеліктерін саралау барысында ұлт зиялыларының еңбегі бағаланды;

- 1920-1940 жылдардағы Қазақстан жастары баспасөзінің қалыптасуына қатысты БК(б)П мен кеңес үкіметі қаулылары мен шешімдерінің кеңестік идеологияны насихаттаудағы мәнісі және жастар баспасөзін дамытудағы іс-шаралар мен басылымдардың басты ерекшеліктерін айқындап, оларға өзіндік баға берілді;

- 1920-1940 жж. аралығындағы жастар басылымдарында жарияланған мақалалардың бағыттары нақтыланып, Отан тарихы үшін тарихи маңыздылығы анықталып, мұрағат құжаттары мен ғылыми еңбектер салыстырыла талданды;

- 1900-1940 жж. елдегі саяси оқиғалар мен экономикалық реформалардың жүргізілу барысы және мәдени құрылысты өркендету ісі баспасөз материалдары мен мұрағат және ғылыми зерттеулер негізінде жаңа қырынан дәйектелінді.

**Зерттеу жұмысының ғылыми-практикалық және қолданбалық маңызы.** Ұсынылып отырылған диссертация – ХХ ғ. басынан 40 - жылдарға дейінгі Қазақстанда алғашқы баспасөздің қалыптасуы мен ондағы жастар проблемасы арнайы зерттеу ретінде, оның теориялық және методологиялық негізін жасауға мүмкіндік беретін жалпы ғылыми еңбек. Зерттеу барысында келтірілген мәліметтер мен жасалған тұжырымдар Қазақстан тарихын терең меңгеруге, жан-жақты білуге ұмтылатын көпшілік оқырман қауымның да өткенімізді жаңаша саралауына септігін тигізеді. Диссертациялық еңбекті Қазақстан тарихын толық танып-білгісі келетіндерге, тарихшы мамандарға, зерттеушілерге, жоғарғы оқу орындарының студенттері, аспиранттар мен магистранттарға және тарих факультеттерінде арнайы курс пен семинар сабақтарын жүргізу ретінде пайдалануға болады.

Диссертациялық зерттеудің нәтижелері қазақ халқының мәдениеті дамуына тікелей қатысты болғандықтан, жұмыстың қорытындылары мен жекелеген тұжырымдары мәдени құрылыс тақырыбына жазылған ғылыми еңбектерде, журналистика тарихы және мәдениеттану курстары бойынша жоғары оқу орындарының оқулықтары мен дәрістерінде пайдалануға әбден жарайды.

**Зерттеу жұмысының сыннан өтуі**. Диссертация Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты Кеңес дәуіріндегі Қазақстан тарихы бөлімінде орындалды, осы бөлімнің отырыс мәжілісінде талқыланып, қорғауға ұсынылды. Зерттеудің негізгі мазмұны мен тұжырымдары бойынша 11 мақалада жарияланды. Оның 8-і халықаралық-теориялық, аймақтық конференцияларда баяндама ретінде ғылыми көпшілік назарына ұсынылды. 3 мақала Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен тізімдегі ғылыми басылымдарда жарияланды.

**Зерттеу жұмысының құрылымы.** Зерттеу жұмысы қысқарған сөздер түсініктемелерінен, кіріспеден, әрқайсысы екі тақырыптан тұратын үш тараудан және қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

# I XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ЖАСТАР МӘСЕЛЕСІ

## 1.1 XX ғасыр басы баспасөзіндегі жастар мәселесі

Тәуелсіздікке қол жеткізген екі мыңжылдықтар тоғысындағы қазақ қоғамының ең басты қол жеткізген үлкен табысы бұл өткенімізді қайта сараптаудан өткізіп, ұлт тарихының ақтаңдақ беттерін қайта толтыруға мүмкіндіктің туғандығы десек те болады. Сондықтан да бүгінде халқымыздың өткені зерделіп, қайсыбір ұлты үшін қызмет еткен ардақты азаматтардың есімі мен ұлттық асыл мұраларымыз қайтадан жаңғыруда. Соның бірі XX ғасыр басындағы алғашқы қазақ басылымдары, оның ішінде жастар басылымдары мен оның атқарған қызметін ұлттық руханиятымыздың бастауы, қайнар көзі ретінде тануға болады.

Ал осы қазақ баспасөзінің қалыптасуы негізінен XX ғасыр басындағы әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдаймен, сондай-ақ қоғамдағы жүріп жатқан тарихи оқиғалармен тікелей байланысты екендігі ақиқат нәрсе. Сондықтан да біз жастар басылымы тарихын қоғамның ағысымен біртұтастықта қарастырамыз.

Ғасырлардан ғасырларға созылған Қазақстанды толық отарлаған патшалық отарлау саясаты қазақ жерін мемлекет меншігіне айналдырды, тұрғылықты халық ата-бабалырынан мирас болып келген құтты қоныстарынан ығыстырылды. Алтайдағы шұрайлы жерлер тікелей патша әулетінің иелігіне көшті. Жайық, Ертіс, Есіл өзендерінің аңғарларындағы және Жетісудың тұрғылықты адамдарынан тартып алынған он миллионнан астам десятина құнарлы жер, олардың азаттық қозғалысын жаншып басу үшін пайдаланатын патшаның айнымас тірегі қызметін атқаратын – казак әскерлеріне берілді. Пайдалы қазбалары бар орасан зор көлемдегі жер орыстың тау–кен өнеркәсіпшілерінің иелігіне өтті.

Орыс мемлекетінің Қазақстандағы аграрлық саясатының реакцияшылық мәні тағы да бір феодалдық жер рентасын алу жолымен өлкенің жер байлығын пайдалануында болды. Патшаның феодалдық жер иеленудің қалдықтарын қолпаштап, қинап отыруға капитализмнің ауыл шаруашылығы дамуына толығынан қайшы келді, егіншілік пен мал шаруашылығының тауарлылығына бөгет жасады.

Қазақтар ауыр езгіге қарсы үздіксіз азаттық қозғалыстарына шығып отырды. XX ғасыр Ресей аумағында қоғамдық-саяси өмірдегі аласапыраннан басталды. 1905 жылғы 9 қаңтарда Петербор қаласында орын алған қанды жексенбі оқиғалары Ресейде революцияның басталуына себепші болды, онда өздерінің мұң-мұқтажы айтылған петицияны патшаға тапсырмақ болып келе жатқан қарусыз бейбіт шерушілерді әскер оқпен аяусыз атқылады. Империяның ішкі аудандарында әртекті саяси, әлеуметтік, рухани дүмпулер, қозғалыстар қаркынды болғандықтан, олардың әсері қазақ даласына да тез тарады. Қала мен селоларда жұмысшылар және қала кедейлері, сондай – ақ шаруалар патшаның озбырлығына қарсы наразылық көрсетілген үн көтеріп жатты.

1905 жылы ақпанның ортасында бүкіл Орынбор–Ташкент темір жолы бойында Түркістан, Перовск (Қызылорда), Жосалы, Қазалы, Шалқар стансаларында жұмысшылар өздерінің ауыр тұрмыс–тіршілік жағдайын жақсартуды, жұмыс күнін қысқартуды талап еткен ереуілдерге шықты. Осы жылдары теміржолдың алғашқы қазақ инженері М. Тынышпаев Министрлер Кеңесінің төрағасына хат жолдады. Жұмысшылардың талаптарын қолдаған ол, оған қосымша рухани–діни жағынан қазақтарға толық бостандық берілуге тиіс деп жазды. Ең басты – биліктен мынаны талап етті: «губернаторлар, уезд бастықтары, бітістіруші судьялар және басқа да өнегелі адамдар губернаторлар қазақ тілін, әдет–ғұрпы мен салт–дәстүрін жетік білетін қазақтар мүмкіндігінше өз халқының арасында қызмет істеуі керек. Қорыта келгенде, - деді ол, - әділеттілік 6 миллион қазақ халқын өз өкілдерінің жалпы мемлекеттік құрылысқа қатысты мәселелерді шешуге, атап айтқанда, қазақ халқын басқаруды қайта қарап, қайта құруға байланысты өз пікірін айтып, соған қатыса алудан мақрұм қалдыруға болмайтынын талап етті» [69, 15–19-б.].

Патшалық Ресей XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани даму барысында тарихи өзгерістер, яғни монополистік, капиталистік даму сатысына өтті. Мұндай үлкен қоғамдық секіріске сол тұстағы жүргізілген патшалық реформалау саясаттарының, оның ішінде 1861 жылғы крепостниктік құқықты жою жөніндегі және кейінгі жылдардағы буржуазиялық реформалардың алатын орны ерекше. Дегенмен бұл өзгерістер Ресейдегі аграрлық мәселені түпкілікті шеше алмағандығы белгілі. Қазақстан патшалық Ресей империясының бөлігі ретінде бұл үрдістен шеткері қалған жоқ. Осындай әртүрлі саяси реформалардың әсерімен Ресейдің қазақ жеріндегі отарлау саясаты барынша күшейіп, өлкені өзінің шикізат көзі мен сауда рыногына айналдырды [70, с. 165].

Патшалық Ресейдің ең бас көздеген мақсаты – қазақ жерін толығымен өзіне қарату, оның бар байлығын игеру, осы мақсатты жүзеге асыру барысында олар байырғы тұрғындарды өз жерінен қудалап, оларды шөлейтті жерлерге ығыстырып, қоныстанушы шаруларды шұрайлы жерлермен қамтамасыз етті. Жер – кез келген халықтың ата мұрасы, ата қонысы. XX ғасыр басындағы Қазан төңкерісінің алдында Дала өлкесінің тұрғындарының 42 пайызы орыстар болды. Ресейліктер қазақ жеріне ішкерілей еніп, Астрахань, Орал, Сібір, Жетісу казак әскери шептерін салып, тұрғылықты халықты жан-жақты қысымға алды. Орынбор өлкесінде қоныстанған 553 мың, Оралдағы 235 мың, Сібір шебіндегі 164 мың, Жетісудағы 59 мың казак-орыс әскери күші арқылы жергілікті халықты өзіне бағындырды.

Осылайша, XIX ғасырдың 90-жылдарынан бастап қазақ жеріне қоныс аударушылар пайдасына шешу толық күшіне енді. Бұл мәселені шешу және оны жүргізу барысында жергілікті қазақ тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық мүддесі ешбір ескерілмеді. Мысалы, 1893 және 1905 жылдар аралығында қазақ жерінен 4 миллион десятина шамасында жер бөлініп алынса, 1906-1912 жылдары келімсектерге бөлінген жер көлемі 17 миллион

десятинадан асты. Ал 1917 жыл қарсаңында Европалық Ресей бөлігінен қоныстанушыларға барлығы 45 миллион десятина жер берілді. Осының ішінде Ақмола облысы тұрғындарынан 5 миллион десятина құнарлы жер тартып алынды. Семей облысының үш уезінен (Өскемен, Семей және Павлодар) Сібірлік казак-орыс әскерінің 493 офицері 560000 десятина жерді иемденген [71, 106-б.].

Қазақ зиялыларының өкілі Телжан Шонанұлы өзінің «Жер тағдыры - ел тағдыры» атты еңбегінде: «Жерден айырылған қазақтар әсіресе жарлылар жылма-жыл жерді 1917 жылғы төңкеріске шейін ортаққа алып, шауып келді. Атты казак мал жайылуға арендаға жерді бермеді. Ортақ түрі былай болды: шабылған пішенді үшке бөліп, екісін атты казак, бірін шапқан қазақ алатын болды және орыс пішенін үйіп-жиып беретін еді. Сонда әлгі түскен пайданың үштен екісін атты казактың қолы қимылдамай, табаны ауырмай тапқан болады. ... Жерге орыс пен қазақ көзқарасы екі басқа» [72, 59-60 бб.].

Міне осылайша екі жақты қанауға әрі отарлау саясатының аяусыз езгісіне ұшыраған қазақ халқы ата қонысы мен тәуелсіздігінен айырылып қана қоймай, рухани жағынан да қыспаққа түсті. Отарлық езгі халықты сан ғасырдан келе жатқан салт-дәстүрінен, ділі мен дінінен айырып, ұлттық болмысын, тарихи ұлттық санасын жойып, рухын төмендетіп, барынша рухани жұтаңдыққа ұшыратуды көздеген шараларды жүзеге асырды. Бұл туралы М. Дулатов өзінің «Қазағым менің, елім менің» атты мақаласында: «Ең алдымен қазақ халқы – Россияға тәуелді халық ... Оның ешқандай правосының жоқтығы ыза мен кек тудырады. Халықтан жиналатын салық қаражатының көп бөлігі халыққа тіпті, керек емес нәрселерге жұмсалады... Өздеріңіз көз жазбай байқап отырғандай чиновниктер, урядниктер кедей қазақтарды ұрып-соғып, малдарын тартып, ойына не келсе соны істеді ...

Енді чиновниктер біздің дінімізге, атадан мұра болып келе жатқан әдет-ғұрыптарымызға, біздің моллаларға ғана тиісті неке мәселелеріне араласа бастады, діни кітаптарды тұтқынға алды ... », - деп орыс отаршыларының қазақ қоғамын ыдыратуға бағытталған саясатының мәнін ашып жазды [73].

XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдың басындағы қазақ жеріндегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың қиыншылықтарына қарамастан ағартушылық пен қазақ жастарының оқу-білімге деген құштарлығы, өркениеттілік даму жолына бағыт ұстанғандығы, олардың қоғамдық санасындағы серпілістердің жаңа арнаға түскендігі байқалды. Оның дәлелі, XX ғасырдың басындағы ұлт зиялы қауымының қалыптасып, рухани оянуы, мәдени-ағартушылық істің ілгерілеуі және сол дәуірдегі саяси төңкерістер кезінде ұлттың болашағы үшін күреске шығуы, елдікті сақтауды көздеген асыл азаматтарымыздың зор саяси күшке айналуы қазақ жастарының оқу-білімге ден қоюы, қоғамдық өмірге араласуы арқасында жүзеге асты. Осы кезеңде көптеген қазақ жастарының Мәскеу, Петербор, Қазан, Уфа, Орынбор, Омбы, Астрахан сияқты ірі білім ордаларындағы оқу орындарында оқи жүріп, саяси өмірге тікелей араласты.

Бұл ең алдымен XX ғасырдың басында қалыптасқан ұлттық-демократиялық жаңашыл идеяның пайда болуының өзіне тән

алғышарттарының бірі екендігі белгілі. Мәселен, XIX ғасырдың ақырына қарай Еуропа мәдениеті мен зиялылық ойлардың орталығы болған Петербор және Ташкент сияқты ірі қалаларға қазақ жастарының өкілдері білім іздеп келе бастады. Олардың қатарында Ж. Ақпаев, Б. Құлманов, Р. Мәрсеков, Б. Қаратаев, Б.Сыртанов, Ә. Бөкейханов, М. Тынышпаев т.б. атауға болады. Бұлар отарлық саясаттың салдарынан тартып алынған жерлерді қазақ халқына қайтаруды, мұсылмандық жолды ұстану, орыстармен тең құқыққа ие болу т.б. маңызды мәселелерді алға тартты. халқының алдыңғы қатарлы тәуелсіз автономиялы билікке ие мемлекет болуын көкседі [74, 58-59 бб.].

Өз ұлтының бостандығы мен тәуелсіздігін, оның келешегін ойлаған қазақ жастары студенттік кездерінен бастап қоғамдық-саяси бағыттағы әртүрлі мақсат-мүдделерін біріктіретін қоғамдық ұйымдар құруға және сол ұйымдардың тілі ретінде алғашқы жастар баспасөзін құруға да талпыныс жасаған. Мұндай талпыныс пен ниеттер ең алдымен сол ғасыр басындағы қазақ басылымдарының пайда болу ықпалынан туындағандығы да ақиқат, тарихи шындық.

Қазақ халқының арасында әлеуметтік белсенділіктің артуы, саяси-идеялық ахуалдың жақсаруы, тарихи санамыздың тоталитарлық жүйе қағидаларынан жаншылып қалғандығына қарамастан ғасыр басындағы қазақ баспасөздерінде ұлт тағдыры, оның болшағы ғана көтеріліп қойған жоқ, өскелең ұрпақты ұлтжандылыққа отансүйгіштікте тәрбиелей отырып, халқымыздың жасампаздық рухы насихатталғаны анық. Ал сол өткенімізді дәріптеу мақсатында, қазақ жастар баспасөзі жалпы ұлттық баспасөз тарихымен біртұтастықта, бір арнада дамығанын ескере отырып, сол жылдарға біраз шегініс жасап, оның алғашқы қалыптасу жылдарына көз жүгіртейік.

XIX ғасырдың аяғында Қазақстанда «Түркістан уәлаятының газеті» мен «Дала уәлаятының газеті» дүниеге келіп, бұл басылымдар қазақ баспасөзінің ресми органы ретінде халық арасына кең түрде танылa бастады. Негізінде «Түркістан уәлаятының газеті» Ташкент қаласында орыс тілінде 1870-1917 жылдар аралығында шығып тұрған «Туркестанские ведомости» газетіне қосымша Түркістан генерал-губернаторының ресми органы ретінде шығарылып, осы өлкеге қарасты территориядағы халықтарды халықаралық және Ресейдің ішкі-сыртқы жағдайларымен таныстырып отырды. Бұл газетті шығару ісіне Хасан Жанышев, Заманбек Шайхыәлібеков, Жүсіп Қазыбеков белсене араласып, аудармашы әрі әдеби қызметкері болды.

«Түркістан уәлаятының газетіне» патша үкіметінің заңдары мен жарлықтары, шаруашылық мәселелері, сауда, қазақ халқының тарихына, тіліне, ауыз әдебиетіне, этнографиялық мәселелеріне, сондай-ақ оқу-ағарту саласына жастарды тартуға қатысты мақалалар, фельетондар, хабарламалар жарияланып отырды [18, 27-28-бб.].

«Дала уәлаятының газеті» 1888-1902 жылдар аралығында Омбыда шығып тұрған. Алғашқы кезде газет Ақмола облыстық «Ведомостарына» ерекше қосымша ретінде, ал 1894 жылдан Ақмола, Семей және Жетісу облыстарының

«Ведомостарына» қосымша болып шығарылған. Газеттің орысшасы «Киргизская степная газета» деп аталды.

«Дала уәлаятының газеті» ресми және ресми емес бөлімдерден тұрып, ресми бөлімінде үкімет пен әкімшілік орындардың жарлық, бұйрық, нұсқауларымен таныстырып отырса, ал ресми емес бөлімде қазақ мәселесіне арналған тақырыптарда түрлі материалдар жарияланып тұрды. Атап айтсақ, қазақ халқының ауыз әдебиетіне, жазба әдебиетіне, тарихына, шаруашылығына, діни, ағарту салаларына арналған мақалалар жарық көрді [18, 28-32-бб.]. Бұл газетті белгілі библиограф Ү. Сұбханбердина: «Газет қазақ халқының қоғамдық-әлеуметтік ой-пікірлерін оятуға, мәдени, әдеби түсінігінің молая беруіне едәуір әсер етті. Саяси экономикалық мәселелермен қатар, оқу-ағарту ісінің жай-күйі, қазақ оқығандары мен ғалымдарының өмірі жайында бірқыдыру құнды мақалалар, хабарлар жариялады», - деп жаза келе, оны ұлттық баспасөздің алғашқы қарлығашының біріне жатқызды [75, 6, 16-бб.].

1905 жылғы 9 қаңтардағы қанды қақтығыстан кейін патша үкіметі төніп келе жатқан толқуларды болдырмас үшін съезд өткізуге және патша ағзамға мұқтаждықтарын білдірген петиция жолдауға мүмкіндік берген 18 ақпан «Бостандық манифесі» атанған рескриптке қол қойды. Бұл мектептерді ашуға, газет шығаруға, баспахана ашуға жол ашты. Сөйтіп, 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциядан кейін баспасөз саласы жанданып, орыс, татар тілдерінде бірнеше газет-журналдар дүниеге келді.

XX ғасыр басында қазақ тіліндегі жарық көрген алғашқы газеттің қатарынан Әбдурашид Ибрагимовтың редакторлығымен Санкт-Петербургта шығып тұрған «Ульфат» газетіне (татар тілінде) қосымша ретінде шыққан «Серке» газеті болды. Бұл газет бар-жоғы бірнеше нөмірі жарық көрді. Дегенмен де газет өзінің нендей мақсатты көздеп отырғандығын жарияланған мақалаларында айқын көрсетіп берді. М. Дулатов газеттің екінші санына жариялаған «Біздің мақсатымыз» деген мақаласында қазақ халқының Ресейге тәуелді болып отырғандығын, қазақ жеріне мыңдаған мұжықтар жер аударып, елдің дініне, атадан мұра болып келе жатқан әдет-ғұрпына араласып, халықты жан күйзеліске ұшыратып, оның арты үлкен ыза мен кек тудырғандығын келтірген болатын [73, 29-30-бб.]. Осындай мазмұндағы мақаладан кейін газетті патша үкіметі қауіптеніп жауып тастады. Одан кейін дүниеге келген «Қазақстан» газеті де ұзақ өмір сүрмеді (газет 1911-1913 жж. аралығында шыққан – З.Б.). Елеусін Бұйриннің редакторлығымен шыққан газет негізінде демократиялық, ағартушылық бағытты ұстанды. Елдің экономикалық, әлеуметтік және мәдени өміріне қатысты өзекті мәселелерді жариялап, кертартпа элементтерге соққы беруге тырысты [18, 27-28-бб.].

XX ғасырдың басында қазақтың өзінде меншікті баспахана болмады, бірлі - жарым қазақ тілінде жазылған кітаптар Қазан, Орынбор, Уфа қалаларында татар баспаханасы арқылы ғана басылып шығып тұрды. Сондықтан да елде газет, журналдар шығару мүмкін болмады. Алайда, қазақтың сол кездегі кейбір оқығандары, өз қаржыларына газет - журналдар шығаруға талаптанған. Соның бірі - Мақыш Қалтаев 1905 жылы бірінші рет қазақ тілінде «Тұрмыс»

атты қолжазба журналын жазып, таратқан. Журналдың көлемі 22 бет, ішінде малға сатылған, байлардың есігінде жүрген сегіз қазақ әйелінің суреті бар. Журналда көбінесе қазақтың ескі әдет - ғұрпы, теңіне қосыла алмай, малға сатылып, қорлықта жүрген қазақ әйелдерінің тұрмысы және жастардың оқу оқып, білім алуға талаптануы керек екендігі жазылған.

«Тұрмыс» журналының 1 - саны қолжазба түрінде шыққан, одан әрі баспа арқылы шығаруға мүмкіншілік болмағандықтан, тоқтап қалды. Бұл журналдың қолжазба түрінде шыққан №1 саны қазір Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Орталық ғылыми кітапханасында сақтаулы [76].

Қазақ жастарына арналған мерзімді баспасөз XX ғасырдың алғашқы онжылдығында шыға бастады. Әрбір тарихи құбылыс сияқты, мерзімді жастар баспасөзі пайда болуының өзіндік себептері мен заңдылықтары болды.

Қазақ баспасөзінің алғашқы қарлығаштарының бірі ретінде - 1911 жылы Елеусін Бұйрин деген азамат өз қаржысына қазақ тілінде «Қазақстан» атты журнал шығарған. Оның 1-2-ші сандары алғашқыда Орда қаласында, кейінгі сандары Орал қаласында шыққан. Журналда халықаралық хабарлар, қазақтардың тұрмысы мен әдет - ғұрпы, өлең - жырлар басылған. Алайда, қаражаттың тапшылығынан, оның кейбір сандары уақытында шығып тұрмады. Осының салдарынан журнал 1913 жылы ақпан айында жабылған. «Қазақстан» журналының барлық сандарында басылған түрлі мақалалар мен өлең - жырлар Орталық ғылыми кітапханада сақталуда, оларды «Қазақтың революциядан бұрыңғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар» атты көрсеткіштен оқып, танысуға болады.

Осы «Қазақстан» журналынан кейін «Қазақстан» газеті шыға бастайды. Алайда бұл газеттің көптеген нөмірлерінің қазақ жерінде сақталмай қалғандығынан, сол сияқты газеттің ескі араб графикасымен шығып тұрғандықтан оны оқып-зерттеу қиын болған. Бұл «Қазақстан» газеті жөнінде түрліше жаңсақ пікірлер айтылып жүр. Мәселен, оны біреулер газет емес, журнал еді десе, басқа біреулері ол ұжым қаржысымен емес, жекелеген адамдардың қаражатымен шыққан еді.

Әуелі Бөкей Ордасында, кейін Орал қаласында шыққан «Қазақстан» газетін оқығанда, Бақытжан Қаратаевтың оның ісіне белсене атсалысқаны көзге түседі. Тіпті ол кейде Семей облысынан келген хаттарға редакция атынан жауап беріп отырады, мысалы; Ғ. Жүсіпов деген азамат редакцияға хат жібереді: «мен ақшалай көмек беруге мүмкіншілігім бар»,- деп жазады.

Белгілі ғалым Б. Кенжебаев «Қазақстан» газетін «нағыз прогресшіл, демократияшыл бағыттағы газет деуге болады» деп бағалайды [77]. Автор келесі бір еңбегінде 1912 жылғы Лена алтын кенішіндегі жұмысшыларды далаға шығарып қардың үстінде атылған оқиғаға байланысты «Қазақстан» газетінің 1912 жылғы 4 сәуірде жарияланған мақаласын және хабарларын сөз етіп: «Тегінде бұл мақаланың авторы я ұйымдастырушысы Орал большевиктерінің бірі болуы керек. Қазақ еңбекшілері арасында революциялық идеяны тарату үшін Орал большевиктері «Қазақстан»

газетінің редакциясымен келісуі бойынша оның бетін пайдалануы әбден мүмкін» [78].

Осындай пікірлерден барып «Қазақстан» газеті қандай ұйымның газеті болғандығын анықтау қажеттігі туындайды. Қазақ баспасөзінің алғашқы қарлығашы Ғұмар Караш – «Қазақстан» газетін ұйымдастырушысы, көрнекті ақын, ойшыл - философ, халқын өнер мен ғылымға үндеген ағартушы, дін жолын, араб, парсы, түрік, татар тілдерін жетік білген, өз дәуіріндегі мерзімді баспасөз беттерінде қазақ жұртының көкейкесті мәселелеріне жаны ауырып, ой толғады, «Қазақстан», «Дұрыстық жолы» сияқты газеттер мен «Мұғалім» журналының тұңғыш шығарушысы, баспасөз жанашыры болды.

Ғұмар Караш 1875 жылы Батыс Қазақстан облысының Бөкей ордасының Қырқұдық ауылында кедей шаруаның отбасында дүниеге келген. Әкесінен ерте айрылған Ғұмар жастайынан өмір тауқыметін тартып өседі, ағаларының қамқорлығы арқасында зерек бала Жалпақтал медресесінде оқып, мұсылманша хат таниды, ауыл молдасы болған. Ол кезде кез – келген ауылда молда, не мешіт, мектеп бола бермеген. Сондықтан медресе бітірген зерек Ғұмарды ерте оқытып, өз ауылында пайдаланып отырған. Ғұмар 1902 – 1910 жылдар аралығында өзі туып өскен Тіленшісай, Борсы елді мекендерінде жәдитше бала оқытады. Ол медреседе құран, иманшарт, әптиек сияқты діни сабақтарды үйретумен болады.

Тарихшы И. Кенжалиев өзінің «Ғұмар Караш» атты еңбегінде: «Газет Ғұмар Караштың ұсынысымен «Қазақстан» деп аталды». Оның алғашқы екі саны Орда қалашығында 1911 жылы 16 наурыз, 27 мамырда жарық көрді. Бұл ол кезде үлкен ерлік, зор табыс еді. Қазақтың өз жерінде тұңғыш қоғамдық - саяси газет дүниеге келді, - деп тұжырым жасайды автор [79].

Сонымен «Қазақстан» газетінің басқармасы Борсыда жайғасады, ал басылымның ресми редактор - шығарушысы жаңа қалалық мұғалім Елеусін Бұйрин, қазақша жағын дұрыстаушы Ғұмар Караш болады деп шешілді. Орыс қаріптері Орда қаласындағы Щелкова баспаханасынан, араб қаріптері Мұхамедқали Мусин дейтін саудагер татардан сатып алынады.

1911 жылы мамырдан қарашаға дейінгі аралықта, қаржы тапшылығынан баспахананың құрал – жабдықтары жетіспегендіктен газет шықпай қалды. Ғұмар Караш пен Елеусін Бұйрин екеуі Бакуге аттанды, сондағы ықпалды адамдармен кездеседі. Ғұмар Караш пен Елеусін Бұйрин екеуі Бакуге аттанды, сондағы ықпалды адамдармен кездеседі. Ғұмар осы сапары туралы жазған өзінің «Баку» атты очеркінде былай деп келтіреді: «Былтыр, 1911 жылы зауза жұлдызының бас күнінде «Қазақстан» газетін атқа мінгізіп, адам ету қайғысында адамдар арасында етілген бір қаулы бойынша Баку қаласында болған елден екеу шықтық... Еріккен екі тентек елден шығып кетті деушілер көп болса да, шын көңілдерімен «Қайырлы сапарлары болып, жеңіл барып, ауыр қайтқай» - деп те тілеген адамдар болды» [73].

Сөйтіп, газеттің алғашқы екі саны Ордада жарыққа шығады да, кейін Оралға көшіріліп, жергілікті ахун Мұтиғолла Тухфаттуллин және оның серіктерінің баспаханасында басылды.

Орал қаласына келісімен баспахана «Қазақстан» газетін шығаруды жалғастырып, 1911 жылдың 15 қарашасында оның №1 саны қайтадан шықты. Газетті бұдан әрі шығарып, таратып отыру үшін Бақытжан Қаратаев пен Ғұмар Караш қазақтың сол кездегі көзі ашық, 27 оқығандардың басын қосып, жиын өткізеді, қатысушылардың әрқайсысы баспаханаға 20 сомнан жарна беріп тұруға келіседі.

«Қазақстан» газеті революцияға дейінгі қазақ тілінде жарық көрген басқа да мерзімді баспасөздермен салыстырғанда демократиялық, реформаторлық идеяларымен, яғни әлеуметтік – прогрестік бағыттағы сапалығымен ерекшеленеді. Оның алғашқы санында баспасөздің ұлт санасын тереңдетудегі рөліне айрықша тоқталады. Ғұмар Караш өзінің «Газет деген не зат?» - деп аталатын мақаласында: «Бізді бір ниет, бір тілекке жиятұғын зат – газет! Газет біздің білгенімізді көрсететін ұстазымыз! Газет біздің қараңғыда жарық беріп, тура жолға салатын шамшырағымыз! Біз қазақ балаларына бұның қадірін біліп, ортамызда жанған бір шамның сөнбеуіне тілекші болу, аз, ақшаны аямай жазылып, алып, оқу парыз» [80].

1911 жылы 15 карашада «Қазақстан» газетінде жарияланған «Бұл қай заман?» атты мақаласында Ғұмар Караш ғылым – бүкіл адамзаттың игілігі, сондықтан қай тілде болмасын меңгеру мұрат деген озық ой ұсынады [81].

Ақынның «Тіршілік таласы» мақаласында: «Ата – бабадан келе жатқан жалқаулықты тастап, тәуекел ердің жолдасы деп ғылым, өнер жолына түсіп, бүтін жұрт үлес алып жатқан дүниеден бізге де үлесімізді алу керек», деп жастарды өз халқының патриоты болуға меңзейді [82].

Прогрессивті демократиялық бағыттағы басылым бетінде жарияланған Ғұмар шығармаларының тақырыбы әр алуан болды, айталық «Халықты ояту үшін не керек?» деген мақаласында ол сол кездегі прогрессивті идея шаруашылықты дамыту үшін кооперативтік қозғалысты дамытып, бірлесе жұмыс істеудің керектігін айтады [83]. Сонымен бірге басылымда саяси тақырыптар да сөз болады. 1912 жылы жарияланған «Ленада болған оқиға» және «Ленада болған оқиғаның зардабы» атты мақалалар соның айқын айғағы [84].

Өнер, білімге шақырған, саяси сауаттылықты үндеген Ғұмар Караш және басқа да «Қазақстан» газетін шығаруға атсалысқан қазақ зиялылары аталмыш басылымнның не бары 18 санын ғана шығарып үлгерді. 1911 жылдан бастап жарық көрген «Қазақстан» газеті қаржатының жетіспеушілігі мен полицейлік бақылау, цензор талаптарының салдарынан 1913 жылы жабылды. Кейбір зерттеушілер аталмыш басылымның жабылуы жөнінде мынадай тұжырым жасайды: «Газета «Казахстан» была закрыта властями за пропаганду вредных взглядов, а ее сотрудники подвергались преследованию и арестам» [79].

Қорыта айтқанда «Қазақстан» газеті қазақ елін оқу – білімге шақырған, отырықшылық өмірге, мәдениетке үндеген, халықтың саяси ой - санасын өрістетуде елеулі рөл атқарған прогресшіл бағыттағы маңызды басылым бола білді. Оның ұйымдастырушысы болған Ғұмар Қарашты XX ғасырдың бас

кезінде қазақ халқының саяси – құқықтық, ұлттық мүддесін қорғауда баспасөз басылымын құрал еткен ірі тұлға деп тануымыз ләзім.

Осы жылдардағы басылымдар мен ұлт зиялыларының еңбектеріндегі мәліметтер көрсеткендей XX ғасыр басында мұсылман халқының, соның ішінде қазақтардың арасындағы қалыптасқан қоғамдық жағдайына сәйкес ұлттық қозғалыс тамыр жая бастағандығы, халықтың рухани оянуында үлкендердің сеніміне ие болған оқыған қазақ жастарының рөлі артып келе жатқандығын байқауға болады.

Көріп отырғанымыздай, XX ғасырдың басында қазақ өлкесінде болған демократиялық жаңғырулар, ұлттық сананың оянуы ұлт зиялыларының баспасөз ісін қолға алып, халық арасында мәдени-ағартушылық жұмыстарын кеңінен жүргізулерінің нәтижесі еді. Бұның тарихи дәлелі ретінде 1911 жылдың қаңтарынан бастап, 1915 жылдың қыркүйек айына дейін Троицк қаласындағы «Энергия» баспаханасында қазақ тілінде үзбей шығып тұрған «Айқап» журналы халқымыздың әлеуметтік, саяси өмірінде, әдебиет пен мәдениетімізді насихаттап, таратуда елеулі рөл атқарды. «Айқап» журналының шығуы, редакторы, белгілі Алаш азаматы, ұлт қайраткері Қостанай облысы, Шұбар болысы №5 ауылында дүниеге келген М. Сералиннің есімімен тығыз байланысты. Оның редакторлығымен және жауапкершілігімен «Айқап» журналының негізгі бағыты былай анықталған болатын: бас мақала, шетел хабарлары, мұсылман өмірінен мәселелер, хроника, фельетондар мен өлеңдер, библиография және ғылыми мақалалар, әртүрлі хабарлар мен редакцияға түскен хаттар бағдарламасын басшылыққа алған [2, 25-б.].

Сонымен XX ғасыр басында халық арасына кең түрде тараған, қазақ зиялыларын айналасына топтастыра білген басылымдардың қатарына «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті жатады. Бұл екі басылым да революцияның жаңадан өрлеу кезінде дүниеге келіп, халықтың қолдауына ие болып, түрлі мәселелер төңірегінде мақалалар жариялап, айтыс- тартыстар өткізіп отырды. Егер қазақ баспасөзінің көшбастаушысы «Дала уалаяты» газеті болса, қалың журналдар шығарудың тарихы осы «Айқаптан» басталады. Оның бірінші нөмірі сол жылы өз оқырмандарының қолына тиді. Қазақ арасына кең тараған, әсіресе, қоғамдық өмірдегі өзгерістер мен жаңалықтар жөнінде, сондай-ақ, халықтың, әдеби мұралары жайында толық мағлұматтар беріп отырған бірден - бір ақпарат көзі болған осы журнал еді.

Қазақ баспасөзінде жастар мәселесі туралы көп көңіл бөлген «Айқап» журналы 1911 жылдың қаңтарынан бастап «Қазақстанмен» бір мезгілде жарық көріп, 1915 жылдың тамызына дейін Троицкі қаласында шығып тұрды. Журнал 1915 жылдың қыркүйек айына дейін айына бір рет, кейін екі рет шығып тұрды. Барлығы 88 нөмірі жарық көрді, таралымы 1000-2000 дана. Журналды шығарушы әрі редакторы, демократ - жазушы Мұхаметжан Сералин болды. Оның жұмысына белсене қатысқан, Ә. Ғалымов, С. Торайғыров, С. Сейфуллин, Б. Майлин, С. Дөнентаев, С. Көбеев сияқты көрнекті ақын, жазушылар қазақтың ой-пікірінің оянуы мен ұлт мәдениетінің дамуына елеулі үлес қосты.

«Айқап» - Абай, Шоқан, Ыбырай секілді қазақ ағартушылары бастаған прогресшіл - демократиялық идеялардың жаршысы болды. Мақалаларда қазақ халқының ХХ ғасырдың басындағы саяси - әлеуметтік өміріне, мәдениеті мен әдебиетіне, тілдің дамуына, халық ағарту ісіне көп бөлінді. Көшпелі қазақтардың қоғамдық-экономикалық жағдайын толық көрсетті, отырықшылық тұрмысқа көшудің қажеттігі жазылды. Әйел теңсіздігі мәселесін қозғады, нәтижесінде Сақыпжамал Өтегенова, Мәриям Сейдалина сияқты қазақ әйелдері арасынан алғашқы тілшілер тәрбиеленіп шықты.

«Айқапта» А.С. Пушкиннің, М.Ю. Лермонтовтың, Л.Н.Толстойдың, А.П. Чеховтың шығармалары, Фирдоусидің «Шаһнама» дастанынан аудармалар жарияланды, оларды ынталы қазақ жастары асқан қызығушылықпен оқығаны жайында мақалаларда атап көрсетілген.

«Айқап» журналының бетінде жарияланған мақалар қоғамдық өмірдегі өзгерістерге ғана көңіл бөлген, сол қоғамдағы оқиғаларды жұртшылыққа таныстыру арқылы қазақ жастарын тәрбиелеуге, оларды сауаттылыққа шақырды, озық елдердің мәдениетін үйренуге, жалпы қазақ қоғамында жаңа бетбұрыстар шақыруға жұмылдырды.

«Қазақ» газеті А. Байтұрсыновтың редакторлығымен, М. Оразаевтың шығаруымен 1913 жылы 2 ақпанда Орынбор қаласында «Кәрімов, Хұсайынов баспаханасында» басылды. «Қазақ» газеті Каспий теңізі мен Қытайға дейінгі аумақта орналасқан қазақтар арасында кең түрде тараған басылым болды. Газетті бастапқы кезде 3000-нан астам адамдар жаздырып алса, кейінірек оның оқырмандары көбейіп, тиражы 8000-ға дейін жетті. Мұның сол кез үшін үлкен жетістік болғаны даусыз. Ол жастар мәселесіне айрықша көңіл бөлді, оларды әдеби және журналистік шығармашылыққа баулып отырды. Жас ұрпақты өнер мен білімге шақырумен болды. Ұлттық мектеп ашу, жастарды тәрбиелеу, мәдениетті өркендету мәселелері газетте үзбей жазылып тұрды, әсіресе ғылым әспеттелді. Қазақ халқын өркениетті елдер қатарына қосатын проблемалар көтеріліп тұрды. Сондай-ақ, халықтың тұрмыс жағдайы, әйел теңдігі сөз болып, қазақ қыздарын өздерінің жарқын болашағы үшін күреске шақырып отырды.Өзінің мақсаты мен көздеген мүддесін алғашқы санында жарияланған «Құрметті оқушылар!» атты арнау мақалада «Әуелгі газета –халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға сөз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газет жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр сықылды» деп жазылуы басылымның негізін айқын аңғартатын.

Бірінші дүниежүзілік соғыс патшалық Ресейдің бодандығында болған қазақ халқының өміріне біраз өзгеріс әкелді: соғыс ауыртпалығы отаршылдықтың езгісін күшейтті. Оның бір көрінісі ретінде қазақтардың жерін тартып алу бұрынғыдан да күшейе түсті. Бұл туралы патша әміршілдері де жазған. Генерал - губернатор Куропаткиннің күнделігінде: «Особенно для меня не объяснимо отдача в 1913, 1914, 1915 годах одного миллиона 800 тысячь десятин в Семиреченской области под скотоводство различным лицам... Боюсь, что это будет хуже знаменитых «башкирских земель». Мы сами не знаем, куда клоним»,- деп 1916 жылы сезіктене жазған [64].

Осы ауыртпалықтарға қосымша ел арасына тараған «қазақтан солдат алады екен» деген алып - қашпа өсек - аяң ел ішінде үрей туғызып жұртты шошындыра бастады. Сондықтан да «Қазақ» газеті бұл соғысқа баса назар аударып, оның шығуы, барысы жайлы, соғысушы елдердегі жағдай жайын жазып тұрды. «Сыртқы хабарлар» айдармен қысқа хабарлар беріліп тұрса, 1915 жылдан бастап оған «Соғыс», «Газеталардан» деген айдарлар қосылып, ақпарат хабарлар ауқымы кеңейді. Ел өміріне тығыз араласқан қайраткерлер А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ә. Бөкейханов өз пікірлерін ашық айтып, көзқарастарын білдіріп, елге ақыл - кеңеске жарарлық мақалалар жариялап отырды. Әсіресе, А. Байтұрсыновтың халықаралық тақырыпқа арналған «Соғысушы патшалар», «Бұ заманның соғысы», «Соғыс жайымен» атты туындыларында империалистік соғыстың шығу себептері түсіндіріліп, соғысушы елдердің күш салмағы салыстырмалы түрде қарастырылған [4]. Жедел хабар таратудың сол кездегі бірден - бір құралы газет болатын. Ел көбіне шындықты осы «Қазақ» арқылы біліп отырды.

Патшаның қазақтан солдат алуына байланысты М. Дулатовтың «Қазақтың» 9 ақпандағы санында: «Г. Дума һәм солдаттың мәселесі» деген мақаласы жарық көрді. Онда қазақтан солдат алудың бар мәселесін нақты шешу үшін Думаның ашылуына қарай Самарадан Ә. Бөкейханов, Орынбордан А. Байтұрсынов, Ақтөбеден Н. Бекметов кеткендігін, олар қазақ даласының әр тұсынан жиылған пікір – тілектерді алып аттанғаны айтылды [85]. Ә. Бөкейханов «Солдат ала ма?», «Петербург хаты» атты сериялы мақалалары арқылы қазақтан солдат ала қалған жағдайда, қазаққа солдаттың қай түрі қолайлы екендігі жайында ой қозғайтын біраз мақалалар жариялайды [86]. Солардың ішінде «Не істеуге», «Тағы не істеуге» деген атпен берілген хаттары берілген жәйттер халыққа түсінікті болды.

Осы газеттің шығып тұрған кезеңін, сол тұстағы қазақ қоғамының дамуымен қатар жалпы қазақ даласындағы сауаттылық деңгейімен салыстырмалы қарағанда, алғашқы қазақ жастар басылымдарының прогрестік рөл атқарғандығы анық.

Сол кездерде газет шығару мәселесінде Еуропа көш ілгері кеткен болатын. Онда газет – ғұмыр айнасы, газетке ерекше мән беріліп, ол ұлы патшалықтың бірі деп саналатын. Осыларды жаза отырып, Ә. Бөкейханов «Ашық хат» атты мақаласында қазақ қоғамындағы газеттің орны, оны шығарудың қиыншылықтары мен проблемаларын арнайы сөз етеді. Ол: «Газетаны күйлеп, жаратып бәйгеге қосуға өз алдына шебер, білгіш, жүйрік керек... Газетаға басшы болу кім болса, соның қолынан келмейді. Газета ісі үй алғаш болса, басқарма мұның тезі болады... Тілші, хабаршы – газетаның отыны», - дейді [87]. Алаш басшыларының басылымға қойған осы биік талаптарын бүгінгі тәуелсіздікпен келген ақпарат тасқынында ескере түссек, артық болмас еді.

«Қазақ» газетінің нені көздегенін былай деп көрсеткен еді: «Қазақ» алғашқы сандарының бірінде өзінің ұстанған жолын айқындап, оқырмандарына мақсат-мүддесін нақтылап түсіндірді: «Бұл газетаның мақсұты – жұрт пайдасына көз болу, қазақ арасына өнер, ғылым жайылуына басшылық

ету, басқа жұрттың халінен хабар беріп таныстыру. Сол мақсаттарды орнына келтіру үшін зәкүншіндерді, хакімдерді бұйрық-жарлықтарын білдіріп тұру, Государственная Дума һәм Государственный совет жұмыстары турасында жете хабар беріп тұру, ішкі һәм сыртқы хабарды жазып тұру, қазақтың бұрынғы және бүгінгі жайын кеңесу, оқу, оқыту, мектеп-медресе, школа, ғылым, өнер, тіл-әдебиет турасында жөн көрсету, адам һәм мал дәргерлігі жайынан жазу» [88].

С. Сәдуақасов 1919 ж. Омбыда орыс тілінде шығатын «Трудовая Сибирь» журналының №1 санында жарияланған «Киргизская литература» атты мақаласында шығарылып тұрған мерзімді баспасөздің жетеуінің атын атаса, оның соңғы үшеуін жастардың шығаратынын атап көрсетеді. «Қазақ» (Орынбор), «Сарыарқа» (Семей), «Бірлік туы» (Ташкент), «Ұран» (Бөкей Ордасы) газеттеріне қысқаша сипаттама бере келіп, жастарға ықпалы жағынан «Қазақ» газетін бірінші орынға қояды.

«Қазақ» ең алғашқы санынан бастап-ақ жастар мәселесін көтере білді. Мақала, хабарлардың көпшілігі қазақ жастарының оқуы, мәдени-ағартушылық істері жайын көтерді. «Қазақ» газетін ғылыми тұрғыда зерттеген ғалым Ө. Әбдіманов оның мәнісін былай деп түсіндірген еді: «Өйткені бұл газеттің басты мақсаттарының бірі еді. Батысшылдық бағытты ұстанған қазақ зиялылары, туған халқының өзгедей өркениетті елдер секілді ғылым-білім жолына шығуын көкседі. Газеттің әсіресе, ерекше назар аударғаны оқу-ағарту ісі болды. Мұның өзіндік себебі де жоқ емес. Алдымен қазақ айналасындағылардың бәрі осы ағарту саласында тікелей немесе жанама болса да мектеп-медресе жұмысымен байланысты адамдар еді. Екіншіден, газеттің бас жазушысы (редакторы) А. Байтұрсынов шын мәніндегі ұстаз-педагог болатын-ды» [89].

«Қазақ» газетіндегі жастар мәселесіне көп көңіл бөлгендер ұлт қайраткерлері А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ә. Бөкейхановтар болды. Сонымен қатар Ш. Құдайбердіұлы, М. Жұмабаев, С. Дөнентаев, Б. Майлин газетінде жарияланған материалдарында жастарды өнер-білімге шақырып, ұлтына қызмет етуге үндеді.

Газет «Ағаш кесетін балтаның сабы ағаштан болмай ма?» деп атпен жарияланған мақалада жастар үшін Сібірде ауылшаруашылық институты ашылатындығы, бұл оқу орны Барнауылда ашылмақ екендігі, оның қазақ үшін аса пайдалы екендігі айтылса [90], «Оқушыға жәрдем» деген мақалада Орынборда татарлардың «Оқушы жәмиғаты» дейтін орыс мектептерінде оқып жүрген мұсылман балаларының мұқтажы болса, соған қарасу екендігі айтылып, Петербордағы политехникалық институтта оқып жүрген Ырғыз уезінің Аманкөл болысының 7-ші ауылының қазағы Тел Боқпанұлы Жаманмұрыновтың осы жәмиғатқа арыз беріп, көмек сұрағандығынан, олар 25 сом көлемінде ақша бермек болып жатқандығы айтылды [91]. Ал «Бұл қалай!?» деген мақалада қараңғыда жатқан жұрттың көзін ашпақ үшін «Усул жәдид» мектептердің ашылып, олардың қатарының жылдан-жылға көбейіп келе жатқандығын айта отырып, Орынбордағы «Хұсейния» медресесіне

тоқталады. Мақалада көрсетілгендей бұл оқу орны 1905 жылы ашылып, онда 20-30-дай мұғалімдер дәріс берген. Қазақ балалары бұл медреседе стипендиямен және өздері ақы төлеп оқып, соңғы жеті-сегіз жылдың ішінде 100-ден аса шәкірт оқу бітіріп, көбі мұғалім болып, бала оқытумен халыққа қызмет етіп жатқандығы келтірілді [92]. Көріп отырғанымыздай, газет ең бірінші санынан бастап-ақ қараңғылықта жатқан жастарды оқытуға, білім-ілімнің керектігіне қарай сүйреді.

Уфадағы «Ғалия» медресесі оқуға түскісі келген қазақ жастарға арнап «Қазақ» газеті олардың қабылдау ережесін жариялады. 1913 жылғы 10 шілдедегі санында медресеге түсуші шәкірттердің қыркүйектің 15-не шейін арыздары мен құжаттарын тапсыруы қажет болды. Бұл құжаттардың арасында жеке басын растайтын құжаты мен дәрігерлік анықтамасы міндетті түрде болуы тиіс болды. Оқуға түсетін шәкірт медреседе тұрып оқыса жылына алпыс сом, ал пәтерде тұрып оқыса отыз сом оқу ақысын төлеуге тиіс болды. Шәкірттерден бөлек медресе тыңдаушыларды да қабылдай алды. Олар жылына қырық сом төлеуі тиіс болды. Қазақ балалары мынадай сабақтардан емтихан тапсырулары тиіс болды: сарф араби мукамәл, нахуа араби, қираат арабия, қираат түркия, имлә уа инша түрки, тарих, жағрафия, есеп [93]. Міржақып Дулатов қазақ жастарының көп оқитын медреселеріне Уфа, Троицкі, Орынбор, Қызылжар, Семей, Қарғалы медреселерін атаған [94].

«Қазақтың» екінші санының бас мақаласында да жастарды оқу-білімге тартудың болашаққа зор маңызы барлығын, сондықтан балаларды мектеп-медреселерге беруден қорықпау керектігін айтса [95], Ахмет Жанталин «Медреседе оқып шыққан шәкірттерде не болашақ?» деген мақаласында медреседе оқудың не үшін керектігін жеткізуге тырысты. Ол медресені оқып, еліне қайтып келгеннен кейін өз аймағының балаларын жинап оқытып қана қоймай, білімін одан әрі жетілдірсе деген мақсатты көздеді. «Біздің шәкірттер үшін медреседе біліп шығу керек болған нәрселер: педагогика (усул тағлим және тәрбие), өз еліміздің (түрік елінің) тарихы һәм қазақша бек әйбат оқи, жаза білу, орысшаны да таза білу» дей отырып, есеп, химия, фәлсафа оқу арқылы ел-жұртқа пайда тигізуді көздеу керектігіне үндейді [96].

Газет әр санында қазақ балаларын оқыту барысы жайында, атап айтсақ, жетістіктері мен кемшіліктері жөнінде де жазып отырды. Торғай облысы, Ақтөбе уезіне қарасты Тұзтөбе болысының 6-ауылының қазағы Тасмұхаммед Тасыбайұлы он жылдан бері өз шығынымен мұғалім ұстап, төңірегіндегі қазақ балаларын орысша оқытуға себепші болып отырғандығы қуана хабарланса [97], Ақтөбе уезіне қарасты Қобда болысының 2-ауылының Бөрекеш Хазірет Ихсан мырза мен Байтұрлы қажы бірігіп мешіт-медресе салып, оған «Уфа» қаласындағы «Ғалия» медресесін бітірген Мулуд деген мұғалімді алдырып, 50-60 шамалы қазақ балаларын оқыта бастағанын жазады [98].

Қазақ балаларын оқыту ісі Қарқаралыда ашылып, жақсы жолға қойылғандығын айтқан мұғалім Ержан Аймановтың хаты жарияланды. Қарқаралыда 3 класты қалалық училище барлығын, бұрындары осы училищеге тек орыс балалары ғана оқуға қол жеткізетіндігін айта келе, ендігі қалада

бұрыннан келе жатқан 7 мектептің жетіспеуінен тағы да 5 мектеп ашқандығын, онда қазақ балаларымен қатар қыз балалар да оқып жатқандығын айтады. Тіпті осы мектепті бітіріп шыққан Ыбырай Ақпаевтың қызы Семейдегі әйелдер гимназиясында оқып жатқандығын қуанышпен хабарлады [99]. Зайсанда да «Қазақия», «Ғазатия» деген мктептерде қазақ балалары усул жәдид бойынша оқытылып, ата-аналары балаларының ғылым үйренгендігіне риза болған [100].

Газетке медресенің оқу жүйесіне, кейбір мұғалімдердің сабақ беруіне риза болмаған шәкірттер батыл түрде оқу тәртібін талап ете алған. Мәселен, «Хұсейния» медресесінде оқыған 123 шәкірт (бұлардың арасында қазақ шәкірттері де бар – З.Б.) медресе бастығына осы мазмұнда арыз берген. «Қазақ» газетінің жазуы бойынша алайда олардың бұл арыздары қабыл етілмеген. Осы жауапқа қанағаттанбаған 52 шәкірт медреседен бірден шығып кеткен [101].

Ірі қалалардағы медреселерді бітіріп келген шәкірттер кей жағдайда мұғалімдік жұмыс таба алмай қиналып қалатын жағдайлар да болды. Қапал уезінде Тұрысбеков-Мамановтардың мектебінде 1911 жылы орысша оқытуға алынған қазақ мұғалімін оқу инспекторы шығарып тастап, орнына орыс мұғалімін қойған [102]. Бұндай жәйттер жаңа оқу бітірген жастардың көңіліне қорқыныш ұялатты. Сондықтан көп жағдайда газеттерге хабарлама беріп, жұмыс іздеулеріне, ол жұмыстар табылса да ертең сол орнынан айырылып қалама немесе ақысын төлемей қоя ма деген қорқыныштан арылмады. Тіпті «Қазақ» газетінде шақыртып алып, балаларын оқытып, жалақыларын төлемей қойған болыстардың барлығы жайында да хабарлар басылды.

«Қазақ» газетіне Досмайыл қажы Қашқынбаевтың «Шәкірттер жайынан» деп аталған мақала жариялап «Ғалия» мен «Хұсейнияда» оқып бітірген жастардың қайда жүргендіктерін, немен айналысып жатқандықтарын білгісі келген. Нақтырақ айтқанда Қазанда оқыған Зұлқарнайын Ескендір, Уфадағы «Ғалияда» оқыған Зейін Алғабидин, Арабай, Орынбордағы «Хұсейнияны» бітірген Нұраддин, Ғалымаддиндер, Троицкіде оқыған Ахмет Жанталин, Хұсейін Ғабдолла, орысша-қазақша оқыған Хабиболла Лекеровтардың тағдырын білгісі келген. Қимылдамай тек жататын заман еместігін ескертіп, іспен айналысуын өтінген [103].

Досмайыл қажының іздеген Ахмет Жанталині «Қазақ» газетінің авторларының біріне айналды. Қажының мақаласы жарияланғаннан кейінгі келесі нөмірде А. Жанталиннің «Емтихан» деген шағын мақаласы жарияланып, Петропавл уезіне қарасты Срединский болысындағы Қасымбек қажы Жарылғамысов деген байдың жалдауымен бала оқытып жатқан Троицкінің «Расулия» медресесін бітірген Хамзабай Боқаевтың жыл бойғы берген білімін тексеру мақсатында шәкірттерінен емтихан алғандығы, оған ата-аналары да қатысып, балаларының өткір-өткір жауап бергендігіне қуанысып, қажының келесі жылы медресе қасына мектеп салу жөнінде ойының барлығын айтқандығын жазды [104].

Ахмет Жанталин қазақ зиялыларының арасына белгілі болып, «Айқап» журналы мен «Қазаққа» бас қосу мәселесіне орай ой тастаған және қазақтың өзекті мәселелеріне қатысты мақалалар жариялаған.

Қазақ жастарының арасынан оқу бітіргендердің бірі Абдолла Тоқаев та баспасөзге белсене араласып, түрлі тақырыптарда «Қазаққа» жиі материалдарын жариялап отырды. Ол тіпті бұрыннан қалған ескі сөздердің жоғалып кетпеуін, болашақ жастардың біліп жүргенін дұрыс санап, қариялардан жазып алған бағалы сөздері мен өлең-жырларын, күлдіргі әңгімелерді газетке жолдап отырған. «Қазақ» газеті: «Ғабдолла Шоқаевқа: ескі сөздер теріп, жазып жібергеніңіз игі жұмыс. Аталарымыздың ардақты ауыздарынан шығып бізге қалған қымбат бағалы сөздерін, ескі ақын жырауларымыздың өлең-жырларын, қуларымыздың қулық үшін шығарған әзілдерін теріп, қағаз бетіне түсіре беру – мен қазақпын дегеннің міндеті, борышы», - деп оған ризашылығын білдірген [105].

Қазақ жеріндегі мектеп-медреселерді сол оқу орындарында оқыған немесе Троицкі, Орынбор сияқты қалалардағы оқу орындарын бітіріп келген жастар сабақ берді. Зайсандағы мектеп «Ғизатия» мен «Қазақияда» дәріс берушілер де осындай шәкірттерден болған. «Қазаққа» жарияланған мақалада «Қазақияның» бас мұғалімі Тәшен Қиямбеков болса, келесі жылы сол Зайсанда оқыған Бәліл Бисембаев деген жас жігіттің мұғалім болып келетіні айтылды [106].

Уфадағы «Ғалия» медресесінен оқып шыққан шәкірттер Қазақстанның түпкір-түпкіріне газеттерге арнайы жарнама берумен немесе шақыртумен барып, бала оқыта бастады. Павлодар уезінің Павлодар болысының басқарушысы Баймұхаммед Қазанғаповтың ыждаһатымен салынған медресеге «Ғалия» медресесінен оқып келген Әбдірахман Сұлтанов мұғалім болып келген. Оның шәкірттерге «Уақыт», «Тәржіман», «Жұлдыз», «Сибирия», «Қазақ», «Шура», «Айқап» сияқты басылымдарды алдыртып оқытып жүргендігін жазған Шәріп Ақбанов: «Құдай осындай ғылымға махаббатты, жігерлі, ел қайғысын ойлаған мырзаларымызды көбейтіп, деніне саулық, істеріне сәт, өздеріне бақ беріп, пайдасын елге көрсеткей еді» деген тілек білдірген [107].

«Ғалия» медресесінің шәкірті Зәкір Ғайсин Сырдария облысына қараған Ақмешіт (Перовск) қаласында балаларды оқытатын түзу мектеп не медресенің жоқтығы айтылып, қазақтың игі жақсыларын бабаларының көзін ашуға, ғылымға қарай жетелеуге мұрындық болып, қажетті оқу орнын салуға шақырған [108].

Қазақ жастары қазақша кітап шығару ісін де өз қолдарына алды. Олардың кітаптарын сатуға «Қазақ» газеті көп көмек көрсеткен. Бұған Уфадағы «Ғалия» медресесінің қазақ шәкірттері Әбілғазы Иманбеков, Мәнан Тұрғанбаев, Әбу Шахмай Бөкеев, Мұхамед Хұсейіновтың медресе шәкірттері шығарған кітаптарды «Қазақ» басқармасы өз құзырына алғандығы жөнінде хаты жариялануы дәлел бола алады [109].

Газетке жастарды өнер-білімге шақырған мақалалар көптеп жарияланып тұрды. Әсіресе жоғары оқу орындарында оқитын студенттер мен медреселерде

білім алып жатқан шәкірттер түрлі тақырыптарда мақалалар жазып, құрбыларын ой бөлісуге шақырған. Сондай мақалалардың бірін студент Есенғали Қасаболатов жазды. «Қазақ жастарына» деп аталатын мақаласында ол: «Басқа жұрттардың жастарына қарасақ, бәрі де өнерпаз болып, түрлі-түрлі пайдалы істер істеп, заманның түріне қарай бірінен-бірі қалмай білімін асыруға тырысып жатыр. Жұртта білім болса – байлық, құрмет, барша рахат та табылмақшы. Егер де білім, өнер жоқ болса, дүниедегі кеңшіліктің бәрінен де құр қалып, көрінгенге жем болып, шөліңкіреп, азып-тозып бітпекші», - дей отырып, өзге ұлттарға күлкі болмай, елге пайдалы іс істеп, жастарды аса қажетті дәргерлік, мұғалімдік оқуларға оқытуда дем беруге шақырған [110].

Ауыл жастары мұғалімдікке оқуды тиімді санаған. Себебі, оқу бітіріп келгеннен кейін алысқа бармай өзінің болысында бала оқытудың елі үшін де, өзі үшін де пайдалы екендігін білді. Сондықтан көп жағдайда оқытушы болып шығатын мектеп-медреселерді бітіруге тырысты. Мысалы, Орынбордағы мұғалімдер даярлайтын мектепте 1913 жылдың өзінде қазақтан алты бала оқуға түскен, ал жалпы онда оқып жатқан 65 шәкірттің 35-і қазақ жастары болған [111].

Тілеуберген деген автордың газетке жариялаған «Оқу - өнердің ұясы» деген мақаласында оқу-өнерден бос қалған адам бұл дүниеде мұратына жете алмайтындығы айтылып, баланың тәрбие ұясы мектептен басталып, төрт-бес жыл ішінде көп нәрсеге үйреніп шығатындығын, мектеп-медресені бітіргеннен кейін шектеліп қана қалмай, қазақ тілінде шыққан кітаптарды, шығып тұрған газет-журналдарды оқып тұруы олардың зейінін одан сайын арттыратындығын, міне, сондықтан оқу-өнерге жастардың бәрін жұмылдыру маңызды деген тұжырым жасаған [112].

Қоғамда жақсы адам тәрбиелеудің үйінен басқа тағы бір ошағы мектеп пен медресе екендігін түсінген саналы азаматтар мерзімді басылымдар арқылы бала тәрбиесіне аса көңіл бөлуде, олардың білімді де білікті азамат болып өсіп шығуына осы ошақ орындары әскер ететіндігін насихаттаумен болды. Бұл ретте қазақ зиялыларының және Ресейдің ірі қалаларында оқып білім алып жатқан жастарының (көпшілігі қоғамдық-саяси жұмыстарға белсене араласқан) жазған мақалаларын, хабарларын айтуымызға болады. «Айқап» журналында да болсын, «Қазақ» газетінде де болсын жастардың оқып қана қоймай, дүниеде болып жатқан жағдайлармен хабардар болуына, түрлі тақырыптардағы танымдық материалдарды білуіне баспасөз елеулі рөл атқарды. «Қазақ жастарынан бір өтініш» деп аталған Ә. Мұса деген жастың газетке жариялаған мақаласы өнер, білімсіз алға жылжуға болмайтындығы, ол үшін газет оқу қажеттігіне үндеген. Алайда газет шығарудың өзіндік қиыншылықтары барлығын айта келе, қолдан келгеше көмек көрсету керектігін көтерген. «Газета алушы аздықтан ақшасы жетпей тоқтап қалса, оның ұяты бүтін қазақ үстіне биігіректе қазақтың оқыған жастарына келмей ме? Газетаның тоқталмай шығып тұруы, шығарушылардың ыждиһаттарынан биігірек шет кісілердің ақша һәм қалам жәрдемінен болады. Сондықтан қалам білмеген шаруаларымыз жылға үш сомын беріп газет оқысын. Қолы қалам білмеген жастарымыз «Үш сом бердік, газета алдырдық, үстімізден

борышымызды түсірдік» деп ойламасын! Қолдарынан келген көмекті берсін. Ұлтымыздың бүгінгі халін қайғырып, басқалардан үлгі алсын. Қалам жәрдемін беруші халыққа жақын һәм аралас тұрған мұғалім, учительдер, қазақтың оқыған шәкірттері болуға тиіс. Қазақ ішінің қай жері болса да мұғалімнен оқып жүрген шәкірттен аз болса да құр емес. Солар ең болмағанда өздерінің көз алдарында болып  тұрған қазақ жайларынан жазып тұрған уақытта да бір газетаға бірталай азық болды», - деді [113].

Қазақ студенттері оқу-білім алуды насихаттауда «Қазақ» газеті жастарға үлкен көмек көрсетеді деген сенімде болды. Өз ойларын Петербургтың жоғары оқу орындарында оқып жүрген Батырша Сұлтангерейұлы Есханов, Сейілбек Мейрамұлы Жанайдаров, Ыдырыс Оразалин, Ғұсман Жанабеков, Мұқыш Боштаев, Мұстафа Шоқаев А. Байтұрсыновқа жазған хаттарында айқын білдірді. Олар «Қазақ» газетіне қолдау көрсетіндіктерін білдіре отырып: «Бірақ жаңа туған «Қазақты» бір жағадан бас, бір ауыздан сөз шығарып, жас та болса бастай көріп, халық ортасына «Қазақша» қылып, әркім шын көңілімен батасын беріп, халінше не көмегі де болса тигізіп тұрса, біздің мұңды жұртымыздың мұңдасып, бірінің хал-жайын бірі біліп тұруына да «Қазақтың» жәрдемі аз тимес еді деп ойлаймыз», - деп жазған болатын. «Қазақ» газетіне қолдау көрсетуге шақырған [114].

Қазақ жастарының халқымыздың әдебиетін, тарихын білуінде де «Қазақ» ерекше рөл атқарды. М. Дулатов «Қазақтың тарихы» деген  мақаласында оқу-білім қалай керек болса, елдің тарихын білу сондай қажеттігін көтерген [115].

1914 жылы «Қазақ» газетіне жарияланған Ә. Мұсаның «Қапалдан жәрдем» деп аталатын мақаласында ең мұқтаж қазақ оқушылары үшін бір мәжілісте Құдайберген, Тәңірберген, Айт Мұхаммет, Бай Мұхаммед Тұрысбековтер, Есенқұл қажы Маманов, Тұрсын Бабаев - 2 сомнан. Сұлтан-құл Тұрысбеков, Барлыбек Сыртанов, Бейсеке Қалиев, Абд-аль-рахман Чирбаев, Ибраһим Абаев, Абдолла Болғақов, Байке Намаз Келден, Тұякбай молда, Момын қожа Якубжанов, Абу Байбиче, Каукен Байбиче, Инч Байбиче, Камаш Байбишелер - 1 сомнан, Сүлеймен Батырбеков, Нұрқасым Жетекбаев, Берікбол Қалыбаев, Мақұлбай Байтұғатов, Исабек, Исламбек Исламбеков, Жұмагелді Маусымбаевтар - 50 тиыннан, Физалрахман Жаһандаров - 30 тиын, Әбдіғазиз Мұса - 3 сом беріп, барлығы - 31 сом 80 тиын жиналғандығы айтылса [116], тура осы санда  56 сом ақша 2-желтоқсанда Томск Дар-аль-фанунінде оқушы А. Сейтовке жіберілгендігі айтылды [117].

«Қазақ» жазуын қабыл ету мәселесі төңірегінде «Қазақ» газетіне А. Байтұрсыновтың «Жазу емлесі» деген мақаласы жарияланып, бұл емленің аса қажеттігіне Торғайдан Файзолла Сатыбалды ишан ұлы, мұғалімдерден Тәшен Қиямбеков, Зәкір Ғайсин, Мейрам Асхақов, Шахмардан Ибрахимов, Сыдық Абыланов, шәкірттерден Мырза Ахмет Қожақұланов, Мұртаза һәм Рахымжан Бексейт балалары, Павлодардан Қасым қажы медресесіндегі қазақ шәкірттері һәм Астрахан медресесіндегі қазақ шәкірттері тілектерін білдірген [118].

«Қазақ» газетіне жарияланған оқу-ағартуға қатысты мақалалар мектептердің жағдайын жақсарту, бала оқытудағы мұғалімдерге берерлік кеңес, жастарды оқуға тарту мәселелерін қамтыды. Сонымен қатар медресе-мектептерді оқып бітірген жастардың одан әрі оқуларын Ресейдің ірі қалаларында жалғастыруына жағдай жасау, ал оқып жатқан жастарға қаржылай көмек қолын созу мәселелері де тыс қалған жоқ. Әсіресе, оқу орындарында өз қаржысымен оқып жатқан жастарға көмек қолын созу немесе қол ұшын беріп қаржылай көмек көрсеткендер жөнінде газетке жиі басылып отырды десе де болады.

«Қазақ» газетінде Омбы қаласында оқитындардың тізімі берілді. Мәселен, мұғалімдер семинариясында – 8, гимназияда – 5, ауылшаруашылығы училищесінде – 8, медициналы-фельдшерлік мектепте – 4, ветеринарлы-фельдшерлік мектепте – 8, коммерциялық мектепте –5, қалалық училищеде – 8, жалпы сол қалада оқитын қазақ жастарының саны 46 болған. Негізінде бұл мәліметтерді газетке Сәдуақас Сейфуллин берген. Ол келер жылы қазақтарға арналған 5 стипендиясы бос орынның барлығын, семинарияны - 3, медициналы-фельдшерлік мектепті - 1, ветеринарлы-фельдшерлік мектепті - 1 оқушы бітіретіндігін айтқан [119]. Сонымен қатар осы нөмірде Том қаласындағы университетте Асылбек Сейітов, ал Уфадағы «Ғалия» медресесінде Бекмұхамед Хұсейінов, Қайролла Ибраһимов, Садық Токубаев, Нығмет Манаев, Шаһмардан Ғұмаров, Орынбордағы «Хұсейния» медресесінде Елемес Шәрменовтің оқитындығы туралы мәліметтер де келітірілді. Бұл студент-шәкірттерге елдің игі жақсылары ақшалай көмек көрсеткен [120].

Орынбордағы «Хұсейния» медресесінде Шымкент уезінің қазағы Елемес Шәрменов өзінің осы медресеге төлейтін ақшасы болмай, қысылып тұрған кезде марқұм Сейітбаттал Мамановтың «Қазақ» газетіне жіберген көмек ақшасына алып, оқу ақысын төлегендігін, марқұмның рухына құран бағыштағандығын айтып хат жолдаған [120]. Газеттің келесі санында С. Мамановтың қаржылай көмегінен ақша алған Бекмұхаммед Хұсейінов, Шаһмардан Ғұмаров, Қайролла Ибраһимов, Садық Токубаев, Нығмет Манаевтардың да тәңір жарылқасын айтқан мақалалары басылды [121].

Медресе «Хұсейнияда» оқитын шәкірттердің жас мөлшері бұрын ылғи үлкен жігіттер болса, енді 11-12 жастағы балалардың қатары көбейіп келе жатқанына қуаныш білдіре жазған Х. Болғанбаевтың хатында мектеп-медреселерге балаларды оқыту кейінгіге үлкен пайдалы екендігін дәлелдемекке тырысқан [122].

1918 жылы шыққан «Абай» журналында да жастар мәселесі көтеріліп, оған С. Торайғыров, С. Дөнентаев, С. Сәдуақасов, М. Әуезов және т.б. мақалалары жарияланды. Журналдың 6 санында жастарға қатысты бірнеше мақалалар басылды. Атап айтқанда М. Әуезовтың «Жастар ұйымдарына ашық хат» деп аталған мақаласы жарияланды [123].

Журналда «Омбы қаласында өткен жалпы жастар съезі туралы» және «Қайткенде адам боламыз» мақалалары, сондай-ақ танымдық тақырыптағы мақалалар мен өлеңдер басылып тұрды [27, 90-б.].

Қорыта айтқанда, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басында шығып тұрған қазақ тіліндегі газеттерде жастар мәселесі қарастырылып, олардың қызметі тарихы үш бағытта баяндалған: жастар баспасөзі бастауында жаңа қалыптасып келе жатқан, Ресейдің жоғары оқу орындарын бітіріп, елдегі қоғамдық-саяси өміріне кең араласа бастаған ұлт зиялылары тұрды; жастарды білім алуға, қоғам ісіне еркін араласуға, ескі әдет-ғұрыптан арылуға, жаңаша өмір сүру-салтына шақыра отырып, осы жолда өздерінің де үлгі-өнеге болуы үшін ұлт зиялылары мерзімді баспасөз арқылы үгіт-насихат жұмыстарын өрістетті; олар жастарға аса қажетті ақыл-кеңестер бере білді.

## 1.2 Ұлттық жастар ұйымдары мен олардың алғашқы басылымдары

XX ғасыр басында Қазақстан жастар арасында бірнеше ұйымдар қалыптасты. Ең алғашқы ұйым Омбы қаласында 1914 жылы «Бірлік» деген атпен қалыптасып өз бағдарламасын жасады. Бағдарламасында алға қойған мақсаттарын «Қазақ халқының мәдени һәм әдеби жағынан ілгергі қатардағы жұрттарға қосу, ұлтшылдық сезімін туғызу һәм ұлтты сақтау» деп көрсете келе, оған жетуде біріншіден, жастар арасында ұлтты сүю сезімін сіңдіру, екіншіден, халық әдебиетін жинастыру арқылы әдеби кітаптар бастыру, үшіншіден, театр кітаптарын шығару, төртіншіден, газет-журналдар шығару, бесіншіден, бастауыш, орта дәрежелі мектептерге оқулық кітаптар жазу және шәкірттерді даярлайтын курстар ашу, қаражатқа мұқтаж шәкірттерге қаржылай көмек көрсетуде түрлі ойын-сауықтар ұйымдастыру, алтыншыдан, төменгі тап өкілдерін байлардың тепкісінен құтқару, қазақ әйелдеріне теңдік әперу екендігін атап өтті.

Бұл «Бірлік» ұйымын Шәймерден Әлжанов басқарды. «Бірлік» ұйымы жайында Сәкен Сейфуллин өзінің естелігінде: «1913 жылы Омбыда ең әуелі жасырынып жастар ұйымын - «Бірлікті» ашқанымызда, Шәймерденді (Ш. Әлжановты - З.Б. ) ұйымның басқармасының төрағасы қылып сайлап едік. Шәймерден сонда-ақ төңкерісшіл еді», - деп жазған болатын [124, 69-б.].

«Бірлік» ұйымының 1916-1918 жылдары «Балапан» атты қолжазбалық журналы шығып тұрды. Журналдың өмірге қадам басуында үлкен рөл атқарғандардың бірі - оның алғашқы редакторы Мағжан Жұмабаев. «Бірлік» ұйымының бағытын М. Жұмабаевтың «Балапан қанат қақты» атты мақаласында айқын көрсетеді [125, 20-21-бб.].

«Бірлік» қауымы жалпы Ресей үстінде қалың қара бұлттың тегіс қаптап, жауыздық найзағайы жарқылдап ойнап тұрған кезде туды. Кең құлаш, салып, еркін демалу үшін ерік болмады. Екі кісі бас қосып кеңесуге шама жоқ еді. Зор қаладан жиналуға жер таппай, қырға орманға кетуші едік. Сол қалың орманның ішінде жаңа сырымызды, мұңымызды, зарымызды сөйлесуші едік. Қолымызда пұл да жоқ еді. Оқуда жүрген өңшең шәкірт қалтамыздағы барымызды тиындап жиюшы едік. Бұл күйде жүргенде істің аса көркейіп кетпейтіні белгілі. Бірақ біздің ниет қарлығаштай болса да қазаққа қызмет ету еді». Осындай мазмұндағы бағдарламада келітірлген

сөздер қазақ жастарының мақсаттарының ұлт мүддесі үшін қызмет ету екендігін көрсетеді.

«Бірлік» ұйымының қызметі ғалым Т. Кәкішевтің «Мағжан және Сәкен» деп аталған еңбегінде келітірілді. Ол бұл еңбегінде Ш. Әлжанов пен С. Сейфуллиннің «Бірлік» ұйымын құрып, бірі төраға, ал екіншісі орынбасар болғандығын келтіреді.

Жастар ұйымы туралы ғылыми зерттеу жүргізген Есқайрат Хайдаров «Бірлік» ұйымының 1916 жылдан «Балапан» атты әдеби журнал бастырып тұрғандығын айта келе, ұйым мүшелерінің оқуға ынталы жастарға жәрдем көрсетіп отырғандығын көрсетеді [126].

Негізінен, Қазақстан жастар баспасөзінің тарихы қолжазба журналдардың хронологиялық жағынан алып қарағанда ең тұңғышы «Садақ» журналы болып табылады. 1906 жылы ашылған Уфадағы «Ғалия» медресесі жоғары білім беретін оқу орны болып есептелді. Оның оқу мерзімі алты жылға созылды. Алғашқы үш жылы әзірлік, ал кейінгі үш жылы жоғары білім беру болып саналды. Бұл оқу орнында татар, башқұрт, қазақ, қырғыз, әзірбайжан, өзбек, черкес, түркімен жастары білім алды. «Ғалияның» өз ішкі тәртібі болып, медресе шәкірттері толықтай осы тәртіпке бағынды.

Т. Кәкішевтің анықтауынша бұл медреседе қазақтың қырықтан аса жігіттері білім алған. Олардың ішінен Мұстафа Шоқай, Мағжан Жұмабаев, Нұғман Манаев, Бейімбет Майлин, Жиенғали Тілепбергенов, Зейнелғабиден Имажанов, Әбдірахман Мұстафин, Нұршатай Рахымбаев, Зияш Алдабергенов, Әбдірашит Әлімбаев, Армия Әшекеев, Кәрім Ешмұқамбетов, Нығметолла Күзембаев, Әбілғазы Имамбеков, Бекмұхамбет Серкебаев, Ахметжан Күзембаев, Ғайса Тоқтарбеков, Шаһмардан Құмаров, Камалидден Жайсақов, Ғаббас Қоңқаев, Нұржан Еленов, Хамза Мәннан Тұрғанбаев, Молдахмет Жәнекешов, Біләл Сүлеев, Мұстақым Малдыбаев, Ахмет Мәметов, Жақып Айманов, Қажым Басымов, Мұстафа Оразаев [127, 17-18-бб.].

1913 жылы медресенің белсенді шәкірті Шахизада Бабич «Парлак» қолжазба журналын ұйымдастырып шығарып тұрды. Соған еліктеп башқұрт шәкірттері «Ай», «Без», черкес жастары «Ләгу» журналдарын шығара бастайды. Қазақтар да «Садақ» қолжазба журналын шығаруды қолға алды. Медресенің ішкі тәртібі бойынша, журналдар қолжазбалылығына қарамай, кітапханаға өткізіліп мөр қойылады екен [128, 15-б.].

«Садақтың» 1913 жылы бірнеше нөмірі басылып шыққан. Алайда кітапханада жатқан оның екінші нөмірін татар жастарының ішінен шыққан біреулер «ол неліктен қазақ тілінде шығады, медресе татар тілінде болғандықтан татар тілінен басқаға жол жоқ» деп жыртып, дәретханаға апарып тастаса керек. Бұған ызаланған қазақ шәкірттері мен татар жастары арасында біршама қырғиқабақ жағдай туындаған. Оның үшінші нөмірі тек 1915 жылдың 20 қарашасында әзер шығады. Міне, осыған орай «Садақтың» шыққан жылын 1915 жылдан бастап көрсетілсе керек. Ғалым Т. Кәкішев көрсеткендей, сол жылдың 23 желтоқсанында «Қазақ» газетіне «Ғалия» медресесінің 34 шәкірті қол қойған «Қазақ тілінде оқыту жайынан» деп

аталған ашық хат басылған. Онда қазақша оқулықтар бола тұрып, ноғай тілінде жазылған оқулықтармен оқытуға қынжылыс білдірген.

«Садақ» журналының алғашқы сандарына қатысты болған жәйттерден кейін қазақ жастары мен татар жастарының арасында біршама араздық орнаған. Осы себепке орай медреседе жалпымедреселік жиналыс өткізіліп, оған қазақ зиялысы Ахмет Байтұрсынов пен Ғалымжан Ибрагимов, Мәжит Ғафури сияқты татар зиялылары қатысып, жастар сөйлеп, олардың арасында татулық орнатуға әрекеттенген [129].

Филолог - ғалым Дихан Қамзабекұлы «Алаш жолындағы жастардың «Садақ» журналы деп аталған мақаласында: «Әр басылымның бағыты оның басында тұрғандардың талғам-түсінігіне байланысты болып келеді. «Садақ» журналының ұйытқысы - Бейімбет Майлыұлы мен Жиенғали Тілепбергенов еді. Екеуі де қиялы ұшқыр, тілі кестелі, қазақ әдебиетін көтерсем деген жас талап жазушылар болатын», - деп жаза отырып, бұл екі жастың шығармашылық жолы осы журналдан басталғандығын атап өткен [130].

Ол 1915 жылдың қарашасынан 1918 жылдың ақпанына дейін - екі жарым жыл бойы Уфадағы «Ғалия» медресесінде үзбей шығып тұрды. Журналдың шығарушы редакторлары Бейімбет Майлин, Жиенғали Тілепбергенов болды [131, 129-130-бб.].

Башқұрт жазушысы Сайфи Құдаш профессор Тұрсынбек Кәкішевпен кездескенде: «Садақты» қызықты шығаруға Бейімбет пен Жиенғали көп күш жұмсады, тіпті жұмасына бір шығарып тұрған кездері де болды», - деген екен. Ол Б. Майлин осы «Садаққа» «Шұғаның белгісі» деген новелласын «Шаңқан» деген атпен басып, журнал оқырмандарын қызықтырғандығын да айтқан [132].

Журналға Б. Майлиннің редактор болғандығын оның бетіне жарияланған «Жазушы: Бекет, бастырушылар көп» деген сөздің өзі дәлелдеп тұрғандай.

Журнал медресе шәкірттерінің күшімен шығарылғандықтан, оны қазақ жастар басылымының алғашқы қарлығашы деп толық сеніммен айта аламыз. Өйткені, қазақ журналистикасының Қ. Бекхожин, Т. Қожакеев, Т. Кәкішев сынды зерттеушілер «Садақ» журналының бүкіл қазақ әдебиеті мен журналистикасы тарихында алатын орнын айрықша атап көрсетеді.

Журналдың нені көздегендігін қазақ баспасөз тарихын зерттеген Х. Бекхожин: «Журналдың мақсаты – оқуға келген қазақ жастарына жол-жоба көрсетіп, қалам ұстауды, сөз жазуды үйрету, өткендегі өмірдің жақсылығы жағын өнеге етіп, жаманшылығынан бездіру»,- деп жаза отырып, журналдың бағыты мәдени-ағартушылық сипатта болды деп тұжырымдаған. Сондай-ақ ол журнал Абайдың тәлім-тәрбиелік, махаббат жөніндегі нақыл сөздерін басып насихаттағандығын да келтіреді [18, 52-б.].

Осы журналдың тарихи маңызы туралы Д. Қамзабекұлы: «Алаш қозғалысы тұсындағы мерзімді басылымдардың ішінде ұлттың жас қайраты һәм жалынды жігері шығарған «Садақ» (1915-1918) және «Балапан» (1916-1918) қолжазба журналдарының да орны ерекше.

Жәдитшіл бағыт ұстаған «Медресе Ғалияның» (Уфа) қазақ шәкірттері шығарған «Садақ» қолжазба журналы жаңа серпінді руханият қалыптастыруға, бұрынғының тағылымды жағын меңгеруге күш-жігер жұмсады» деп жазады [130].

Талантты жастардың әдебиеттегі тырнақ алды туындылары осында жарияланды. «Садақ» журналы кейінгі жылдары толыққанды жастар газет - журналдарын шығаруда тәжірибелік маңызы бар рөль атқарды, ол 1918 жылға дейін шығып тұрды.

Журналдың екі жылдық мерекелік нөмірінде айтылғандай онда негізінен мынандай мәселелерді көтеруге баса назар аударылатындығы айтылады: «журналдың жинағы:

1) Бас мақала; 2) Мәшһүр ерлер, 3) Роман (қиял мен уақиға), 4) Ертегі (өнеге берерлік болуымен қандай ертегі болсада жарайды), 5) Халық өлеңі (бала жұбату, неше түрлі күлкі өлең, күлкі тақпақтар секілді), 6) Ескі билердің сөздері, 7) Өлең, 8) Күлкі бөлімі (мәтбұғатқа күлу тұрмысқа күлу, замана жастарына күлу, 9) Істейтін қызмет борышымыз, 10) Ішкі-тысқы хабарлар һәм басқалар [131, 127-130].

Т. Кәкішевтің «Садақ» атты кітабында осы журналдың 1916 жылғы 4 қарашада шыққан 20 саны туралы мәліметтер келтірілді. Автор онда журналдың 15 күн сайын шығып тұратындығы, «уақытша шығарушысы Керей де, ал бастырушылары Мырзалар» деп жазылғандығын келтіре отырып, бұл нөмірдің мазмұнын толық берген. Оның жазуынша «Садақтың» басты жазушылары Жекей мен Керей болған. Журналдың бірінші бетіне бас мақала ретінде Басқарманың «Садақ» оқушыларына» деген мақаласы, одан кейін Жекейдің «Сәлемдесу», «Ескі сөз», «Ескерткіштен бір бөлек», Қысқасы қияметке кетпес», «Халық өлеңдері: Жалған досқа, Намаз батасы», ал Керейдің «Өтініш», «Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі», Құдайбердінің «Құтты болсын», Есілдің «Ашық хат», Бөртенің «Қуанышты күн» және түрлі хабарлар, телеграмдар, басқалар туралы хабарлар жарияланған [131, 8-9-бб.].

Құдайберді деген автордың «Құтты болсын» деп аталған материалы «Садақ» журналының бір жастан екіге аяқ басуын құттықтауға арналды. «Бұрын көрмеген соң «Садақ» журналын көрейін деп оқу залына бардым. Журналдың 3-санын алдырып қарасам, сыртына Торан бабамыздың балаларының қолданған құралының рәсімі жазылып тұр екен. Ерлік, қайрат көрсеткен құралы біраз қиялға түсіріп, бір-екі ауыз өлең жазуға мәжбүр етті»,- деп журналға арнап жыр шуақтарын жазып, таза тәрбиемен тез қатарға кірсе деген тілек айтады.

Журналдың 1916 жылғы 18 қарашада шыққан 21 нөмірінде Жиенғалидың жолаушылап қайтқаннан кейін «Бас сөз» бен «Садақтың» көргенін жазған. Осы нөмірде Тарбағатай, Тоқа, Дөнен, Сона деген авторлардың материалдары басылған.

Жиенғали «Бас сөзінде» халық арасына тараған өлең, жұмбақ, ертегі, тақпақ сөз, жаңылпаштардан айырылып қалмау жағын жаза отырып, журналды 3-5 бөлімге бөліп, I- бөлікте – бас сөз (әдебиет жыры, сөздері), II – бөлікте – роман (оқиға, қиял), III- бөлікте – халық көркем сөзі (ертегі,

тақпақ, би сөздері, жұмбақ, мақал), ал IV-бөлікте – күлкі, V-бөлікте – өлең (жазба өлең, халық өлеңдері), VI-бөлікте – айнаға арналған (театр) болатындығын айтқан [131, 20-б.].

Журнал жер-жерден келген хабар-ошарларды да жариялап отырған. Солардың ішінен журналға материал бергенде шетінен тігуге орын қалдыруын және қазақ емлесімен жазуды өтінген. Ал журналдың 22 санында журналды жарты айда емес, жетісіне бір рет шығаруға көмек көрсетпей, яғни жоғары сынып шәкірттері немқұрайлы қарап отырғандығын, журналға жарияланатын материалдардың жетіспейтіндігі жазылды.

Біз бұдан «Садақ» журналының әдеби мазмұнда болғандығын аңғаруымызға болады. Оның бетінде Б. Майлиннің «Шұғаның белгісі», Ж. Тілепбергеновтың «Жазғы көш», «Ырысты», Ә. Мұстафиннің «Тұрғынбайдың оқуы» және т.б. прозалық шығармалары жарияланды. Қазақ шәкірттері әдеби туындыларын бүркеншік есімдермен жариялаған. Мәселен, Б. Майлин «Бекет» деген есіммен «Бас сөз», «Өлең туралы», «Күн шықты» деген дүниесін жарияласа, ал Жиенғали Тілепбергенов «Жеке», «Тыныш», «Тыңдаушы», «Біреу», Зейнелғабиден Имажанов «Есіл», Әбдірахман Мұстафин «Шашты» деген бүркеншік есімдермен әңгіме, новелла, өлеңдерін басып отырды.

Бейімбеттанушы Тоқтар Бейісқұлов жазғандай, сонымен қатар Б. Майлиннің осы «Садаққа» «Қарсақ», «Толстой қазақ» деген есімдермен де шығармалары жарияланса керек. Б. Майлиннің «Шұғаның белгісі» журналдың үш нөміріне басылған [127, 19-б.].

«Садақ» журналы екінші жылға аяқ басуына орай мерекелік нөмір де шығарған. «Ішкі-тысқы хабарлар һәм басқалар» деген бөлімінде құтты болсын айтқан жеделхаттар жариялап отырған. Мәселен, оның бетінен «Садақ» журналының екінші жасқа шығуына құтты болсын айтамыз һәм осы телеграммен «Садақ» журналының бағыты түзеліп, дәрежесі жоғарылап, ұлтына жақсы қызмет қылуына тілектес екенімізді білдіреміз!» деген немесе Өскемен уезінен келген жеделхатта «Садақ» журналының бірінші жастан екінші жасқа шыққандығымен бауы берік, жолы ашық болуын тілеп, құтты болсын айтамыз. Өскемен уезі қазақтары атынан: Дыран Шариф» делінген құттықтаулар басылды [133, 53-б.]. Сонымен қатар журналға ел ішінде болып жатқан жағдайларды да хабарлауға тырысты.

Журналға шәкірттер көп жағдайда бүркеншік атпен жариялап отырған. Жекей, Тарбағатай, Тоқа, Дөнен, Сопа және т.б. авторлар әдеби жанрда жазуға тырысты. Мұнда махаббат, оқу жайлы әртүрлі әңгімелер, өлеңдер басылып тұрды. Нұғман Манаевтың бұл журналдың 1915 жылғы сандарының бірінде «Аяқталмаған романнан үзінді» деген қазақ қыздарының аянышты тағдырын баяндаған, оларды қалың малға сатудан азат ету, оқыту жайын әңгімелейтін шағын туындысы жарияланған [134, 130-б.].

«Садақтың» соңғы саны 1918 жылдың 10 ақпанында басылып, онда журналға осы уақытқа дейін ат салысып келгендер мен бүркеншік есімдермен жариялағандардың аттары нақты аталып берілді. Журналдың

редакторы болған Жекей-Жиенғали Тілепбергенов журналдың алғы сөзінде «қанша қимасақ та бір-бірімзден көп ұзамай лажсыз айырылғалы тұрмыз. Соның үшін арамызда жүріп бас-көз болған, жөн-жоба көрсеткен, сасқанда ақыл берген, әдебиетке жарлымызды байытқан, шекеу шығып, аяғын асау басып жүргендерді жуасытып, қуып әкеліп үйірге тыққан қанаты күміс құмай «Садақ» журналы осы нөмірден соң биылша тоқтамақшы» дей келе, келесі жылы жастар жалғастырар деген үміттің барлығын айтып, Кенған Ниязовтың қоштасу өлеңімен аяқтайды. Қоштасу ретінде Сұлтан Шоқаевтың «Қара мылтық» өлеңі де берілді. Сонымен қатар осы нөмірде жұмбақтар да басылды [131, 254-258-бб.].

«Ғалия» медресесінде оқыған жастардың өнегелік сипаты, олардың оқуға, мәдениетке ұмтылуы осы «Садақ» арқылы білуімізге болады.

Міне осылайша, «Медресе Ғалия» өзінде тәлім-тәрбие алып жатқан қазақ жастарын ұлттық рухта тәрбиелеудегі ісі өз нәтижесін берді, қазақ басылымдарының алғашқы қарлығаштарының бірі болып табылатын «Садақ» журналы жастардың осы ұлтын сүйген рухынан туған басылым болды.

1917 жылдың көктемінде Жетісу қазақ-қырғыздар съезінде Қазан қаласынан әріп алдырып, қазақша газет шығару ұйғарылды. Бірақ революцияға дейін ол ниет іске асырылмады. 1918 жылы көктемде өкімет билігі большевиктердің қолына өткеннен кейін тұңғыш «Қазақ» газеті жабылып, оның баспаханасы тәркіленді.

Оның орнына Торғай облысы депутаттары Кеңесінің үні аталған «Қазақ мұңы» газеті шығарылды. 1918 жылдың 16 сәуірінен бастап оның редакторы Нәзір Төрекұлов болды, жасы 25 - те еді. Жалпы алғанда, алғашқы қазақ басылымдарын шығарушылар мен редакция қызметкерлері негізінен жастардан тұрды [35,- 116 б.].

Газетті шығарушылар жастар болғаннан кейін мұндай басылымдарда өздерін алаңдатып жүрген мәселелерге көбірек көңіл бөлінді. Мәселен, «Қазақ мұңы» өзінің №1 және №2 сандарында Б. Кулеевтің Орынбордағы қазақ жастарының «Игілік» қоғамының қызметі жайында көлемді мақаласы жарияланды. Газет қызметкерлері ел арасындағы мақал - мәтелдерді, қалжың - әжуа, шымшымаларды жинап, жариялап тұрды. Олар «Шешен болғың келсе - сөз үйрен», «Шебер жазғың келсе – тіл үйрен» рубрикаларымен жарияланған [135].

Газеттің алғашқы сандарының бірінде «Қазақ тарихы» деген мақала жарияланған, онда мынадай ой айтылады: «Қияметке шейін қазақ қазақ болып жасамақ, осы ғасырдың ғылыми жарығында қазақ көзін ашады, бетін түзесе, өзінің қазақшылығын жоғалтпағандай және өзіміздің әдет - ғұрыпқа сай «қазақ мәдениетін» (казахская культура) құрып, бір жағынан «қазақ әдебиетін» (казахская литература) тұрғызып, қазақшылығын сақтамақшы» [136]. Газеттің негізгі мақсаттарының бірі қазақ әдебиетін өркендету болған.

«Қазақ» газеті қазақ тарихында өліара тұста тек партия ісімен болмай, қазақ мәдениеті деңгейінің көтерілуіне де еңбек етті. Оның бағытын ұстанған бірнеше газет - журналдар шықты. Семейде «Сарыарқа», Ташкентте «Алаш»,

соңынан «Бірлік туы», Бөкейлікте, Астраханьда «Урал», Ақмолда «Тіршілік». Бұл газеттер «Тіршіліктен» басқасының бәрі бір бетте болды. Бәрі Орынбордағы «Қазақ» газетінің ықпалымен жүрді... Бәрінің орталық туы «Қазақ» газеті болды», - деп жазды С. Сейфуллин [124,-229-236 бб.]. Яғни, 1917 жылдың аласапыраны «Қазақ» газеті бүкіл саяси ой - жүйенің ағымын жолға салып, барша қазаққа көшелік көрсетіп отырғанын аңғару қиын емес.

«Қазақ» газеті» 1917 жылдың 9 қазанында, ал 10 қазанда «Сарыарқа» газеті Қызылжар қаласындағы жастардың «Талап» атты ұйымы «Жаңа заман» қолжазба журналын шығара бастағандығын хабарлады. «Сарыарақа» газеті өзінің 1918 ж. 5 қаңтардағы № 29 санында «Жаңа заман» журналының Біләл Малдыбайұлының басқаруымен алты саны жарық көргендігін жазды (Б. Майлин болуы мүмкін) [137].

Қазақтың ұлттық баспасөз тарихында алатын орны бар «Қазақ» газетінің бағытын жалпы жұртқа жария етуге жәрдемдескен, азаматтық ой - сананы ілгерілетуге септігі тиген газет - журналдардың ішінде «Жас азамат» атты басылымды ерекше атауға болады. Бұл жаңа басылым ұлттың тәуелсіздігін жоқтап, отаршылдыққа қарсы тұрған қазақ жастарының тұңғыш қоғамдық - саяси газеті. Бұл газет негізінен 1918 жылдың 5-13 мамырында аралығында Омбыда болып өткен I-жалпықазақ жастар съезінен кейін құрылды. Тарихшы ғалым Н. Шаяхметов осы «Жас азамат» ұйымының құрылуы және басылымы жөнінде былай деп жазған: «I-ші жастар съезі нәтижесінде барлық Алаш жолындағы қазақ жастарын бір тәртіппен іс-әрекет жүргізу талабында біріктірілген «Жас азамат» жастар ұйымы дүниеге келуі және осы жастар қауымдастығының үні «Жас азамат» газетінің идеологиялық, мәдени-ағарту салаларына жаңа қарқын берді, жаңа леп әкелді. Жастар съезде көкейтесті мәселелерді күн тәртібіне қоя отырып, оны шешу талабындағы рухани ізденістерді қазақ жастарының саяси ой-жүйесінің өскендігін, әрекетшілдігін, ынтымағының артқанын көрсетіп берді. Қазақ жастарының «Жас азамат» ұйымының төңірегіне ынтымақтасуы жастар қозғалысының үлкен белесі, жаңа сапалық деңгейге көтерілгенінің айқын дәлелі ретінде қабылдауға тиіспіз. Ал, «Жас азаматтың» алтын идеялы әулие мақсұты, негізгі жолы – ұлт бостандығы, ұлт теңдігі» еді. Осы «алтын идеалды» баянды ету жолында қазақ жастары өздерінің халық алдындағы, ұлт болашағы үшін жауапкершілігін терең сезінді» [138].

Бұл қазақ баспасөзінің төлбасы 1918 жылдың сәуір айында барлық жастар ұйымдарын біріктіріп, басын қосқан ұйымның органы болып саналады. Біріккен «Жас азамат» ұйымының төрағалығын Мырзаұлы атқарып, ал С. Сәдуақасұлы, М. Сейітұлы, Т. Досымбекқызы, Ә. Бәйділдәұлы және т.б. жастар мүше болған [134.-82-б.]. Газет - осы ұйымның тілі. Өздерінің осындай ұйым құрып, газет шығарудың қыр-сырын оқырмандарына жолдаған «Ашық хатында» ұйымның кіндік комитеті былайша жазды: «Ел көп тобырдың ортасында аяқ - асты бас қосайық деген пікір туып еді. Бұл пікірді туғызған – көкті қаптаған қара бұлт большевизм дауылы еді. Бұл дауылдан қырғыз - қазақ елін шамамыз келгенше аман сақтап қалайық, шамамыз келгенше тарих алдында кінәсіз болармыз, өлсек

бір шұңқырда, тірі болсақ бір төбеде боламыз деген мақсат та еді» [139]. Қандай батыл пікір! Сол тұстағы өктемшіл саяси биліктің құрығына, қатаң тәртібіне қарамастан ашық жазылған үндеу.

Шындығында бұл дауылдан бұл ұйым да, оның үні – «Жас азамат» газеті де құрбансыз құтылған жоқ. Бұл туралы кезінде С. Сейфуллин: «Жалғыз-ақ аз болсын, көп болсын, қолынан келгенше қайрат көрсетіп жатқан Алашорданың жастары екені тәртіптерінен көрінді. Алашорданың жастар ұйымы барлық Қазақстанның ұлтжанды жастарына нұсқау беріп, Қызылжарда «Жас азамат» газетін шығарып жатыр, - деп жазса [124,- 87-91 б.], Ж. Аймауытов: «Газет, журнал оқушыларына», - деген мақаласында орыс тіліндегі бір басылымның оқушылары болғандықтан қазақтың бір газеті мен бір журналы жабылып қалыпты деген жалған хабарына қарсы: «Бұл хабар бекер!», «Жас азамат» күні бүгінге шейін шығып отыр. Қаржы жағынан кемдік көріп, тоқтай ма деген кірбің болып еді. Енді тоқталмас дейміз. Өйткені, Омбы жастары әдебиет кешінен мың сом, Семей жастары 5000 сомдай көмек жіберіп отыр. Тағы сондай көтермелеушілер табылатын көрінеді», - деп тойтарыс берген [140].

С. Сәдуақасов «Трудовая Сибирь» журналына жарияланған мақаласында жастар басылымдарын ішінде алдымен «Жас азамат» газетін атайды, оны «орган младокиргизов» дейді. Яғни «жас қазақтар үні» (немесе «жас алашшылар үні») екендігін ерекше атап көрсетеді. Газет өзінің сипаты жағынан саяси–қоғамдық, экономикалық басылым болып табылады - дейді. Газет уақытша Қызылжарда шығады деуіне қарағанда, С. Сәдуақасов «Жас азаматтың» болашағына үлкен сеніммен қарап, алдағы уақытта оның жалпыұлттық басылым деңгейіне көтеріліп, ел астанасында шығатынына меңзесе керек.

Екінші, жастар басылымы ретінде 1917 жылдан Алаш қаласында шығып тұратын әдеби-қоғамдық, ғылыми-экономикалық мазмұндағы «Абай» журналын атайды. Оның «Жас азаматтан» тағы бір айырмашылығы -«фокус литературных сил младокиргизов» деп аталатын әдеби бағытын баса көрсетеді». Весьма солидный орган» деп мейілінше байыпты басылым екендігін ерекше атайды.

Үшінші, «Балапан» журналын атайды: «Журнал... выходит в Омске с 1916 года, единственный литературный орган, помещающий исключительно беллетриатические рассказы». Журналдың қолжазба күйінде шығарылғанын айтпағанымен, оның бүкіл қазақ баспасөзінде алатын орнын ерекше бағалайтындығын аңғартады [141].

«Жас азамат» газетінің алғашқы нөмірі 1918 жылы 30 шілдеде Қызылжар қаласында жарық көріп, «Жас тілек» атты бас мақаламен ашылған. Онда газеттің мақсат - мүддесі айқын көрсетілді: «Өмір тәжірибесінің, білімнің аздығына қарамай, төрт түлігі сайланбай тәуекел кемесіне мінген, ол тұрмыстың тартыс - талас күрес майданына шықты. Болашақтың күңгірттілігі, саяси - ахуалдың күн сайын құбылуы, лаулаған қалың өрттей, кеселді дерттер, апаты күшті күндердің тууы, дүниенің болу - болмауы, әлдінің майданға ұмтылуы, ұлттың өмірлік құқықтары аяқ астына

тапталып, зорлықтың қанды соруы «Жас азаматтың» иығына ауыр жүк салып отыр. Қоғамдасып, қолтықтасып, күш біріктіріп, осы ауыр жүкті тиісті орнына жеткізу – жастардың басты міндеті, үлкен борышы. «Жас азаматтың» алтын идеалы, әулие мақсаты, негізгі жолы – ұлт бостандығы, ұлт теңдігі» [142].

Жастар ұйымы газетке жариялаған «Ашық хат» деген мақаласында қырғыз-қазақ елін большевиктік биліктен аман сақтап қалу үшін бір күшке бірігіп, өктемшіл саяси биліктің құрығына, қатаң тәртібіне түспеуге ашық түрде шақырды. Бұл сол кездегі жастардың кеңестік саяси билікке батыл шыққан алғашқы жазылған үндеуі десек те болады.

Газеттің бірнеше нөмірінде Омбыдағы Алаш партиясы бас комитетінің «Алаш азаматтарына!» деген ашық хаты басылды. Онда ел ағаларының соңына ерген жастарға: «Алаш Орда тігілді, ақ ту көтерілді. Енді әркім шамасына қарай ұлтына қызмет етуге тиіс» - дей келе, «Жастар! Атқа мін! Басқа жұрттар көрсін!» - деп ұран тастады [143].

Мұндағы келесі бір азулы мақала «Бүлінгеннен бүлдіргі алма» - деп аталады. Авторы «Ел баласы» - Ол: «большевиктер орыс зиялылары мен жұмыскер - карашенділердің арасына жік түсірді, бұл ауру бізге жұғып жүрмесін», - деген ой айтып, елді бірлікке шақырды. Бұдан басқа газетте елдің ішкі, сыртқы жағдайымен қатар шет ел жаңалықтары да жиі жарияланып тұрды [144].

«Жас азаматтағы» енді бір топ мақала жаңа өкімет, саясат ісіне арналған. Мысалы, большевиктердің іс - қимылы, қарапайым халықпен екі арадағы қарым - қатынас туралы Байділдә Мырзаұлы мен Ғабділдә Найзабекұлы өздерінің «Бұны не дейміз?» атты мақаласында: «Жетісу жағында большевиктер қазақ болсын, қазақ - орыс болсын қойдай қырып, қанын судай ағызып жатыр, ең жақын Биіскіде емшектегі нәрестелерді мылтықтың ұшына шаншып, қанын ағызып жатқанда, біз қасымыздағы большевиктерді еркелетіп отырған жөніміз қалай?...», - деп халыққа сұрау салады. Осыған орай автор көрсетілмеген «Саясат күйі» атты мақалада Ресейдегі Уақытша үкімет пен Алаш Орда арасындағы мәселелер сөз болса, екінші бір мақалада «Уфада Учредительское собрание мүшелері мен социал - революция партиясы (большевик партиясының сол қанаты) кіндік комитеті мүшелерінің абақтыға жабылғаны» айтылып, алаңдаушылық білдірілген [145].

«Жас азамат» ұйымының нені мақсат қылғандығын, қандай жұмыстарды атқарғандықтарын газеттің 11 санында: «Әзірге комитеттің істеген жұмыстары: 1. «Жас азамат» газетінің аяққа басуына себепкер болды; 2. Земствомен бірігіп Ақмола облысына қараған мұғалім-учительдер съезінің шақырылуына күш береді; 3. Омбыда екі айлық һәм екі жылдық курстардың ашылуына себепкер болды; 4. Бұл күнде Кіндік Комитет кітапхана ашуға қам қылып жатыр [146].

«Жас азамат» газеті құрбансыз құтылған жоқ. Бұл туралы кезінде С. Сейфуллин: «Жалғыз-ақ аз болсын, көп болсын, қолынан келгенше қайрат көрсетіп жатқан Алашорданың жастары екені тәртіптерінен көрінді. Алашорданың жастар ұйымы барлық Қазақстанның ұлтжанды жастарына

нұсқау беріп, Қызылжарда «Жас азамат» газетін шығарып жатыр, - деп жазса [124, 368- б.],

Ж. Аймауытов: «Газет, журнал оқушыларына», - деген мақаласында орыс тіліндегі бір басылымның оқушылары болғандықтан қазақтың бір газеті мен бір журналы жабылып қалыпты деген жалған хабарына қарсы: «Бұл хабар бекер!», «Жас азамат» күні бүгінге шейін шығып отыр. Қаржы жағынан кемдік көріп, тоқтай ма деген кірбің болып еді. Енді тоқталмас дейміз. Өйткені, Омбы жастары әдебиет кешінен мың сом, Семей жастары 5000 сомдай көмек жіберіп отыр. Тағы сондай көтермелеушілер табылатын көрінеді», - деп тойтарыс берген [140].

«Жас алаш» газетінің бастырушысы – Алаш серіктігі болды. 1-ден 11-ге дейін «уақытша шығарушы Қошмұхамед Кемеңгерұлы», 12 нөмірінде «уақытша шығарушы үшін Біләл Малдыбайұлы», 13-ші нөмірден 16-ға дейін Біләл Малдыбайұлы», 17-ден 22-ге дейін «уақытша шығарушы – Қошмұхамед Кеменгерұлы» [27, 84-б.].

Бұл газетке жарияланған мақалалардың көпшілігі авторсыз берілді. Сонымен қатар кейбіреулері бүркеншік аттармен де берілді. Оның себебі Қырықбай Аллаберген, Жарылқасын Нұсқабайұлы, Файзолла Оразайдың еңбегінде: «Шынында да кезінде «Жас азамат» газетінде жарияланған материалдардың көпшілігі авторсыз немесе «бүркеншік» аттармен беріліп отырған. Оның әртүрлі себептері болуы мүмкін. Біріншіден, көп мақалалардың бір автордың қолымен жазылуы немесе сол кездегі аумалы-төкпелі кезеңге байланысты кез келген автордың сақтануынан туындаған. Екіншіден, 1918-1919 жылдары Қазақстанды билеуге қол жеткізген большевиктер, 1920 жылы қазақтар мекендеген Сібір, Түркістан аймағында да жеңіске жетті. Соның нәтижесінде ұлт теңдігін жоқтағандар, шынайы демократия үшін күрескендер қуғын-сүргінге ұшырады. Міне, осындай басты себептерге байланысты көптеген материалдар авторсыз немесе бүркеншік атттармен беріліп отырған», - деп түсіндірді [27, 85-б.].

«Жас азамат» жастарды елдегі ішкі саяси жағдайлармен таныстыруға тырысты. Сонымен қатар сыртқы, шетел жаңалықтарымен де хабардар етіп отырды. Әбділдә Найзабекұлы саяси билікке ұмтылған большевиктердің халық арасындағы қатыгездік әрекеттерін ашық сынға алып, олармен күресуден басқа амал жоқтығын келтірді [145].

Газетке қазақ зиялылары М. Дулатов, М. Жұмабаев, Қ. Кемеңгеров, Б. Ержанов және т.б. түрлі тақырыптарда мақалалары жарық көрді. Алаш қозғалысының барысы жайында да материалдар жарияланды. Сонымен қатар газетке жер мәселесіне, отаршылдық саясатына арналған мақалалар да басылды. Газетке шыққан түрлі жанрдағы материалдар сол кездегі шындықты айна-қатесіз көрсетуімен қатар, жастарды теңсіздік жолындағы күреске шақырады, сол жолда өз бағыттарын табуды көрсетеді.

1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін Қазақстанда да түрлі жастар одағы мен ұйымдары, олардың өз басылымдары құрыла бастады. Қазақ жастары да жалпы еңбекшілер секілді жаңа үкіметтен өз талаптары орындалып, ғасырлар бойы бодандықта болған шет аймақтағы халықтарға

саяси құқықтар мен саяси, тіл, дін бостандығы беріледі деген үлкен сенімде болды. Ал Уақытша үкімет патшаның ескі отарлау аппаратын сақтап қалуға бар күшін жұмсады. Жер-жерде жаңа үкіметтің органдары – атқарушы комитеттер, азаматтық комитеттер т.б. құрылды. Сондай-ақ өлкеде бір мезгілде жұмысшылардың, шаруалардың, солдаттардың және мұсылмандардың депутаттары Кеңесін құруда кең етек алды. Революциялық қозғалыстың ошағы болған Петербор, Мәскеудің және басқа да Ресейдің ірі қалаларындағы жас жұмысшылардың ізімен Қазақстанда әртүрлі бағыттағы жастар ұйымы жұмыс істей бастады. Атап айтар болсақ, Петропавл және Түркістан темір жол стансаларында жұмысшы жастардың одақтары құрылды, бірақ олардың негізгі құрамы орыс жастары болды. Осындай одақтар мен ұйымдардың ізін ала қазақ жастары да өз ұйымдарын құруға ұмтылыс жасады. Мәселен, 1917 жылы көктемде Тұрар Рысқұлов Меркіде (Жамбыл облысы) «Қазақ жастарының революциялық одағын» ұйымдастырды. Ол оқушы жастар, интеллигенцияның демократияшыл бөлігі мен ауылдағы кәсіби мұғалімдер өкілдерін біріктірді. Одақтың бағдарламасы мен жарғысы болды. Жастардың бұл ұйымы Уақытша Өкіметтің жергілікті органдарына, болыстар мен старшындарға және олардың басқа да жақтаушыларына қарсы күрес жүргізді [147].

1917 жылы жазда Ақмолада пайда болған қазақ жастарының прогрестік одағы, оны ұйымдастырушылардың бірі С. Сейфулиннің айтуына қарағанда, бастапқы кезде мәдени-ағарту ісімен де айналысты.

Қазақ жастарының одақтары мен үйірмелері басқа аймақтарда да пайда бола бастады. Оралда «Жігер», Семейде «Жанар», Орынборда «Игілік», Петропавлда «Талап» т.б. құрылды. Олар қазақ жастарын парасаттылыққа, қоғамдағы әділетсіздік пен қанаушылық әрекеттерге ашық түрде қарсы тұруға шақырды.

Семейде 1917 жылы күзде құрылып, жұмыс істей бастаған «Жанар» жастар мәдени-ағартушылық қоғамы саяси өмірге белсене араласып қана қойған жоқ, жоғарыда аты аталып кеткен «Абай» журналын шығару ісіне де қомақты үлес қосты. Сондай-ақ «Жанар» жастар ұйымы және оның тіліне айналған «Абай» журналы негізінен Алаш азаматтарының және Алашорда үкіметінің бағытын қолдаған. Бұған себеп қоғамдық бірлестіктің ұйымдастырушысы М. Тұрғанбаевтың ұстанған қағидаларына сай болса керек деп ойлаймыз [148].

Кеңес үкіметі орнағаннан кейін Ақмолада революциялық жастар ұйымы 1917 жылы «Айна» журналының бірінші санын және революциялық-демократиялық «Тіршілік» газетін шығарды. Баспасөз саласын зерттеген ғалымдар Х.Н. Бекхожин, С.Қ. Қозыбаев, С.С. Матвиенколар «Қазақстан журналистикасы тарихының очеркі» атты ғылыми зерттеулерінде «Тіршілік» газеті Уақытша үкімет пен «Алаш» партиясының үкіметке қарсы жүргізіп отырған саясатын сынға алғандығын, бұл газетке феодалдық сарқыншақтар мен қазақ әйелдеріне теңдік беру мәселесі жөніндегі материалдардың басылғандығын атап өткен болатын [20, с. 27-28. ].

1918 жылдың ақпанынан «Тіршілік» газеті Ақмола уездік ревкомының органы, ал одан кейін Кеңес депутаттарының органы болды. Бұл осы өлкеде қазақ тіліндегі шыққан бірден-бір газет еді. Онда А. Асылбеков, Б. Серікбаев, С. Сейфуллиндер мақалаларын жариялап отырды. Алайда 1918 жылдың 3 маусымында ақ гвардияшылар С. Сейфуллинді тұтқындауына байланысты газет өмір сүруін тоқтатты [20, с .31.].

XX ғасырдың басында құрылған жастар ұйымдарының алдарына қойған мақсат-міндеттерін жүзеге асыруда мерзімді баспасөз аса қажетті. Қазақ зиялылары жастар арасына тез тарайтын қолжазба журнал шығаруды қолға алып, өздерін толғандырып жүрген мәселелерді, әдеби шығармаларын жариялап отырды. Бұл журналдар бір жағынан, жастарды оқу-білімге, алға ұмтылысқа жетелеген, жастардың басын біріктірген басылым болса, екіншіден, әрбір жастың бойындағы талантын қағаз жүзінде жариялауға, оны жастар арасына танытуға жол ашты.

Сонымен, «Қазақ», «Алаш» секілді ұлттық басылымдармен қатар құрылған «Балапан», «Садақ», «Жас азамат» сияқты өзге де жастар басылымдары аз уақыт қана өмір сүрседе халық, оның ішінде қазақ жастарының рухани санасында сілкініс туғызған басылым болды. Осы бір халықтың болашағы үшін қызмет еткен ұлттық басылымдар мен жастар баспасөзі беттерінде жарық көрген мақалалар көкейтесті мәселелер – оқу-білімге ұмтылу, ғылым жетістіктеріне бой ұсыну, ұлттық дербестік, теңдік, ұлттық мүдде, ұлттық сана, өркениеттік дамуға қол жеткізу, сол арқылы дін, тіл мәселелерді көтерді. Мұның өзі арпалысқа толы XX ғасыр басындағы қазақ даласында орын алған қоғамдық-саяси өмірді тануға, оның ішкі құрылымын, сол кездегі қазақ баспасөзінің атқарған қызметін бағалауға мүмкіндік береді.

## 2 1920-1940 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЖАСТАР БАСПАСӨЗІ: ТАРИХЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ

### 2.1. Жастар баспасөзін қалыптастырудағы БК(б)П мен Кеңес үкіметінің саясаты

Қазақстанда жастар баспасөзінің қалыптасуына Ресейде шығып тұрған басылымдардың тигізген ықпалы зор болды. Ресейлік жас коммунистердің «Юный коммунист» (1918), «Смена» (1919) газеттерін солардың үлгісімен республикадағы қазақ жастары баспасөзінің қарлығаштары деуге болады. Солардың үлгісімен 1917 жылдың аяғында Ташкентте Түркістандық алғашқы басылымдар – орыс және өзбек тілдерінде шыға бастады. Олар: «Молодежь востока» газеті, «Известия Туркестанского краевого комитета РКЖО» журналы. 1920-1921 жылдары өзбек, қазақ, қырғыз тілдерінде «Қызыл ешлар», («Қызыл жастар»), «Еш Шарк» («Жас Шығыс») «Шарк ешлары» («Шығыс жастары») атты газеттер дүниеге келді. Дәл осы жылдары Ташкентте ұйғыр тіліндегі тұңғыш жастар басылымдары «Қызыл оқучы», (1921) және «Яш уйгур» (1922) журналдары жарық көрді.

Ең алғашқы жастар журналы – «Авангард Красного Востока» деп аталды, Орынборда орыс тілінде шықты. Журналдың 7 саны жарық көріп, 1921 жылы тоқтап қалды. Әрбір нөмірінің жартысынан астамы мәскеулік басылымдардан, «Правда» газетінен көшірілген ресми құжаттардан тұрды, қазақ жастары туралы жазылғандар аз болды. Негізгі тақырыбы жұмысшы жастар, қалалардағы комсомол ұйымдары, бүкілресейлік ауқымда жүргізілетін түрлі саяси науқандарға қатысу, марксизм–ленинизм теориясын насихаттау, съездер мен пленумдардың қаулы-қарарларын басу, т.б. болды. 1920 жылдары жарық көрген орыс тілді жастар баспасөзі туралы ақпараттар біраз басылымдарда берілген. Онда Қазақстан журналистикасының тарихы, орыс тілді басылымдар мен қазақ жастары мерзімді баспасөзінің өзара байланысы, бір-біріне ықпал-әсері қарастырылады.

1918 жылы Алматыдағы барлық баспаханалар біріктірілді, сол жылы жазда баспахананың мұсылман халықтары бөлімі ашылды. Өйткені, Жетісудың езілген ұлт еңбекшілеріне Кеңес үкіметінің мәнін, большевиктер партиясының мақсатын, саясатын ана тілінде, өз сөзімен түсіндіру керек болды.

Осы мақсатпен сол жылы 12 тамызда Алматыда «Жетісу ісші халық мухбирі» («Жетісу еңбекшіл халықтар хабаршысы») деген тұңғыш большевиктік газет шықты. Ол Жетісу облыстық төңкеріс (революциялық) комитетінің тілі болды. Оны шығарушы Сабыржан Шәкіржанов еді.

«Мухбир» қазақ, өзбек, ұйғыр, татар, қырғыз тілдерінде аралас мәтінмен шығып тұрды. Сол тілдерде Кеңес өкіметі насихатталды. Жергілікті партия, кеңес, шаруашылық ұйымдарының қаулы-қарарлары, жүргізіліп жатқан сан алуан шаралары халыққа жеткізіліп отырды. Газеттің 15–ші нөмірінде жерді национализациялау үшін Жер - су комитеті құрылатыны хабарланды, 19–шы нөмірінде Түркістан Кеңес республикасын құру туралы ереже жарияланды.

Осының бәрі халықтың Кеңес өкіметінің не екенін түсінуге көмектесті, жұрттың оған деген сенімін арттырды.

Дегенмен, «Мухбир» аты айтып тұрғандай, хабаршы ғана болды, тек қаулы-қарар, ережелерді хабарлап отырды. Ол сол кездегі орысша «Вестник Семиреченского трудового народа» газетінің аудармасы еді. Осы жағынан бұл газет сол тұстағы ұлы міндеттерге, өмір талабына сай бола алмады. Сондықтан ол 1918 жылы 9 желтоқсандағы 41 нөмірімен өзінің шығуын тоқтатты.

Облыстық ұлт істері комитеті 1918 жылдың желтоқсаннан бастап «Мухбирдің» орнына «Көмек» газеті шыға бастады. Ол негізінен, татарша және қазақша материалдармен шығып тұрды. Газет қаулы-қарарлардан гөрі жергілікті өмірдегі өзгерістерді, ішкі-сыртқы жаңалықтарды көбірек жазып отырды. Саяси-әлеуметтік, мәдени-шаруашылық мәселелерді сөз етті. «Көмек», әсіресе Азамат соғысындағы Қызыл Армияның әрбір жеңісін халыққа қуанышпен хабарлап, оларды жаңа өмірге ерлік қимылдарға жұмылдырды.

Облыстық ұлт істері жөніндегі комитет өзінің органы «Көмекке» үнемі қамқорлық жасап отырды. Редакция жұмысын жиі қарап, оны жақсартудың шараларын белгіледі. Уездердегі шаруашылық жайын баса жазуды талап етіп отырды. Соның нәтижесінде газет оқушылары да, тілшілері де көп болды. Ол Қапал, Жаркент, Бішпек, Тоқмақ уездеріне дейін таратылды.

1919 жылдың аяғына қарай Азамат соғысы аяқталып келе жатты. Енді ел алдына жаңа міндеттер - бүлінген шаруашылықты қалпына келтіру, Кеңес өкіметі органдарын нығайту, жергілікті партия ұйымдарының рөлін көтеру міндеті, т.б. алда тұрды. Осындай жаңа дәуірдің жаңа міндеттеріне байланысты баспасөз жұмысын да қайта құру керек болды. Облыстық партия, кеңес орындары өз газетін жаңа атпен, жаңа жағдайға лайық етіп шығаруды ұйғарды. «Көмектің» 1919 жылдың 29 желтоқсанына дейін 89 нөмірі жарық көрді де, 1920 жылы 4 қаңтардан бастап ол «Ұшқын» деген атпен шыға бастады, облыстық мұсылман бюросының газеті атанды.

«Ұшқын» шығысымен Жетісу еңбекшілерін аштық пен жалаңаштықты жою үшін күреске шақырды, оларды еңбек армиясының қатарына тартты. Облыстық партия ұйымдарын нығайтуды да ең негізгі міндеттердің бірі етіп қойды, партия қатарын революцияға берілген адамдармен толықтыру ісін ұйымдастырды.

«Ұшқын» 1921 жылдың 13 қаңтарына дейін өмір сүрді, 55 нөмірі жарық көрді. Оның орнына сол жылдың 1 қазаннан бастап «Бұқара» газеті шығарыла бастады.

Қазақ жастары басылымдары жарық көрген Орынбордан кейінгі екінші орталық Ташкент қаласы болды. Мұның себебі – Түркістан Автономиялық республикасында қазақтардың үлес салмағы айтарлықтай еді, негізгі қазақтар тұратын Сырдария мен Жетісу облыстары ТАКСР құрамында болатын. Өзге жұрттарға қарағанда діни фанатизмі жоқ қазақтар өнер - білімге, жаңалықтарға жақынырақ тұрды.

Ол көпұлтты Түркістан өлкесінің жастарын ұйымдастырып, комсомол ұйымын құрып, оны басқарған қазақтың жалынды ұлы, сыр бойындағы Қазалының перзенті Ғани Мұратбаев болатын. 1920-шы жылдары Ташкент қазақтың ірі мәдениет орталығы болғандықтан да, қазақ жастары баспасөзінің бір бөлігі осы қалада шыға бастады [149].

Бүкіл Ресейді ғана емес, қазақ даласында дүр сілкіндірген қазан төңкерісінен кейін тарихи аренада шыққан коммунистік партияның қатаң жүйесі ұлттық бағыттағы басылымдардың тағдыры мен бағытына тұсау болып, алаш азаматтарының тәуелсіздік жолындағы күресін насихаттауға кедергі болды. Осылайша газеттердің қазақ өлкесі үшін жаңа «большевиктік» кезең басталды.

XX ғасырдың 20-30-шы жылдары Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінде барынша ауыр зардаптар ізін қалдырған аумалы-төкпелі кезең болды. Азаматтық қарсыластықтар, бірінен кейін бірі келген ашаршылық, ұжымдастыру, жаппай отырықшылыққа көшірудің зардаптары, индустрияландыру жылдарындағы қиыншылықтар, жер-су реформалары, оларды жүзеге асыру барысындағы әкімшіл-әміршіл жүйенің асыра сілтеу шараларының кең етек алуы, сондай-ақ олардың халықтың әл-ахуалына тигізген қиыншылықтары, республиканың ішкі және сыртқы жағдайы барынша қайшылықтарға толы болды. Ал осы жағдайлардың барлығы дерлік сол жылдардағы баспасөз беттерінде толық қамтылуы тиіс-тін. Бұл бір жағынан – қоғамдағы билік етуші жүйенің талабы болса, екінші жағынан заман ағымынан туындаған қағидалар.

Осындай қоғамдық-саяси заңдылықтардан туындаған жастар баспасөзі - XX ғасыр басында рухани бастаулар мен ұлттық құндылықтарымыздың бірі болып табылады. Өйткені олардың құрылуы мен ұлт мүддесі жолында қызмет істеуі сол дәуірдің шынайы рухани қажеттілігіне қарай туындаған еді. Сондай-ақ олар мүмкіндігінше мәдени-ағарту бағытында халыққа қызмет етті. Тағы да бір ерекше басым айтып кететін жағдай алғашқы құрылған жастар баспасөзі XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық жолындағы күрестің жаршысы ғана емес оның құрамдас бөлігі ретінде де өмір сүргендігін ескеруіміз керек.

Кеңес өкіметі толықтай орнағаннан кейін жастар баспасөзін қалыптастыру мәселесі үкімет пен партия комитетінің мәжіліс, конференция, съездерінде арнайы түрде қарастырылды. Бұл қабылдаған қаулы-қарарларынан барып, ең алдымен, жалпы қазақ баспасөзінің, содан кейін жастар басылымдарының алдына қойған мақсат-міндеттері айқындалып отырды. Қатаң кеңестік цензураның салдарынан олардың әрбір басылымы, редакторлары, авторлары, олардың бетінде жарияланатын мақалалар мен хабарламалар сол кезеңнің үстемдік етуші жүйесінің бағыт-бағдарынан алыстап кете алған жоқ.

Жергілікті ұйымдарға РК(б)П Қыробкомы шақырған Кеңес жиылыстары немесе қазақ орталық атқару комитетінің сессияларына қатысқан делегаттар арқылы газет - журналдар, әдебиет жеткізу тәсілі кеңінен қолданылды.

Мерзімді басылымдар комсомолдар арасындағы саяси тәрбие жұмыстарын жүргізудегі басты құралға айналды. 1920 жылғы 13 қаңтардағы БЛКЖО-ның қазақ Өлкелік Комитетінің Бюро мәжілісінде республикалық комсомол газеттерінің сол тұстағы оңшылдық ағым және оған қарсы жүргізіп отырған саяси шаралары туралы мәселе қарайды. Аталмыш Бюро отырысы республикалық «Лениншіл жас» пен «Ленинская смена» жастар газеттері жүргізіп отырған насихат жұмыстарының деңгейі төмен екендігін көрсетті. Жастар басылымдарының негізгі мақсаты қоғамдағы оңшыл ағымның әлеуметтік мәнін ашу, онымен күресудің бағыттарын анықтауды, сондай-ақ оардың жұмысына қатаң қадағалау жүргізуді БЛКЖО Өлкелік Комитетінің Үгіт-насихат бөліміне тапсырды.

Бұдан байқайтынымыз, 20-40-жылдардағы жастар мерзімді басылымдарында көтерілген саяси мәселелердің барлығы дерлік тек партия ұйымдары тарапынан туындаған тапсырмалар бойынша ғана жазылып, қоғамдағы жағдай бір жақты ғана партия саясаты аясында насихатталып отырды.

1917 ж. Ақпан төңкерісіне дейін және кейін Қазақстанда шығып тұрған газеттерді кеңес өкіметі тұсында большевиктік баспасөз орнықты. Бұған себеп декрет баспасөз бостандығы туралы 1917 жылы 28 желтоқсанда В.И. Лениннің қол қоюымен қабылданған. Азамат соғысы кезінде үкімет пен партияның 1919 жылдың 21 мамырында Мемлекеттік Баспа ісін құру жөнінде шешімі қабылданып, кеңестік мерзімді баспасөзді қалыптастыру ісі қолға алына бастады [150, 12-б.].

Жастардың тұңғыш газеті «Жас алаш» 1921 жылдың 22 наурызда Ташкентте шыға бастады. Оның тұңғыш редакторлығын Ғани Мұратбаев атқара бастады.

РК(б)П ОК-нің 1921 ж. 4 сәуірдегі «Жергілікті газет бағдарламасы» жөніндегі қарары қабылданып, онда барлық баспасөз басылымдары арқылы ауылшаруашылығына байланысты шыққан бұйрық, жарлықтарды халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу керектігі, сондай-ақ өндіріс саласындағы жұмысшылардың жағдайы, еңбек тәртібі және т.б. мәселелер жайында материалдарды тұрақты беру қажеттігі көрсетілді.

Баспасөз ең бастысы барлық кеңестік мекемелер мен партияның бұйрық-жарлықтарының орындалу мен үгіт-насихат ісінің барысын, халық ағарту саласында сауатсыздықты жою барысы, денсаулық, спорт мәселелері, еңбекшілердің тұрмыс жағдайын жеткізуге тиісті болды [151].

1921 жылы көктемде партияның Х съезі өтті. Оның қабылдаған қаулысында патшалық Ресейдің отары болып артта қалған ұлттарда өздерінің ана тілдерінде баспасөз, мектеп, театр, клуб - жалпы мәдени-ағарту мекемелері көбейтілсін деп атап көрсетілді. Осыған байланысты Қазақстанда газет, журналдар шығаратын баспа орындары жұмыс істей бастады.

Партияның Х съезі нақты шараларды жүзеге асыру көзделді: біріншіден, олардың ұлттық өзгешеліктеріне сәйкес келетін мемлекеттілік дамытылсын; екіншіден, олардың тұрмысын, психологиясын біліп, ана тілдерінде іс жүргізетін сот, әкімшілік, шаруашылық орындары, кеңестік мекемелер

жұмысы жолға қойылсын; үшіншіден, олардың ана тілдерінде баспасөз, мектеп, театр, клуб, жалпы мәдени - ағарту мекемелері көбейтілетін болды.

1921 жылдың 11-18 маусым аралығында өткен РКП(б) Қазақстан облыстық бірінші конференциясында РКП(б)-ның Х съезінде қабылданған жаңа экономикалық саясатқа көшу мәселесіне орай оны дәйекті түрде жүзеге асыруда және жаңа экономикалық саясаттың негізінде халық шаруашылығын өрге бастыруда баспасөзді қолдану мәселесі айтылып, ол үшін ана тілінде баспасөзді дамыту мәселесін көтерді [152, 10,14-бб.].

Қазақ даласының кеңдігі, орталықтан тыс орналасқан аймақтарымен көлік және басқа байланыстың дамымағаны көп қиындық тудырды, әсіресе баспаханадан шыққан басылымдарды өз оқырмандарына уақытылы жеткізіліп тұрмады. Осы кезгі қиыншылықтарды жеңу жөнінде басшы органдар қанша әрекет жасап көрді - күштерін біріктірді әр қайсысы қаншама қаулы - қарар қабылдады, бәрібір нәтиже шамалы болды. Дегенмен, қазақ елінің орталықтары Орынбор мен Ташкентте шыққан газет-журналдар жер-жерге, әсіресе шалғайдағы ауыл еңбкешілеріне тұрақты болмаса да жеткізіліп тұрды. Басшы органдар қабылдаған қаулы - қарарларды солардың жиналыстарына, Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетінің сессияларына қатысқан делегаттар алып кететін. Мысалы, 1921 ж. сәуірінде Қызылжар уезі жастарына тиесілі газет-журналдарды Орынборда өткен бір жиналысқа қатысқан Әбдірахман Айсарин алып келген [153].

Көп жағдайда газеттер жиналып қойып бір мезгілде әкелінетін. Мысалы, «Жас алаш» газетінің бірінші айдағы сандары топталып бір-ақ жіберілген [153, 5-п.].

Солтүстік Қазақстан өңірінің перзенті ретінде осы аймақта шыққан кейбір басылымдарға тоқталып, онда көтерілген мәселелерге тоқтала кетсек. 1921 жылы РКП(б) Ақмола губерниялық комитеті мен губатқару комитетінің ұйымдастыруымен «Бостандық туы», ал 1926 жылдан бастап Петропавл округтік комитетінің басылымына айналған. Бастапқыда оның редакторлары Сұлтанбеков, Жаныбековтер болса, 1926-1927 жылдары Петропавлда шығып тұрған «Бостандық туы» газетінің редакторы жазушы Жиенғали Тілепбергенов болды. Газетке қосымша ретінде 1927 жылдан бастап Ақмола губерниялық Лениншіл жастар комсомолдарының екі жетіде бір рет «Жеткіншек» шығып тұрды [154]. Бұл басылымның Солтүстік Қазақстан облыстық мұрағатында сақталған басылымдарында негізінен 1916 жылғы қазақтар көтерілісіне арналған корреспонденциялық материалдар, өлеңдер жинағы, сондай-ақ Қызылжар тарихына қатысты көптеген мәліметтер бар.

Мысалға, сол бір қиын-қыстау жылдардың өзінде-ақ қаланың атауын «Қызылжар» деп өзгерту туралы газет бетінде көптеген мақалалар жарияланады. Соның бірінде Ә. Бекешовтың еркіндік сүйген қазақ баласының жауынгершілігіне қарсы тұру үшін патша үкіметі Ақмола, Атбасар, Көкшетау, Қызылжар қалаларын салғызғандығын айта келіп «Әрбір қалаға әулиелерінің аттарын қоюды әдет қылған орыс, Қызылжарға Петр һәм Павл деген екі әулиесінің атынан құрап Петрпавл деп ат қосқан. Ақ патшалардың желкесін қиып кеңес үкіметінің орныққанына 7 жыл толғанда,

һәм қазақ халқы өз алдына автономиялы ел болып кеңестер үкіметінің бір қанаты болып отырғанда ... Газет арқылы ел ішінде ұран салып, Петрпавлдың атын Қызылжарға өзгертуге шақырамын» деген қала атауын өзгерту туралы ұсыныс жариялаған мақаласы шықты [155].

Осы пікірді қолдаушылар өте көп болды. Тағы бір мақалада көтерілген ойды «кеңес үкіметінің тұтынған бағытында көрініп отырғандығы» айтыла келіп, «табиғат еркесі қазақ баласының бұрынғыдан бері сүйіп қойған аты «Қызылжар» ... қызыл деген сөзінің бір өзі де ұран бағытына қабысады» деп жазды [156].

Міне осылайша жергілікті басылым беттерінде көтеріліп, қызу талдаудан өткеннен кейін Ақмола губерниялық атқару комитетінің қаулысы Қазақстан Орталық комитетінде де бекітіліп, енді Ресей атқару комитетіне жіберіледі [157]. Мұндағы баяндалған жайттан байқағанымыз өз республикамыздағы жер-су аттарын өзгертуде оның байырғы атауын қайтарып берудің өзін Орталық қана шешіп отырған. Орталықтың солақай шешімдері болмағанда «Қызылжар» атауы 1925 жылы-ақ қайта қайтарылар еді.

Өзге аймақтық басылымдарда да ел, жер тарихына қатысты материалдар көптеп жарияланып отырған. Бір жұмыстың көлемінде оларды толық қамту мүмкін еместігі анық.

1922 жылдың 27 наурызы мен 2 сәуірі аралығында болған РКП (б)-ның XI съезінде «Баспа және насихат» жайында қарар қабылданып, онда мерзімді басылымдарды шығаруда партиялық басшылықты күшейту, газет-журналдардың бұқарамен тығыз байланыста болуын қадағалау керктігі айтылды. Сонымен қатар комсомолдардың баспа органдары да жоғары жақтан қолдауға ие болып, барлық губерниялық газеттерде «Жастар беті» ашылуға тиіс болды [158, с.360].

«Жас алаш» газеті газет тапшылығы және қағаз тапшылығынан жабылып, біраз уақыттан кейін оның орнын 1922 жылдың 1 қыркүйегінен бастап Орта Азия бюросының және Түркістан Ортақшыл Жастар ұйымының органы ретінде он күнде бір рет шығатын «Жас қайрат» газеті басты.

1922 жылдың 2-5 қазанда болған Қазақстан ұйымы губерниялық партия комитетері хатшыларының бірінші кеңесінде үгіт-насихат жұмысында газеттердің рөлін күшейту мәселесі қарастырылып, «Қазақ АКСР-інде баспасөз ісі тиісті дәрежеде деуге мүлдем келмейді. Барлық газеттер жергілікті өмірді жеткіліксіз көрсетеді, қазақ баспасөзінің жолға қойылуы нашар» деліне отырып, баспасөзді дамытуда партия комитеттері идеялық басшылықты күшейту, газеттерді оқушы бұқараға жақындату мәселесін көтеру, әйелдер мен жастар үшін арнаулы бет ашу туралы мәселені қарау қажеттігі турасында қаулы қабылданды [152, 61,64-бб.].

1923 жылдың көктемінде Қазақстанда баспасөз саласын дамыту шараларын жүргізу мәселесі бойынша компания өткізіліп, комиссия құрылып, оның құрамында партия, баспасөз және жастар ұйымдарының өкілдері енгізілді. Компания баспасөз ісін өрістетуді, шығып жатқан газет-журналдардың бағытын анықтап, олардың кемшіліктерін жою, үгіт-насихат

жұмыстарын өрістету, газеттердің қатарын көбейту, оған білікті мамандарды тарту мәселесін қолға алды.

1924 жылы 11-16 мамырда өткен РКП(б) Қазақстан облыстық төртінші конференциясында жастар баспасөзінің өсуі партия ұйымдарының жүйелі басшылық жасауын талап ететіні айтылып, оны ең алдымен баспасөз бөлімдері жүзеге асыруы тиістігі, өз алдына жастар органдары жоқ жерлерде газеттер өз беттерінің бір бөлігін жастарға арнау керектігі айтылып, қаулы қабылданды [152, 151-б.].

«Баспасөз туралы» партияның XIII съезі қабылдаған қарарда жасөспірімдер баспасөзіне, оларды қайта құру жолдарына баса назар аударылды. Қарардың шешімі бойынша балалар басылымдарын шығару ісіне, пионерлер әдебиетін жасауға партия, комсомол, кеңестік және кәсіптік ұйымдарды кеңінен тарту тапсырылды. Бұл шешім орталықта, яғни Мәскеу өте шұғыл түрде қолға алынды.

1924 жылы 8 ақпанда «Еңбекші қазақ» газеті өзінің бір бетін жастарға арнап, «Лениншіл жас» деген атпен жастар мәселесіне қатысты материалдарды жариялады. 30 маусымда шыққан санында газеттің көркеюі жастардың өз қолдарында екендігі айтылып: «Қолдарыңыздағы «Лениншіл жас» газетінің аумағы кішкентай, саласы қысқа. Жастардың мұң-мұқтажын, керегін өзінің бетіне тегіс сыйғыза алмайды. «Лениншіл жас» деген атын ардақтап, көлемді жастардың газеті шықсын десе, жер-жердегі жастар жәрдем беріп, көркейтер», - деген сенім білдірді [159].

1922 жылдан бері шығып тұрған «Жас қайрат» газеті 1924 жылы журнал болып, бір жылдан соң қайтадан «Жас қайрат» газеті болып шыға бастады. «Жас қайрат» газетінің неліктен журналға айналуының себебі журналдың бірінші нөмірінде жарияланған «Қадірлі жастар жадында» деп аталған мақалада айқын көрсетілді. «Жас қайрат» газеті қолынан келгенше қызмет қылып, жастар арасында ұйымдасу жолын көрсетіп, жөн сілтеп келсе де шын өзінің көздеген ниетіне жете алмады дейміз. Газет уақытымен шығып, уақытымен тарап, қызықты тұруы еді. Ол болмады. Мұның бас себебі: шаруашылығымыздың күйзелуі, мемлекетіміздің жарлылығы, жастарымыздың жұртшылық, әлеумет ісіне даярлығының кемдігіне, іске шорқақ, тілге бай болғандығынан болды», - деп келтірілді [160, 3-4-бб.].

«Жас қайрат» журналы бірінші нөмірінен-ақ жастар баспасөзін көтеру жайында сөз қозғады. «Газет жайынан» деген мақалада газет шығару ісінің бірден-бір ақсап отыруының себебі қаражатта екендігін айқын көрсетіп берді. «Жас қайрат» газеті ендігі жерде журналға айналғандықтан күнделікті тіршілік хабарын жаза алмайтындығын ескертті [161].

Қазақ жастар басылымдарын көбейту мәселесі 1925 жылғы 4 мамырдағы РЛКСМ Орталық Комитетінің «Пионерлер газеті туралы» нұсқау хатында айқын көрсетілді. Онда жастар және балалар басылымдарындағы идеологиялық және коммунистік тәрбие ықпалын жас оқырмандарға баспасөз арқылы тарату, соған бейімдеу керектігі баса көрсетілді. Алайда бұл қабылданған қаулы-қарарларда жүктеген міндеттеріне сай жастар басылымдарының негізгі әрі басты тақырыптары – көсем өсиеттеріне

адалдық, оны үнемі басшылыққа алу, көсемнің өмірбаянынмен жетік таныс болу, сол арқылы тәрбиелеу, анық айтқанда В.И. Лениннің өмірі мен қызметін жастар үшін үлкен тәрбие мектебіне айналдыру керектігі айқын көрсетілді. Жастар басылымдары Орталық және республикалық кеңестік баспасөздің ажырамас құрамды бөлімі ретінде саналды және бұл басылымдарда да партия мен кеңестік органдардың жалпы бұқаралық, патриотизм мен интернационалдық қағидалары басшылыққа алынып отырды [152, 187-188].

1925 ж. наурыз айында Партия Орталық комитетінің «Қазақ баспасөзінің жайы және оны жақсартудың шаралары туралы» қаулысы шығып, онда қазақ баспасөзінің жағдайын көтеру мәселесі қойылды. Бұл қаулыдан кейін республикада жастардың арнаулы газет-журналдары шығарыла бастады. Осы жылдың 30 мамырында Баспа бөлімінің мерзімді баспасөз саласына қажетті маман қызметкерлерді даярлау турасындағы қаулысы қабылданып, әр республика өзінде журналистер даярлайтын курстар ашу ісіне кірісуі қажет санады [162]. Журналистерді даярлауға әр басылым өздері шамаларына қарай кірісіп, кем дегенде 2-5 адамды тәрбиелеп шығулары тиіс болды [163].

Осы жылдың 26 маусымында болған Қазақ өлкелік комитетінің мәжілісінде өлкелік комитетінің Баспа бөлімінің басшылығы арқылы комсомол жастар органы ретінде «Жас қайрат» пен «Лениншіл жас» газетін күшейту мәселесі қойылды. «Пионер» журналын жауып, оның есебінен «Лениншіл жас» және «Жас қайрат» газеттерін көтеру, «Жас қайрат» газетінде «Пионерге» бір бет арнау жөнінде шешім қабылданды. Сонымен қатар губерниялық газеттерде жастарға арнап бет ашу мәселесі де қозғалды [164].

Партия Орталық Комитетінің 1925 ж. 30 тамызда қабылдаған «Совет баспасөзінің жұмысшы және село тілшілерінің бұқаралық қозғалысына басшылықты жақсарту туралы» қаулысында да жастар тәрбиесін жақсартуда аса көңіл бөлу қажеттігі айтылып, осы істе партия мен комсомол ұйымдары бірлесе кірісетіндігі келтірлді.

РК(б)П Орталық Комитетінің осы жылғы 23 қазанда өткен мәжілісінде «Қазақ баспасөзі туралы» арнайы мәселе қаралып, қазақ тілінде шығатын барлық баспасөз ұйымдарының саяси ұстанымы және мазмұнына баға беріліп, олардың алдағы атқарар міндеттері айқындалған болатын. Сондай-ақ кейбір қазақ тілінде шығатын басылымдардың ұстанымдық бағыты айқын еместігі, халық арасына таралуы нашар, баспа қызметкерлерімен қамтамасыз етілмегендігі және материалдық жағы да төмендігі жөнінде сындар айтылып, біраз ескертулер жасалынып, аталған кемшіліктерді партия комитеті белгілеген мерзімде жою мәселесі қойылды [165, 24-п.].

Осы мәжіліс «Қазақ баспасөзі туралы» арнайы қаулы қабылдады. Қаулыға сәйкес С. Сәдуақасов редакция қызметінен алынып, Ғ. Тоғжановты бекітілді. Сондай-ақ газеттің саяси бағытын, онда тек таза идеялық материалдарды басып отыруын қадағалау айтылып, партия тұрмысы, шаруашылық, кеңес құрылысы, комсомол және ағарту саласына қатысты саяси жағынан ұстанымы мен тұжырымдары айқын емес, партиялық бағытты

бұрмалауға тырысқан мақалалардың авторларын қудалау көзделді. Олардың қатарына бірінші болып С. Сәдуақасов, Ә. Бөкейхановтар ілінді [165, 33-п.].

Жастар тәрбиесін жақсартуда «Совет баспасөзінің жұмысшы және село тілшілерінің бұқаралық қозғалысына басшылықты жақсарту туралы» партия Орталық Комитетінің 1925 ж. 30 тамызда қабылдаған қаулысының маңызы ерекше зор болды.

Қазақстан астанасының Қызылорда қаласына көшуіне орай өлкелік комитет баспасөз саласын көшіруге 93000 сом көлемінде қаржы бөлінді. Әр газеттің көшу шығыны мен кірісі есептеліп, қанша мөлшерде ақша жетіспейтіндігі анықталды.

Кесте1 – 1925-26 жж. газеттердің жалпы қаражат жағдайы [166, 1,3-пп.].

| Газет-журналдардың аты | Кірісі | Шығысы | Жетіспеуі |
|---|---|---|---|
| Советская степь | 296 р. | 10427- 40 | 7467 -40 |
| Еңбекшіл қазақ | 2270 | 7612 | 5342 |
| Әйел теңдігі | 4 | 1856-03 | 1852-03 |
| Біріктірілген комсомол басылымдары | 380 | 1740-60 | 1360-60 |
| Қызыл Қазақстан | 600 | 1200 | 600 |
| Известия Крайкома | 200 | 820 | 620 |
| Барлығы | 6414 р. | 23656-03 | 17242-03 |

Аса қажетті қаражаттың сомасы 206724 рубль 36 тиынға, оның үстіне былтырғы жылға 53000 р., жалпы екеуін қосқанда 259724 рубль 36 тиын болды. Бұл қаржының 16%-і газет аппаратына, 69% -і қағаз бен басуға, 10% -і қаламақыға, 5%-і әр түрлі шығындарға қажет еді. Комсомол органы ретінде жастардың басылымы аптасына бір баспа табақ көлемінде бір рет шығып тұрды [166, 1, 3-пп.].

Жоғарыда көрсетілген қаражат мәселесіне байланысты Баспа бөлімі ҚКСР-да шығатын барлық мерзімді басылымдарына хат жолдап, қандай да бір жолмен шығынды азайту керектігін ескертті [166,25-п.]. Осындай нұсқаулардан кейін әр газеттің жалпы жағдай туралы мәліметтер талап етіліп, басылым редакторлары өлкелік комитеттің Баспа бөлімінде арнайы есеп берулері тиіс болды [167, 1-3-пп.].

Барлық халық комитетері мен редакцияларға Баспа бөлімінің меңгерушісі Ә. Байділдиннің қол қоюымен жіберілген №32455 хатта әр басылым өзінің бағытын, алдағы мақсатын, тиражын, айына қанша рет шығатындығын, бастырушысы мен редакторы туралы алдын-ала арнай жасалған анкеталарды толтырып жіберулері керектігі айтылды [167, 24-п.]. Осы хатқа орай өлкелік комитетке жіберілген «Жас қайрат» газетінің анкетасында газеттің ауыл жастарына арналып айына 4 реттен шығатындығы, жалпы газет 1925 жылдың 15 наурызынан бастап шыға бастағандығы, оның тиражы 1200 данаға жетіп, 90-дай жас тілшілері, 30-дай ауылдық тілшілерінің барлығы айтылды. Ал «Лениншіл жас» журналы 1923 жылдың қазанынан 1924 жылдың

желтоқсанына дейін «Жас қазақ» деген атпен шыққандығы, ал «Лениншіл жас» деген атпен осы (1925 ж. - Б.З.) жылдың қаңтарынан келе жатқандығы, таралымы 1300 данаға жеткендігі, 41- дей жас тілші-корреспонденттерінің барлығы келтірілді. Бұл екі басылымның да редакторлық қызметін И. Игенов атқарған [168, 42-п.].

Қызылордаға көшіру барысында газет-журналдардың тоқтап қалмауы қадағаланып, жастардың «Жас қайрат» газетін аптасына 1 рет, сенбі күні шығару көзделінді [169, 2-5-пп.].

«Жас қайраттың» жалпы жағдайы өлкелік комитетке жіберілген есепті жазбада да айқын айтылды. Онда 15 наурыздан 1 қыркүйекке дейін газеттің бар-жоғы 15-ақ нөмірі шыққандығы, газет мемлекет тарапынан тұрақты түрде қаржыландырыла алмайтындықтан ақылы жүйеге көшкендігі айтылды. Осы жазбада газеттің таралымы былайша берілді: Орал-Бөкейге 41 %, Ақмолаға – 20 %, Семейге – 13 %, Сырдарияға – 11 %, Ақтөбеге – 9 %, Қостанайға – 7 % мөлшерінде тараған. Сонымен қатар газеттің соңғы нөмірлерінің қандай айдарлармен шыққандығы да көрсетілді. Газеттің мынадай айдарлары болған: 1) Ішкі және сыртқы хабарлар; 2) Ауылшаруашылығы бөлімі; 3)Пионерлердің өмірі; 4) Қазақстан комсомолы; 5) Әдеби; 6) Жаңа тұрмыс; 7) Күрес және спорт; 8) Жаңа тілшілермен әңгіме; 9) Библиография; 10) Батырақ жастарың өмірі; 11) Оқу-ағарту майданы; 12) Өлкелік комитетте;13) Ғылым мен техника; 14) Сұрақтар мен жауаптар; 15) Қамқорлық және 16) Латын әріпі [168, 60-п.].

Газеттердің сапасы мен мазмұнын жасқсарту мәселесіне орай қабылданатын қаулының жобасында «Жас қайрат» пен «Лениншіл жас» газеттерінің ретсіз шығатындығы, басшылығының әлсіздігі айтылып, бұл екі газетті де жабып, «Еңбекші қазақ» газетінің бір бетін жастарға арнау мәселесі ұсынылды. Мазмұны бойынша бұл газеттерде тек қаланың оқушы жастары мәселесіне қатысты ғана материалдарға орын беріліп, комсомол ұйымдары жайында аз жазлатындығы айтылды. Әсіресе «Жас қайрат» газеті он күнде бір-ақ рет шығатындығы айтылып, оның орнына немесе «Лениншіл жас» деген журнал шығару, бұл журналдың тұрақты шығуын қамтамасыз ету және мазмұнын жақсарту, журналды білікті мамандармен толықтыру және партия басшылығын күшейту керектігі баса көрсетілді. Журналдың мезгілімен әрі жастар басылымына сай шығуын өлкелік комитеттің бір өкіліне жүктеу мәселесі де қарастырылды [168, 20-п.].

26 қазанда Қазақ өлкелік комитеті бюросының мәжілісінде Баспасөз бөлімінің меңгерушісі Ә. Байділдиннің «Қазақ тіліндегі мерзімді баспасөз» атты баяндамасы тыңдалып, барлық қазақ тіліндегі губерниялар мен уездерде шығатын мерзімді баспасөздің жағдай егжей-тегжей айтылды. Ол жастардың басылымдарының саяси бағытының әлсіздігін айтып, күшейтуді ұсынды, «Жас қайрат» пен «Лениншіл жас» газеттерінің сапасын көтеру қажеттегіне үндесе [168, 38-п.], ал 4 қарашадағы қаулысында тұрақты шықпайтынына байланысты «Лениншіл жас» журналын жауып, оның орнына апталық «Жас

қайрат» газетін күшейту қажет деген шешім қабылданған болатын [170, 45-п.].

«Жас қайрат» газетін үндеуде: «Біз партия ұранын елге газет арқылы ғана жеткізіп отыра аламыз. Сондықтан «Жас қайрат» газеті – біздің қалың жаспен қатынас жасамақ болғанда өтетін көпіріміз, үгіт-насихат тартпақ болсақ үгітшіміз, ұйымдастыру жолында күшті ұйымдастырушымыз. Біздің санамыз өсумен қатар, саяси тілегіміз де артып, сана-сезіміміздің де бойы өспек. Құр тек ұйымдастырумен жұмыс бітпейді. Сол көптің тілегіне жауап беретін, сол көппен кеңесіп, пікір алысатын, сол көпке нұсқа беретін құралымыз, майданымыз, «гүл төбеміз» - осы «Жас қайрат». Сондықтан біз «әрбір губкомолға – бір мың «Жас қайрат» деген ұран тастап отырмыз. Мұны орындау қиын емес, жалғыз-ақ губерниялық, уездік жастар комитетінің ынталығы керек» делініп, алда күшейту мәселесі қолға алынатыны айтылды [171].

Өлкелік комитеттің жоғарыдағы жіберілген осы шешімге орай 1926 жылдың 20 қаңтарында комитетке «Жас қайрат» газеті мен «Лениншіл жас» журналының редакторы И. Игеновтің есепті жазбасы түсіп, онда газет пен журналдың жалпы жағдайы мәлімделді. Редактордың көрсетуінше, журналдың уақытылы шықпауының басты себебі, қазақ мемлекеттік баспаханасының нашар жұмыс істеуінен делініп, журналдың осы уақытқа дейінгі қалай таралғаны және қандай айдарларды қамтылғандығын қысқаша түрде түсіндіріп өтті. Ал «Жас қайрат» газетінің тұрақты жаздырып алатын 1126 оқырманының барлығы айтылып, жалпы газетті алатындардың санын 2300 деп көрсетті.

И. Игенов «Лениншіл жас» газетіне қатысты қабылданған 4 қарашадағы қаулыны қайта қарап, ЛКЖО мен оқушыларға аса қажетті басылым болғандықтан қалдыруды өтінді [170, 46-48 пп.]. «Жас қазақ» журналына жариялаған мақаласында да ол баспасөз саласын көтеру турасында ұсыныс айтқанда әсіресе жастардың басылымдарын көптеп шығару, оған партия тарапынан басшылық жасау ісін қолға алу керектігін де атап өтеді [172, 59-60-бб.].

Жастар баспасөзінің буынын қатырып, «төрт аяғынан тік тұрғызуға» ұран көтеріп, сол тұста жетекшілер жаппай жұмылды, жастар әдебиетін көркейтуді, соны жасауға бірін-бірі жарысқа шақырып жатты. Ибат Әуеш Қошмұхабетовтың осындай шақыруына «Қол бұлғаушыға қол жалғадық» деп үн қосты [173]. Ол: «Әдебиетті көркейту деген негізгі ұранды естіп, соған шақырылғандардың бірі болғандықтан азаматшылық міндетімді өтеу үшін Екібастұз, Спасск, Тұзсорған қазақ ұяларына үш айдан «Жас қазақ» журналын алдырып қайтамын» деп уәде берді [174].

Редактордың бұл есебінен кейін арнайы комиссия газет пен журналдың жағдайын тексеріп Баспа бөлімінде Халел Ізмұхамедовтың баяндамасы тыңдалды. Онда «Жас қайрат» газеті газетінің мазмұны мен сапасы, оқырмандары, таралымы жайында айтылып, газетке негізсіз фактілер жазылатындығы және кейбір мақалалардың мазмұнының түсініксіздігі сынға

алынды. Оның «Жас қайрат» пен «Лениншіл жас» басылымдарын шығаруда қаражат қиыншылықтары барлығы, осыған орай «Лениншіл жас» журналының кейбір нөмірлерін біріктіріп шығаруға мәжбүр болғандығын келтірді.

1925 ж. желтоқсан айында «Жас қазақ» пен «Жас қайрат» журналдары біріктіріліп, «Лениншіл жас» деген атпен шығатын болды. Жаңа журналдың тақырып аясы кеңейіп «Ауыл тұрмысы», «Комсомолдар бөлімі», «Жаңа дәстүр», «Сын бөлімі» секілді бөлімдер ашылады, ал бұрынғы «Ресми бөлім» қоғамдық - саяси бөліммен біріктірілді. Оқу - ағарту, өнер, әдебиет және «Ескі сөздер» бөлімдері қызмет етті. Журналға жазылу ісіне губерниялық, уездік комсомол комитеттері жауап беретін болды. Журналды ауылға жеткізу - өткір мәселе болып, күн тәртібінде тұрды. Бұл және басқа өмір талап еткен мәселелер жайлы құжаттарға сөз берейік. Түп нұсқа бойынша: «Еще в августе 1924 г. Казахский обком РТКСМ обсудил возможности ускорения перевода журнала «Жас қазақ» в массовую газету «журнал». «В кратком обзоре о состоянии политико - просветительной работы с июля 1924 г. по январь 1925 г. Казахский обком РТКСМ писал: Имеется журнал «Жас қазақ», журнал «Пионер». В пяти губернских газетах есть странички молодежи. Обком приступает к изданию киргизской газеты аульной молодежи. Издание казахской газеты для молодежи было поручено только что созданному юношескому сектору Госиздата республики. Предпологалось в нем сосредоточить всю издательскую деятельность обкома РТКСМ на киргизском языке». После подготовительной работы (т.е. решения финансовых и других орг.вопросов) заседание коллегии политпросветотдела Казобкома РТКСМ (17 февраля 1925 г.) константировала возможность издания газеты для аульной молодежи «Жас қайрат» [175].

Қазақ жастары саяси жағынан сауатсыз немесе шала сауатты болғандықтан журналдың саны көбейгенімен сапа көрсеткіші нашар болды. Бұл жайында: «В резолюции III пленума Казкрайкома РТКСМ константировал, что: «Журнал Крайкома РТКСМ «Лениншіл жас» должен быть превращен в орган киргизского актива и киргизской учащейся молодежи и иметь значение доступного руководящего журнала для нового Кирактива /1925 ж. 30 наурыз/ [176].

Осы мәселе баспасөздің саяси бөлімі коллегиясында да қаралып, Қайыпназаровтың комсомолдың мерзімді және мерзімді емес басылымдары бойынша жасаған баяндамасына сәйкес «Журналды шығару туралы» қарар қабылданды. Қарарда былай делінген: «1. На основании постановление Крайкома ВКП(б) газету «Жас кайрат» превратить в двухнедельный журнал. 2. Дать старое название «Лениншил жас» органа Крайкома и Сыр-Дарьинский Губкома ВЛКСМ. 3. Период выхода установить двухнедельных за один ½. 4. Печатные листы, тираж 2 000 экз., цену установить по 15 копеек.

О содержании

1. Основной задачей журнала должно быть классово-интернациональное воспитание широких слоев аульной молодежи.

2. Иметь следующих постоянных отделов:

а. обще-политический отдел (методической разработки основных решении партийных, профессиональных и союзных организаций); б. научно-популярный отдел; в. быт и работа молодежи в Казахстане; г. литературно-художественный отдел; д. вопросы и ответы; е. пионерский отдел; ж. библиография; з. Юмор и загадки» [170, 80-84 - пп.].

Қаулы мазмұнынан байқағанымыздай осы жылдардағы жастар басылымдарының ішінде партия «Лениншіл жас» журналына баса назар аударған. Оның жұмысын жіті бақылауға алғандығында көруге болады.

1926 ж. Оралда «Қызыл ту» газеті шығарылып, оған қосымша ретінде «Жастар дауысы» газеті де қоса жарық көрді. Газеттің редакторлық қызметін К. Өтеғалиев атқарды [177].

«Лениншіл жас» журналының жақсы қағазға шығарылғандығы, тек кейбір жарияланған мақалалары оқырмандарға түсініксіз мазмұнда жазылып кеткендігін мысал ретінде көрсетілді. Х. Ізмұхамедов те бұл екі басылымға партиялық басшылық жасау қажеттігін және жастар мәселесіне ғана арналған материалдарды жариялауды ұсынды [177, 212-п.]. Бұдан кейінгі Баспа бөлімінің мәжілістерінде газет пен журналдың сапасын жақсарту мәселесі қаралды. Қазақ өлкелік комитеттің 1926 жылғы 23 маусымда өлкелік комитет хатшысы Ф.И. Голощекиннің қатысуымен өткен мәжілісінде жаңа шыққан комсомолдардың «Жас қайрат» газеті мәселесі қарастырылып, газетті тұрақты шығару мәселесін шешуді өлкелік комитеттің баспа бөліміне жүктеу жөнінде шешім қабылданды [170, 339-п.].

1926 ж. 14 қаңтарында Баспа бөлімінің орнына жаңадан баспасөз бөлімі құрылып, оның басшылық қызметіне Т. Рысқұлов тағайындалды. Оның бұл қызметке келуі қазақ тіліндегі газет-журналдардың қызметіне жандану алып келді. 5 мамырдағы баспасөз күніне арналған жиылыста жасаған баяндамасында оның алда жасалатын міндеттерін айқындап берді.

1926 ж. 23 маусымда болған мәжілісте «Жас қайрат» газетінің үзіліссіз шығып тұруын қамтамасыз ету ісі өлкелік комсомол комитетіне тапсырып, оған бақылау орнату жөнінде шешім қабылданды. Сонымен қатар газетке шығатын материалдардың мазмұнында саяси қателіктердің кетіп қалмауын баспасөз бөлімінде үнемі қадағалау қажеттігі де айтылды [178, 2-п.].

1926 жылдың соңындағы есепте «Жас қайраттың» редакторлық қызметін М. Қайыпназаров басқарып, ал оның орынбасарлығын Б. Кенжебаев атқарып, Б. Майлин газет қызметінде жүргендігі келтіріліп, бұл қызметкерлердің баспа ісі саласында қанша жыл еңбек еткендігі анықталды [179].

Б. Кенжебаев 1921 жылдан комсомол қатарында болып, 1925 жылдан партияға кандидаттыққа қабылданған. Газет редакциясында 1925 жылдың тамыз айынан бастап қызмет етіп, үш айдай Мәскеудегі журналистика курсын оқып келген [180].

Қазақ жастары баспасөзі мектеп оқушыларын еңбек тәрбиесіне баулу мәселесіне көп көңіл бөлініп отырды. 1925 жылы «Пионер» журналы

шығарылып, Кеңес балаларын еңбекпен баулып тәрбиелеудің алуан - алуан мәселелері осы басылымдардан табылды.

«Пионер» журналы оның алғашқы нөмірі 1925 жылдың қаңтарында шықты. «Ақ жол» газетінде оның редакторы С.Баймаханұлының ел болашағы, жастар жеткіншегі – пионерлерге арнап жазған «Оларды ұмытуға болмайды» деген мақаласында балалар үйіндегі, интернаттардағы жас сәбилер өміріне, тәрбиесіне жеткілікті көңіл бөлінбей отырғанын, оларға қамқорлықтың кемдігін, зер салып, оларды ертеңгі күнге даярлаудың жоқтығын сынай: «Пионер – ортақшыл жастардың жеткіншегі, пионер – алысты жақындатып, ауырды жеңілдететін, қиынды оңайлататың жас күш. Пионер – «мінсең», шаршамайтын тай, жұмсасаң ерінбейтін балдырған. Пионерге «бер» десең, «мә» дейді. Бол десең, «тақ» дейді. Кісі сүймейтін оларда қылық жоқ. Сондықтан оларды ұмытуға болмайды», – деп осы жастардың баспасөзін көтеруді бір биік талап ретінде қояды [181].

Билеуші коммунистік партия жастар тәрбиесіне баса назар аударып отырды, қабылданған қаулы-қарарларда бұл жұмыстың идеялық дәрежесі мен тиімділігін арттыру жолдары нақтыланды. Атап айтқанда, жеткіншек ұрпақтың идеялық, саяси, еңбек және адамгершілік жағынан өсуінің аса маңызды құралы ретінде жастар баспасөзіне ұдайы көңіл аударылды. БК(б)П Орталық Комитеті сонау 1928 ж. 23 шілдесінде «Жасөспірімдер мен балалар баспасөзін жақсарту шаралары туралы» қабылдаған арнайы қаулысында, балаларды, жұмысшы және шаруа жастарын коммунистік рухта тәрбиелеу, оларды социалистік құрылысқа тарту, сондай-ақ жігіттер мен қыздардың мәдени дәрежесі мен кәсіптік - техникалық әзірлігін көтеруге барынша жәрдемдесу ісі жасөспірім және балалар баспасөзінің негізгі міндеті деп атап көрсетті [182].

Республика көлемінде жұртшылыққа танымал бола бастаған 20-шы жылдардың бірінші жартысында Республикада шыққан газет - журналдар, оларды шығарған ұйымдардың кейбіреулерін кесте түрінде көрсетуге болады.

Кесте 2 - ХХ ғ. 20-шы жылдарында шыққан жастардың басылымдары [183].

| /с | Басылым атауы | Қай жылдары шықты | Шығарушы ұйым |
|---|---|---|---|
| | Красная молодежь | 1920 | Түрк ОАК |
| | Жас алаш | 1921-22. | ЦК КСМТ және Қырбюро РКЖО |
| | Авангард Красного Востока | 1921 | Қырбюро РКЖО |
| | Жас қайрат | 1922-23 | ЦК КСМТ |
| | Яш шарк | 1921 | ЦК КСМТ |
| | Юношеская правда. | 1922 | Қазбюро |
| | Өртең | 1922. | Қазбюро РКЖО |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Жас қазақ | 1923-25. | Қазбюро РКЖО |
| | Смена | 1924 | Семей РКЖО губкомы |
| 0 | Комсомолец | 1924-25. | Қазобком РЛКСМ. |
| 1 | Жас қайрат | 1925-26 | Қазбюро РКСМ |
| 2 | Лениншіл жас | 1925 | Қазкрайком ЛКЖО |
| 3 | Ленинская смена | | |
| 4 | Юный большевик | 1925-27. | Орал губком ЛКЖО |

Айта кету, бұл кестеге енетін басылымдар тізімін жалғастыра беруге болар еді, бірақ ондай мәлімет қазақ мерзімді басылымдарының тарихын толық зерттеп жүрген деректанушы Қ. Атабаевтың монографиялық еңбектері мен мақаласында берілгендіктен, ондай қайталаудан бас тарттық [183, – 173-176-бб.]. Дегенмен «Жас алаш» болып басталған жастардың басылымының ғұмыры ұзаққа бармай, бірде газет болып, бірде журналға айналу себебін белгілі ғалым, жастар баспасөзінің негізін қалаушылардың бірі Бейсенбай Кенжебаевтың 1928 жылы жастар баспасөзінің шыққанына жеті жыл толуына орай «Лениншіл жас» газетінің 22 наурыздағы 12 санында жариялаған мақаласында: «Мұның себебі – бірінші – қаржы болмады: комсомолдың комитеті қолына түскен қаржымен газет шығара қойса, ол көп өмір сүре алмады. Комсомолдың төменгі жердегі комитеттері, ұялар, газет тарату жұмысына көңіл бөлмеді, бересі қаржыларын төлемеді. Бұл осы бүгінге шейін бар. Екінші – жазылушылары аз болды. Ауылдағы жастар газетке жазылуды білмегендіктен жазбаса, комсомолдың губернелік, үйездік желілердегі белсенділері салақтықтан жазбады, ұйым жұмысына баспасөз арқылы басшылық етудің қадірін білмеді. Бірқатар жастардың қай уақыттан, қай газеттен бастап санап жеті жылға толтырасыңдар деп жүруі де комсомолдар баспасөзінің аз тармағынан, комсомолдардың өз баспасөзіне көп көңіл бөлмегендігінен болып отырған нәрсе», – деп түсіндірген болатын [180].

Ішкі қоғамдық-саяси ағымы қайшылықтарға толы болған ХХ ғасырдың 20-30-шы жылдарында БК(б)П дін мәселесіне, жастар арасындағы дінге қарсы жұмыстарға баса көңіл бөлгендіктен мерзімді басылымдарды да осы бағытта жұмыс істете отырып, соған қарай жұмылдырды. Сондықтан жастар арасындағы дінге қарсы идеологиялық жұмыстарды жүргізетін комсомол активтерін дайындайтын арнайы курстар және семинарлар ашу қажеттігін көздеген Қазақ Өлкелік Комитетінің Хатшылығы 1928 жылы 23 қаңтарда «Жастар арасындағы дінге қарсы жұмыстарды жандандыру шаралары туралы» қарар қабылдады [184]. Барлық газет-журналдарда жастардың арасында осы мәселе төңірегінде насихат жұмыстарын жүргізу керектігі

көтерілді. Тіпті 1926 жылдан бастап мұсылмандарының арасында дінге қарсы үгіт-насихат іс-шараларын жүргізіліп, «Жас қайрат» журналының бетінде арнайы бөлім ашылған [185].

Елде ірі байларды тәркілеу, ұжымдастыру және индустрияландыру науқандарының басталуына байланысты жастарды осы іске тартуға мерзімді баспасөз белсене кірісті. 1928 жылдың 12 қыркүйегінде қабылданған қаулыға орай өлкелік комитет баспасөз арқылы бай-билерді тәркілеудің қандай жолдармен жүргізілетіндігі жөнінде және мал-мүліктерін жасырып қалғандарды әшкерелеуге жұмыла кірісуге шақырды [186].

Барлық газет пен журналдың бас редакторларына осы мәселе төңірегінде материалдарды үзбей жариялау жөнінде нұсқау берілді. Бұл науқандарды жүргізуге кедергі келтірерлік жәйттерді жою, атап айтқанда алашордашылар, жікшілдердің ықпалында болғандарды әшкерелеу мәселесі де қолға алу қажеттігі көтерілді. Тіпті басылым редакторлары жөнінде арнаулы сұрау қағаздарын жүргізіп, олардың әлеуметтік тегі, партия қатарына қашан қабылданғандығы жөнінде шағын мәліметтер жиналды. Мәселен, «Жас қайрат», «Ақ жол», «Кеңес ауылы» газеттерінің редакторы болған Сәдуақас Баймаханов қызмет барысы осындай жолдармен тексерілген [187].

ЛКЖО органы болған «Лениншіл жас» газетінің жағдай да толықтай тексеріліп, оның кемішіліктері анықталды. Оның басты кемшілігіне газетті көркемдеудегі нашарлық, мазмұнын ақсауы, ауыл комсомолдары жайында және жастарды тәрбиелеу мәселелерінің аз көтерілуі жатқызылып, осы сынға байланысты мынадай іс-шаралар жүргізу жөнінде қаулы қабылданды:

1) «Лениншіл жас» газетін толықтай ауыл жастарына арналуы тиіс. Әсіресе басты назарды ауыл жастырының өмірі мен жұмысына қатысты материалдарға аудару;

2) Бас мақалалардың саяси маңызды болуына көңіл аудару;

3) Ауыл жастары арасындағы ағарту жұмыстарына басты назарды аудару.

«Лениншіл жас» газетінің «Комсомол Қазақстанның мәдени құрылысында», «Комсомол шаруашылық құрылысында», «Комсомол қоғамдық жұмыста», «Қыздар арасында», «Пионерлер мен ауыл жастары» айдарларын тұрақты, ал «Ауыл жастарының тұрмысы мен өмірі», «Латындандыру үшін», «Ауыл ұяларының саяси-ағарту жұмыстары», «Дінге қарсы насихат» сияқты уақытша айдарлары болды [188].

1928 жылы жазуды латын әліпбиін көшіру жөнінде қаулы қабылданғаннан кейін бірнеше мерзімді басылымдар жаңа әліпби негізінде шығарыла бастады. Балаларға арналған 4000 данамен «Екпінді жас» журналы толықтай латын әліпбиіне көшті. «Қызыл әскер» газеті жаңа әліпби негізінде шығарылды.

1931 ж. 18 қаңтарда БК(б)П ОК «Селолық жердегі аудандық және төменгі баспасөз туралы» қаулысы шықты. Онда аудандық газеттердің жұмысында әлі де бірқатар күрделі кемшіліктердің бар екені айтылды. Солардың ішіндегі негізгілері лениндік жол идеясын одан әрі үнемі

тереңдету, Кеңестерді қайта құру, астық дайындау, ұжымдастыру, кулактарды тап ретінде жою жолындағы күрес барысындағы мәселелер партияның жүргізіп отырған саясатымен байланыстырылмайды т.с.с. сын айтылған [150].

Қаулыда аудандық және селолық баспасөз жұмысын жақсартуға бағытталған іс-шаралар белгіленген, солардың ішінде өндіріс саласындағы жұмысшылар мен қызметшілер арасынан тілші кадрларын даярлауды жолға қою көзделген.

Коммунистік партия ұлтшылдыққа, жікшілдікке, оңшылдыққа қарсы күресуде жастарды тартуды оң санады. Тіпті жастардың арасында осындай бағыттағыларды айқындап, олардың іс-әрекеттерін мерзімді басылымдар арқылы әшкерелеу мәселесін қойды және осы жолда оларға басшы болды. Жастар арасында «оңшыл» және «солшыл» ұлтшыл бағыттың әрекет ететіндігін «Лениншіл жас» өзі де жасырмай, беттерінде түрлі мақалалар жарияланып жатқандығын, алайда олармен қалай күресу керектігін айтып жол сілтемей отырғандығы Баспа бөлімінің шолуында атап өтілді [189, 12-п.]. Сонымен қатар 1932 жылға мәдениет пен ғылымға арналған жоспарда да «алашордашылар жастар мен баспасөзді өздеріне қаратуды міндеттеріне қойды» деп келтірген болатын [189, 14-15-пп.].

1931 жылы «Лениншіл жас» газетінің тиражы 14100 данаға жеткен. Ал елде шығатын 12 журналдың 7-уі қазақ тілінде, оның ішінде жастардың органы «Екпінді жас» журналы шығып тұрған [190].

1932 ж. қаңтарда БК(б)П Қазақстан өлкелік комитеті «Сталиннің хатына» байланысты, «Қазақстандағы теориялық майдандағы күрестің міндеттері туралы» қаулы алды. Қазақ халқының бүкіл тарихының, оның ішінде, әсіресе партиялық, азаматтық, әдеби-мәдени құндылықтардың бұрмалануы осы залалды құжаттан басталды. Әрине, бұған дейін де осы тақілеттес талпыныстар болған, ал мынау ресми заңды нұсқау.

1931 жылы «Пионер» газеті шығарыла бастады. Комсомолдардың сенімді ізбасарлары саналған бұл газет жас жеткіншектердің лениндік тәрбие алуына барлық жағдай жасауды өз алдына міндет етіп қойды. 1935 жылы газеттің жалпы жұмысы жайында Баспа бөлімінде редакторы Шаяхметов баяндама жасап, осы баяндамаға орай жарыссөзге шыққан 10-дай қазақ пионерлері (Әлиманов, Шалабаев, Егембердин) газеттің көлемінің (форматының) кішкентайлығын, әріпінің нашарлығын, суреттерінің аздығын айтты.

«Пионер» газетіне балаларды партия көсемдері мен батырларымен таныстырып, ғылым мен техника, балалар ойыны, октябряттармен жұмыс барысы және пионерлердің жорықтық әндері, әңгімелері жайында жазып тұру міндеттелді [191].

Ересектер арасындағы сауатсыздықты жою жөніндегі бағдарлама табысты жүзеге асырылып жатты. 1930 жылы 2 қаңтарда Қазақ АКСР ОАК сауатсыздықты міндетті түрде жою туралы қаулы қабылданды, содан кейін оқу пункттерінің желісі кеңейе түсті. Нақты шараларды іске асырудың нәтижесінде 1940 жылы – республиканың 20 – жылдығы қарсаңында патша

өкіметінің осы бір масқара мұрасынан арылу негізінен аяқталды. Бұл жөнінде Қазақстан елдің басқа шет аймақтарынан артта қалып қойды, оның себебі - күштеп жүргізілген ұжымдастырудың салдарынан жаппай аштықтың зардаптары. 1939 жылдың аяқ кезінде халықтың жалпы сауаттылығы 79,8 пайызға дейін, ал қазақтар арасында 40 – қа жетті [192].

Экономиканың дамуындағы жетістіктер мектеп ісінен айқын көрінеді. Алайда, білім беру ісінің одан әрі кең өріс алуына және ұлт мәдениетінің гүлденуі тағы бір тосқауылға кезікті. 30-жылдардың аяғына таман халқымыздың мұрасы – тілін ақсатуға бағытталған озбыр орталықтың тағы бір кезекті сұрқия қадамы жасалынды. Бұл жолы жастардың енді ғана үйренген, әлемнің өркениетті елдерінде қолданылып жүрген латын алфавитімен қоштасуына тура келді. Мәскеудің ықпалымен Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің V сессиясы «Қазақ жазбасын латын алфавитінен жаңа, орыс графикасына негізделген алфавитке көшіру туралы» Заң қабылдады. Республикада педагогикалық кадрлар жетіспей жатты. Осы тұста жоғары және арнаулы оқу орындарының жүйесін жетілдіру жөнінде біраз жұмыстар атқарылғанын айтуымыз керек. Бұл жайында жастар баспасөзінде кеңінен жазылып тұрды. Мәселен, жоғары мектепті дамыту үшін оқушылардың жаңа құрамын талап етті, ал бұл кезегінде орта мектепке байланысты еді. Толық орта білімі барлар тым аз болғандықтан 7 жылдық, тіпті кейде бастауыш білімі барларды жоғары оқу орындарына қабылданды. Басқа амал болмады, өмір жоғары білімді кадрларды талап етті. Республикада ең алдымен педагогтар жетіспеді. Мәселен 1936 жылы бастауыш мектептерде 1275 мұғалім жетіспеді, соның ішінде 832 қазақ, ал орта мектептерде – 1725, олардың жалпы санының 60 пайыздан астамының тіпті жеті жылдық білімі де болмады .

1937 жылы 26 қарашада Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесінің қаулысымен Баспа және басылым әкімшілігі - Министрлер Кеңесі жанындағы баспасөз жөніндегі Мемлекеттік Комитет құрылды. Осы арнаулы мемлекеттік орган Республикада баспасөз бен баспа ісінің дамуына елеулі ықпал жасады. Мұны «Пионер» журналының жұмысынан айқын көруге болады. Содан бері ол жастардың сенімді серігі, жақын досына айналды. Бұл журналдың өзінің жас оқушыларына ғана емес, сондай-ақ барша оқырмандарға үлгі-өнеге боларлықтай болып қалыптасты. Сөйтіп, оның игі-жақын достары көбейе берді.

Жастарға арналған газет-журналдардың тігінділері 1937 жылы құрылған арнаулы мекеме - Қазақ КСР Мемлекеттік кітап палатасында жиналды. Кітап палатасының директоры Әбілмәжін Жұмабаев қазақтың мерзімді баспасөз нұсқаларын бүкіл әлемнен жинау жұмысы жүргізілетіндігін, әзірше кейбір басылымдардың толық (мәселен «Лениншіл жас» журналы) жиналмағандығын айтты [192, 227-232 - бб.].

1933-1937 жж. Қазақстанның халық шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруды аяқтау және социализмнің жеңіп шығуы үшін күрес дәуірінде баспасөзге зор міндет жүктелді. Сол кездегі өмір талабына сай, жастар баспасөзі - партия ұйымдарының сенімді көмекшісі бола білді.

Қазақстан баспасөзі елдің негізгі газеті – «Правдадан» үлгі ала отырып, «Бесжылдықты – 4 жылда!» орындайық деген ұранды қызу қуаттады. «Социалистік жарыстағы» жаңа кезең – стахановшылар қозғалысы өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында кең өріс алды. Стахановшылар қозғалысын асыра дәріптеу сол тұстағы барлық қазақ басылымдарына тән болды.

Қазақ мерзімді баспасөзі 1937-1941 жж. социалистік қоғамды нығайту, өркендету жолындағы дәуірінде сол кездің талабына сай, өзінің алдына қойылған міндеттер деңгейінде болуға тырысты. Газет-журналдар Коммунистік партияның басшылығымен Қазақстанда социалистік қоғам құрылысын нығайту жөнінде жұмыстар жүргізді. Баспасөз бетінде заман талабына байланысты бағалы ұсыныстар мен еңбекшілердің белсенділігін арттыратын мақалалар шығарылып отырды. Соған мысал ретінде Республиканың бас газеті – «Социалистік Қазақстан» өнеркәсіпте айлық, тоқсандық жоспарлардың орындалуы, жаңа өндірістің іске қосылуы, озаттар тәжірибесі туралы жазып отырды. «Қарағанды қаңтар айының жоспарын орындады», «Балқаш мыс бере бастады» деп хабарлады 1938 жылғы 2 ақпандағы нөмірінде, сол жылғы 3 желтоқсан нөмірі осы алып өндіріс орнына арналды [193].

Осы жылдардағы саяси ахуалдың ушығуы мен елдегі жаппай саяси-қуғын сүргін науқанының кең етек жаю Орталық Комитеттің насихат жұмысынындағы қырағылығын күшейті. Атап айтар болсақ, Орталық Комитет тек мерзімді басылымдарды ғана емес, мектеп және оқу орындарының жұмыстарына, ондағы оқу құралдарының мамзмұнына да баса назар аударды. Олар ең алдымен, партия тарихының жоғарғы оқу орындарында жүргізілуін қадағалады. Соған орай 1938 ж. 14 қарашада БК(б)П Орталық Комитет «БК(б)П тарихы қысқаша курсының» шығуына орай «партиялық насихатты жолға қою туралы» арнайы қаулы қабылдады. Қаулыда атап көрсетілгендей марксизм-ленинизм идеяларын насихаттауда газеттер мен журналдар басты шешуші құрал болып табылды.

Ең бастысы осы қаулыны жүзеге асыру және орындау барысында барлық республикалық басылымдар, яғни орталық және облыстық газет редакцияларында жаңадан - Насихат бөлімдері құрылды. Оған жүктелген негізгі міндеттер:

- БК(б)П тәжірибесіндегі ерекше орны бар ленинизм-марксизмнің маңызы мен мәнін нақты ашып көрсету;
- Большевиктер партиясының тарихымен толық таныстыру;
- Большевиктер партиясының теориясын, жүргізіп отырған саясатының бағыты мен идеологиялық жағын түсіндіру;
- Партия қатарында жоқтарды ұйымға тарта отырып, оларды тәрбиелеу ісіне көмек беру;
- Қоғамның даму заңдылықтарын меңгерулеріне мүмкіндік ашу;
- Сонымен қатар барлық кеңес азаматтарын теориялық және саяси жағынан қалыптасып, өсуін қамтамасыз ету болды [194].

Соғыс алдындағы жылдары КОКП Оралық Комитетінің нұсқауымен баспасөзді нығайту жөнінде көптеген шаралар жүзеге асырылды. Сөйтіп,

партияның қамқорлығында болған баспасөз онның алдына қойған міндеттерді, талаптарын бұлжытпай орындайтын айбынды бұқаралық ақпарат құралына айналды. Мұның айқын көрінісі - соғыс алдында Мәскеуде «Правда комбинаты» салынып, онда газет шығару жаңа техникамен жабдықталды.

Жастар газеттерінің редакциялары өз жұмысын жақсарту үшін, авторлармен, жұмысшы және ауыл - селоның тілшілерімен байланысын нығайтуға көп көңіл бөліп отырды, штаттан тыс авторлармен жұмыс жүргізу ісі жолға қойылды. 1940 жылы 25 шілдеде БК(б)П Орталық Комитеті «Облыстық, өлкелік және республикалық газеттердің штаттары туралы» қаулы қабылдады. Қаулыда редакциялар штатының ұлғайтылуы және жер - жерде меншікті тілшілер желісінің жоқтығы газеттердің жергілікті ұйымдарымен байланысының нашарлауына, олардың партия, кеңес, шаруашылық активтерінен қол үзуіне әкеліп соғатыны атап көрсетілді. Газеттердің беттері көбінесе штаттағы қызметкерлердің материалдарымен толтырылады, ал редакциядан тысқары активтердің, әсіресе жұмысшы және селолық тілшілердің корреспонденциялары ығыстырылып қалатыны баса айтылды [181].

Қазақстан Компартиясының 1940 жылғы наурызда болып өткен ІІІ съезі жергілікті баспасөзді дамыту онан әрі, республикамыздың баспасөзі партия нұсқауларын басшылыққа ала отырып, оқушылармен байланысын нығайтты.

Түрлі саяси науқандарға қатысу, насихаттау, съездер мен пленумдар қаулы - қарарларын көптеп басу, т.б. 1920 жылдары жарық көрген орыс тіліндегі жастар баспасөзіне тән еді.

1930 жылы 14 наурызда балаларға арналған қазақ тіліндегі алғашқы басылым – «Пионер» газеті жарық көрді. Ол алғашқы кезде «Лениншіл жастың» қазақ тіліндегі қосымшасы ретінде шығып тұрды. Сегіз айдан соң, 5 қарашада одан бөлініп, жеке басылым болып шыға бастады. Өскелең ұрпақты кеңестік патриотизм, пролетарлық интернационализм, коммунистік идеалдарға берілу рухында тәрбиелеу - газеттің негізгі мақсаты болды. Осыған орай өзінің күнделікті жұмысында республикадағы басты басылым – «Еңбекші қазақ», комсомолдық «Лениншіл жас» газеттерінің бағыт - бағдарларынан айнымауға тырысты. Сонымен бірге ол мәскеулік «Правдадан» бастап, комсомол және пионер газеттерін басшылыққа алып, олардың жұмысын үлгі етті. Қазақстан ЛКЖО Өлкелік Комитеті мен Бүкілодақтық пионерлер ұйымының Қазақ Өлкелік бюросы тікелей басшылық пен бақылау жүргізді. Ол осы екі басшы мекеменің үні болды. Олардың нұсқаулары, ережелері сияқты құжаттарын және өткізіліп тұратын пленум, кеңестерінің қаулы - қарарларын, жетекшілерінің баяндамалары мен сөздерін жариялап отырды.

1931 жылдың ақпанында жастарға арналған тағы бір басылым - «Екпінді жас» журналының бірінші саны жарық көрді. Ол Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариаты мен пионерлердің Өлкелік бюросының шешімімен ай сайын шығарылып тұрды, барлығы 7 саны шығып үлгерді, тарлымы 5000 данаға дейін жетті.

Партия тарапынан жүргізілген іс-шаралар нәтижесінде 1924 жылға дейін комсомол баспасөзінің іргетасы қаланды. Түрі мен мазмұны айқындалып, тақырып аясы белгілі болды. Бірталай оңды тәжірибелер жинақталды. Ең бастысы – газет-журнал жұмысының қыр-сырына біршама қанық ұлттық журналист кадрлар өсіп шықты. Газеттерге жазылу болмашы бөлігі ғана, негізінен орталықтан губерниялар мен уездерге үлестіру әдісімен таратылды.

1930 жылдары Қазақстан индустриясы мен ауыл шаруашылығы, мәдениеті өркендеген алдыңғы қатарлы республикалар қатарына қосылды. Осындай ірі өзгерістердің маңызын, оған қалай қол жеткенін халыққа кеңінен түсіндіру, жұртты жаңа табыстарға жетуге жұмылдыру үшін баспасөздің санын да, сапасын да арттыру міндеттері алда тұрды. Аудандарда, өндіріс орындары мен колхоз, совхоздарда жаңа газеттер шыға бастады.

Коммунистік партия жүйесінің ықпалымен шыққан басылымдарда асыра мақтау, қоғамдағы жағдайды бұрмалап айту мәселелері, бұлар әсіресе, аймақтық басылымдарға тән болды. Мысалға, республикада шыққан басылымдардың бірі - Ақтөбедегі «Алға» газеті «аудан партия ұйымдарына Лениндік Орталық Комитет алға қойған аса маңызды міндеттерді орындауға жұртшылықты жұмылдыру, қалың бұқараға, оның ішінде, әсіресе әйелдер мен жастарға коммунистік тәрбие беру ісінде үлкен көмек көрсетті» [182] - деп жазды қарт журналист Қарағұлов Ә.

Осы айтылғандармен қатар мына бір сол кеңестік жүйе тұсындағы баспасөзге қатысты кейбір келеңсіз тұстарға тоқтала кетсек. Қоғамның барлық саласында жеке-дара үстемдік құрған Компартияның цензуралық бақылауы орталық басылымдарға - «Искра», «Правда», «Известия» жанашырлық таратып, өзгелеріне, әсіресе, ұлттық республикалардағы барлық баспасөз орындарына «ұлтшыл-буржуазиялық басылымдар» деп күйе жағылды. Олардың редакторлары мен авторлары қуғындалуға ұшырап, ал революциядан бұрынғы қазақ баспасөзінің бәрі дерлік реакцияшыл, байшыл-ұлтшыл бағыттағылар деп бағаланды. Сондықтан ұзақ жылдар бойы XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басындағы қазақ басылымдарын зерттеудің қажеті жоқ деген сыңаржақ пікір қалыптасты. Шығарған шешімінің қорытындысы өктемдеу келгендіктен ұзақ жылдар бойы «қараңғы қазақ халқының» бағына Қазан төңкерісі болмағанда сол сормаңдай қалыпта қалар еді деген қоғамдық пікір орын алды. Осындай мақсатта, «Социалистік Қазақстан» газетінің 1951 жылғы 17 қарашадағы санында «Қазақ баспасөзінің тарихын зерттеудегі өрескел қателер» атты мақалада тарих ғылымының кандидаты Х. Бекхожинның «Дала уалаяты» – қазақтың тұңғыш газеті» деген кандидаттық диссертациясын және Б. Кенжебаевтың «Қазақ баспасөзінің тарихынан» кітапшасын талқылап, «бұл еңбектер халқымыздың таңдау-талғауына сай емес, тарихи шындықты бұрмалаған, бұқпа-жалтағы көп, маркстік-лениндік тұрғыдан баяндалып жазылмаған құнсыз еңбектер» деп бағаланды [11]. Бұл өзінің бас пайдасы жолында халқын өзгенің табанына салып беруге дайын, ұлтының өткенін өзектен тебетін мәңгүрттердің қолындағы шоқпарына айналғандығын бүгінгі күнде көз жеткізіп отырмыз. Ол туралы ашық жазуға тек тәуелсіздік жылдарында ғана мүмкіндік алдық. Сөйтіп, Компартияның

сөзін сөйлейтін тоталитарлы әміршіл-әкімшіл жүйе идеологиясының өрісі шектеулі мерзімді баспасөз қалыптасты.

Соныменен, партия жастар баспасөзін дамыту үшін ең алдымен жастар арасындағы жұмысты жақсарту қажеттігіне көңіл аударды. Бұған «Жастар арасындағы жұмыс туралы» қарары нақты дәлел бола алады. Мұнда мына мәселелер қаралып, нақты міндеттер жүктелген. Ең бастысы губкомдардың жастар арасындағы партиялық жұмысының осалдығы, өлкелік комсомол ұйымдарына жете көңіл бөлінбей отырғандығы айтыла келіп, «партия шешімдерін жүзеге асыру мақсатында комсомолдың жұмысын партия қызметінің негізгі салаларының қатарына қосу қажет деп табады». Екіншіден, комсомолдың жалпы бағыты мен міндеттерін қолдай отырып, оны моральдық және материалдық жағынан қолдау шаралары қатарында мыналарды көрсетеді: «... ә)ағарту халық комиссариаты мен оның органдарын комсомолдың мәдени-ағарту саласындағы мұқтаждарына (әсіресе мынадай жағдайлар: техникалық сауатсыздықты жою, ұялар секретарьлары курсының, баспасөздің, Орынбордағы қазақ жастары клубының [жұмысы] және т.с.с.) қызмет көрсетуге тарту ...» [128].

Комсомол комитеттері мен ұйымдарының жұмысы негізінен қалалар мен ірі поселкаларда, еуропалықтар тұратын аудандарда біршама белсенді болды, ал қазақ ауылында жекелеген үлгілері болмаса, жалпы алғанда ол баяу жүргізілді. Ауылдағы комсомол ұялары әлсіз, идеологиялық бағыты айқындалмаған, байлар мен қожа - молдалар ықпалынан әлі шыға қоймаған құрылымдар-тын. Көбінің аты бар да заты жоқ еді. Коммунистердің өздері саяси ұйым ретінде ауылда әлі орнығып үлгермегендіктен, жастар мен әйелдер қозғалысы көбінесе стихиялық түрде көрініс білдіріп тұрды. Газеттерден жастар бетіндегі жарияланымдар жер - жердегі осы сияқты келеңсіз жағдайлар туралы жазып, жастар мәселесіне ересектердің назарын аудартып, билік орындарынан көмек сұраумен болды.

Партия жастар баспасөзі мен өзге насихат құралдарының дамуына, олардың жұмыс түрлері мен әдістерін жетілдіруге, сондай-ақ жастар басылымдарына тілшілерді дайындауға барынша көңіл бөліп қана қойған жоқ, қатаң бақылауда ұстады, ең бастысы олардың атқаратын міндеттерін айқындап отырды. Сондай-ақ социалистік құрылысқа бет алған кеңес азаматтарын қызықтыра алатын мәселелерді, коммунистік құрылыстың озық тәжірибесін, бейбітшілікті, социализм құрылысшыларын еңбектегі ерлік жолын үнемі паш етіп отыруларын да талап етті.

Партия баспасөздің жұмысын ұйымдастыру мәселелерін қарастырғанда немесе оларды шешу барысында, сондай-ақ жастар басылымдарының әрбір тарихи кезеңдегі міндеттерін белгілегенде қашанда В.И. Лениннің баспасөз жөніндегі пікірлері мен нұсқауларын басшылыққа алды, яғни лениндік дәстүрлер қағидаларына сүйенді.

Кеңестік кезеңдегі баспасөздің лениндік қағидалары – халқымызды идеялық жағынан шыңдайтын, оған рухани азық беретін қуатты қару ретінде Коммунистік партия мен үкіметтің саяси бағытын үнемі қолдап отыратын, оның ұрандары мен шараларын жүзеге асыруға тікелей ат салысу

болғандығы тарихи шындық. Сондай-ақ жастар баспасөзі партиялық қағиданы күнделікті басшылыққа алуға тиіс болды.

Ленин баспасөзді үлкен тәрбие құралы, әсіресе экономикалық тәрбие құралы деп таныды. Осы тұрғыда баспасөздің жас ұрпақты еңбекке тәрбиелеу жөнінде атқаратын қызметі мына қырынан белгіленген еді:

Біріншіден, халық шаруашылығы жоспарларын ойдағыдай орындау, өндірісте еңбектің жаңа түрлерін игеру және адамдар арасындағы жаңа қатынастарды қалыптастыру, оны одан әрі дамыту көп жағдайда қалың еңбекші бұқараның саналылығына байланысты болды. Еңбекті сүюді, құрметтеуді жастардың бойына сіңіре отырып, комсомол баспасөзі өндірістік қызметтің озық тәсілдерін насихаттау арқылы олардың идеялық-саяси дәрежесін жетілдіреді, коммунистік құрылысқа белсене қатысу үшін аса қажетті біліммен қаруландырылды.

Екіншіден, революциялық күрес мектебінен өтпеген жігіттер мен қыздардың өмірге жаңа ғана аяқ басып келе жатқаны ескеріліп тәрбие жұмысының түрлері мен әдістері жетілдіріліп отырды.

Үшіншіден, кеңестік идеологияның пайымдауынша жаңа қоғамның тап жаулары коммунистік идеяға қарсы идеологиялық күресінің жемісті болуы үшін алдымен жастарға жармасты. Албырт жастардың санасына үкіметке қарсы пікір мен бисаясаттық пиғылдарды тықпалауға тырысады, басқа да неше түрлі айла-тәсілдер қолданады. Осындай жағдайда кеңестік баспасөз жастардың еңбек қызметінің шынайы мотивтерін, социализм тұсындағы еңбектің үлкен тәрбиелік мәнін ашып көрсетуі қажет болды.

Партия - еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісі коммунизм орнату жолындағы күрестің маңызды майданы деп санады.

Ұлт зиялылары аталмыш кезеңде, қазақ қоғамының рухани өрлеуіне бағыт көрсете отырып, қазақ жастарының ұйымдары мен басылымдарының іргетасын қалады.

## 2.2 Жастардың ұлттық басылымдарының дамуы мен қызметі

XX ғасырдың 20-жылдары жастардың бірнеше газет-журналдары жарық көрді. Солардың ішінде ең алғашқы басылым ретінде «Жас алаш» пен «Өртең» газеттерін атап өтеміз. «Жас алаш» газеті 1921 жылы 22 наурызда Ташкентте жарық көрсе, 1922 жылы Орынборда шыққан «Өртең» газеті жастарды елдің ішіндегі ішкі жаңалықтармен, саяси оқиғалармен, оқу-ағарту мәселелермен таныстыруға ұмтылды. Сонымен қатар жастар ұйымдарының қандай жұмыстар атқару керектігін белгілеп берді. Жастар міндеттері жайында жазылған мақалаларды басты. Бұл газетке С. Сәдуақасов «Өткен күндер, қазіргі хал һәм болашақ» атты мақаласы жарияланып, онда жастарды босқа жатпай іске араласып, не істеу керектігін ойланып, жұмысқа белсене араласуға шақырды. «Өңшең жас жүрек, өңшең қаһарман, тарих – сендік. Болашақ сенікі! Алдыңдағы ағаларыңша бос белбеу, босаң болмай, болашағыңа оңдап даярлан», - деп жазды, ол өз мақаласында [197]. Бұл

газеттің бар-жоғы 6-ақ нөмірі шығып, саяси ұстамсыздығы үшін жабылып тасталды. Оның орнына 1923 жылдың қазанынан Қазақстан аймақтық жастар комитетінің органы «Жас қазақ» журналы шықты.

Журнал №1 санында: «...Біздің осы үстімізде тұрған дәуірде ең бірінші планға шығарып қоярлық жалпы еңбекші жастарымыздың арасында істелетін екпінді, міндетті жұмыс, жаңа жұмыс – коммунист тәрбиесін алу, саяси билік алу. Бұл журнал –... еңбекшіл жастарды ортақшыл ұйымға кіргізіп, жауыз дұшпандарымызды қайткенде жеңетін жолды сілтейтін, адастырмайтын қазақ жастарының құбыланамасы (компос)», - дей отырып, өзінің мақсаты мен тілегін айқындап көрсетті. Олардың арасында журналды кіндіктігі, не болмаса екі-үш кісінікі ғана қылмай, жалпы жас еңбекшіл қазақтікі (көптікі) қылу. Елге жанасу, елмен бір жасау, елдің ішінен хабар алып, солардың тұрмыстарын, жақсы-жаман ячейкалардың істеген істерін жазып, республика қол астына ендіру, жастар арасынан журналистер даярлау, ауыл жастарының ұйымдары, олардың ауылшаруашылығын дамытудағы жұмыстары жайында үнемі хабарлар, мақалалар жариялау, халық-ағарту ісіне қатысты іс-шаралардың жүргізілу барысын қадағалау, жастардың тұрмысынан, мәдени іс-шараларға қатысуын, жалпы олардың арасында жүргізілген саяси жұмыстар және т.б. жайында хабардар ету екендігін келтірді.

«Ұзақ өмір жасап, өз қажетінше ойдағыдай пайдалануы үшін еңбекшіл жастар журналды ұдайы оқып жүрер» делінді соңында [198, 1-3-бб.]. Негізінде «Жас қазақ» журналының «Әдебиет», «Өнер-білім», «Саяси», «Оқу-тәрбие», «Балалар», «Ресми», «Сыртқы хабарлар», «Жалпы» сияқты рубрикалары ашылып, онда осыған лайықты материалдар басылды. Мәселен, журналдың 1-санында Тілектес есімді автордың «Жастардың міндеті» деген мақаласы жарияланып, онда ол жастардың болашақта атқаратын басты міндеттерін тізіп берді. «Қазірде жұрттың көбі жастарға қалай қарауын білмейді. Біреулер мақтайды, біреулер мұқатады, біреулер қорқытады» - дей келе, жастардың коммунистік партия ізбасарлары болулары үшін оларға дұрыс бағыт, жол сілтеу керектігіне үндейді. Осы нөмірде Т-и дегеннің «Саяси хал», Мұхамет - Ханафия Қазанғапұлының «Баспасөз», «Әдебиет» рубрикасында Жөнеудің «Құрмаш» , журналдың 2-3 санында Тақа дегеннің «Қойшығұл там», Серік атты автордың «Қазақ кедей жастарын ұйымдастыру» [199] деген мақалалары жарияланды.

«Жас қазақ» журналының мазмұны жылдан-жылға жақсарып, онда саяси мәні, жастарға тәрбиелік маңызы бар материалдарға көптеп жариялана бастады. Е. Алдоңғаров, Б. Майлин, М. Дулатов, М. Мұрзин, Ж. Сәрсембаев, С. Сәдуақасов, И. Игенов және т.б. жастар мәселесіне қатысты түрлі тақырыптағы мақалаларды жариялады. «Жас қазақтың» 1924 жылғы №7-8 нөмірінде И. Игеновтың «Гурьев уезінде» деген көлемді мақаласы басылып, жастар ұйымын нығайту, мүшелерін көбейту жолында жүргізіліп жатқан істер жайында мақалалар басылған [172, 59-61-бб.].

Қазақстан жастары қозғалысының, баспасөзінің тарихында өзіндік із, өзіндік қолтаңба қалдырған, кейінгі ұрпақ елеп, ескерер еңбек еткен қажырлы «қарлығаштар» көп болды. Солардың бірі - Ибат Игенов. Ол - өз заманының

аты ардақты перзенті, өз кезегінде жастар қозғалысының жігерлі жетекшісі, қайраткерлігіне қаламын серік еткен хатшы-журналист» - деп жазады Т. Қожакеев [26]. Жас журналист республиканың қоғамдық-саяси өмірін жіті қадағалап отырған, өзінің пікірі де болған, оны бүкпесіз айтатын. Бұл кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында мұндай дәстүрдің орындалғаны тоталитарлық жүйенің әлі өмірге келмеген кезі еді.

1925 ж. қазан айында республиканың бес жылдығы аталып өтті. Осы уақыт ішінде ел табысы жөнінде баспасөз жазып жатты. Осы оқиғаға қарай жастар мәселесін көтерген И. Игенов: «Қазақстан республикасы, - деді ол, - өзінің негіздеген күнін есіне түсіріп, тойын тойлағанда осы біздің де шыққан күніміз еді ғой дегендей оймен, жастардың да құлағы елең ете қалады. Кедей жастары кейінгі кезде ұйымның жол–жобасына, мақсатына түсініп, енді-енді ғана ұмтылыс жасайды» [200].

Журнал жастарды оқуға, өнерге шақырды. Сондай-ақ сол кездегі ақын-жазушылардың өлеңдерге, әңгімелерге, фельетондар мен әдеби мұраларға, ертегі, аңыз-мұраларға, түрлі күлдіргі сөздерге орын берілді. Жаңалығы көп, заман ағымына ілесіп өзгеріп отыратын жастар газетіне деген сұраныс айқын байқалды. 1924 ж. тамыз айында РКЖО Қазақ обкомының басшылығы «Жас қазақ» журналын жастардың бұқаралық газетіне айналдыру мүмкіншілігін талқылап ортақ шешімге келе алмады [12].

1922 ж. тамыз айынан «Жас қайрат» газеті шыға бастады, ол 1924 ж. басынан сол атымен журналға айналды. Ерғали Алдоңғаров алғашқы редакторы болған «Жас Қайратқа» 1922 ж. Сәдуәқас Баймаханов басшы болды. Ол өзінің жайдары мінезі, сергек ойлылығымен алғыр журналисті бейнелесе, одан кейінгілер жалықпас ұстаз тәрізді, аса еңбекқор болды. Бұлардың екеуі де бардан – жоқтан құрап газет шығарған қиын кезеңде істеп, қағаз, қаржы табу, тілшілер, авторлар өсіруде комсомолдың Орталық Комитетіне, оның хатшысы Ғ. Мұратбаевқа арқа сүйеп отырды. Ғ. Мұратбаев редакторлықтан босағанымен, газеттен қол үзбеген.

1924 жылдың 22 қаңтарында В.И. Лениннің қайтыс болуына орай Қазақстан комсомол ұйымы «Жас қазақ» журналы мен «Жас қайрат» журналдары қосылып, 1925 жылдан бастап «Лениншіл жас» деп аталды. «Лениншіл жас» газетінің бір нөмірінде мынадай хабарлама басылды: «Обкомның қаулысы бойынша Түркістанда шығатын қазақ жастарының журналы «Жас қайрат», Қазақстанның «Жас қазақ» журналы осы январь айында қосылып, екі басқарманың қызметкерлері тізе қосып, бір журнал шығармақшы болды» [201, 88-б.].

Ал 1927 жылдан бастап бұл журнал «Лениншіл жас» газеті ретінде шығарыла бастады. Оның редакторлығын Ерғали Алдоңғаров, ал жауапты хатшылығын Ахмет Елшібеков атқарған [202, 263-б.].

Осы «Лениншіл жастың» 70 жылдық тарихына орай шығарылған «Жансерік» деп аталған жинақтың алғы сөзінде газет турасында 1991 жылы «Лениншіл жас» газетіне редактор болған Уәлихан Қалижанов: «Бұл жастар газетінің өзінің алғашқы сандарынан-ақ ел мен жер, жаңа өмірге үйрену, сауатсыздықпен күрес, мәдениетке үміт арту мәселелерін көтергенін, өмірдің

өз қиындықтарын ашық айта отырып, рухани жағынан түлеуді алға тартқанын айқындайды», – деп жазған болатын [203, 4-б.].

Ойластыра келе қазақ жастарының газетін шығару ісі жаңа ғана құрылған өлкелік мемлекеттік баспаның жастар секторына тапсырылды. «Юношеский сектор Госиздата» аталған осы жаңа мекемені ұйымдастыру жағын РК(б)П Қыробкомы Ерғали Алдоңғаровқа жүктеді [204]. 1925 ж. 17 ақпанында РКЖО Қыробкомының саяси-ағарту бөлімі газетті шығаруға қажетті қаржылық және ұйымдастырушылық жағынан дайындық жұмыстары жасалды деп тауып, газеттің атын («Жас қайрат») және жауапты редакторын (Е.Алдоңғаров) бекітті. Газет редакциясына кімдерді кіргізу мәселесін Е. Алдоңғаровтың өзі шешіміне қалдырды [204, 40-п.]. «Жас алаш» газетінің орнын басқан «Жас қайрат» газетінің бар-жоғы отызға жуық нөмірі шыққан.

Газет жайында Ахмет Елшібеков былай деп еске алады: «Жас қайрат» мол кездегі «Еңбекші қазақтың» көлеміндей болып жұмасына бір рет шығып тұрды. Редакция қызметкерлерінің саны тым аз болды. Онда газеттің жауапты секретары мен әдеби қызметкері болып Әуес Қошмұхаммедов, контор меңгерушісі Әбдрахман Бектасов болатын. Ал редакторымыз Ерғали Алдоңғаров еді. Ол кездейсоқ ауыра қалғанда, Бейімбет Майлин оның жұмысын атқаратын. Газетте комсомол жұмысының көкейтесті мәселелері мен Совет Одағы жастарының өмірінен қызғылықты материалдар басылып тұратын. Сондай-ақ комсомол-жастар арасындағы саяси тәрбие жұмыстары мен олардың білім алуы, еңбектегі табыстары және жас қыздардың тұрмысқа ерте шығып, қалыңмалдың құрбаны болуы сияқты ескіліктің етек басты салт-саналарына қарсы жазылған материалдар жиі-жиі жарық көріп тұрды» [203, 10-б.].

Газет бетінде жастарды, пионерлерді жаңа салт - сана рухында тәрбиелеуде, оларға ғылым, техника, өнер, білім жаңалықтарынан мағлұмат беруге бар күшін салды. «Жас қайрат» газетінің жұмысын жолға қойғаннан кейін, комсомол ұйымы Е. Алдоңғаровты Орынборға қайта алдырып, «Жас қазақ» журналын шығаруды жүктелгендігі туралы айтылып кеткен-ді. 1923 ж. қазан айында жарық көрген бірінші нөмірінде редактор – сол тұсағы баспасөз міндетін, жастар парызын саралап түсіндірді. Қазіргі дәуірде еңбекші жастарымыздың алдында тұрған екпінді міндет - тәрбие, саяси білім алу, өнер игеру. Осы күнге дейін жас ұрпақтың басын уландырып, «кірсіз көңіліне ашытқы салып жүрегін айнытқан» тоғышарларға, қара басының ғана қамын ойлайтын, өзімшілдерге, байшылдарға, саясаттан қашық саудагерлерге, құрғақ ұлтшылдарға, жалпылдақ жарамсақтарға, сөз құмар бөспелерге қарсы қайрап салар өткір тұмсық қаруымыз жаңа іліммен қаруланған қазақ жастары, ұл қыздары. Сондықтан оларды тәрбиелеу өнер - біліммен қаруландыру – бүгінгі таңдағы зор міндет деп есептеді ол. Жастар баспасөзінің аяғынан қаз тұрып кетуіне Алаш зиялыларының ықпалы шешуші рөл атқарды.

Ж. Арыстановтың жазуынша, 1922 жылдың ақырында «Жас қайратқа» Ерғали Алдоңғаров редактор болған. Бірер жылдан кейін оның

редакторлығын С. Баймаханов атқарып, газетке жастарды көбірек тартуға тырысқан [205, 125-б.].

«Жас қайраттың» алғашқы редакторы болған Ерғали Алдоңғаров жайдары мінезі, сергек, алғыр ойлылығымен журналист ретінде ерекшеленсе, ал Сәдуәқас Баймаханов жалықпас ұстаз, аса еңбекқорлылығымен журналистердің есінде қалды. Бұлардың екеуі де бардан – жоқтан құрап газет шығарған қиын кезеңде істеп, қағаз, қаржы табу, тілшілер, авторлар өсіруде комсомолдың Орталық Комитетіне, оның хатшысы Ғ. Мұратбаевқа арқа сүйеп отырды.

«Лениншіл жас» журналының №7 санында Ерғали Алдоңғаров турасында: «Ерғали жүрегі таза, манапқа қаны қас жігіттердің бірі. Ерғали қазақтың, қазақ еңбекшілерінің жүрегі баспасөз екендігін ұғынды. Сондықтан ол жолда баспасөз майданында 50 % денсаулығын жойғанша еңбек сіңіре қызмет істеді», - деп келтірілді [201, 88-б.].

Ғ. Мұратбаев редакторлықтан босағанымен, газеттен қол үзбеген. Оның осы газеттің 1923 ж. 2 ақпандағы «Жәрдем керек» деген мақаласы, С. Баймаханов редактор болған «Жас қайрат» журналының 1924 жылғы қаңтарындағы «Қадірлі жастар жадына» деген алғы сөзі газет үшін күрестің, уақытша журналға айналдырса да, оны сақтап қалу үшін талпыныстың тарихи айғағындай болып есте қалды.

Бұл газетте С. Сәдуақасовтың «Істелетін іс» деген мақаласы жарияланып, онда жастардың алдында қандай істерді жүзеге асыру керектігін айқындап берді. «Жастар арасында істеп жүрген іскер аз. Оның үстіне «оқу керек» деген ұранды қолданып жүрген жастардың көбісі оқуға кетті. Қалғанының бір қатары демалыс, саяхат ретінде жалпы Русия ауылшаруашылық выставкасына кетті. Іскер жастардың бұйтіп қарауы жалпы жастар ісіне едәуір тоқтау болып, кейбір жерлердегі ұялар, клуб-кружоктар ісі тоқтап қалды. Оқу жылы басталып, жазғы демаолыстан оқушылар келіп жатыр. Енді жастардың түрлі жағынан жұмыстары туып, істейтін мерзімді уақыты жетті», - дей келе алда мынадай жұмыстарды міндетті түрде атқарылу керектігін көрсетті:

1. Жастар арасында саяси, мәдени қайыр, өнер майданына қойылған жолдарды тарату; 2. Клуб-кружоктар; 3. Оқухана, кітапхана, қауым ашу жұмысын жүргізу; 4. Ташкенттегі қазақ интернаттарын қолға алып, ондағы оқып жүрген жас балаларды қиын күннен құтқару.

«Қолынан келетін «мен-басы» дегендер ұмытпай іске кірісіңіздер. Қауымдарыңызға нұр жаусын. Мақсаттарыңызға жетіңіздер», - дейді [206].

«Жас қайрат» газеті 1924 жылдың қаңтарынан журнал ретінде шығарыла бастады. Журналды жастар комитеті мен Орта Азия жастар бюросы шығарды. Журнал ел ішіне еркін тарауы үшін агенттерін жіберіп, оқырмандарын көбейте түсті. Басылымның мазмұнды болып шығуына Сәдуақас Баймаханов көп еңбек сіңірді. Т. Қожекеев ол турасында: «... зор ұйымдастырушылық әрекетпен дүниеге келтірген «Жас қайраттың» бетінде жарияланған Сәдуақас материалдарының негізгі мақсат, идеясы, мазмұн, бағыты жастарды әдет-салтқа дағдыландыру, өмір сүріп, тіршілік етудің

жаңа жол, тың тәсілдерін насихаттау, үйрету болды», - деп жазып, оның жастарды тәрбиелеуге, оқуға, өнерге шақырған мақалаларын талдауға алады [207].

Оның бірінші нөмірінің «Саясат», «Өнер-білім», «Әдебиет», «Мектеп», «Әдет-ғұрып», «Қыздар» сияқты бөлімдері болды. Мәселен, «Саяси» бөлімде «Қадірлі жастар жадына», Садықбектің «Ұйымымыздың кезекті істерлік ісі», Қайыпназарұлының «Германия өзгерісі һәм жастар қимылы», ал «Өнер-білім» бөлімінде Шым дегеннің «Қартаю деген не?», Мал дәргерінің «Маңқа ауруы», Аграномның «Жылқы тұқымын асылдандыру туралы», сондай-ақ «шаршау неліктен», «Нән ағаш», Ес дегеннің «Дүниедегі ең кішкентай баспа машина», «Әдебиет» бөлімінде Мық дегеннің «Қорыққаным-ай», Нұрымұылының «Жолама», Т. дегеннің «Қыр суреттері» және т.б авторлардың өлең, әңгімелері, «Мектеп» бөлімінде «педагогика», «Қыздар» бөлімінде Бекжанұлының «Бұ да біздің міндетіміз» сияқты мақалалар басылған. Сонымен қатар журнал жаңа шыққан кітаптармен де таныстырып отырды.

«Жас қайрат» газетінің журналға айналуының себебі №1 нөмірде айқын түрде айтылды. Оның себебін газеттің өзінің көздеген ниетіне жете алмауынан деп көрсетті. «Газет мезгілінде шықпады, шаққаны қалың жастар арасына тарамады. Газет өзінің жасаған аз ғана жылдарының беделінде талай жастарды сынады. Онымен судай ағып жорғалап басып кетпеді, жетілік газет 25 күнге, 10 күндік газет бір жарым айда шығатын болды. Мұндай сирек шығуы қаншалық жігерлі, қайратты болса да газеттің дәмін алып, қызығын кетірді. Әлі түсіне алмай, жаңа ғана білім дүниесіне құлаш ұрып келе жатқан жастарымыз І-нен ІІ-нші санына дейін газеттің бәрін ұмытып та қалып жүрді», - дей келе, ал журналды шығарудың мақсатын «Қазақ-қырғыздың жалпақ-жабайы тілімен жастардың бойына сіңгерлік саясат, білім, әдебиет, мектеп, қайыр басқа мәдениет майданындағы пұтақтармен таныстыру. Бірліктің, оқудың керектігін ұғындыру» деп түсіндірді [208, 3-4-бб.].

Бұл журналға жарияланған материалдардың авторының көпшілігі бүркеншік есімдермен аталған. Мәселен, Тоқай төре, Шақа, Есей, Қара жаяу, Ес, Аграном, Марқа бала және т.б.

1924 жылғы Орта Азия шекарасын межелеуге айланысты Қазақ автономиялы Кеңестік социалистік республикасы құрылып, оның астанасы Орынбор қаласынан Қызылордаға көшті. Осыған орай көптеген газеттер жас астанаға көшіріліп, кейбіреулері қысқартылып, басқа газет немесе журналдарға қосылса, ал кейбіреулерінің атаулары өзгерді. Комсомолдардың бұрын Орынбор, Ташкент сияқты қалаларда шығып тұрған газет, журналдарының орнына Қызылордада бір газет пен бір журнал шығарыла бастады. Бұлар «Лениншіл жас» журналы мен «Жас қайрат» газет болды.

1924 ж. бастап «Еңбекші қазақ» газетінің бір бетіне «Лениншіл жас» деген атпен жетілік газет шығарыла бастады. Ең алғашқы санында Аймақтық коммунистік жастар комитеті «Жас қазақ» журналынан басқа қазақ тілінде осы газетті шығарып, еңбекші жастардың тәрбиешісі, жүрегіне жақын көсемі Лениннің атын мәңгіге қалдыру үшін «Лениншіл жас» деп аталғандығы, оған

жастарға өнеге аларлық жақсы істер мен жастар ұйымының кемшіліктері, жетістіктері туралы жазылатындығы айтылды. Ерғали. Лениншіл жас. 1924. №1. 8 февраль. Газет аймақтық комсомол жастар комитетінің алда қабылданатын жобалары мен қабылданған үкіметтің түрлі қаулы-қаралары, нұсқаулары, жастар ұйымының жиналыстары, онда қаралған мәселелер жайында, не оқуға кіре алмай, не жұмысқа тұра алмаған жастардың ауыр тұрмыс-тіршіліктері жайында да материалдар басып отырды. Тіпті комсомол жастарға жат деп табылған жәйттерді де сынға салды. Бұл ретте газетке жарияланған «Комсомол» деген бүркеніш атпен жарияланған.

Газет сонымен қатар жастардың өз басылымдарына қолдау көрсетіп, оның таралуына ат салысуға шақырды және жер-жерлерде жастар баспасөзін көтеруге байланысты өткізіліп жатқан жиналыстар туралы хабарлар да жариялады. Мәселен, газетке жарияланған «Осылай істеу керек» деп аталған мақалада Орынбордағы жұмыскерлер факультетінің оқушылары комсомол ұясының басшылығымен бірге 1 қазаннан бастап стипендия алған әрбір оқушыға «Жас қазақ» журналынан алуға міндеттеу туралы қаулы шығарғандығы айтылды [209].

1925 жылы «Жас қайрат» деген газет болып қайтадан шығарылып, еліміз егемендігін алғанға дейін «Лениншіл жас» атымен қайта шығарыла бастады. Газет шығып тұрған кезде оған Ғ. Мұратбаев, С. Сәдуақасов, А. Лекеров, Х. Бөлекбаев, Р. Жанұзақов, Е. Смайылов және т.б. жастардың материалдары, мақалалары жарық көрді.

«Жас қайрат» газеті жастар өмірімен таныстыруды мақсат қылды. Мысалы И. Игеновтың «Қазақстан жастарының қазіргі күйі, келешекте не істеуіміз керек?» деген мақаласы жарияланып, онда жастар ұйымның өсуі, ұйым мүшелерінің саяси сауаттылығы, ұйымның әлеумет ісіне қатысы жөнінде жеке-жеке сөз етеді де, алда қандай жұмыстар жүргізу керектігі жөнінде сауал қояды [210].

Ғалым Б. Кенжебаев «Жас қайрат» газеті жөнінде: «Жас қайратта» саяси, шаруашылық, өнер-білім, тәлім-тәрбие, әдебиет бөлімдері болып жүрді. Халықаралық жағдай, шетелдердегі жұмысшылар мен жастар жайы, олардың күресі туралы, Советтер Одағының ішкі жағдайы: саясат, шаруашылық, мәдениет жөніндегі табымтары туралы, ғылым-техника жаңалықтары туралы, өнер-білім, мораль, этика – жаңа тұрмыс туралы азды-көпті үзбей жазып отырды. Жас ақын-жазушылардың шығармаларын, бұрынғы әдебиет мұраларын мол жариялап жүрді. Қазақ жастарын революциялық, коммунистік рухта тәрбиелеуге шамасынан келгенше еңбек етті», – деп жазған еді.

«Лениншіл жас» журналының редакциясында журналистикаға қыры бар Әуеш Қошмағамбетов, Ерғали Алдоңғаров, Ибат Игенов, Ахмет Елшібеков, Әбдірахман Бектасов, Рухия Низаметтинқызы қызмет еткен. Журналдың редакторлық қызметін Ибат Игенов атқарды. Ол туралы ғалым Т. Қожакеев былай деп жазған еді: «1924 жылы жазда Қазақстан комсомолының үшінші съезіне делегат болып қатысқан. Сонда дайындығы, шиырақтығы ескеріліп, ол комсомолдың Орталық Комитетінің хатшысы болып сайланған. Сол кездегі

тәжірибе, дәстүр бойынша әрі «Жас қайрат» газеті мен «Лениншіл жас» журналының редакторы болып істеген. Бұл екі басылым да жастарды жайсыз мінезден сақтандыру, тұрмыста да, істе де жұртқа үлгі көрсету, оларды оқуға, өнер мен ғылымға қарай жетелеу, тазалықты, ұқыптылықты үйренуге шақырды.

1926 жылы «Жас қайрат» газеті қиындықтарға байланысты тоқтап қалып, тек «Лениншіл жас» журналы шығып тұрды. 1927 жылдың күзінен «Лениншіл жас» газет ретінде жетісіне бір рет шығып, оның редакторлығын Жұмабай Орманбаев атқарды [17, 49-б.].

Газеттің журналға, журналдың газетке себебін Садық Нұрпейісұлы «Көптің тілегі» деген мақаласында айқын көрсетті. Ол екі басылым ретінде шығаруға болатындығын, алайда қаражат мәселесі қинайтындығын айта келе, газетті ақсатпай шығаруға өлкелік жастар комитеті сенім білдіріп отырғандығын, бұл газеттің ауыл жастарының тілі болмақтығын көздеп отырғандығын нақтылап берді. Сонымен қатар ол газеттің өркендеуіне әрбір жас өз үлесін қосуы керектігін айтып, мынадай міндеттерді қояды:

1. Бүтін хат білетін жастар «Лениншіл жасты» алдырып оқысын.

2. Барлық ел хабары мен жастар хабары ұя жұмыстарын үзбей жазып отырсын.

3. Мұнымен қатар Қазақстандағы барлық жастар ұйымы шамаларының барынша өз газеттерін елге тарату, оны көркейтуге аянбай ат салыссын.

4. Губерниялық, уездік жастар комитеттері бұрынғыдай салқын қарамай, кәдімгідей науқан жүрдіріп, барлық істерінен газетке хабар беріп, жастарға осы жолда жолбасшылық етіп, жазуға, оқуға баулулары керек [211].

Осындай мазмұндағы мақалалардан кейін газетке «Лениншіл жасты» жастар арасында тарату, оларды тұрақты оқырмандарына айналдыру мәселесі бойынша жүргізіліп жатқан іс-шаралар жөнінде хаттар келіп жатты. Сондай бір хат Мәскеудегі Қазақстан оқушылар комитетінен де келді. Онда бұл комитеттің жарты жылға Қызылжар уезінің Өрнек қаласындағы Қызыләскер болыстық лениншіл жастар комитетіне, Темір уезіндегі, Павлодар қаласындағы қазақ балалар коммунасына алдыртуды өз міндеттеріне алатындығын айтып, осымен бірге Ленинград, Ташкент, Сарытау, Қазан, Орынбор, Том, Омбы қалаларындағы Қазақстан оқушылар комитеттерін газетке қолдау көрсетуге шақырды [212].

Газеттің рухын көтеруде оның бетінде өлеңдер де жарияланып отырды. Елтай Ерназарұлының «Лениншіл жас» газеті» деген өлеңі басылып, жастар басылымының жеті жасқа келуімен құттықтаған:

«Лениншіл жас» газеті,
Туралыққа нұқсаған,
Әділдік жолын ұстаған.
Нұрын шашып, жадырап,
Жазғы күнге ұқсаған.
«Лениншіл жас» газеті,
Жалшы жастың айнасы.
Бостандық жолында,

Жалшыға тиген пайдасы.
«Лениншіл жас» газеті,
Келді жасы жетіге,
Кетпек былай жетіле.
Көкке шығып Күн болмақ,
Еңбекші тап еліне [213].

1930-1932 жж. «Лениншіл жас» газетіне Рахымәлі Байжасаров редактор, ал 1935 жылы Зарап Әбікеев «Лениншіл жасқа» редактор болды.

Семейде шыққан «Қазақ тілі» газетінің 1923 жылдан жұмасына бір рет соңғы беттерінде «Еңбекші жас» газеті шығып тұрған. Оның жауапты редакторлығын Сақи Бейсебаев атқарды.

1927 жылдан бастап «Бостандық туы» газетіне қосымша ретінде Ақмола губерниялық Лениншіл жастар комсомолдарының екі жетіде бір рет «Жеткіншек» шығып тұрды. Газеттің редакторлық қызметін С. Сафарбеков атқарды. Газеттің ауыл жастарының арасында сауатсыздықты жою, комсомол ұяларына мүшелікке тарту, жастарға арналған қаулылары, нұсқауларын жариялауды өз міндетіне алды және жастардан өздерінің тұрмыстары жайындағы мақалаларды жариялап тұруды өтінген [214].

Газет жастар мәселесіне қатысты материалдарды, мақалалар мен хабарларды, нақтылай айтқанда оқу-ағарту ісі, әскерлік дайындық барысы, комсомол ұйымдарын, ұйымдастыру жұмыстары, баспасөз мәселесі жөнінде жариялап отырды.

«Жеткіншек» өзінің «Бостандық туы» газетіне қосымша ретінде шығатындығын айта келе, «Баспасөз тап құралы – деген Ленин атамыз, ту ұстап газет оқысақ, тегістікке басамыз» деп жазып, газетке жазылғысы келгендер «Бостандық туына» жазылса «Жеткіншекті» де оқи алатындығын ескеріп өтеді [214, 6-б.].

«Жеткіншек» газетінің «Ауылдағы комсомолдар тұрмысы», «Түрлі хабарлар», «Оқу-білім» сияқты рубрикалары болды.

Жас жеткіншектерге арналған «Пионер» журналы 1925 жылдың қаңтарында шықты. 1920-1930 жылдар аралығында бірде шығып, бірде тоқтап, 1931 жылы «Екпінді жас» деп аталды. «Пионер» журналы мектеп оқушыларын өндіріс озаттарының еңбектегі өнегелі жетістіктерімен үнемі таныстырып отырды.

Өлкелік жастар комитеті мен Халық ағарту комиссариатының ауыл пионері мен мектеп балаларына арналған он күнде бір шығатын өлкелік органы ретінде 1930 жылдың 5 қарашасынан бастап «Пионер» газеті де шығып тұрды. Оның жауапты редакторлығын Ахмет Нұралин атқарды. Газеттің 1 жылдығына орай 1931 жылдың 30 тамызында болған жас пионер тілшілерінің слетінде А. Нұралин баяндама жасап, газеттің алға қойған міндетін пионерлердің көмегімен еңбекші балаларды ұйымдастыру, оларға көмекші-жәрдемші болу деп түсіндірді [215].

Бұл газеттің бастапқы кезде 2-ақ қызметкері болған. Соның салдарынан көпшілік жұмыстарды орындауға мүмкіншіліктері болмаған. А. Нұралин көрсеткендей, оның қатарына тағы екі адам қосылып, газеттің сапалық,

мазмұндық жағын көтеруге күш салған. Газеттің жылдан-жылға шындығында да сапасы мен жарияланатын материалдарының маңыздылығы артты. Басылымға білікті маман-журналистермен қатар жас жеткіншек пиоенрлер үзбей ат салысып, пионер өміріне, пионер звеноларына, мектептегі оқу ісіне қатысты мақалаларды жариялап отырды. Жас жеткіншектерді қызықтыратын тақырыптарда да, мәселен, жер сілкінісі, жанартау атқылауы, жұлдыздар, ежелгі адамдар жайында қызықты танымдық материалдарды арнайы түрде басып отырды.

Мектеп оқушыларына арнап шығарылатын мерзімді баспасөздің қажеттігі өзінен - өзі туындады. Бұл ретте жаңа ғана жарық көрген «Пионер» газетінің оң сипатты қызметі жайында пионер жолындағы қазақ балаларының алғашқы шығармашылық туындыларын, яғни мақала, хабар, өлеңдері мен суреттерін көптеп басып шығарылғанын ерекше атап өткен ләзім. Жас өспірімдерді әдеби шығармашылыққа баулу, жас тілшілердің бастамалары мен талпыныстарына мейлінше қолдау көрсету арқылы газет тез арада ауыл балаларымен жақындасып кетті. Таралымы тез өсіп, оның географиясының ауқымы кеңейіп отырды.

«Пионер» газетінің күннен-күнге тиражы өсіп отырды. 1932 жылы 9 қаңтардағы санында газеттің тиражы мен бірге жас тілшілерінің де қатары өсіп, 50- ге жеткендігі, мұның жартысы Алматыда, одан басқа Әулиеата, Шымкент, Көкшетау, Баянауыл, Іле, Еңбекшіқазақ, Семей тағы бірнеше аудандарда да барлығы айтылды [216].

Қазақ жастары баспасөзі мектеп оқушыларын еңбек тәрбиесіне баулу мәселесіне көп көңіл бөлініп отырды. Бұл жөнінде «Пионер» журналы мен «Октябрь балалары» газетінде латын әрпімен жазылған материалдарда жасөспірімдерді кеңестік идеология аясында тәрбиелеу міндетін алға қойды. Өткендегі өміріміз және бүгінгі жаңа тұрмысымызды түсінетін жаңа адамдардың тобы - осы пионерлер мен жастарымыздан тәрбиеленіп өрбіп келетін де жасай білетін, соған әзір тұратын армия. Сөйтіп, мәселе жаңа адамды жаңа ағыммен тәрбиелеу болып отыр-деген үзінділерді оқуға болады.

«Октябрь балалары» газеті де балаларды тәрбиеленуде көмектесетін, көркем сөзбен көңілін сергітетін, еңбек адамы етіп ұғындыра беруге бастайтын баспасөз «Пионер» журналы сияқты дәрежеде болды. Бұл басылым да балалардың сүйіп оқитын, көп жазылатын баспасөзіне айналды.

Жас ұландар - пионерлер» - деген топтамаға енген мақалаларда жастар жүріп өткен жолы бейнеленді. «Пионер» журналында басылған М. Әуезовтің «Абай - кемеңгер ұлы ақын» мақаласында, қазақ халқының өнер-білімге жетуінің, оны меңгерудің жолын көрсеткен ұлы тұлғалар Шоқан, Абай, Ыбырай деп атап көрсетілген. Н. Островскийдің «Құрыш қалай шынықты», Б. Майлиннің «Ленин мектебі», С. Бегалиннің «Қыран туралы дастан» секілді алғашқы туындылары осы журналда жарық көрді.

1923-1929 жылдар аралығында Орта Азия коммунистер университетінде оқитын қазақ студенттерінің күшімен «Кедей айнасы» деп аталған журнал шығарылды. Журнал беттерінде университет жаңалықтары, оның

оқушылары мен оқытушылары, елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдай, саяси жұмыстардың жүргізілу барысы және әдебиет жөнінде айтыс-тартыстар жарияланып тұрды. 1929 жылы 4-5 нөмірлері шыққаннан кейін қаржының жоқтығынан журнал тоқтап қалды [17, 34-35-бб.].

Жастар басылымының қатары жыл сайын толығып отырды. Солардың бірі ретінде Ташкенттегі Ортаазия коммунистік университетінде оқитын қазақ студенттері «Кедей айнасы» журналын шығарды. Жылына бір рет 1923-1929 жж. аралығында 5 саны жарық көрді. Студенттердің өз күшімен шығарылған бұл басылымның толығымен жастар баспасөзіне жататыны ешкімнің күмәнін туғызбаса керек. Оның жұмысына Өтебай Тұрманжанов, Шамғали Сарыбаев, Сәкен Сейфуллиндер белсене қатысты.

Журналда университет өмірі, студенттер мен оқытушылар құрамы, оқу - тәрбие процесі, оқу бағдарламалары, құралдары, жастар арасындағы саяси - идеологиялық жұмыс жайында мақалалар жарияланып тұрды. Сондай-ақ білімгерлердің алғашқы өлеңдері мен прозалық шығармалары да көптеп жарияланды. Жаңа заман әдебиетінің түрі мен мазмұны қандай болу керектігі жөнінде пікір сайыс жүргізілді. Сонымен бірге үлкен саяси маңызы бар үкімет пен партияның іс-шаралары; кәмпескелеу, жер-су реформасы, индустрияландыру, ауыл шаруашылығы, халық ағарту мәселелері туралы терең мазмұнды мақалалар жарық көрді.

1923 жылдан бастап «Қазақ тілі» газеті өзінің 4 бетін жастар өміріне арнады, «Еңбекшіл жасты» ашуда Семейдегі педагогикалық техникумның студенттері белсенділік танытты. «Еңбекшіл жастың» жауапты редакторы болып Сақи Бейсебаев тағайындалып, газет өлкедегі хабарларды жастарға өз уақытында жеткізіп отырды.

1926 ж. «Қызыл ту» газетіне де қосымша ретінде «Жастар дауысы» газеті шығарылып, редакторы К. Өтеғалиев болды. Бұл газет жайында баспасөз тарихын зерттеуші ғалым С.О. Смағұлова былай деп жазған еді: «Жастар дауысы» газеті жастардың міндеттері, оларды жаңа өмір, жаңа тұрмысқа бейімдеу турасында мақалалар жариялап тұрды. Қазақ жастарының іскерлік жұмыстарындағы алғашқы қадамдары, күн санап комсомол қатарының өсіп келе жатқандығы газеттің басты тақырыбына айналды.

Газет ауыл шаруашылығын көтерудегі қазақ комсомол жастарының рөлін анықтай отырып, олардың алдындағы басты міндет «Қосшы» ұйымының жұмысын жандандыру, халық арасында маңызымен таныстыру деп көрсетті. Газет сондай-ақ, жастар арасында өтіп жатқан жиналыс, конференциялар турасында ұдайы хабарламалар басып отырды. Мәселен, 1926 жылдың 19 карашасында өткен Бөкейдегі жастар конференциясы турасында шағын мақала жариялап, оның көздеген мақсатын анықтап көрсетіп берді. Жастар ісімен қатар пионерлер арасындағы қызмет барысын жандандыру мәселесін көтерді. Сонымен бірге газет этика, мораль мәселелерін де көтеріп, жастарды еңбек етуге, өнер-білімге, революциялық және коммунистік рухта тәрбиеленуге шақырды» [201, 88-б.].

XX ғасыр басындағы қазақ жастар баспасөзінің дамуына қызмет еткен ұлт зиялыларының басты көздеген мақсаты мынадай болды деген тұжырым

жасауымызға болады: ең алдымен, олар қазақ қоғамын дамытудың бастауы ретінде ұлттық мүдде мен өркениет құндылықтарын біртұтастықта қарастыруы болса, екіншіден, қараңғылықта жатқан қазақ даласында қоғамдық-саяси идеяларды біріктіру, топтастыру арқылы жастарды бостандық жолындағы күреске дайындауы еді; үшіншіден, рухани серпіліске жету жолында ұлттық білім беру жүйесін дамытудың төменгі сатысы ауыл мектептерін көптеп ашу арқылы жастардың білімге деген құштарлығын ояту; бұл мақсатты орындау барысында қазақ балаларына арналған оқулықтар дайындау мен баспасөз ұйымдастырылды; жастарды қоғамдық өмірге тартудың бүкіл өн көптеген үйірмелер мен ұйымдар ашу арқылы саяси санасының қалыптасуына ықпал етті.

Қазақ халқының болашағы – жастар екендігіне кәміл сенген ұлт зиялылары баспасөз беттерінде халықтың әлеуметтік мәселелерін көтерген ірі-ірі мақалалар мен өлеңдер, орыс әдебиетінен және шетелдік басылымдардан аудармалар жариялап отырды, әрі өз мақалаларын да орысшаға аударып жариялауға көңіл бөлген.

Жастар баспасөзінің елді отырықшылыққа, мәдениетке, оқу-білімге үндеуіне, халықтың ой-санасын өсіруге көмекші құрал ретінде прогрессивті рөл атқара алатындығына, жастардың жаңа өмірге икемделуіне бағыт беретін күш ретінде қолданды.

Ұлт зиялылары ұлт мүддесі жолындағы қызметі мен саяси күресінде, ең алдымен жастардың қолдауы мен белсенділігіне үлкен сенім артты. Қалың бұқараның саяси санасын оятуда жастар ұйымдарының қызметі мен баспасөзін жан-жақты дамытуға күш салды.

Осылайша ұлт зиялылары мен Алаш азаматтарының төңкерісшіл бағыттағы іс-әрекеттерінен сабақ алған қазақ жастарының санасында рухани серпіліс жүріп, болашаққа деген сенім пайда болды.

## ЖАСТАР БАСПАСӨЗІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ӨМІРІ

### 3.1 Жастар баспасөзіндегі Қазақстанның экономикалық жағдайы

Революцияға дейін біртұтас Қазақстанды губернияларға, облыстарға, уездерге, болыстар мен ауылдарға бөлгенде ұлан - ғайыр өлкенің жекелеген аудандарының экономикалық және жергілікті ерекшеліктері ескерілмеген, ал енді ол саяси және экономикалық жаңа қажеттерге мүлде сай келмеді. Елімізде кеңес өкіметі орнағаннан кейін халық шаруашылығын қайта қалпына келтіру, кенжелеп қалған ауыл шаруашылығын қалпына келтіру ісі қолға алынып, бұл мәселелер арнайы түрде партияның пленум, конференция, съездерінде қарала бастады. Үкімет шаруашылықты қалпына келтіруді бұқара халыққа мерзімді баспасөз арқылы түсіндіруді жөн санап, өлкелік, губерниялық және уездік газет-журналдарда оны жүзеге асыру барысы жөнінде мақалалар жарық көре бастады. Жастар баспасөзі де бұл іске бел буа кірісті. Әсіресе Жаңа экономикалық саясатқа көшу барысындағы қиыншылықтар, елдегі ашаршылық, онымен күресу жолдары, елдің экономикасын көтеруде табиғи байлықты игеру, оны тасымалдайтын тас жолдар, темір жолдар салудағы іс-шаралар жайлы үзбей ақпарлар беріп отыруды өз міндетіне алды.

Сөйтіп, жастардың мерзімді басылымдары бірінші күннен–ақ қазақ қоғамының көкейтесті саяси - экономикалық мәселелерін көтерумен шұғылданды. Күн тәртібіндегі түйткілді мәселелерді шешуде жастардың рөлін арттыруға көп күш жұмсалды. Жастардың рухын шыңдап, жағымды қасиеттерге баулып, олар халыққа пайдалы істерге жұмылдырылды.

Коммунистік сипаттағы болған жастар баспасөзі, жас ұрпақты өз жағына тарту мақсатында жастардың сана-сезіміне әсер етуге бағытталған идеологиялық жұмыс жүргізді. Үгіт-насихат жұмысын күн өткен сайын үдетумен болды. Жастарға арналып шығарылған газет-журналдар жас журналистердің шығармашылық табыстары болып табылатын озық туындыларын көптеп жариялады. Бұл басылымдар өмірдің барлық саласына араласа отырып, сан алуан тақырыпты көтеріп, уақыт тынысын айнытпай білдіретін өз заманының бұқаралық ақпарат құралдары бола білді. Жас талапкерлерді журналистік шығармашылыққа баулыған, жастар баспасөзімен ғана айналысқан алғашқы кәсіби журналист мамандар жастар баспасөзінде қаулап өсті.

Жастар газетінің еліміздің экономикалық барысын өзінің алғашқы нөмірлерінен бастап жариялай бастаған. Азамат соғысынан кейін күйреген, ашаршылық тұсында тұралаған шаруашылықты қалпына келтіріп, экономикамыздың дамыту үшін жастардың күші қажеттігін айта отырып, жастар басылымдары, олардың алда қолға алатын міндеттерін нақты көрсетіп берді. «Өртең» газетіне жариялаған «Қазаққа не керек?» деген мақаласында С. Сәдуақасов экономикамыздың ілгері жылжуы үшін не істеу керектігіне тоқталып, оның бірнеше жолдарын көрсетіп берді. «Бірінші қазақ еңбекшілерінің ойлайтын ісі - өздерінің шаруашылық жайы. Бұрынғыдай

қазақтың сүтін енді басқа біреу пайдаланбайды, енді де қазақ өз сүтімен өз баласын асырауға кірісті. Біреудікін емес, өзінікін пайдалану ұят емес», - дей отырып, еліміздің қазба байлығының мол екендігін, бірақ оны өңдейтін орындардың жоқтығын айтып, біріншіден, болашақта осы істі қолға алу керектігін көтерсе, екіншіден, мыңдаған шақырымға созылып жатқан кең - байтақ аумақты бір-бірімен байланыстыру, ел экономикасын гүлдендіру үшін шойын жол (теміржол) салу керектігіне үндейді. Бұл мәселені үкіметтің тез арада қолға алу қажеттігіне тоқталады. С. Сәдуақасовтың үшінші көтерген мәселесі оқу-ағарту ісі болды. «Оқу тұрмыстың зор тірегі. Оқусыз адам уықсыз тігілген үй секілді. Қазақтың еңбекшісі оқымай көпке жете алмайтындығы айдан айқын. Басқа жұрт біздің ісімізді істеп бермейді», – деп, үкімет осы мәселені жылдам қолға алып, жер-жерлерге қажетті мұғалімдерді даярлап жіберсе деген тілегін айтады [217, 265-267-бб.].

Ал осы газетке жарияланған Ә. Нақымжанұлының мақаласында жұрттардың көбі Қазақстанның бар байлығы малы мен оның жүн-жұрқа, тері-терсегі деп түсініп жүргендіктері үлкен қатеге екендігін, Қазақстанның жер асты байлығының молдығын: «Жер астындағы алтын, күміс, жез, темір, мыс, тас көмір, торф, жер майы (нефть), тұз, бояу, һәм неше түрлі басқа қымбат заттар. Бірақ осы байлық бұл елге дұрыс пайда келтіріп тұрған жоқ. Осы байлықтардың бәрін пайдаланып, керекке жарату үшін көп уақыт, көп еңбек, әсіресе көп инженер, техник, аграном секілді көп оқыған адамдар керек», – деп, жер асты байлығымызды игеру үшін бірінші кезекте ғылымды оқу керектігіне үндейді [218].

1921-1922 жылдардағы ашаршылықтан Қазақстан халқы қатты күйзеліске түсті. Себебі қыстың қатты қарсыз болуы, егіннің шықпай қалу, шөптің жаңбырдың жаумауынан күйіп кетуі малдың қырылуына бір алып келсе, екіншіден, ел арасында жұқпалы аурулар тарап, нәтижесінде ауыл-ауылдарға тарап, адам өлімі көбейді. Үшіншіден, онсыз да қатты қиын жағдайды бастан кешіріп, тентіреп кеткен елімізге Орталық Ресейдегі ашыққандарға көмек көрсету турасындағы нұсқау бойынша есепсіз салықтар салынып, одан сайын жағдайларын ауырлатып жіберді. Осындай ел басына күн туған кезде қазақ жастары ел шаруасын көтеруге, ашаршылық қатты жайлаған аудандарға көмек көрсетуге аттанып, зор қажыр-қайрат көрсетті, жер-жердегі кеңес, кооператив ісін меңгеріп, оларды жалшылармен жанастыруға дәнекер болды. Жастар Одағы алда да осындай пайдалы істер істеуге даяр екендіктерін білдірді [219].

«Жас алаш» газетіне жарияланған Ғани Мұратбаевтың «Жетісу мәселесі һәм қазақ-қырғыз мәселесі» деп аталған мақаласында Жетісудың экономикасын қалпына келтіру үшін бұрынғы отаршылардың меншігі болған жер-суды халық игілігіне пайдалану керектігін, өлкеге қолынан іс келетін білікті азаматтарды жіберу, оқудан бос кездерінде жастарды тартудың маңыздылығын көрсетіп берді. Сонымен бірге жастарды оқуға тарту, жастар ұйымдарын ашу қажеттігін де ұсынды [220].

Елдің экономикасын көтеру, күйреген, қираған шаруашылықты қайта қалпына келтіре отырып, социалистік алғы республиканың біріне айналу

мәселесін «Жас қазақ» журналына жариялаған мақаласында Ибат Игенов та көтерді. «Гурьев уезінде» деп аталатын мақаласында ол шалғай жерлермен қатынасу үшін шойын жолды салу керектігін атап өтті. Ол Гурьев уезі Оралдан 500 шақырым жерде шалғай жатқан, жазда тек Астрахань арқылы пароход ғана қатынай алатындығын айта отырып, темір жолдың салынуы елдегі шаруашылық ісіне аса маңызды болар еді деген пікір де айтады [172, 59-61-бб.].

Қазақ Өлкелік партия комитетінің 1928 жылғы сәуірде өткен пленумында республиканың жаңа әкімшілік-шаруашылық аудандастырылуы мынадай негізгі міндеттерді шешуге бағытталуы тиіс деп атап көрсетілді: 1) шаруашылық және мәдени социалистік құрылысқа неғұрлым толық жоспарлы басшылық жасау; 2) дамудың неғұрлым жоғары сатысында әкімшілік бірліктердің жеткілікті шаруашылық қуаты мен орнықтылығын қамтамасыз ету; 3) Қазақстанның барлық ұлттары еңбекшілерінің туысқандық ынтымағын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау және 4) өкімет билігін жергілікті жерлерге жақындату, олардың бастамасы мен талапкерлігін дамыту [221].

Осы қаулыға сәйкес жүргізілген республиканың әкімшілік - аумақтық бөлінуі, негізінен 1929 жылы аяқталды. Болыстар жойылып, аудандар құрылды, ауылдар мен поселкелер өздігінше әкімшілік бірлікке айналды. Осыған сәйкес баспасөз шығару да өзгеріске ұшырады. 1930 жылы 11 тамызда БК(б)П Орталық Комитетінің «Округтерді жоюға байланысты газеттердің желісін қайта құру туралы» қаулысы шықты. Соған сәйкес бірқатар газеттердің шығатын жері, түр - сипаты, атауларына дейін бәрі өзгеріске ұшырады. Кейбір жерлерде орыс тілді газеттер ғана қалып, қазақшалары жабылды. Орыс тіліндегі газеттің соңғы бір бетін қазақша беру, немесе орысша газеттің қосымшасы етіп шығару сияқты жаман әдет қайтадан бой көрсетті. Мәселен, Ақтөбе округ орталығы аудан орталығына айналғанда 5-6 жыл бойы шығып тұрған «Кедей» газеті жабылып қалды [222].

Бұрын артта қалған Ресейдің шет аймақтары сияқты, Қазақстанның индустриялық дамуы Кеңес Одағын индустрияландырудың құрамдас бөлігі болды. Республиканың индустриялық дамуында бірінші, әсіресе екінші бесжылдықтардың нысандарының маңызы айтарлықтай болды. Оның сол кездегі маңызды нысаны – Түркістан-Сібір темір жол құрылысы еді. Ол 1931 жылдың басында, қаңтар айында тұрақты пайдалануға берілді. Осындай атқарылған күрделі істің нәтижесінде ұлттық жұмысшы табының сан жағынан өсуі қамтамасыз етілді. Фабрика - зауыт жұмысшыларын, инженер - техникалық кадрларды даярлау және қайта даярлау ісі мықтап қолға алынды. Сол тұста қазақтың алғашқы техникалық интеллигенциясы қалыптаса бастады.

Түрксіб теміржолын салуға қазақ жастары көптеп тартылып, ірі құрылыс орындарына жұмысқа баруға сұранып, комсомол ұйымдарына өтініш білдірген. Сонымен қатар олар кен өндіру орындарында да табысты еңбек етті. Мәселен, Балқаштағы мыс қорыту комбинатына, Қарағанды көмір бассейінінде жастардың қатары күннен-күнге көбейіп отырған [223].

Сонымен қатар олар социалистік жарыстарға белсене қатысып, коммунистермен бірге қатардан көрінді. 1935 жылы стахановшылар қозғалысы басталғанда комсомол жастары да бұл үндеуге үн қосты [224].

Кеңес өкіметі мен Коммунистік партия Қазақстанның ауыр өнеркәсібін өркендетумен бірге, республикамыздың халық шаруашылығы үшін қажетті инженер-техник кадрларын дайындау жөнінде де аса зор жұмыстар жүргізді. Революцияда бұрындары бірде бір жоғары және арнаулы техникалық орта білім оқу орны болмады.Осыған байланысты ондай оқу орындарын ашумен бірге, еліміздің басқа оқу орындарында қазақтың ұлттық кадрларын дайындау ісі батыл қолға алынды, нәтиже де аз болмады, бірінші бесжылдықта 1928 ж. салыстырғанда орта арнаулы білім орындарының саны үш есе өсті.1934 ж. қазақтың тұңғыш Кен–металлургия (қазіргі политехникалық) институты ашылды. Сөйтіп, жоғары білімді инженерлер дайындау жүзеге асырылды. Сонымен бірге Мәскеудің Кен академиясында, Жоғары техникалық училищесінде, Ленинградтың политехникалық және Томскінің технологиялық институттарында көптеген қазақ студенттері оқыды. 1930 жылы Свердловскіде (қазіргі Екатеринбург) арнаулы Урал - Қазақстан өнеркәсіп академиясы ашылды. Мұның тыңдаушылары Қарағанды, Қарсақбай, Жезқазған, Риддер, тағы басқа Қазақстанның өнеркәсіпті қалаларының жұмысшыларынан құралды.1931-1932 оқу жылында сол кездегі туысқан республикалардың жоғары оқу орындарында 4330 қазақстандық студенттер оқыды. Ұлттық республикалардағы жұмысшы және селолық тілшілер қозғалысына партия органдары мен газет редакцияларының басшылығы жеткіліксіздігі баса айтылған.

Коммунистік сипаттағы болған жастар баспасөзі, жас ұрпақты өз жағына тарту мақсатында жастардың сана-сезіміне әсер етуге бағытталған идеологиялық жұмыс жүргізді. Үгіт-насихат жұмысын күн өткен сайын үдетумен болды. Жастарға арналып шығарылған газет-журналдар жас журналистердің шығармашылық табыстары болып табылатын озық туындыларын көптеп жариялады. Бұл басылымдар өмірдің барлық саласына араласа отырып, сан алуан тақырыпты көтеріп, уақыт тынысын айнытпай білдіретін өз заманының бұқаралық ақпарат құралдары бола білді. Жас талапкерлерді журналистік шығармашылыққа баулыған, жастар баспасөзімен ғана айналысқан алғашқы кәсіби журналист мамандар жастар баспасөзінде қаулап өсті.

Кеңес Одағының экономикасы жоспарлы түрде қарыштап дамыды: бірінші бесжылдықтың (1928-1932 жж.) белгіленген межесі мерзімнен бұрын орындалды. Мұның өзі екінші бесжылдықта (1933-1937 жж.) елдің халық шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруды аяқтау, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының барлық салаларында ең жаңа техникалық база құру және оны игеру, патшалық Ресейден мұра болып қалған техникалық-экономикалық артта қалушылықты жою, халық шаруашылығының озық машинасы техника негізіне көшірілуі, капиталистік елдерден экономикалық тәуелсіздікті жеңіп алу, елдің қорғаныс қуатын нығайту міндеттері қойылды.

Осындай тарихи стратегиялық мақсатты жүзеге асыру жер-жерде, барша әлеуметтік–экономикалық және рухани салада жаңа жетістіктерге жету жолындағы бүкілхалықтық еңбек қозғалысын жан-жақты қамтуда баспасөзге айрықша мән берілді. Енді мерзімді баспасөз республика орталығында ғана емес, сонымен бірге облыстарда да шығарыла бастады.

XX ғасырдың 20-жылдарындағы Кеңес өкіметінің жүргізген көшпелілерді отырықшыландыру жөнідегі науқаны, ұжымдастырудың төтенше сипаты, кулактар мен байлардың малын тәркілеу, күштеп жүргізу әрекеттері, салық салу, астық дайындау және басқа да күш жұмсап жүргізілген науқандар іс жүзінде шаруаға қарсы жасалған қастандық еді.

Жергілікті органдарға жіберілген нұсқауда деревняларда жойылатын кулактардың үлес салмағы шарушылықтың жалпы көлеміне қарағанда 3 - 5 пайыздан аспауы керектігі айтылған. Бірақ көптеген аудандарда олардың саны бұған жетпей қалды. Сондықтан кулактар санына жеткізу үшін орта шаруалар есебінен барлық жерде жаппай оның деңгейі жоғары «көтерілді». Көп жағдайда «жалпы сан жөніндегі» тапсырма асыра орындалғаны соншалық, іс жүзінде субъективті түрде белгіленген адам санынан 2-3 есе асып кетіп отырды. 1930-1931 жылдары «Кулакты жер аудару жөнінде» жіберілген нұсқауға сәйкес олардың толық емес деректер бойынша 6765 адамға жеткені мәлім.

20-шы жылдары Кеңес өкіметі жаңа экономикалық саясатқа көшуінен бастап газеттер бетінде ауыл шаруашылығындағы өзгерістер түсіндіріле бастады. Азық-түлік салғырты енгізілгеннен кейін мемлекет астық дайындауды көбейтуге, Қызыл армияны азық-түлікпен жабдықтауға, қала еңбекшілері мен астығы жоқ аудандарды ашаршылықтан құтқарып қалуға жанталаса кірісті. Мысалы, 1921 жылы 7 қарашада «Еңбекші қазақ» газетінің бірінші саны «Астық үшін күрес - социализм үшін күрес» деген бас мақаламен ашылды. Мақала газеттің екі бетіне толық жарияланды [225].

Сталиндік-голощекиндік жүйе Қазақстанды «кулактық жер аудару» алабына айналдырды. ОГПУ мен НКВД-ның еңбекпен түзеу лагерлерінің Бас басқармасының (ГУЛАГ) арнайы қоныс аударушылар жөніндегі бөлімнің мәліметтері бойынша республикаға 46091 отбасы немесе 180 мыңнан астам адам айдалып әкелінген.

Кеңес үкіметінің бұл шаралары бұрын - соңды болып көрмеген ауқымды көлемде жүргізілген жазалау науқанына ұласты. Мәселен, 1936 жылғы 7 тамыздағы «Мемлекеттік кәсіпорындардың, колхоздар мен кооперативтердің мүлкін қорғау және қоғамдық (социалистік) меншікті нығайту туралы» заң қабылданды. Соған сәйкес жер-жерлерде атышулы ОБХСС органдары құрылды: заңда ату жазасы, ал жеңілдетілген жағдайда мүлкін тәркілеп, 10 жыл түрмеде қамау жазасы көзделді. Алғашқы жылдың өзінде Қазақстанда 3345 адам сотталды.

XX ғасырдың 30-жылдары қазақ халқы тарихында бұрын – соңды болып көрмеген ауыр қайғы-қасіретке душар болды. Сталиннің екпінімен 1929 жылы жаппай ұжымдастыру науқаны күштеп жүргізілді. 1930 жылы 10 күн ішінде (қыркүйектің 10-нан 20-сына дейін) ғана 10,5 мың шаруа ұжымшарға

мүше болды, бұрын шығып кеткендер мылтық асынған уәкілдердің қысымымен қайтадан мүшелікке тартылды.

Ұжымдастыру және сонымен бірге жүргізілген отырықшыландыру қазақтардың ғасырлар бойы қалыптасқан өмір салтын түбірінен өзгертті. Қазақ қоғамының табы жойылып қана қойған жоқ, сонымен бірге көшпелі өркениет жасаған барлық тіректер қиратылды.

1931 ж. екінші жартысы – 1932 ж. бірінші жартысы аралығында ұжымдастыру ісінде қайтадан күрделі қателіктер жіберілді, өздерінің зілді зардаптары жағынан олар 1930 жылдың басында орны алған бұрмалаушылықтан әлде қайда асып түсті. Мәселен, 1932 ж. ақпанда Бүкілхалықтық санақ қарсаңында – 1928-1929 жылдары қолда бар 40 млн. бас малдан небары 5 млн. 397 мыңы ғана қалды, яғни 85,5 пайызға азайған. Бұған қоса елдің орталығындағы халықты етпен асыраудың ауыртпалығынан қазақтар көп малынан айырылды. Қазақ даласын аштық жайлады. Жасанды ұйымдастырылған аштықтың салдарынан – голощекиндік зұлматтан – 2 млн. 300 мың қазақ өлді. Аштықтан және зұлматтан аман қалу үшін 900 мың қазақ (18 пайыз) шет аймаққа – Ресейге, Орта Азияға, содай - ақ Қытай, Монғолия, Ауғанстан және Иранға қаша көшті [226, 48–55–бб.].

Республикадағы жергілікті халық өзінің 70 пайызға жуығынан айырылды. Жалпы шығын көшпелі аудандарда – 70-75, ал отырықшы аймақта 50-60 пайызды құрады [227].

Сол кезде шығып тұрған көптеген басылымдарда БК(б)П ОК 1930 жылы колхоз құрылысы жөнінде бірқатар құжаттарды оқуға болады. Мысалы 30 қаңтарда ОК - тің кулактарды мал-мүлкін айыру жөніндегі нұсқауы жер - жерге жіберіледі; ал 20 ақпанда «Коллективтендіру және эконмикалық жағынан артта қалған ұлт аудандарының кулактарға қарсы күрес жүргізу туралы» қаулысы қабылданады. 2 наурызда ОК шешімі бойынша И.В. Сталиннің «Табыстан бас айналу» деген мақаласы газеттерде жарияланады, 14 наурызда «Колхоз қозғалысының партия жолын бұрмалаушылықтарға қарсы күрес туралы» қаулы шығады.

Ұйымшылдық, жолдастық көмек, кеңестік патриотизм, социалистік интернационализм, партиялық принциптілік, таптық мақсат, жалынды атеизм, білім мен өнерге, әдебиет пен өнерге құштарлық сияқты ізгі қасиеттер кеңес адамдарының рухани байлығының жарқын көрінісі болды.

Партияның осы нұсқауларын орындау үшін Қазақстан өлкелік партия комитеті мынадай қаулылар қабылдады: 1930 жылы 21 наурызда «ОК-тің колхоз құрылысындағы бұрмалаушылықтар туралы осы жылғы 18 наурыздың қаулысын жергілікті жерлерде іске асыру туралы»; 26 наурызда «Колхоздарда ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайту жөніндегі шаралар туралы»; 5сәуірде «Ауылдық шаруашылық – саяси шаралар туралы»; 6 сәуірде «Қамалған және жер аударылған кедейлер мен орташаларды босату туралы бұрын қабылданған нұсқауларды тексеру туралы»; 12 сәуірде «Ауылдағы жағдай туралы». Осылардың бәрі республикалық және аймақтық газеттерде жарияланған [228].

Мал басының кеміп кетуінің шаруашылық және саяси мәнін Бүкілқазақтық VI партия конференциясының шешімінен көруге болады: «Талдау Қазақ АКСР халық шаруашылығының өзекті саласы мал шаруашылығы екенін көрсетеді, халықтың 75 пайызы мал шаруашылығымен шұғылданды және ол бүкіл жалпы өнімнің 50 пайызын береді. Сондықтан Қазақ АҚСР-і экономикасының бұл саласын мейлінше жақсы дамыту бүкіл халық шаруашылығын, Республика халқының басым көпшілігінің әл – ауқаты мен игілігін көтеруге шешуші ықпал жасайтын болады. Ал байырғы халықтың 90 пайызы осы кәсіппен шұғылданатын болғандықтан, едәуір дәрежеде ұлттық мәселе болып табылады» [152, 117-118-бб.] - деп атап көрсетілген.

Орталық Комитеттің бірқатар нұсқауларына, оның ішінде «Малды күштеп қоғамдастыру туралы» 1932 жылы 26 наурыздағы соңғы нұсқауына қарамастан колхозшыларға мал қайтарылды. Керісінше, жергілікті колхоз жүйесінің, жер органдары мен баспасөздің тарапынан қоғамдастырылған малдан ештеңе қайтармау бағыты жүргізілуде (мысалы, бұл жөнінде «Социалистік Қазақстан» мақалада), ал кейбір жерлерде, мәселен, Көкшетау ауданының 20 колхозында жуырда жүргізілген тексеруде малдың 100 пайызы қоғамдастырылғаны анықталды [227, 21-б.].

Ф.И. Голощекин өзінің «Тағы да мал шаруашылығын өркендету жолдары және осы майдандағы оппортунистер туралы» атты мақаласында мал басының кеміп кетуінің себебі туралы пікір айтқан Төреғожин және басқаларға тойтарыс беріп, қоныс аударғандарға мынадай түсініктеме береді: «Бұрын ауылынан ешқашан ұзап шығып көрмеген қазақ өзінің көшіп – қонған өрісінен басқа жолды білмеген еді, ал енді Қазақстанның бір ауданынан екінші ауданына оп – оңай көшіп барып, орыс, украин колхоздарына кіріп, Еділ бойына, Сібірдің шаруашылық құрылыстарына жұмысқа ауысып жатыр» [229, 52-б.].

Осы күшпен ұжымдастыру жылдарындағы елді жайлаған аштық туралы баспасөзде кейбір мақалалар мен өлең-жырлар, хабаралар орын алды. Мысалға, мына бір өлеңде көрсетілгендей, жұртты қанша қиыншылық көрседе бір-біріне қарайласуға шақырды.

«… Тоқ ағайын , аш бауырды көріңдер!
Барың болса, аш балаға бөліңдер!
Жүздеп, мыңдап өліп жатыр қарашы!
Жас буындар, алдағы өмір ағасы.
Күшті салып сен құтқарсаң, тарихта
Рахмет айтар кейін қазақ баласы ...» - деп аштық туралы нәубетті А. Асылбеков анық жеткізеді [230].

Колхоздастыру кезінде асыра сілтеу салдарынан елдің мал шаруашылығына зор нұқсан келді. Мысалы ірі қараның саны 1923 жылы 60,1 миллион 1933 жылы 33,5 миллионға түсті. Қой – 97,3 миллионан 32,9 миллионға (1934 жылы), жылқы – 32,1 миллионнан 14,9 миллионға дейін кеміді [231].

Осы 1931 және 1932 жылдары астықтың түсімі төмен болғанымен, елді аш қалдыратындай аз мөлшерде еді. Аштықтың себебі басқада, атап айтқанда, мынада: Сталиннің басшылығымен колхоздағы, жеке қожалықтардағы астық түгелімен сыпырылып алынды. Еліміздің индустриясын «серпілте» алға бастыру мақсатымен, яғни валюта үшін шет елге астық сату шектен тыс арттырылды. Мысалы, 1930 жылы жиналған 835 миллион центнер астықтың 48,4 миллион центнері экспортқа шығарылды. Ал 1931 жылы бар болғаны 695 миллион центнер астық жиналса, сыртқы рынокқа 51,8 миллион центнер астық жөнелтілді. Көп колхоздар тіпті тұқым қорынсыз қалды. Сібірде, Поволжьеде, Қазақстанда, Солтүстік Кавказ бен Украинада аштық басталды [232].

Көрнекті ғалым, академик Ә. Марғұлан былай еске алады: «1932 жылы елдегі ашаршылықты естіп, жолға шықтым (Ленинградта оқып жүрген кезім . Фрунзеге (Бишкек) келгенде жүрегім сыздап сала берді. Босқындар (қазақтар) көшеде жүргізбейді. Көбісі – Солтүстік аймақтан. Шыдай алмай, Қырғызстан Атқару Комитетінің төрағасына кірдім, бәрін баяндадым. Қолымнан келген көмегім сол ғана. Содан Алматыға бет алдым. Голощекинге кіру қауіпті. Елдің өз астығын өзіне қимау не деген сұмдық! Елге жетсем, ауылдың орнынан басқа ештеңесі қалмапты. Шешем Қарағандыға бара жатып жолда өліпті. Арғы атамыздан қалған араб, монғол, түркі тілінде жазылған, кейін өгіз терісіне басылған жазбалар бар еді. Оның баршасы жоғалыпты» [231, 219-б.].

Сол жылдары Мәскеуде оқып жатқан қазақ студенттерінен бригадалар жасақталып, қолдарына мандат беріліп, арнайы вагондармен Мәскеуден Куйбышевке (Саратов) қарай жіберілді, олар жолды бойлап Мәскеуге қарай бір үзім нан үшін жаяу – жалпылама шұбырған қазақтарды жинап, азық - түлік таратып, жергілікті басшыларға тапсырып, жұмысқа орналасуына, орнығуына қыруар жағдай туғызған. Темір жолды жағалап Ресей ормандарын аралап кеткен аштарды жинаған вагондар ел арасында «Рыскулов вагондары» атанып кеткен» – деп жазылған «Нәубетте» [231, 231-б.].

Ф.И. Голощекин арсыздықпен: «Бұл халықтың қырылып жатқанын біз емес, өзі кінәлі, еңбектенгісі келмейтін, жалқаулығынан қырылып жатыр» – деген сандырақты қарамағындағы әкімшіл - әміршіл аппарат қызметкерлері осыған бас шұлғыған. «Революция шығынсыз болмайды» деген «Кіші Казан» қағидасы да сол голощекиншілдіктің бір сорақы көрінісі еді [233].

Әр түрлі үрейлі әдістер арқылы мәдени – психологиялық ерекшеліктер мен факторлар жалпы халықты қоныстандыру, отырықтану мен колхоздастыру жұмысында өрескел қателіктер жіберілудегі ең бастысы – елдің өз ерекшелігімен және пікірімен санаспаудан бұл жөнінде «Литературная газетаның» тілшісі Валерий Шаровтың: «Почему – то наше отношение к малым народом чаще всего сводится к тому, чтобы все делалось так, как было бы удобно «большому брату», как ему кажется лучше. Естественно и ошибки свои мы и исправляли, «по – нашему» – дегенінде жазушыларымыз өзінің халық алдындағы парызын да өтей алмай отыр [234].

Тарихшы – демографтар алдын – ала талдаулар жүргізіп, қазақ этносының қызыл қырғынға ұшырағанын, аса ауыр шығынды басынан кешіргенін дәлелдеп отыр. Қазақтар аштықтан және соған байланысты түрлі індеттерден, сондай-ақ табиғи өлім деңгейінің үнемі жоғары болуынан 2 миллион 200 мың адамнан, яғни жалпы қазақ халқы 49 пайызынан айырылды [233, 161-б. ].

Халықтың тұтасынан жойылып кетпеуі үшін көшпенді қазақтарды отырықшылыққа көшіріп,мемлекет тарапынан көмек көрсету үшін 1930 жылғы қаңтарда Республикалық отырықшыландыру комитеті құрылды. Бәрі де халық қамын, ойлап қанаушы таптың мүддесін қорғаған әділ әрекеттер сияқты көрінді. Бірақ оларды жүзеге асырудың әрбірінде асыра сілтеулер мен қателіктердің көп болғанын кейін басылымдардың беттерінде жарық көрген деректерінде пайдалануға болатын мақалалардан көруге болады.

Академик М. Қозыбаев «Аштыққа, яғни көшпенді шаруаға ұшырағандарға көмек көрсететін арнайы қаржы болмағандықтан, халықты отырықтандыруға бөлінген қаржы енді солар үшін жұмсалады» – деп жазады [235]. Бұл да сол кезде халықтың біржола құрып кетпеуіне себеп болған. 1933 ж. 31 наурызда Өлкелік партия комитеті көшпенділерді шаруашылыққа орналастыру жөнінде декрет қабылдайды. Сөйтіп, 1934 жыл барлық көшпенді шаруаларды орналастыру жылы болды. 30–жылдардағы Қазақстан трагедиясы тек эконмикалық емес, саяси қылмыстың нәтижесі екенін көруге болады.

Республикалық орталық басылым «Казахстанская правда» газетінде «Лениндік ұлт саясатын осылай жүзеге асыру керек» деген айдармен бірнеше хабарлар жарияланған. Мысалға «Қарағанды облысының алдыңғы қатарлы МТС-терінде көшпелі шаруаларға туысқандық көмек көрсету және шаруашылыққа орналастыру жөнінде қозғалыс кең өріс алып отыр» – дейді газет [235, 5-б.].

Алматы облысы, Октябрь ауданының жоспарлаушы экономисі А. Шелесов 1934 ж. 23 мамырдағы түсіндірмесінде «Мұнда 1931 жылдан бері коллекивтендіру шаруашылықтың да, сондай - ақ халықтың да азаюы арқылы жүріп жатыр, мен оған әсіресе коллективтендіру ісіндегі сонымен бірге қоныстандыру мәселелеріндегі асыра сілтеулердің және партия мен үкіметтің шешімдерін бұрмалаудың зардабы тиді деп есептеймін, соның нәтижесінде республиканың басқа аудандары мен қалаларына, тіпті Қытайға көшу пайда болды» – деп жазған [227].

Орыс дәрігері Т.Г. Невадовская 1933 жылы наурызда Шындәулет ауылында болғанда жазған өлеңінде:

« ... И этот труп казаха на меже

Кто приказал? Узнать - понять хочу я.

Кто смерть и нищету послал сюда?

Где спокон веку жил народ, кочуя»,-

деп өз көзімен көрген жантүршігерлік жағдайды жазған. «Сол кездегі қазақ халқының жазалау және қажетсіз шеккен қасіретіне белгісіз солдаттың басына орнатқандай ескерткіш орнатар едім» – деген сөздерін бүгінде ерекше

көңіл бөлуді қажет етеді деп ойлаймын деп жаза келе М. Хасанаев өлеңді баспаға ұсынған [237].

1921 жылдың маусымында өкімет белгілеген азық – түлік саясатын орындау мақсатында жас Қазақ республикасының астанасы – Орынборға губерниялар мен уездерден 26674 партия мүшесінің атынан 163 делегат жіберіліп, РК(б)П – нің X съезінің кеңестік және шаруашылық құрылысы міндеттеріне қатысты қабылдаған шешімдерін жүзеге асыруға белсене кірісті.

Қазақ даласын жайлаған жаппай ашаршылықтан кейін, аман қалған балалар 1933 ж. басында оқуға тартылды, мектеп жасындағылардың 84 пайызы партаға отырды. Дегенмен шалғайда мал шаруашылығымен айналысатын бірқатар аудандарды әлі бастауыш мектеп болмады, балалардың 50-60 пайызы ғана оқуға тартылды. Оның өзі де жазу мен есептеуді білумен ғана шектелді. 1932 жылы жалпыға бірдей бастауыш білім беру жүйесі енгізілді. Ұлттық педагог кадрларын даярлайтын оқу ісіндегі олқылықтар да, жетістіктер де «Пионер» журналы мен осы аттас газетте көрініс тауып отырды.

Голощекиннің әрекеттеріне наразылық білдірген алдыңғы қатарлы қазақ зиялылары репрессияға ұшырады. Бұған айқын мысал ретінде «1930 жылы контрреволюциялық астыртын ұйымға қатысты» деген жалған желеумен М. Жұмабаев, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, т.б. тағдырын атауға болады. (Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер жөніндегі алқасы 1988 жылдың 4 караша күні іс - әрекеттерінде қылмыс құрамы жоқ деп тауып, ақтағаны белгілі.). Сол кездегі Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Ф.И. Голощекиннің субъективті көзқарасы мен авантюристік пиғылдарының салдарынан қаулап келе жатқан қазақтың жас ұлттық интеллигенциясының өкілдеріне біріне оңшыл, екіншісіне солшыл, үшіншісіне бұрынғысынша ұлтшылсың деген айдар тағылып қудалауға ұшырады. Ойдан шығарылған байтұрсыновшылдық, сәдуақасовшылдық, меңдешевшілдік, сейфуллиншілдік, рысқұловшылдық деген дақпыртпен халықтың етене жағдайын жақсы білетін зиялы азаматтар өз қызметтеріннен ығыстырылды, тіптен сол кезден - ақ қудалауға ұшырады. Сөйтіп, халқымыздың саны кеміп қана қойған жоқ, рухани куаты әлсіреді, интеллектуальдық потециалы төмендеді.

1934 жылы Алматы облыстық «Сталин жолы» газеті шығарыла бастады. Оның алғашқы редакторы Жақан Сыздықов болды. Газет облыс өміріндегі өзгерістерді, табыстарды көрсетіп отырды. Істегі кемшіліктерді ашып, оны жоюдың жолдарын насихаттады. 1936 жылы желтоқсанда қабылданған КСРО Конституциясын жырлады, халыққа Қазақстанның одақтас республика болғанының маңызын түсіндірді, облыс еңбекшілерін жаңа табыстарға үндеді. 1937 ж. КСРО Жоғарғы Кеңесінің сайлауы кезінде үгіт-насихат жүргізуде үлкен роль атқарды. Газет 1938 ж. көктемінде өзінің шығуын тоқтатты.

Жастар арасында еңбекке коммунистік көзқарасты таратуда «Қарағанды комсомолы» газеті, т.б. басылымдар, жастарды еңбеккерлікке баулып, сол

заманның идеологиясын кеңінен насихаттап отырды. Ұрандатылған осы науқанға байланысты «Жаңашылдар қозғалысы», «Стахановшылар қозғалысы» барлық өнеркәсіп орындарында өріс ала бастады. «Социалистік Қазақстанның» 1940 ж. қыркүйектегі нөмірінде «Қарағанды – Отанымыздың үшінші көмір базасы» деген тақырыпта жазушы Ә. Әбішевтің «Үсті ел, асты қазына» деген очеркі жарияланды [238].

Комсомол жастары «Стахановшылар қозғалысына» құлшыныспен кіріскен. Кен өндіретін орындар мен ірі өнеркәсіп орындарында комсомол жастар бригадасы өзара жарысқа түсіп, араларын суырылып шыққандар үлгі ретінде тақталарға ілініп, олардың еңбектері жайында газеттер жаза бастады. Өлкелік комсомолдар конференциясының ашылу құрметіне орай 17 шахтадағы Мұқажанов бригадасы ақпан айының жоспарын артығымен орындап, 1250 вагон көмірдің орнына 2375 вагон көмір өндіріп, айдын аяғына дейін жоспардан тыс 1000 вагон көмір беруді міндетіне алса [239], ал стахановшы Әбсәлам Топаев комсомол мүшесі Садықовпен бірге Қарағандыдағы көмір бассейінінде өз жоспарын 200 проценттен кем орындамаған [240].

Колхозшы жастар да өзара социалистік жарысқа түсіп, өздерін көрсете білген. Тассай кеңесіне қарасты «Қайтпас», «Жасасын» колхозында ұйымдасқан комсомол мүшелері Сәбен Ысқақов, Бағлан Әлсейітова жарысқа түсіп, мақта теруден екеуі де күнделікті нормаларын кейде 200, кейде 300 процентке орындаған [241].

Республикалық басылымдар ауыл шаруашылығының мәселелеріне көп мән берді, барлық баспасөз еңбекшілерді Қазақстанды елдің негізгі мал шаруашылығы базасына айналдырудағы міндетті орындауға шақырды. Жастар баспасөзінде осы мазмұндағы мақалалар тізбегі көптеп жариялана бастады. «Лениншіл жасқа» жарияланған «Жаңа өмірге көшуде» деп аталған мақалада «Колхозды большевиктік, колхозшыларды ауқатты етейік» деген ұранмен Қазақстанның көп колхоздары іске белсене кірісіп, егін егу мен мал басын өсіруге құлшынып отырғандығын айта келе, осындай колхоздың біріне Батыс Қазақстан облысының Теректі ауданындағы «Тазарту» деп аталған кохоздың жетістіктерін келтірді. Бұл колхозда барлығы 60 үйлі жан бар екендігі, негізгі кәсіптері егін егу болып, отырғандығын, соған қарамастан бір сүт фермасы мен қой фермасы барлығын, астық пен малға азық ретінде шөп сақтайтын екі үлкен сарай салынып жатқандығын зор мақтанышпен жазды [242].

Қазақ жастарының колхоз ісіне бар ниетпен құлшына кірісуі колхоздың сәлетті болып көркеюуіне, өсуіне жол ашып отырғандығын Сейітжан Омарұлы деген жас комсомол да қуанышпен хабарлаған. Ол «Киров» колхозының мал шаруашылығының өсуіне мектеп бітірген барлық жастар тартылып, мал өсірумен ғана емес, сауатсыздықты жоюда да белсенділік танытып, колхоз өмірін осы жастар нұрландырып отырғандығын келтірді [243].

Стахановшылар қозғалысына қазақ қыздары да үлкен сеніммен араласты. Газеттер олар жайында арнаулы очерктер мен мақалалар жариялап

отырды. 1936 ж. бүкіл Кеңес Одағының газет-журналдарының бетінде бұзау құшақтаған, мойнында пионер галстугі бар қазақ қызының фотосуреті жарияланды. Ол - Рауза (Роза) Шамжанова еді Көкшетау облысындағы Казгородок балалар үйінің оқушысы, 7 жасында әке-шешесі жоқ жетім қалған еді. Оқуымен қатар мал фермасында бұзау бағып, ерен еңбегімен үлкен абыройға бөленді. 12 жасар пионер қыз Мәскеуге арнайы шақырылып, Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің төрағасы М.И. Калининнің қолынан «Құрмет белгісі» орденін алды. Бүкіл байтақ елде мұндай жоғары құрметке бөленген бүлдіршіндер саусақпен санарлықтай аз еді. Қаршадайынан еңбек сүйгіштілігімен ерекше көзге түскен Раузаның өнегелі еңбегі жастар баспасөзінде кеңінен насихатталды, барша елдің балаларына әйгілі пионер, оқуда да, еңбекте де шамшырақ рөлін атқарды.

Осыған қосымша айтарымыз, Роза кейін Ұлы Отан соғысына өз еркімен сұранып барып, қайсар мінезімен тағы да көзге ілінді. Соғыстан кейін Мәскеудегі П. Лумумба атындағы Халықаралық қатынастар институтын (МГИМО) бітіріп, халықтар достығы тақырыбында 1968 ж. Қазақстанның шетелдермен экономикалық және мәдени қатынастарының тарихы бойынша кандидаттық диссертация қорғады. Көп жылдар бойы шетелдермен байланыс жөніндегі Қазақ қоғамы төралқасының төрайымы қызметін абыроймен атқарды.

Р. Шамжанованың қоғамдық еңбегіне риза болған журналистиканың ардагері Сарбас Ақтаев кейін былай деп жазды: «Ол қазір де пионер. Халықарлық қатынастар саласында қазақ қыздары арасынан шыққан пионер. Бүкіл қазақстандық пионер қозғалысының тарихында «Құрмет белгісі» сияқты жоғары мемлекеттік марапатқа ие болған Р. Шамжанова тұңғыш және жалғыз қазақ баласы болды» [244].

Стахановшы қазақ қыздары арасынан Нұрила Махмұтова да көзге түсті. Ол да жетімдер үйінде тәрбиеленіп, Қарағандыға келіп, горпромучта оқып, жақсы бітіріп, байыту фабрикасында істеп, жеті рет сыйлық алып, стаханошылар қозғалысының бірінші күнінен-ақ қатарына еніп, айлық жоспарын 250-300 процентке орындаған [245].

1938 ж. колхоз малын жұт апатынан сақтап қалу үстінде қазаға ұшыраған Алматы облысы Қаскелең ауданының пионері Болатбек Омаровтың есімі жастар баспасөзінде мейлінше дәріптелді. Бұл науқанға «Социалистік Қазақстан» бастаған республикалық газеттер бастамашылық танытты. Алты жастағы ауыл баласын қолдан батыр жасау ісіне барлық басылымдар жұмылдырылды. Газеттер Болатбектің 1933 ж., яғни он бір жасында «Политотдел» колхозында жас малшылар үйірмесін ұйымдастырғанын, комсомолдың басшылығымен колхоз құрылысының жауларын әшкерелегенін, газеттер жарыса жазды. Белсенді Болатбек екпінді пионерлердің республикалық слетіне (Алматы, 1934), пионерлердің Бүкілодақтық слетіне (Мәскеу, 1935) делегат болып сайланды. 1935 ж. Қазақ АКСР-нің 15-жылдығына орай мерекелік белгімен марапатталды. Болатбектің образын көпшілікке үлгі етуде әсіре таптық тұрғыдан шындықты бұрмалау мен жасандылыққа жол берілді деп келісуге болар еді.

Коммунистік партияның идеологтары өз әкесіне қарсы шыққан ресейлік пионер Павлик Морозовқа ұқсаған қазақ пионерінің жасанды образын сомдауға көп күш салды. Социалистік мүлікті қорғау үстінде тап жауларына айналған өз туыстарына тайсалмай қарсы шығып, солардың қолынан қаза тапты деген стереотип қазақ жасөспірімдерінің санасына күштеп енгізілді. Олар Болатбектің ерен ерлігі туралы әңгімені жақсы білуге тиісті болды, ол жөнінде жазылған тақпақтарды жатқа айту әдетке айналды. Мұндай жасанды мысалдар баспасөзде молынан басылып жатты.

Республиканың бүкіл бұқаралық ақпарат жүйесі жұмысына кіріскен, жастар және балаларға арналған газет-журналдардың басты тақырыптарының біріне айналдырылып, Б. Омаровтың есімімен байланысты жүргізілген идеологиялық науқан жас ұрпақты орыстандыруға бағытталған саясаттың айқын көрінісі болды. Бұл саясаттың жасы үлкендерді сыйлап өсетін, әке-шешесін шексіз құрметтейтін қазақтың ұлттық психологиясына жат екендігі ескерілмеді. Заман солай еді. Қазір де солай, ұлттық психологияға жат тұрпайы әдет-ғұрыптар электрондық ақпарат арқылы таудың тасқынындай күндіз-түні жарнамалануда. Оларға тосқауыл жоқ, айтылатын уәж - демократия осындай.

Мерзімді қазақ баспасөзінің дамуына сол жылдары республикада салынған 116 баспахана зор роль атқарды. 1936 ж. Алматыда газет-журнал басып шығаратын баспахана іске қосылды. Осының нәтижесінде мерзімді басылымдардың саны екі - үш есе көбейді. Мысалы, 1940 ж журналдар – 38 дейін көбейді, 1933 ж. – 23 еді; олардың 9-ы қазақ тілінде, бұлардың жалпы таралымы 3 еседен асып түсті. 1932 ж. - 120 газет шығарылып, 340 мың дана болса, 1940 ж. тиісінше 336 газет және бір миллион данадан асты. Оның үстіне көп тиражды 70 газет қазақ тілінде шыққан. Республикалық, партиялық-саяси және көркем әдебиет журналдары, жастарға және әйелдерге арналған журналдар да шығарылып тұрды.

Қазақ жастары мерзімді баспасөз мекемелері бүкіл елдегі сияқты, кең өріс алған дене шынықтыру мен спорт мәселелеріне арналған мақалаларды көптеп басып отырды.Спортшыларды даярлаудың мән-жайы да назардан тыс қалмады.

1938 ж. жазда бірінші Республикалық колхоз Спартакиадасы өткізілді, 600-ден астам спортшы қатысты. Онда 33 республикалық және 1 одақтық рекорд жасалды. 1940 жылы спорт қоғамдарында, сондай-ақ жоғары оқу орындарында 19 мың шаңғышы, 20 мың гимнаст, 1 мың автомобиль жүргізуші, 600-ден астам альпинист және басқа да көптеген спортшы даярланды.

Жастардың мерзімді баспасөзі жігіттерді Кеңес Армиясы қатарына шығарып салудың үлкен қуанышты оқиға екендігін түсіндіруге тырысты, бұл жақсы әдет, дәстүрге айналды. Омырауы ордендерге толы соғыс ардагерлерінің жастарды Отанға адал қызмет етуге шақырған ыстық лебіздерін, құттықтаулары мен тілектерін жариялап, Қарулы Күштер қатарына алынғандарға оң сапар тілегін білдірді.

XX ғ. 30-шы жылдары баспасөз одан әрі дамыды. Газет-журналдар еңбекшілерді әлеуметтік-экономикалық және мәдени, құрылыс саласындағы жоспарды орындауға жұмылдыруда көп іс тындырды. Онжылдықтың аяғына қарай республикада жалпы таралымы 10 миллион данадан асатын 337 газет (193-і қазақ тілінде) және таралымы 1 миллион данаға жуық 38 журнал шығып тұрды. 1940 жылдың басында әрбір тұрғын күн сайын екі газет пен журнал алып отырды.

Елдің қорғаныс қабілетін нығайту, экономикасы мен мәдениетін гүлдендіруде атқарылатын шараларды іске асыруда еңбекшілерді жан аямай еңбек етуге шақырған мақалалар жастар басылымдарында аз болмады. Еңбекшілерді коммунистік рухта баулуда сол кездің баспасөзі партияның насихатшысы, үгітшісі және ұйымдастырушысы рөлін атқара білді.

Баспасөздің ең басты міндеті уақыт тынысын сезініп, өз жұмысын соған лайық етіп атқару 1939-1941 жылдары жасөспірімдер журналы көбірек діттеген. Сол кезде ерекше назар аударған екі мәселе болды: біріншіден, балалардың, пионерлердің еңбекке араласуы, екіншіден, әскери - патриоттық тәрбие. Бұл екеуін де уақыт талап еткен, жалғыз ғана пионер ұйымдары емес, бүкіл халық алдында тұрған міндеттер болатын. Ол кездің пионерлері шын мәнінде халық шаруашылығына өздерінің үлесін қосты. Сол кездегі «Пионердің» әр беті – республика пионерлерінің, жалпы елдің өмірінен мағлұмат беретін шежіре іспеттес болды, бір - екі мысал:

«...1939 жыл журнал мұқабасы. Онда винтовка атуды үйреніп жатқан балалар бейнеленген. Журнал О. Мацкевичтің «Мистер Уркварт қалай алжасты» деген көлемді мақаласымен ашылған. Онда Қарағанды көмір бассейінің кешегісі мен бүгіні туралы әңгімеленді. Революциядан бұрын көпес Ушаковқа 250 сомға сатылып, кейін ағылшын капиталисі Урκварттың меншігінде болып келген, Қарағандының қазіргі жайын тебірене жазады. Осы санда сол кездегі ірі құрылыстарының бірі - үлкен Ферғана каналы туралы да, Марс планетасы жайында мақалалар басылған [246].

«...1940 жылғы № 7 - 8 нөмірлері екі айда бір-ақ шығарылған. Мұнда Ленин өмірінен әңгімелер, Хасандағы ұрыстың екі жылдығына арналған бірнеше материалдар, Қазақстанның 20 жылдығына арналған мақала, әңгіме, очерк, өлеңдер жарық көрген. Қазіргі әдебиет пәнінде оқытылатын Иса Байзақовтың әйгілі «Он бір күн, он бір түн» поэмасы да жарияланған. «Қазақ драма театрының құрылысы», «Қызыл ту» колхозындағы (Іле ауданы, Алматы облысы) ПВО үйірмесінің мүшелері» деген түсіндірмемен берілген екі фотосуреттен де сол кездің болмысын елестетуге болады [247].

Ал 1941 ж. мамырында журнал «Соғыс өнерін үйренейік!» деген айдармен профессор В. Федоровтың «Винтовканың тарихы» атты көлемді мақаласы жарияланған... .1941 жылдың маусымындағы санынан кейін шықпай қалды, оның қызметкерлері қазақ балаларының досына айналған басылымды шығаруға еңбек сіңірген журналистер майданға аттанды. Жалынды журналистік сөзімен сол кезгі ұрпақ тәрбиесіне үлкен үлес қосқан «Пионердің» журналистері – редакторлар - Рамазан Аманкелдин, Қасен Сейілхановтар Отан үшін шайқаста үлкен ерлік көрсетті. Журналдың

тұрақты авторлары – Абдолла Жұмағалиев, Әли Еспенбетов, Сырбай Мауленов, Әзілхан Нұршайықов, Дикан Әбілев сияқты жауынгер ақын - жазушылар жауға қарсы қарумен қатар қаламын жұмсады [248].

Мерзімдік баспасөздің куәландыруына қарағанда, комсомол – жастардың 69 пайызы жеке адамға табыну мен Сталиннің өзі саналы түрде жүзеге асырған деп қопара жазуды қаласа, 18 пайызы мұндай әшкерелеу мақалалар социалистік қоғам идеалына сенімсіздік тудырады деп есептейді.

Сол кезде баспасөз елде жүріп жатқан саяси науқанға лайық жаршы болуға тырысты. «Ұлтшыл – фашисттерге өмір сүргізбейміз», - деп «Социалистік Қазақстан» ұрандатты. «Әдебиеттегі троцкист – бухариншіл ұлтшыл – фашист зиянкестерін жеріне жете құрту керек» деп «Қазақ әдебиеті» дабыл көтерді. «ҚазАПП кезіндегі ұлтшыл – фашист – провакатор Байдилдиннің зиянкестігін, әдебиеттегі алашордашылардың, қазіргі ұлтшыл – фашистердің контрреволюцияшыл фашист төбеттері – Нұрмақов, Рысқұлов, Сәдуақасов, Құлымбетов, Жүргенов, Қожанов, Тоғжановтардың қалдықтарын түп – тамырымен құрту бүгінгі таңдағы ірі міндетіміз екенін бір минут те ұмытпауымыз керек», - деп алдарына міндет қойған газет, сондай-ақ қалалық жалпы жиналыстарда осындай ұрандар көтерілді, оның қайғылы салдарлары мәлім [249].

Сот процесінің барысы күнбе – күн хабарланып, тергеу хаттамалары баспасөзде халықтың «ой – пікірі, талап – тілегімен» қоса жарияланып отырды. Мысалы: «Қазақ халқының ежелгі жаулары» деп аталған «Социалистік Қазақстан» 1938 жылғы 22 наурызда: «Қазақ халқын бақытты, қызық дәуренінен айыруға тырысқан ұлтшыл – фашист, троцкишіл – бухариншіл шпион бандиттерді дер кезінде әшкерлеген даңқты чекистерге, олардың сталиншіл наркомы Н.И. Ежов жолдасқа Қазақстан халқы көп – көп алғыс айтуда, жауларды түгел жоюда НКВД орындарына әрқашан жәрдемдесіп отыруға дайын» деп жазды [250].

Тарихшы, профессор Х. Маданов «Сталиннің қылмысы қандай? атты мақаласында: «...Репрессияға ұшыраған адамдардың 398 тізіміне ең қатал жаза қолдануға рұқсат етіп Сталиннің жеке өзі қол қойған. Ал бұл тізімдердің әрқайсысында жүздеген фамилия болған» - деп келтіреді мәлімдемелерді [251].

Белгілі кеңес жазушысы Г.И. Серебрякованың «Қара құйғын» атты повесінде мынадай дерек бар: «Біз кінәсіз өліп барамыз. Өлер алдында адам жалған сөйлемейді. Бізге сеніңіздер және біздің партиядан айнымағанымызды жолдастарымызға, бүкіл совет халқына айтыңыздар. Біз туралы түбінде бір айту үшін тірі қалыңыздар» [252].

Міне, осылайша тоталитарлық жүйенің қатаң саясатының шынайы көрінісі осылайша адамдар тағдырынан, жалпы қоғам, оның айнасы баспасөздердің қызметі мен мазмұнынан анық көрініп тұрды.

Кеңестік кезеңде республикамыздағы жастар баспасөзінің тарихы арнайы зерттелмей, ол тек жалпы баспасөз тарихы қатарында қарастырылып келді. Ал шын мәнінде бұл салада көптеген мәселелердің сол кезеңде қордаланғаны белгілі. Міне, сондықтан да бүгінгі қазақ баспасөзі, баспасөз

бостандығының нәтижесінде өзекті айтылған мақалаларды батыл жариялай отырып, сол кезеңдегі қазақ жастарының жаңа тұрпатты баспасөзінің алғашқы қадамдарын, аға буын өкілдерінің оларға басшылық қызметін, жастардың ғылым мен білімге ұмтылысын ел шежіресінің бір парағы ретінде қарастырып келеді, Тарихи тәжірбиені бүгінгі жастарға тәлім–тәрбие ретінде батыл пайдалануға болады. Сол кеңестік биліктің кезінде жастарға, олардың тәрбиесіне қандай мән бергені жөнінде егемен еліміздің мерзімді басылым беттерінде сындарлы мақалалар жарық көруде. Жастар баспасөзі жастарды тәрбиелеуде дем беруші күш, рухани қару ретінде пайдаланылатыны бәрімізге аян.

### 3.2 Жастар басылымдарындағы республиканың мәдени құрылыс мәселелері

XX ғасырдың 20-40 - жылдарындағы қазақ мерзімді баспасөзінің жергілікті халықтың арасында сауатсыздықты жою, жастарды оқу-білімге шақыру, ұлттық кадрларды дайындау және бұқара халықты жаңа өмірге бастаудағы қызметі үлкен рөл атқарды. Қазақ баспасөзінің алда қойған міндеттерінің бірі - оқу-ағарту, мәдени құндылықтарымызды жаңғырту мәселелері еді. Ең бастысы оқу-ағарту, яғни сауатсыздықты жою арқылы жастарды қоғам жұмысына тарту, әсіресе қазақ қыздарын оқыту, оқу-ағарту үйлерін, қызыл отаулар, кітапханалар, клубтар мен театрларды құруға жастардың қатысуын, мәдени жорықтағы комсомолдардың белсенділігін арттыру ісін мерзімді баспасөз арқылы насихаттай көрсету болды.

Қазақстанның 1921 ж. 11-18 маусымда өткен облыстық бірінші конференциясында көркем әдебиет саласының ақсап отырғаны айтылып, оны көтеру, жаңа туындыларды жариялау жайлы, қарар қабылданғанан кейін [152, 33-б.], қазақ баспасөзінде арнайы әдебиет бөлімі ашылып, қазақ ақын-жазушыларының еңбектерін насихаттауға мүмкіндік туды. Бұл іске жастар баспасөзі де белсене кірісті. Жалпы, қазақ жастары баспасөзі мәдени-ағарту саласындағы қол жеткізген істерді насихаттап, жаңа бой көтеріп келе жатқан жеткіншектерді өнерді, көркем әдебиетті сүйюге үйртеуді мақсат тұтты. Газет-журнал мәдени құндылықтардың жетістіктерін көрсетуді ғана емес, кемшіліктерге де сыни көзбен карауды да міндеті санады.

«Өртең» газетінің бірінші санында Е. Алдоңғаров үкіметтің алда атқаратын жұмыстарының қатарында ағарту саласы мен халықтың мәдениетін өркендету мәселесі тұрғандығын айта келе, «Бұл сықылды қиын, ауыр жұмыстарды орындау үшін, біз әуелі ата ғұрыптан қалған ескі мінез, теріс ұғыныстарды, түрлі «шылықтарды» құртып, өзіміздің басымызды тазартуымыз керек. Мұны құртпасақ, ойымыз тереңдемейді, жақсы мен жаманды, залал мен пайданы айыра алмаймыз. Бір революционер болмай негізгі мәселелерді еш уақытта шеше алмаймыз», – деп, жастармен қатар оқуға есейіңкіреген жігіттердің де ынтасы ауып отырғандығын келтіреді [253]. Ал Смағұл Сәдуақасов үкіметтің алдындағы атқарылатын ірі міндеттерінің қатарынан оқуды атаған [254].

«Жас қазақ», «Жас қайрат», «Лениншіл жас» сияқты басылымдар бұл іске белсене кірісті. «Оқу-ағарту ісі» деген арнайы айдар ашып, сол арқылы

елдегі ағарту саласындағы кемшіліктер, онымен күресу жолдары, жетістіктері жайында үзбей материалдар жариялап отырды. Газет-журналдар жастарды оқыту арқылы саяси, ғылыми жұмыстарға тартылуын қадағалауды да өз міндеттеріне алды.

«Жас қайрат» журналында Түркістан өлкесінің 90 %-і сауатсыз, оқыған 10%-тің өзінің көбі орыс ұлтынан екендігі жөнінде жазылып, онымен күресу қажеттігіне үндеді [255].

Қазақ елінің бұрындары мәдениеттен кенже қалып, өнер-білім қумағандығыменен де, қазірдегі жастар арасында оқуға, мәдени істерді жүргізуге ұмтылыстың барлығы «Жас қайрат» газетінде айқын көрсетілді. Онда ашаршылық кезіндегі қиыншылықтарға қарамастан жастар үлкен жігермен алға ұмтылып, аштықпен күресе отырып, өз ұйымдары арқылы сауатсыздықпен күресуге шақыра білді [256].

Қазақ жастарының жоғары оқу орындарында оқуына байланысты мәліметтерді де жариялады. «Зайыр» деген автордың «Жас қайрат» газетіне жариялаған мақаласында Москвадағы өнерлі жұмыскерлер даярлайтын фабрик-завод жанындағы мектептен 90 оқушыға орын беріліп отырғандығы айтылып, оны Қазақстанның аймақтық жастар комитеті былайша бөліп отырғандығын келтірді: Сырдария губерниясына – 10, Жетісуға – 10, Семейге – 10, Оралға – 10, Ақтөбеге – 10, Ақмолаға – 10 және Қызылорда қаласындағы әр түрлі аймақтық ұйымдарға – 20 [257].

1925 жылы 25 мамырында «Жас қайрат» газетінде «Барлық губерниялық, уездік комитеттерге хат» жарияланып  онда қаладағы оқу орындарында оқитын жастардың жазғы демалысқа  шығып, елге қайтуына байланысты барған  ауыл-қыстақтарында  саяси-үгіт, түсіндіру жұмыстарын жүргізуге қажеттігін айтылды. Сол жастар арқылы әрбір ауыл, қыстақтың тұрмысы, хал-жайы зерттеліп, шешілмеген мәселелерді шешу, саяси-ағарту жұмыстарын жүргізу, жастар ұясындағы кемшіліктерді ашып, оларға тура жолды көрсету, ауыл жастарын газет-журналдарды алып оқуға үгіттеу, ең бастысы сауатсыздықпен күрес жүргізу мәселесін қолдарынан келгенше атқару, жәрдемдесуге шақырды [258]. Осы газеттің 20 қыркүйегінде жарияланған И. Игеновтың мақаласында соңғы бір жылдың ішінде комсомол жастардың саны 205 процентке өсіп, 55 мыңға жеткендігі айтылып, алайда осы 55 проценттің 25  проценті ғана оқып, қалғандары әлі жазу, оқуды білмей отырғандығын, әсіресе, оқу, тәрбие жұмысының ауылда ақсап отырғандығын келтірді. Осыған орай ол алда жастардың саяси-ағарту жұмыстарын белгілеп беретін съезд  шақыру мәселесін ұсынды [210].

«Жеткіншек» газетінде ел ішіндегі сауатсыздықты жоюда  бірінші ретте комсомолдардың сауатсыздығын жою керектігін көтерді. «Ел ішінде жастар ұйымы құрылып, іске кіріскелі едәуір уақыт болды. Содан бері түпкірде жатқан жарлы-жалшылар жазылып та жатыр. Бірақ осы күнге дейін кемшілік келітіріп келген нәрсенің бірі комсомолдардың  саяси, мәдени сауаттарының жоқтығы», - делінді мақалада [259]. Осы «Жеткіншек» газеті жастардың басты міндеті оқу екендігін әр санында жазып отырған.  Ауыл жастарын сауатсыздықты жоюға белсене араласып, комсомол қатарына кіруге үгіт-

насихат жұмыстарын да жүргізді. «Ауыл жастарының алдында тұрған үлкен міндеттердің бірі – оқу. Оқымаған жас міндетін де білмек емес» сияқты мазмұндағы мақалалар жиі жарияланды [260].

Газет сонымен қатар жас комсомолдардың одан кейінгі міндеттеріне өндіріс орындарына, ірі құрылыстарға бару, партияға серік болу, өз соңынан ерген жас жеткіншектерге үлгі боларлық іс көрсетуді жатқызды. Жастар ұйымдарынада жақтарды ұйымға тарту арқылы оларды қоғам жұмысына араластыруды маңызды санады. Сол арқылы жаңа лениншіл жастардың қатарын көбейту қажеттігіне үндеді. Әр облыстардағы комсомол жастарының сандарын көрсетіп, жалпы Қазақстандағы комсомолдардың санының күннен-күнге өсуін жетістікке санады. Зарап Темірбекұлының көрсетуі бойынша, Ақмола губерниясында 1926 жылдың басында 2976 болса, 1927 жылы бірден 4000-ға көбейген [261]. Ал жалпы бұл жылы Қазақстандағы жастардың саны 60747-ге жеткен. Мұның ішіндегі қазақ комсомол жастары 50,2 пайыз болған [262].

«Жеткіншек» газеті Қазақстанда Қазан төңкерісіне дейін қанша оқу орын мен оқушылардың болғандығы мен төңкерістен кейін неше есе өскендігі жөнінде де салыстырмалы түрде мәліметтер келтірді. Газеттің жазуынша, 1917 жылға дейін төменгі дәрежелі мектептердің саны 500 болып, онда бар-жоғы 16 мың оқушылар оқыса, ал төңкерістен кейін 1 басқыш мектеп 35 844 болып, онда 214 559 оқушы оқыған. Оның ішінде 7 жылдық мектеп 78 болып, оқушыларының саны 22 031, ал 9 жылдық 13 ғана болып, онда тек 5197 оқушы оқыған. 2 басқышты 19 мектептің 15919 оқушысы болған. Ал орта дәрежелі мектептер (техникумдар мен университеттер) 28 болып, 4219 студен дәріс алған [263].

С. Баймаханов «Жас қайрат» журналына жариялаған «Дүниеде не қымбат?» (№3-4, 1924) деген мақаласында жастар үшін «оқудың» аса қымбаттығын, ал осы оқу үшін әр уақыттың қымбат екендігін айтып, олармен сырласты. Ол жастардың бойында кездесетін кемшіліктерді сынға алды. Олардың көбі шешенсінуді, тілмәрсуді тансық қып, қайдағы бір жаттанды, сылтыр сөзді соғып, мінбеге жатып алуды әдетке айналдырып барады, демалып, кітап, журнал оқудың орнына, қыдырымпаздыққа, сандалысқа салынып жүр дейді. Бұл жастардың келешегіне үлкен кесір, жетем дегеніне жеткізбей, «мойын үзетін» індет екенін ескертті. Мақала ақырында автор мынаған дағдылануды ұсынды. «Қалтамызда дәптеріміз, қаламымыз болу керек. Дәптердің ішіне уақыттың кестесіз жазып, сол бойынша уақытты пайдалануға дағдылану керек. Тамақ, сабақ, демалу, үйде даярлану, кітап, газет, журнал оқу, жиналыста болу, ұйқы, тұру, жуыну – барлығы да дәптерінде хат, көңіліне шат, бір минуттың есептен тысқары болмау керек. Мұны істемеген уақыт қадірін, бас пайдасын білмегендігі. Ондайларға айтарымыз – «Өзің білме- бңлгеннің тілін алма», - деп, жаңа оянып, жаңа тұрмысқа енді бейімделе бастаған жастарға ақыл-кеңес береді [207, 3-б.].

Жастар баспасөзі тек оқу-ағарту мәселесін ғана емес, қазақтың мәдениетін, әдебиетін, тарихын, салт-дәстүрін де көтеруге тырысты.

Жастардың арасында түрлі ойын-сауық кештері өткізіліп тұратындығы жайында хабарлар жиі жариялана бастады. Мәселен, «Өртең» газетінде Қазақстан республикасының құрылғанына екі жыл толуына орай 4 қазанда Қызылжар жастары кеш ұйымдастырып, Қошке Кемеңгеровтың «Арманда» деген драмасын қойылғандығы жөнінде хабарлама басылды [264]. Оқу орындарында Қошке Кемеңгеровтың бұдан да басқа пьесалары ұдайы қойылып отырған. Ақтөбе педтехникумының оқушылары 20 апрельде оның «Алтын сақа» деп аталған төрт перделі пьесасы қойылып, жастар қазақтың бұрыңғы қарапайым тұрмысын суреттеуге тырысқан. «Бұрын-сонды ойын ойнап, ысылмаған жастардың ішінде көңілдегідей шығармағандары да болды. Әйтсе де халық ырза болып, бірталай көңіл көтеріп қалдық деп тарқады», – делінді мақалады [265].

С. Баймаханов журналдың 1924 жылғы 3-4 сандарында жарияланған «Өнер керемет» деген мақаласында жастарды өнерге итермелеу, олардың өнерлі болуы үшін білім алудың маңыздылығын түсіндіреді. Оның ойынша, ізденсең, көп оқысаң көп нәрсені үйренуге, тіпті жасауға болатындығын келтіреді [266].

Сәдуақас Баймаханов кітаптардың Мәскеу, Орынборда, Ташкентте шығатынын, олардың дені саяси кітаптар екенін, олардың арасында кестелі, әдебиетке негіз болатын, сұлу сөзді көркем әдебиетке мән берілмейтініне қынжылатын. Жастарды жаңа заманға лайық тәрбиелеу мәселелеріне назар аударып отырған, тозығы жеткен әдет-ғұрыптардан арылуға бағытталған материалдар жариялады.

Осы күні қазақ өмірінде жас буын өткінші дәуірдің сатысында тұр. Елдерде де, оқығандар ішінде де әлі ескілік мінездер бар. Олар – бірден бірге мирас болып келе жатқан түрлі - түсті аурулар. Жастар арасында өтірік - өсек қуып, ескі сарынға кете ме деген қауіп те жоқ емес. Сондықтан жастарды одан сақтандыратын, дұрыс жолға салатын өткір тілді, көркем әдебиеті болуы керек. Көп жиылыс, өң саяси әдебиеттен жастар жалығады, жаңа түрлер іздеу керектігін айтқан С. Баймаханов, мынадай нақты ұсыныстар жасады: «Ел өмірінде болып жатқан жақсылық, жамандықтарды дәл суреттейтін шынайы шығармаларды бастырып тарату керек; жастардың келеңсіз қылықтарын келемеж ететін сықақ дүниелерге жол ашу қажет; қарын қамымен әдебиетте жүрген қаламы жүйрік жазушыларды іске тартып, жазғандарын шығарып,оларды материалдық жағынан да қолдау – ләзім; әдебиет қаладан шықпай жатыр, ел баяғы «Сал - сал», «Зарқұм», «Махмет-әнапия» сияқты хиссалардың жұрнағын кеміріп отыр. Оларды бұрын саудагерлер жәрмеңкелерге апарып тарататын. Қазіргі кітаптар қоймаларда шаң басып жатыр. Жастарды тәрбиелеу үшін қажетті әдебиетті шығара білсек, оны тарата білу парыз. Дүкен, жәрмеңке, базарларға кітаптарды шығарып, сата білуді үйрену, ол да шарт».

С. Баймахановтың бұл айтқандары – қағаз жоқ, қаржы тапшы, бастыру қымбат деп әдебиет, мәдениетке мән бермей отырған тиісті мекемелерге, олардың басшыларына сын ескертпе. Шынында, рухани азық беретін өнер – ғылым, оқу – ағарту, баспасөз, әдебиеттен ешнәрсе аямау қажет-ақ. Бұл

салаға мән бермеу, қаржы таппау, аяу – болашақ ұрпақты надан ету, оларды өркениетті басқа елдің алдында мәңгүрт, сорлы етіп еңбектетіп, табанын жалатып қою. Жастар баспасөзі жетекшісінің өз мінін білмеген адам білгір болып басшылық ете алмайды, өзінің әлсіздігін сезбеген жұрт дертінен тазарып, ілгері озған ел қатарына жете алмайды – деуі көрегендік. Өз ісіміздегі, өз ішіміздегі ақау, теріс мінез, іс - қылықтарды өткір әшкерелеп отыратын сатиралық журналистің әдебиет жасайық. Оны оқыған жастарымыз ондай, дерт кемшін – міндерден безінетін, сақтанатын болсын дегені де – орынды пікір. Бұл да – сатира десе, бүйіріне қарап, ықылық атып қалатындарға сабақ.

Сол кезеңдегі республика өміріндегі мәдениет пен әдебиет саласындағы болып жатқан өзгерістер барлық баспасөз беттерінде қамтылды. Мәдени дамудың басты көрсеткіштерінің бірі – қазақ мерзімді басылымдары болатын болса, онда ең алдымен олардың саны көбейді, 1932 жылы республикада 120 газет шығарылып, таралымы 340 мың данаға жетті.

Республика мәдени өмірінде ең алғаш 1933 жылы 6 желтоқсанда Жазушылар одағы басқармасының ұйымдастыруымен Алматы қаласында тұратын қаламгерлердің әдебиет кеші болып өтті. Оған ақын-жазушылардың бәрі дерлік белсене қатысты.

Ел өмірі тынысының хабаршысы «Лениншіл жас» әдебиетке жаңадан ғана араласа бастаған жастардың ақсақалдардан қалыспай өздерінің шығармаларын оқығанын мақтанышпен жазды. Мақалада аға буын жазушылардың өтінуімен С. Ерубаевтың жастар тақырыбына арнап жөнді жазбайтын қаламгерлер туралы достық әзілдерін оқығанын, қазақ поэзиясы мен прозасында пародия жанры енді ғана пайда бола бастағандықтан, көпшілік С. Ерубаевтың Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезовке арнап жазған пародияларын үлкен ынта қойып тыңдағанын жеткізді: «Саттар жолдастың әзілі өте келісімді шыққан...» [267].

Байырғы журналист Әбіш Байтанаев «Лениншіл жас» газеті және оның редакторы С. Ерубаев туралы естелігінде бұл басылымның жас қаламгерлерді әдебиетке баулып, кейін есімдері бүкіл қазаққа әйгілі болған ақын - жазушыларды тәрбиелеп шығарғандығы жөнінде қызықты баяндайды: «Сол кездегі «Лениншіл жас» газеті әдебиет тарихына бірсыпыра үлес қосты деген артық болмас еді. Бұл жөнінде Саттар да аз еңбек сіңірген жоқ. Редакция қызметкерлері Саттарды үлгі ететінбіз. Ол бәрімізге достық, пайдалы ықпалын жүргізетін. Қазақ искусствосын жанындай сүйіп, оның өркендеуіне қолынан келгенінше ат салысты. Ахмет Жұбановтың қазақ музыкасын дамытудағы еңбегі ұшан - теңіз болса, оған Саттар да көп еңбек сіңірді. «Лениншіл жаста» көркем әдебиет шығармалары көп басылатын... Әдебиетіміздің көптеген талас мәселелері сол тұста «Лениншіл жас» арқылы талқыға түсіп жатты; ол ол ма, тіпті, қылт еткен жаңалық болса, Саттар оны көрсетіп қалуға ұмтылды...» [267,-5,6-бб.].

Ұлы ақын Жамбылдың өз аузынан көзбе - көз өлеңін жазып алып, алғаш рет басқан да – осы «Лениншіл жас» еді. Сол кезде бізді өнерпаздардың слетіне ертіп барып, Жамбылды көрсеткен. Газет поэззияға көп көңіл бөлді.

С. Ерубаев алдымен орыс тілді жастар газеті – «Ленинская сменаның» әдебиет және өнер бөлімінің меңгерушісі, кейінірек «Лениншіл жас» газеті редакторының орынбасары қызметтерін атқарды. «Лениншіл жаста» ел өміріне қатысты небір тақырыптарға барғанымен, негізінен жалынды публицистикасы және әдеби - көркем шығармаларымен көпшілікке танымал қаламгер болды. Оның екі тілде (қазақ, орыс) бірдей жазуы, әдебиеттің көптеген жанрларына батыл араласуы, фантастикалық шығармалар жазуы – Саттар Ерубаев талантының көп қырлығын танытса керек.

«Лениншіл жас» газеті XX ғасырдың 20-40- жылдарындағы тарихи құбылыстарымен қатар қазақ әдебиет тарихына өзінің шама-шарқына қарай белгілі дәрежеде үлес қосты десек артық болмас. Әдебиетіміздің көптеген пікір таласын тудыратын мәселелер 30-жылдары осы арқылы талқыға түсіп жатты. Газеттерде әдебиетті, оның ішінде жас жазушылардың көркем шығармаларын оқумен қатар оның жақсы жағы мен кемшіліктерін сынға ала білуге шақырды. Көркем әдебиеттің жас жеткіншектерді жаңаша тәрбиелеудің бір негізгі буыны екендігі, «Пионер» газетінде айқын жазылды [260].

Қазақ көркем әдебиеті туралы жастар арасында түрлі диспуттар өткізіліп, газет-журналдарда жаңа әңгіме, роман, кітаптар жөнінде пікірлер жарияланды. Әдебиеттің жастар ұғым-санасын қалыптастырудағы, болашағына дұрыс бағыт-бағдар берудегі әсер-ықпалын жақсы түсінген Сәдуақас Баймаханов бірнеше әңгімелер жазып, журнал арқылы жастарға таныстыруға тырысқан. Мәселен, «Жас қайратқа» (1924, №3-4.) жарияланған «Қондыбай» атты әңгімесінде талапты, өнер-білімге ынтазар жастардың алға қойған мақсатына, ниетіне жетуге ауыл адамдарының, қоршаған ортаның қате ұғым-түсінігінің, теріс тілек-талабының қаншалықты кедергі келтіретінін сынаған. Солардың пайдасыз үгіт-ұлағатына бой алдырып, оқуды тастап, тезірек ел сұрауға ынтық болған әкім құмарлардың бейнесін жасайды [207, 3-б.].

Негізінде С. Баймахановтың бұл әңгімесіне Қондыбайдың әке-шешесінің «пәленшенің баласы оқып, адам болыпты» деген қайрауынан Ташкентке барып оқуға түсіп, екі жылдай оқығаннан кейін, ауылына демалысқа келген кезде азғырып, ауылға келіп әкім болуға ақыл бергендер табылады. Ол ақыры оқуын тастап, ауылға басшы болуды, тез пайда табуды көздейді. Бұл жерде автор жастарға оқудың мәнсаптан маңыздылығын түсіндіруге тырысады [269].

С. Баймаханов осы әңгімесі арқылы талапты, өнер-білімге ынтазар жастардың алдарына қойған мақсатына, ниетіне жетуге ауыл адамдарының, қоршаған ортаның қате ұғым - түсінігінің, теріс тілек-талабының қаншалықты кедергі жасайтынын сынайды. Солардың пайдасыз үгіт - ұлағатына бой алдырып, оқуды тастап, тезірек ел сұрауға ынтық болған әкім құмарлардың бейнесін де жасады.

«Лениншіл жас» газеті балалар әдебиетін жасаудағы кемшіліктер жайында да жариялап отырды. «Балалардың бүгінгі таңдағы қойып отырған тілектерінің бір бастысы - өздеріне құрал болатындай, білім алатындай,

большевизм идеясында  өсуге көмек беретіндей кітаптар керек қылып отыр. Ол құралдар екі түрлі – біреуі оқу кітаптары, екіншісі  – көркем әдебиет», - дей келе, мектептерде оқытылып ж.рген оқулықтардың ескі екендігін, ғылымның алға жылжуына байланысты мектеп оқулықтарына оның енгізудің маңыздығын көрсетеді [270]. Бұл мақалада автор жалпы балалар әдебиетін оларды қызықтыратын шығармалармен толықтыру керектігіне үндейді.

Ж. Саин «Лениншіл жасқа» жариялаған мақаласында көркем әдебиет баспасын сынға алып, ондағы кемшіліктерді тізіп берді. Алдымен осы баспа аппаратында отырғандарды сынға алып, оларды «совет идеясындағы адамдар емес» деп, шығарып жатқан әдеби шығармаларда кеңестік жүйеге кереғар туындылардың барлығын атап өтеді [271].

Жастар газеті жазу мәселесін өзгертуге қатысты ой-пікірлерін 1924 жылдың өзінде «Лениншіл жас» газетінде жариялай бастаған. «Латын қарпін алу туралы» деп аталған мақалада Қызылжар қаласында мұғалімдік, хатшылық, есепшілік курстары мен партия мектептерінде оқитын қазақ жастары арасында жиналыс өтіп, онда Бәйділдәұлы мен Айтқожаұлы латын әліпбиі мәселесіне орай баяндама жасап, латын әрпін алуды Тәштитұлы жақтап, ал Ералыұлы мен Тілеуліұлы қарсы пікір білдіргендігі, жиналысқа қатысушылар арасында осы мәселе төңірегінде айтыс-тартыс туындығандығы, соның нәтижесінде екі түрлі қаулы қабылданғандығы айтылды.  «Қарсы болғандар: «Латын қарпін алуға әлі ерте, қазір керек емес» деп ұсыныс қылды. Жақтап сөйлеушілер: «Латын қарпі қазірден біржола алына берсін, ескі жазу да қалдырылмасын. Әрбір губерния, үйездерде талапты жастар латын қарпін, жазуын үйренетін үйірмелер ашуға кірісе берсін, мектептердің программаларына бірер сағаттан болса да латын тілі кіріп, оқушылардың тездеп латын қарпін қолдануға үйірмелер басшылық етсін», - деп ұсыныс қылды»,- деп жазылғандығы келтірілді мақалада [272].

Барлық жастар газеті жаңа әліпбиді үйренуге ұран тастады. Бұл науқан барысының жетістіктері туралы немесе кемшін тұстары жайында материалдарды үзбей жариялап тұрды. Жаңа мәдениетке, өнерге талпыну үшін осы тұрмысқа қолайлы жаңа әріпті үйрену қажеттігіне үндеген жастардың хаттары да басылды. «Несіпбай» дегеннің «Лениншіл жас» газетіне жарияланған  мақаласында жаңа әліпбиді үйренуге бел бурада екі түрлі мәселелердің кездесетіні айтылып, оның біріне сауаттыларды жаңадан сауаттандыру, екіншісіне хат танымаушыларды жаңа әліппемен сауаттарын ашуды жатқызды. Ол осы жолда көп қиыншылықтар мен кемшіліктер кездесетіндігіне де тоқталып өтті. Алматы қаласындағы мал дәргерлік техникумында кейбір жастар латын әрібін үйренуді құнттамай отырғандығын көрсете келе мынадай ұсыныстар түсірді:

1. Комсомол, оқушы жастарымыз, жер-жердегі мектеп, ұя жандарынан ашылған жаңа қоғам ұйымдарына мүше болып, қоғам жұмысын күшейту мен жаңаша сауаттарын ашсын.

2. Басқа сауатсыздарға да үйретсін, жаңаша шығып жатқан газет-журналдардан пайдалансын. Осы уақытқа дейін болып келген  кемшіліктерді

жоюға кіріссін. Әсіресе бұл жұмысқа әлеумет, қоғам ұйымдары мен комсомол жастарымыз басшы болулары керек [273].

3. Жастар арасындағы ойналатын түрлі ойын түрлері жөнінде «Лениншіл жасқа» жарияланған мақалаларда жазылып, бұл ойындардың біріншіден, олардың көңілін көтерсе, екіншіден, миының тынығуына, денсаулығына пайдалы екендігі айтылды. Ғабит Мүсіреповтың газетке басылған «Қан-қамау» деген жастар үшін аса маңызды ойын түрінің сырын ашқан мақаласы осыған дәлел. Автор бұл ойынның жастарға аса қажеттігін, айла-тәсілмен ойлану қабілетін оятатындығын дәлелдеуге тырысқан. Қан-қамау ойынының дойбыдан ерекшелігі дойбы тасының орнын адам бейнесіндегі тастар (фигура) басатындығын, екі ойыншының тапқырлық қабылетін көтеретіндігін көрсетеді. Ғ. Мүсіреповтың айтып отырған ойыны қазірде шахмат деген атпен белгілі ойын. Ол одан әрі ойынның шарттарын түсіндіреді [274].

20-жылдың басынан бастап үкімет дінге шектеулік қойып, қазақ халқының бұрыннан келе жатқан наурыз мейрамын діни мереке ретінде және жыл сайын халықтың тұтынатын ораза, айт, құрбандық шалу сияқты рәсімдеріне тыйым салды. Осы орайда барлық газет-журналдар үкіметтің бұл нұсқауын жариялап, діни мейрамның кері әскер ететіндігін түсіндіруге тиісті болды. Жер-жерлерде дінге қарсы үйірмелер құрылып, үгіт-насихат жұмыстарын өрістете бастады. 1923 жылы Ақтөбе губерниялық комитеті барлық уездік комсомол комитеттеріне айт мейрамы жақындап қалғандығын, бұған жастарды қатыстырмай, керісінше өздері жастар арасында сол күні түрлі ойын-сауықтар ұйымдастырып, діннің кереғар әсер беретіндігін білдіретін баяндамалар жасауды ескерткен нұсқауы түскен [275, с.70-72.].

Кеңес үкіметі мәдени-ағарту ошақтары, қызыл отаулар мен керуендер арқылы діни артықшылықтарды жоюды көздеді. Бұрынғы шығарылған діни тақырыптардағы кітаптарды қолданыстан алды. Діни насихат жүргізуге қатаң тыйым салынды. Бұл бір жағынан дін саласындағы қызметкерлердің халық арасындағы ықпалын жояды деп есептесе, екінші жағынан діни әдет-ғұрыпты ұстанатындарға тосқауыл қойды. Тіпті мұсылман халықтарының жаңа жылы саналатын наурыз мейрамына да тыйым салды.

Жастар басылымдары діни мерекелердің зияндығын насихаттаған мақалаларға орын берді. «Лениншіл жас» газетіне жарияланған Жұмабай деген «Ораза жақындап келеді» деп аталған мақаласында ораза жақындап келе жатқандығы, оған қарсы әлі дұрыс іс-шаралар жүргізілмей отырғандығы, еңбекшілерге пайдасы жоқ істердің барлығының зияндылығын жастар арасында қалай да болса дәлелді түрде көздерін аша көрсету керектіктерін айта келе: «Оразаның зияны есепсіз. Малы бар, асы бар байларға ораза еш нәрсе емес, еңбекшілер оразада үйдегі барлы-жоқты асын тауысады, аш жүріп қалжырайды. Бүтін ай бойы еңбек етпейді. Аш болғаннан кейін текке үйінде жатады. Оразаның өзі діншіл молдалардың амалы ғой. Олар оразаның ілгері-кейінді айларында құтырып, аңсырап кетеді. Міне, сол молдалардың газеттерде істеген қылмыстарын «діншілдікпен елді алдаушы едік, енді адалдыққа түстік» деп жариялап

жатқан молдалардың сөздерін дәлелдеп, ел көзінше масқаралап, беттеріне қара күйе жаққандай қылу керек», - деп жазды. Жастардың арасында да ораза ұстайтындар да сынға алды. Олардың дұрыс тамақтанбауы әр түрлі ауруларға ұшыратады деген қорытынды шығара отырып, оразаның зияндығын ауыл жастарына жеткізу үшін үзбей газеттерге осы мәселе төңірегінде жазып отыруды ұсынды [276]. Орал губерниялық «Қызыл ту» газетіне қосымша ретінде шығарылған лениншіл жастар комитетінің он күндік «Жастар дауысы» газетінде де арапа күні комсомолдар жастары арасында «Құрбандық құрбаны» атты пьесаны қойып, баяндама оқығандығы жайында хабар басылды [277].

Діни ортаға тәуелді емес мәдени ұйымдар ашу арқылы халықтың арасында ескіден келе жатқан, жаңа өмірге, қоғамға жат әдет-ғұрыптардан арылу жайында кедейлердің арасында әңгіме ұйымдастыру, олардың өздерін кертарпа дін қалдықтарына қарсы күресуге шақыруды қолға алып, тез арада іске кірісу жоспарланды. Әсіресе қыздарды қалыңмалға сату, әмеңгерлік, көп әйел алушылықты жою, молдалардың шариғат үшін деп санапсыз салық жинауын тоқтату қажеттігін баса көрсеткен болатын.

Баспасөздің еңбекшілермен байланысы күшейді. 1934 жылы наурызда Қазақстанның жұмысшы ауыл село тілшілерінің I съезі өтті, оған 17 мың жұмысшы, ауыл, село - тілшілерінің өкілдері қатысты. Бұдан кейін тілшілер саны көбейе түсті.

Әулиеата қаласының (қазіргі Тараз) К. Маркс атындағы қазақ орта мектебінің оқушылары мен пионерлерінің «Лениншіл жаста» басылған Қазақстан жазушылар одағының І-ші съезіне қатысқан жазушыларына арналған хаты оқып берілді. Онда оқушылар – «Бізге көркем жазылған жақсы, қызықты балалар кітабы мен ойын, өлең, әңгімелер керек» деген. Балалардың хатына Ғ. Мүсірепов, Ә.Тәжібаев, Т. Жароков жауап берді. «Көптен өтей алмай жүрген үлкен бір борышым – сендердің шат өмірлерің жайында ешнәрсе жазбағандығым еді...» – деп мойындай келе Ғ. Мүсірепов жауабын былайша аяқтаған: «Сендер қазір жас отрядсыңдар. Аттарың да, өздерің де құрметті. Аттарыңа істерің сай пионерсіңдер. Сондықтан, сендер бізден не дәметсеңдер де, орындауға біз әзірміз» [278].

Қазақ әдебиеті сеніммен қуаттанып, жасампаз еңбекпен шұғылданған еңбекшілердің ой-арманын шынайы білдіретін құрал болып қалыптасты. Жазушылардың басқа республикаларға сапар шегулері олардың төл ұлттық мәдениетімен жақынырақ танысуына көмектесті. Мұндай сапарлар туысқан халықтар әдебиетінің бір - бірімен ықпалдасуына себепші болды. Мысалы, Фердоусидің «Шахнама» шығармасының негізінде жазылған Т. Ізтілеуовтың «Рүстем–Дастаны» осындай әсердің нәтижесі. Кейіннен М. Әуезов мұны әдеттегі аударма емес, шығыстың ұлы шығармасының өлеңімен жазылған тамаша нұсқасы екендігін атап айтты.

Мәдени құрылысы Кеңес өкіметі тұсында ерекше қарқынмен шарықтап дамығандығы мерзімді жастар басылымының негізгі тақырып өзегіне айналды. Қазан төңкерісінен кейін кеңестік Қазақстанда мәдени салада іргелі қайта құрулар жүзеге асты. Мәдени революция барысында сауатсыздық

жойылды, жалпыға бірдей бастауыш және жеті жылдық білім беру жүйесі енгізілді, орта мектептер, техникумдар мен жоғары оқу орындары дамытыла бастады, еңбекшілерге қоғамдық–саяси білім беру барынша өрістеді, сондай–ақ, ғылым, әдебиет, көркем өнер саласында да жаңа өрлеу басталды. Осылардың негізінде қазақ халқының Кеңестік «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» деп аталатын жаңа мәдениетін қалыптасты. Қазақ кеңес мәдениетінің даму тарихы күрделі де, ауқымды құбылыс.

1934 жылы  халық өнерпаздарының бүкілқазақстандық бірінші слеті өтті. Ол қазақстандық кеңестік музыка, театр өнерлерінің дамуында үлкен рөл атқарды. Оған республиканың түпкір-түпкір жерінен көптеген әншілер, күйшілер, бишілер, тақпақшылар, ойыншылар келді. Олардың ішінен қабілеттілері тандалып алынып, Алматыдағы театр және өнер оқу орындарына қалдырылды. Слет халық өнерінің туын бұрынғыдан да жоғары көтерді, оның одан әрі қарқынды дамуына жол салды. Республикада өнерпаздардың жарысын өткізіп тұру осы кезден бастап дәстүрге айналды. Бұл жайында республиканың мәдениетінің қамқоршысы Т. Жүргеновтың кәсіби өнер байқауы ретінде слет өткізу идеясы 1933 жылдың күзінде туғанын, оған республика өнер шеберлерінің «Шұға» музыкалық спектакілін, алғашқы домбыра оркестрінің, бишілер тобының концерттері секілді жаңалық әзірленгенін, сондай - ақ, Қазақстанның халық артисі А.В. Затаевич құрмет көрсетіп, оның республикадағы он жылдық қызметін тойлау жобаланып отырғанын айтты. Қортынды сөзінде қарт ақын Жамбылдан бастап, жас әнші Ғарифоллаға дейінгі халық таланттарын қалың жұртшылыққа танымал еткен алғашқы слеттің маңызы мен мән - мағынасына тоқталған.

1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігі жаңа кеңестік мәдениет жетістіктерін паш етті. Қазақ кеңес әдебиеті мен өнер жетістіктерінің жарқын көрінісі болды. Шынында да кәсібилікке қадам басқан бірнеше жылдарда кең даланы мекендеп келген халықтың өнері табысқа жетті. «Қыз Жібектің» рөлін орындаған жас әнші Күләш Бәйсейітова әсем де, тартымды үнімен мәскеуліктерді таңқалдырды. КСРО Халық артисі атағы берілді. «Қазақ Бұлбұлы» атанды. Қарт Жамбыл бастап барған онкүндікті жемісті қорытындылар өскелең өнер мен әдебиетіміздің бұдан былай өсуіне күш – қуат, дем берді.

Онкүндікке қатысушылардың Кремльдің Үлкен Сарайда партия және өкімет басшыларымен, астана өнер қайраткерлері, еңбекшілер өкілдерімен кездесуінде сөз сөйлеген Т. Жүргенов: «Мәскеуде біз көп нәрсені үйрендік, бізге өз жұмысымыздың сапасын одан әрі жақсарту, Қазақстандағы мәдени революцияны күшейте түсу міндеті жүктелетінін ұғып, қабыл алдық», - деді. Оның бұл кездесуде сөйлеген сөзі Орталықтың бас газетінде жарияланды, іле-шала республиканың барлық газеттерінде қайталанып берілді [279].

«Пионер» газетінде көркем өнер, әдебиет туралы материалдар мен фоталар жарияланып тұрған. «Ер тарғын» операсы туралы, Мәскеудегі он күндікке қазақстандықтардың қатысу барысы, олардың жетістіктері жайында бірнеше мақалалар басылды [280]. Сонымен қатар газет өткір мәселелерді де

көтере білді. 1930 жылдың 18 желтоқсанында «Алматыда балалар театры болу керек» деген мақала жариялап, онда балаларды жаңаша тәрбиелеуде театрдың орны ерекше екендігі айтылып, «қазірде балалардың ынтасы, талабы өсіп отыр. Олардан жақсы әнші, әртісі шығатын сөзсіз жаңа заманның өнер-білімін үйренуге ынталы. Сондықтан Алматы қаласында пионер театрын ұйымдастыратын уақыт жетті», - деген ұсыныс та айтылды [281].

Мектеп оқушылардың ынтасымен түрлі мәдени кештер мен ойын-сауықтар өткізіліп тұрды. «Бурабай» курортында емделіп жатқан аурулардың көңілдерін көтеру мақсатында Көкшетау қаласының 50 шақты жас ұландары бір күні сауық кешін жасап, ән салып, би билеп, түрлі спорттық ойындарын көрсеткен [282].

Жастар баспасөзі қазақ мәдениетінің жетістіктерін насихаттаумен болды. Мәскеуде өткен қазақ көркемөнерінің декадасы жайында да материал жариялап, оны астаналықтардың қалай қабылдағандығын саралап көрсетті. 1936 жылдың 17 мамырында қазақ өнерпаздары өз өнерлерін Үлкен театры филиалында «Қыз Жібек» пьесасымен ашып, онда К. Бәйсейтіова, Қ. Жандарбеков, Қ. Бәйсейітов, М. Ержанов, Ш. Жандарбекова өз өнерлерімен көрермендерін тәнті еткен [283].

«Лениншіл жас» газетіне жарияланған «Ауыздан тастамайтын қазақ» деген мақалада автор «Ер тарғын» туралы әсерін жазады. «Мен бұрын «Қыз Жібек» пьесасының ойынын бір рет көріп едім. Ал «Ер тарғын» одан да көркем болды. Маған ұнаған артистер: Ақжүністің рөлін атқарған Күләш болды. Оның шын театр мастері екені Тарғынды алдап өзіне қаратып алған жеріндегі қимылы», - деп, театр ұжымына осындай көрермен көңілінен шығатын қойылымдарды көптеп қойса деген тілегін білдіреді [284].

Осы нөмірде «Ер тарғын» операсын қоюдағы жетістіктері Күләш Байсейітованың мақаласы басылды. «Ер Тарғынның» операсы қазақ елінің мәдениет майданында тапқан табысының жемісі, актерлардың көбі жаңа тәрбиеленіп шыққан жастар екендігін айта келе, олардың ішінен Қапиза Нұрмағамбетова, Рақима Сәдуақасова сияқты талантты жастарды атайды [285].

Ал «Біздің Елубай» деген мақалада Елубай Өмірзақовтың театр құрудағы еңбегі бағаланып, оны «сегіз қырлы», қазақ театрының көркі болып жүргендігін мақтанышпен атады [286].

Жұмысшы жастар арасында да көркемөнерпаздар үйірмесі жұмыс істеп, жұмыс уақытынан тыс кездерде жастар арасында түрлі ойын-кештерін өткізіп, өз өнерлерімен құрбыларын тәнті етті. Мәселен, «Лениншіл жас» газетіне жазылған мақалада Семейдегі жұмысшы жастар театры жаңа жылды «Слава» деген пьесаны қойып қарсы алған. Бұл пьесаны театрдың бас режиссері Сотников қойған. Еңбекте көзге түскен Аня Николаенко, Михаил Васильев сияқты жастар өз өнерлерімен де көрермендерін қуанышқа бөлеген [287].

Әдебиеттануға үлкен үлес қосқан ғалым, Қазақ ҚСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Есмағамбет Ысмайылов (1911-1966 ж.) жастайынан жастар баспасөзіне тілші ретінде араласты, қаламгерлік

жолының бастапқы кезеңі «Лениншіл жас» газетімен байланысты. 1933 ж. 13 қыркүйекте оған берілген мінездемеден мынаны көреміз: «Ол өлкелік комсомол газеті – «Лениншіл жастың» екпінді қалам қайраткерінің бірі, 28-ші жылдан бері тілші болып, түрлі саяси–шаруашылық мәселелер жөнінде мақалалар жаза бастады... қаламы ұшталып, әдебиет майданына астасып, комсомолдың жас жазушысы, ақын болып тәрбиеленіп, өсіп келеді... Комсомолдың салт-сана, пікір жүзінде жазғандарында ешбір солқылдақтық, табансыздық пікір сезілген жоқ» – делінген газетте жарияланған мінездемеде [288].

Жастарға білім беру мәдени құрылыс саласындағы негізгі міндеттерінің бірі болып саналды. Олар – қалың еңбекші бұқараның мәдениеті (жаппай оқу, сауатсыздықты жою, политехникалық білім беру, т.б) көтеруді және халық шаруашылығының саналуан салалары үшін кәсіби мамандар мен ғылыми қызметкерлерді даярлау мәселелерін шешу еді. Ауылда 8 - 11 жастағы балалар толық төрт сыныпты бастауыш мектепте оқыса, 14 жасқа дейінгілер оқуын орталау және орта мектептерде жалғастырды. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқуға көбірек тартуға жұмсаған күш - жігердің арқасында 4 сыныптық қазақ мектептерінің саны 1933 жылғы 527 – ден 1937 жылы 1190 - ға жетті, толық емес орта мектептер тиісінше - 143 және 237, орта мектеп – 11 және 48, оқушылардың саны – 220,5 мыңнан 342,6 мыңға дейін немесе 1,5 есе көбейді. Ал 1940 – 1941 оқу жылы мектептердің жалпы саны 7790, ал оқушылар – 441 мыңға жетті. Мектептердегі қазақ қыздары күрт көбейді. Бұлар жайында «Пионер» журналында мақалалар жарияланып тұрды.

1937 жылдың аяғына қарай 27 педагогикалық техникум, 6 институт пен университетте 9626 мұғалімдер даярланды, ал олардың жалпы саны екі еседен астам көбейді (15-тен 31 мыңға дейін). Сонымен бірге олардың дайындық деңгейі, мәдени ой-өрісі мен қоғамдық белсенділігі едәуір өсті. 1937 жылдың ортасында аттестациялау жүргізілді. Бұл шара педагог кадрлар құрамының сапасын арттыруға оңды әсер етті: 1424 оқытушы немесе олардың жалпы санының 14 пайызы жұмыстан босатылды [192, 203-210-бб.]. Мектеп жасына дейінгі балаларды кеңірек тартуға көп күш - жігер жұмсалды, нәтижесінде 4 сыныптық қазақ мектебінің саны 1933 жылғы 537 - ден 1937 жылы 1190 - ға жетті, толық емес орта мектептер тиісінше – 143 және 237, орта мектеп – 11 және 48, ал оқушылар саны - 220,5 мыңнан 342,6 мыңға дейін немесе 1,5 есе көбейді. 21 техникум және басқа арнаулы оқу орындары өнеркәсіп, көлік пен байланыс үшін орта буын мұғалімдер даярлады. Жалпы ауыл шаруашылығы, әсіресе мал шаруашылығы үшін осындай кәсіби кадрлар даярлау ісі одан әрі дамыды [192, 214-218-бб.].

Жоғары оқу орындарының дамуында 30 - жылдар айрықша, құнарлы кезең - болды деген қорытынды жасау өте орынды деп білеміз. Алғашқы ірі жоғары оқу орындары деп Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік педагогика институты (ҚазПИ). Ол 1926 жылы Ташкентте ашылған 1928 жылы Алматыға көшірілді.

Республиканың шаруашылығы мен мәдениетінің өсу қарқыны ескеріліп, партия мен үкімет бірінші бесжылдықта бірнеше жоғары оқу орындарын ашуға көмектесті. 1929 жылдың маусым айында РФСР Халық Комиссарлар Кеңесі сол жылдың күзінен бастап Алматыда мал дәрігерлік институт ашу туралы қаулы алды. 1930 жылы ауыл шаруашылық ұйымдастырылды. Үкіметтің шешімі бойынша 1931 жылдың басында Қазақ медицина институты ашылды. БК(б)П Орталық Комитетінің 1929 жылғы қарашадағы пленумының қатары негізінде 1932 жылы күзде Семейде геология – барлау институты ұйымдастырылды. Кейін 1934 жылы ол Алматыға көшіріліп, соның негізінде кен – металлургия институты (қазіргі Қ. Сәтпаев атындағы ұлттық техникалық университет) құрылды. Бұрынғы токарь, Орал Өнеркәсіп Академиясын бітірген Әмір Бүркітбаев оның ректоры болды.

1934 жылы 15 қаңтарда Қазақ мемлекеттік университеті есігін ашты. Сол жылы бірқатар аймақта 7 жылдық мектептер үшін педагогтар даярлайтын екі жылдық мұғалімдер институттары ашыла бастады. Бұларға орта және орталау білімі бар жастар қабылданды, бітіргендерге аяқталмаған жоғары білімі бар диплом беріледі. 30-шы жылдары олар мыңнан астам педагог даярлады. Сөйтіп Республикада мұғалімдер қатары арта түсті. Соғыс алдында олардың жалпы саны 44 мыңнан асты.

Жоғары білімді педагог кадрлардың жетіспеушілігі әрқашан байқалып тұрды. Оны шешудің жолы жаңа институттарды ашу еді. 1932 -1933 оқу жылында төрт қана techinstitut болса; 30 - жылдардың екінші жартысында Қызылжарда, Семейде, Қызылордада пединституттар ашылды. Бұларда бірнеше жұмысшы факультеттері мен курстар ұйымдастырылды. 1934 жылы ашылған Қазақ мемлекеттік университеті де мұғалімдер кадрларын молайту үшін оқу - тәрбие жұмысын педагогикалық бағытта жүргізді. Мұның өзі заңды құбылыс еді, өйткені ревалюциядан бұрын ондаған ғана мұғалімі болған елде ең алдымен кадр мәселесін шешіп алмайынша, бастауыш және орта білім беру жүйесінің бірден көтеріп әкету мүмкін емес-ті.

Республика партия және Кеңес органдарының ұлттық кадрлар даярлауға баянды басшылығының нәтижесінде орта оқу орындарындағы қазақтардың үлес салмағы 30 – жылдардың аяғында 50 пайызға жетті, ал қазақ қыздары 20 пайызды құрады.

Республиканың өскелең экономикасы білікті кадрларға зәру болды. Мұны шешудің бір жолы туысқан республикалардың оқу орындарына жіберу болды. РКФСР, Украина, Әзірбайжан, Өзбекстанның институттары мен техникумдарында онжылдықтың екінші жартысында 20 мыңға жуық Қазақстандықтар оқыды. Республикадан тыс жерлерде екінші бесжылдықта 3 мың адам білім алған болса, 30-жылдардың аяқ кезінде олардың саны 20 мыңнан асып түсті.

Жоғары оқу орындарының ұлттық интеллигенцияны қалыптастыруда атқарған рөлі орасан зор. Революциядан бұрын қазақ зиялылары санаулы ғана болған. Алғашқы күндеріндегі ұлт зиялылары, қай жағынан алып қарағанда да қомақты күш деңгейіне көтеріле алған жоқ-тын. Партияның табанды да пәрменді ықпалы арқасында, әсіресе қазан революциясынан

кейін, демократиялық бағыттағы қазақ интеллигенттері әрқилы толғану, қиындықты жеңе отырып, кеңес өкіметі жағына шықты. Қазақтың осындай прогресшіл ізгі идеалды интеллигенсасының тамаша өкілдері – С. Торайғыров, С. Сейфуллин, С. Асфендияров, С. Көбеев, М. Сералин, С. Дөнентаев тәрізді қоғам қайраткерлері мен әдебиетшілер болды.

Сондықтанда 30-шы жылдары орта және жоғары оқу орындары арқылы кеңестік жаңа интеллигенция қалыптастыру оның қатарын нығайту үлкен міндет болды. Арнаулы орта және жоғары оқу орындары бұл саяси мәні зор мемлекеттік міндетті қысқа мерзімде абыроймен орындап шықты. Бірінші, екінші бесжылдықтың өзінде халықпен тығыз байланысқан, социализм ісі үшін табандылықпен күресе білген жаңа кеңес интеллигенсасының қомақты отряды қалыптасты. Республиканың құрылғанына 20 жыл толуына байланысты мынадай деректер бар: Жоғары оқу орындары осы уақыт ішінде 6342 маман даярлап шығарған, мұның ішінде инженерлер 188, агрономдар мен мал дәрігерлері – 1221, дәрігерлер – 535, мұғалімдер – 2259, заң, журналист, кеңес қызметкерлері – 2139. 1940 жылы республикадағы 19 жоғары оқу орнында 9 мың студент оқыған (1937 ж. - 3 мың). Институттар жанынан дайындық курстар ашылып, онда қазақ, ұйғыр, дүнген балаларын, әсіресе қыздарды жоғары оқу орнына түсуге дайындаған. Әр - түрлі салаға қажет жоғары білімді маман кадрлар Мәскеу, Ленинград, Ташкент, Свердловск, Қазан, Омбы сияқты ірі қалалардағы оқу орындарында даярланды.

Жоғары оқу орындарының ұстаз – ғалымдары ғылыми жұмыспен жемісті шұғылданды. Алғашқы жоғары оқу орны – Абай атындағы педагогикалық институты 30-шы жылдарда тіл, тарих, физика ғылымдары саласында үлкен табыстарға жетті. Институттың профессоры Құдайберген Жұбанов қазақ тілі грамматикасының алғашқы оқулығын жасады, сонымен қатар ол қазақ тілінің орфографиясы мен терминологиясы, қазақ жазуының тарихы мен диалектологиясы жөнінде де алғашқы зерттеулер жүргізіп, көптеген түйінді мәселелерді шешті. Қазақ тілінің грамматикасы мен диалектологиясын байытуда профессор С. Аманжолов көп еңбек сіңірді. Оның 1939 ж. КазПИ - дің «Ученые записки» жинағында басылып шыққан «Қазақ тіліндегі бағыныңқы құрмалас сөйлемнің орыс тілімен салыстырғандағы табиғаты» атты еңбегі қазақ тілі ғылымының алғашқы туындыларының бірі еді.

Қазақтың педагогика институтында 1935-1937 жылдары аса ірі тарихшы С.Д. Асфендияров та жемісті қызмет етті. Ол бірнеше көлемді монографиялық еңбектермен қатар Қазақстан тарихының екі томдық бағалы материалдары мен құжаттарын бастырып шығарды. «Қазақстан тарихы» (1 бөлімі), «Қазақ тарихының очеркі», «Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт - азаттық көтеріліс», «Қазақстанның өткендігісі» (құжатты екі томдық жинақ, 1936) атты еңбектері осы уақытқа шейін аса бағалы ғылыми зерттеулердің бірі болып келеді. Профессор В.Ф. Литвиновтың «Изучение ионного состояния атмосферы в Алма-Ата и его горных окресностях» атты ғылыми мақаласы жоғарыда аталған жинақта жарияланды.

Еліміздің шаруашылық және мәдени құрылыстағы тәжірибені кеңінен зерттеу – кеңес оқымыстыларының абыройлы міндеті екендігін көрсеткен Р. Сүлейменовтың мақаласында кеңінен талданған.

Жоғары оқу орындары қалыпты ғылыми мекемелер қызметін қоса атқарды. Ғылыми жұмыстарды түрлі ерікті ұйымдар да жүргізді. Мысалы, Қазақстанды зерттеу қоғамы қолынан іс келетін озат мұғалімдерді, зиялыларды өзінің төңірегіне топтастырып, жергілікті жерлердегі ғылыми жұмыстарды жандандырды. Бұл жөнінде газетте Батыс Қазақстаннан түскен бір материалда былай деп жазылған: «Қоғамның қатарына тартып, өзінің тілшісі ету үшін, Қазақстанда зерттеу қоғамы, 1934 жылдың жазында мұғалімдер курстары мен Оралдағы мұғалімдер институтының сырттан оқыту сессиясы пайдаланды. Бірнеше баяндама, лекция жасаудың және арнаулы үгіт жұмыстарын жүргізудің нәтижесінде республикадағы мәдениет мекемелерінің қызметкерлерінен бұл қоғам 225 адамды өзінің жер - жердегі тілшілері етіп алады. Қоғам жергілікті тілшілерінен сол жылы 100 шақты жазба хабар алған, олардың көпшілігі пайдалы қазба кені жайында, сонымен қатар ауыз әдебиеті мұралары мен археологиялық сипаттағы мағлұматтар да бар.

Ғылымды дамыту, аса маңызды ғылыми мәселелерді шешуге түрлі мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар да белсене атсалысты (геологиялық трестер, халық комиссариаттары, жобалау мекемелері т.б.). Мемлекеттік ведомтсволардың қызметкерлері көбінесе екі жұмысты бірдей атқарды, аңығырақ айтқанда, олар өздерінің тұрақты қызметін атқара жүріп, жоғары оқу орындарында сабақ берді. Бұл – сол кездің қажеттілігінен туындаған қиын, бірақ пайдасы бар жағдай еді.

Медицина – биология ғылыми мекемелерінің жұмысы жандана түсті. Қазақ медицина институты оқытушыларының 30 - шы жылдардағы ғылыми еңбектерін айрықша атап өткен жөн. Профессор А.Н. Сызғановтың басқаруымен қан құю және Қазақстандағы жемсау эпидемиясын зерттеу жұмыстары саласында сәтті қадам жасалынды. В.П. Рощин көз ауруы мен оны емдеуді зерттеу ісіне басшылық етіп, тұңғыш Көз аурулары институтын ұйымдастырды т.б.

Ғылым мен жоғары мектептің екінші, үшінші бесжылдықтардағы даму тарихы – күрделі де ауқымды мәселелерді қамтыды. Өндірісті ұйымдастыруға жаңа, анағұрлым ірі өнеркәсіпті, әсіресе трестердің қолайлы болатын етіп, шағындарын аса ірі кәсіпорындарға қосып шоғырландыру мәселелері қолға алынды. Орыстың атақты ғалымдары 20 - жылдардың алғашқы кезінде - ақ республиканың кең байлығын зерттеу жұмысымен шұғылданды (Ридерде, Қарағанды бассейін т.б.).

Алайда 1932 жылға шейін көптеген ғылыми – зерттеу мекемелері жұмысты жоспарсыз, бытыраңқы жағдайда жүргізіп келді. Бұл жөнінде 1932 жылы ақпан айында Ленинградта өткен Қазақстанның өндіргіш күштерін зерттеуге арналған ғылыми конференцияда ашық айтылды. Онда қабылданған республикадағы ғылыми – зерттеу жұмыстарының деңгейі социалистік құрылыс жоспарларына сай еместігі айтылып, коммунистік

ғылыми – зерттеу мекемелерін құрудың қажеттігі атап көрсетілді [213]. Осы мақсатпен үкімет пен партияның шешімі бойынша 1932 жылы наурызда Қазақстанда КСРО Ғылым Академиясының тұрақты базасы құрылды. Оның зоология және ботаника секторлары болды. 1935 жылы геология және тарих секторлары ұйымдастырылды. 1936 жылы Қазақтың Ұлт мәдениеті ғылыми – зерттеу институты тіл, әдебиет, халық өнері секторлар осы тұрақты базаға біріктіріпті.

Сөйтіп, тұрақты база 1938 жылы КСРО Ғылым Академиясының Қазақстандық филиалына айналды. Республиканың шын мәніндегі ғылыми орталығы болған оның жұмысын еліміздің көрнекті оқымыстылары қамқорлығына алып, үлкен көмек көрсетіп отырды. Ең алғаш тұрақты базаны атақты шығыстанушы ғалым, академик А.Н. Самойлович басқарды. Бұл тұста қазақ халқының мәдениеті, тарихы, тілі, этнографиясы, әдебиеті мен жазуы жайында көптеген ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілді. Республиканың жер қойнауында тау - кен қорының мол табылуына байланысты ғылымның геология саласына айрықша көңіл бөлудің қажеттігі туды. Осыған орай филиалдың директоры болып геолог – академик А.Д. Архангельский тағайындалды. Қазақстан мен Алтай кен орындарын зерттеу, ашу жұмысымен В.А.Обручев, И.И. Губкин, В.Ц. Веденеев, А.П. Карпинский, В.Л. Комаров, И.П. Бардин, С.И. Вавилов сияқты аса ірі ғалымдар айналысты. М.П. Русаков, Н.Г. Кассин, Н.Л. Павлов, П.О. Исаев секілді ірі мамандар түпкілікті қызмет етуге Қазақстанға келді.

Ғылыми – зерттеу мекемелері мен оның қызметкерлерінің нығаюы жергілікті ұлт кадрларын даярлауда да мүмкіндік туды. Сол жылдардың өзінде геолог – инженер К.И. Сәтбаев кен байлығы саласын зерттеуде көп еңбек сіңірді. Әрбір институт жанынан аспирантура ашылды, онда көбінесе қазақ жастары оқыды. Мәселен, 1933 жылы ашылған Мал дәрігері институты жанындағы аспирантурадағы 27 адамның 20 - сы қазақ, ал пединституттағы 20 аспиранттың бәрі қазақ жастары.

30-жылдары КСРО Ғылым Академиясының және ВАСХНИЛ - дің қазақ филиалдарымен қатар басқа да бірқатар ғылыми – зерттеу мекемелері құрылды: Қазақстан КП Орталық комитеті жанындағы марксизм – ленинизм институтының филиалы; Қазақ КСР Денсаулық сақтау халық комиссариаты жанындағы Туберкулез ғылыми – зерттеу институты т.б. Осылар тәрізді басқа да институттар жұмыс істеді. Бұлардың ғылыми – зерттеу жұмыстарын бір орталықтан басқарып отыру мақсатымен Қазақстан Орталық Атқару Комитеті жанынан Ғылым комитеті құрылды. Үкіметтің 1934 жылы қабылдаған қарарында «Ғылым комитеті Қазақстандағы ғылыми – зерттеу және ғылыми – баспасөз жұмыстарын басқарушы, біріктіруші әрі жоспарлаушы ең жоғары ғылым орталығы болып табылады», - деп атап көрсетілді. Комитет құрамына ғылымның әр саласынан 40 оқымысты кірді.

30-жылдарғы «Еңбекші қазақ», «Лениншіл жас», «Пионер» т.б. жастар басылымдарында мәдениет пен ғылым тақырыбына баса назар аударылды. Арнайы рубрикалармен қатар, олардың алғашқы бетерінде Қазақстан ғылымының жетістіктерін паш етіп отырытын қысқа-қысқа арнайы

жаңалықтар беріліп отырды. Ал бұл кездегі Қазақстан ғылымында айтулы жаңалықтар өте көп еді. Айтап айтар болсақ, К.И. Сәтбаев, А.А. Гапеев, Н.Г. Кассин, И.С. Яговкин, М.П Русаков Орталық Қазақстанның, В.П. Нехорошев, В.К. Котульский, И.Ф. Григорьевтер Шығыс Қазақстанның, А.Д. Архангельский, М.М. Григорьевтер Шығыс Қазақстанның жаңа ғылыми геологиялық картасын жасады. Ол республиканың қазба кен байлықтарын зерттеп табуға негіз болды. Бірінші бесжылдықтың өзінде - ақ Қазақстанда бұрынғыдан әлдеқайда мол пайдалы қазба кен орындары табылды. Республиканың мыс қоры ревалюциядан бұрыңғы Ресейдегіден 6,3 есе, қорғасын 4,3, мырыш 2,5 есе арта түсті. 1928 жылы М.П. Русаков Қоңырат мысын, 1930 жылы Р. Борукаев Бозшакөл мысын, қазақтың аса көрнекті ғалымы Қ. Сәтбаев Жезқазғаннан үлкен мыс қорын тапты. Сондай - ақ, Алтай, Қаратау, Жоңғар Алатауындағы кен орындарын, Орал – Эмба мұнайын, Ақтөбе фосфоритін т.б. кенді аудандарды зерттеу жұмыстары да өте нәтижелі болды. 1930 жылдан бастап Қарағанды көмір қорын анықтау айрықша қолға алынып, оның үлкен көмір бассейін екендігі айқындалды, 1931 жылы Ақсу темір кені ашылды.

Бірінші, екінші бесжылдықтарда республикада ауыл шаруашылық ғылымы да қарыштап дамыды. Бұл салада 3 ғылыми зерттеу институты, ондаған облыстық тәжірибе стансалары мен пункттер жұмыс істеді. Олар селекция, құрғақшылыққа төзімді бидай сорттарын енгізу, қант қызылшасын өндіру, малдың тұқымын асылдандыру, тұрақты мал азығы қорын жасау, жеміс - жидек, көкөніс сорттарын зерттеу сияқты аса маңызды жұмыстармен шұғылданды.

Партия қоғамдық ғылымдардың дамуына барынша көңіл аударды. Бұрыңғы өлкелік партия комитетінің жанындағы марксизм – ленинизм ғылыми – зерттеу институты Қазақстан КП ОК жанындағы Партия институты болып қайта құрылды.

Қоғамдық ғылымдар әсіресе 30 – жылдардың екінші жартысы – 40 жылдардың басында едәуір дамыды. 1940 жылы Ленинградтық тарихшы М.П. Вяткин «Қазақ КСР тарихының очерктерін басып шығарды» онда, XIX ғасырдың 70 - жылдарына дейінгі кезең қамтылған. Археология саласында орыс тарихшысы А.Н. Бернштам жемісті еңбек етті. Ол басқарған экспедиция 1939 жылы Қазақстанның оңтүстігіндегі ежелгі Эквиус қаласының орнын тапты. Тараз, әуелгі орта ғасырдағы Қойлық және басқа қалалардың орындарын қаза бастады.

Міне, осындай білім мен ғылым саласындағы жетістіктердің барлығы мерзімді басылымдардың басты тақырыптарына, айтар ойының өзегіне айналды. Әдебиет саласында жазылған жаңа дүниелерге газет-журналдарда арнайы бөлімдер ашылып, рецензиялар, сын мақалалар жазылды.

Республиканың мәдени құрылысы Кеңес өкіметі тұсында ерекше қарқынмен шарықтап дамығандығы мерзімді жастар басылымының негізгі тақырып өзегіне айналды. Қазан төңкерісінен кейін кеңестік Қазақстанда мәдени салада іргелі қайта құрулар жүзеге асты, мәдени революция барысында сауатсыздық жойылды, жалпыға бірдей бастауыш және жеті

жылдық білім беру жүйесі енгізілді, орта мектептер, техникумдар мен жоғары оқу орындары дамытыла бастады, еңбекшілерге қоғамдық–саяси білім беру барынша өрістеді, сондай–ақ, ғылым, әдебиет, көркем өнер саласында да жаңа өрлеу басталды. Осылардың негізінде қазақ халқы Кеңестік «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» деп аталатын жаңа мәдениет қалыптастырды. Қазақ кеңес мәдениетінің даму тарихы әрі күрделі, әрі кең үрдіс.

Қоғамның сан-салалы өмірінде болып жатқан құбылыстар жайында ақпараттар жеткізіп отыратын мерзімді баспасөзге қажетті кәсіби журналистер жетіспей жатты. Осы олқылықтың орнын тотыру үшін 1940 жылы жеке журналистика институты ҚазМУ - дың құрамына енгізіліп арнайы факультет ретінде ашылды. Университеттегі студенттер саны 500-ге дейін көбейді. Қабылданған 2675 студенттің 1925-і қазақтар, оның 290-ы қазақ қыздары болды. Соғыс қарсаңында Оралда «Комсомол ұрпағы» атты облыстық газет шығып тұрды, онда 1939 жылы жас ақын Жұбан Молдағалиевтің тырнақалды өлеңі басылды. Басқа бір деректе 1933-1935 жж. З. Тұрарбековтың «Комсомол ұрпағы» газетінің редакторы болғаны айтылады. Мұның өзі қазақ мәдениетінің дамуындағы үлкен тарихи оқиға болумен қатар, қазақ кеңес интеллигенциясының өрлеуін танытатын фактор, жастар баспасөзінің қалыптасу тарихын баяндайтын дерек екені шындық.

20–40 жылдары мәдениет саласы саяси күрделі қиыншылықтарға толы құбылыстарға тап болды, келеңсіздіктер орын алды. Мәдениетті жасау мен оны құрту құбылыстары қатар өрістеді. Бір жағынан, мәдениет қауырт өркендеді; екінші жағынан, әсіресе қызыл саяси террор ешкімді аямады, ұлттық мәдениеттің қаймағын – зиялылармен қынадай қырды. Барша өмірді жаппай идеологияландыру халықтың мәдениетіне, адамдардың ой-өрісінің еркін дамуына орны толмас орасан нұқсан келтірді. Мұндай үлкен күрделі тақырыптар сол кездегі басылымдарда бірді-екілі жазылғанымен, толық айтылған жоқ. Олар жайында қазіргі тәуелсіздік жылдарында ғана кенінен жазылуда.

Сондай-ақ қоғамдық-саяси өмірдің қалыптасуы мен дамуын жіті бақылап, тек бір ғана биліктің жетегінде ұстаған тоталитарлық жүйе өз үстемдігі мен билігін осы баспасөздер мен оның қызметі арқылы нығайтып қана қойған, баспасөзді өз идеологиясына толықтай бағындырды. Сөйтіп, қоғамның үгіт-насихат құралы болып табылатын баспасөз, әсіресе жастар баспасөзі социалистік қоғамды қалыптастырудағы лениндік-сталиндік бағытты халыққа кеңінен таратушы, наихаттаушы болды.

Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық қиыншылықтарға қарамастан көптеген қол жеткен жетістіктер мен мәдениетімізге, ұлт тарихына, әдеби мұраларымызға қатысты сыңаржақ айтыс-тартыстардың көбеюі де, баспасөз беттеріндегі үстірт жасалған сындар да осы XX ғасырдың 30-40-жылдарының үлесінде екендігі белгілі. Оның жарықн мысалы ретінде «Қазақ ССР Ғылым академиясының тіл және әдебиет институты жұмысындағы саяси өрескел қателер туралы» Қазақстан Коммунистік большевиктер партиясы Орталық Комитетінің 1947 жылғы атышулы қаулысын айтуымызға

болады. Бұл қаулы талай ұлт зиялылары мен көрнекті тарихшы, әдебиетші, жазушыларымызбен қатар баспасөз саласында барынша тұралатып кетті.

1989 жылдары елімізде қайта құру дәуірінің жылы лебі қайта соққан тұста халық жадынан өше бастаған небір рухани мұраларымыз бен ұлт зиялылары өмірге қайта орала бастады. Оған себеп болған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Мемлекеттік Комиссиясының «Әдебиет пен өнер мәселелері бойынша 30-40 - жылдар кезеңі мен 50-жылдар басында қабылданған қаулыларды зерттеу жөніндегі» қорытындысы еді.

Қазақстан ғылымы мен жоғары мектептер туралы мәселені тың жатқан соны тақырып деп қарамасқа болмайды. Аталмыш кезеңде – қазақ халқының едәуір табыстарға қол жеткізгені шындық. Осының бәрі Қазақстан мемлекетінің босағасы берік, басқалармен терезесі тең ел дәрежесіне жету жолындағы қадамдарының көрінісі.

# ҚОРЫТЫНДЫ

ХХ ғасырда қоғамдық тарихи аренаға өз бағыт-бағдарларымен, өзіндік айтар ойларымен шыққан ұлттық мерзімді баспасөздер өз кезегінде әрқайсыда үлкен маңызды қызметтер атқарды. Ғасыр басында олар қазақ жастарын оқу-білім үйренуге шақырса, азаматтық қарсылық жылдарында халықтың мүддесі жолындағы күреске шақыра отырып, ұлт теңдігі жолындағы жеңісті көздеп, сол бір аумалы-төкпелі заманда қалың бұқараны соңынан ерте білді. Сондықтан да қоғамдық ой-пікірдің көш басында жүрген қазақ басылымдарының қатарында жастар баспасөзінің де қоғам дамуының барысында қанаты қатайып, қаламы ұштала түсті. Өктемдік жүргізген коммунистік партияның қатаң бақылауында бола отырып, уақыт өткен сайын замана үніне сай кесімді пікірлерін айтып отырған.

Жалпы алғанда, қазақ баспасөзінің тарихы 1888 жылы алғаш рет жарық көрген «Дала уалаяты» газетінің бірінші нөмірінен басталғандығы бұл күнде бұлтартпас тарихи дәлелеге айналып отыр. Ал қазақ жастары баспасөзінің алғашқы қарлығашы соның жалғасы ретінде кейінірек, бірінші орыс революциясынан соң ХХ ғасырдың екінші онжылдығында дүниеге келді. Қандай да болмасын кез келген тарихи құбылыс секілді, қазақ жастар баспасөзінің шығуында өзіндік заңдылықтары, алғышарттарының, себептері мен дамуындағы ерекшіліктері болды, ол жұмыста жүйелі түрде баяндалады.

Бұл ретте, жаңа ғасыр басында, дәлірек айтқанда 1913 жылы қазақ тілінде алғашқы шыққан «Қазақ» газетінің орны ерекше болары ақиқат. Жаңа басылым бірден жастар мәселесіне айырықша көңіл бөле бастады, қаламгер талапкерлерді төңірегіне топтастыра білді. Газет өзінің негізгі оқырмандары сауаты бар жеткіншектерді білімге, өнерге шақыру мен болды. Оның әр нөмірінде ұлттық мектептердің жай – күйі, жас өрендерді тәрбиелеу, мәдени саладағы түрткіл мәселелерді де көтеріп отырды. Сондай – ақ ғылым ерекше эспеттеліп, қазақ халқын өркениетті елдер қатарына қосатын өзекті де өткір мәселелер қозғалып отырды.

Газеттегі материалдардан әйел теңдігі аясында қазақ қыздарын өздерінің жарқын болашағы үшін күреске шақырғаны жастарға ұнады. Алайда жастар баспасөзінің жүріп өткен жолына қатысты қалыптасқан ой - тұжырымдар қазақ журналистикасының тарихына арналған зерттеулер мен оқулықтарда негізінен ұлттық басылымдардың тасасында ғана кездеседі. Себебі, зерттеу жұмысының барысында мұндай туындылардың авторлары жастар басылымдарының тарихын зерттеуді мақсат етіп қоймағандықтан, олардың төл шежіресінің толымды түрде ашылмай келгені дәлелді де дәйекті баяндалды.

Шынында ғасыр басындағы мерзімді қазақ баспасөзінің тарихы жоғары дәрежеде зерттеліп, жүйеде жазылған болса, жастардың басылымдары елеусіз солардың тасасында қалып отырғанда, олардың сол дәуірдің қоғамдық өміріндегі алатын орны ашылмай қалған.

Жалпы Қазақ баспасөзі тарихына байланысты, әсіресе жастар басылымдарының өткендегісіне қатысты түрлі қайшылықтар, қателіктер, бұрмалаушылық, орынсыз жалған пікір күні бүгінге дейін орын алып келеді.

Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізіп төл тарихын объективті тұрғыдан қайта жазуға мүмкіндіктің тууына байланысты ұлттық дерек көздеріне, оның ішінде қазақ баспасөзіне деген жаппай қызығушылық пайда болды.

Қазақстан Президенті Н. Назарбаев айтқандай: «Бұрыңғы КСРО-да жүргізіліп келген ұлттық саясатты зерттеп, ой елегінен өткізудің принцпті маңызы бар.... Біздің тарихи түсініктеріміз, әсіресе жаппай сана деңгейіндегі түсініктеріміз объективті емес, үзік – үзік екенін, көптеген тұрпайы социологиялық сүзгілерден өткізілгенін мойындауымыз керек» [289]. Ел тарихының құрамдас, аса маңызды тарауы мәдениет тарихы десек, мұның өзі, сайып келгенде баспасөз тарихынан да көрініс табады.

Мемлекеттік саясат жөніндегі Қазақстан Президенті жанындағы Ұлттық кеңес 1995 жылы «Қазақстан Республикасында тарихи сананың қалыптасу тұжырымдамасын» қабылдады. Өмір қажетінен, тәуелсіздік табиғатынан туған бұл құжатта Қазақстан тарихын жасаудың өзекті мәселелері ғылыми тұрғыда сараланып, нақты бағыттар айқындалды.Осы тұжырымдаманың кейбір қағидалары мынадай:

«...Қазақстан тарихының үзілмей дамығандық идеясы осы елді мекендеген халықтардың тегі, тарихы мен мәдениеті де үзілмей жалғасып отырды дегенді білдіреді», немесе «Қазақ халқы Қазақстанды мекендеген халықтардың тарихы мен мәдениетінің ізбасары, соларға тән өмір салтын, тіл мен мәдениетті алға апарушы», дегенмен «Қазақстан тарихын тек қана көшпенділер тарихы тұрғысында баяндауға болмайды». Тарихи ізденістердің іргетасы болып табылатын бұл қағидаларды басшылыққа ала отырып, «Қазақстанның тарих ғылымы үзіп алушылықтан бас тартып, тарихи сананы бұрмалаудан арылып, елдің өткендегі тарихын объективті түрде жаңғыртуы керек», деген тұжырым басшылыққа алынуға тиіс [290].

Осыдан ұлт тарихына, әдебиетіне, өнерге, салт – дәстүрге, халықтың жаңа сипаттағы болмысына сындарлы көзқарастарға бағыт ашылды, оны идеологиясыз жүзеге асыра отырып, қалың бұқараға жеткізуде баспасөзге зор мүмкіндік туды. Бұл жайында қорғалған докторлық, кандидаттық диссертацияларда барлық қырынан қаралды десек болады. Бірақ, зерттеліп отырған тақырыпқа тікелей байланысы бар зерттеулердің бәрі орыс тілінде жазылған, әрі олардың ауқымы тар шағын мерзімді қамтыған. Олардың барлығына ортақ мазмұн - бәрі сол кеңестік заманда қоғамның басқарушы, қозғаушы күші болған коммунистік партияның үстем идеологиясының жаттанды сарынында жазылған. Әрине, бұдан олардың бәрі бірдей жарамсыз еңбек деуге болмайды, бұл зерттеулердің барлығы дерлік өз қоғамының идеологиясына сай, соның талаптарына қарай жазылды. Олар қамтыған кезеңдерде республика жастар баспасөзінің жайы, олардың беттерінде жас ұландардың қоғам өміріне белсенділікпен араласқаны, оқып, білім алып, сан - алуан салада қажырлы – қайсар еңбегімен көзге түскендердің аты – жөні айтылып, жан – жақты қамтылған. Қазақстан баспасөзін зерттеушілер

түгелімен - дерлік қазақ жастар баспасөзінің туу мерзімін республика комсомолының алғаш қазақ тілінде шығарған газеттерінен бастау алды деп жазып келді. Мұндай пікірлер тарихи шындықтан ауытқу болғандығы әрі әдістемелік–методологиялық тұрғыдан алғанда ақиқаттан адастыратын жол екені ашық. Өйткені, кешегі барлық игілік, ізгі істердің авторы Коммунистік партия болуға тиісті заманда ұлттық басылымдарда ұйымдастырған, шығарған Қазақ өлкелік партия ұйымы мен комсомолы делінуі заңдылық еді.

